

Б.Ф. Аяған, Қ.Б. Әдиет, А.Б. Сатанов

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

**(1946 жылдан бүгінгі күнге дейін)**

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық

# 9

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2019

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3 (5 Қаз) я 72  
А 99

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

*Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымдарының докторы,  
профессор Б.Ф. Аяған*

**Аяған Б.Ф. т.б.**

**А 99 Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/Б.Ф. Аяған, Қ.Б. Әдиет, А.Б. Сатанов. – Алматы: Атамұра, 2019. – 224 бет.**

**ISBN 978-601-331-560-7**

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3 (5 Қаз) я 72

**ISBN 978-601-331-560-7**

© Аяған Б.Ф., Әдиет Қ.Б.,  
Сатанов А.Б., 2019  
© «Атамұра», 2019

## КІРІСПЕ

**Құрметті оқушылар!** Ұсынылып отырған оқулық Қазақстанның ХХ ғасырдың 40-жылдары мен ХХІ ғасырдың бас кезіндегі қазіргі заман тарихының неғұрлым маңызды, бетбұрыс кезеңдерін сипаттайды. Өзекті оқиғаларға баға беріп, олардың себеп-салдарлық байланысын ашып көрсетеді.

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналып жазылған бұл оқулық ХХ ғасырдың ортасынан қазіргі кезге дейінгі тарихи кезеңді қамтиды. Оқулық ХХ ғасырдың ортасындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттаудан басталады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі өнеркәсіп өндірісінің дамуы, әскери-өнеркәсіп кешенінің қалыптасуы, соғыстан кейінгі қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері, әлеуметтік-демографиялық саясаттың қырлары, республика аумағында жүргізілген социалистік қоғамды орнату келеңсіздіктерінің сыры баяндалады.

Оқулықта тәуелсіз мемлекетіміз Қазақстан Республикасы қалыптасуының қиын да ауыр жолдары жалпы адамзат тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында тарихқа үлкен мән беріп «Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек», – деп атап өтті. Сондықтан да ХХ ғасырдың ортасынан бастау алып, қазіргі кезеңмен жалғасын табатын оқиғаларға бүгінгі заман талабы тұрғысынан әділ баға берілуі тиіс.

Оқулықта Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі күрделі оқиғалары қарастырылады. Тәуелсіздік алған тұстағы Қазақстанның саяси дамуы, экономикалық қалыптасуы, халықаралық және әлеуметтік жағдайы жайлы оқушылар тек оқулықтан



ақпарат алып қана қоймайды. Өздігінен жұмыс істей отырып, мәліметтер негізінде саралайды, қорытынды жасап, өзіндік баға береді. Оқулықта берілген барлық ресурстарды орынды пайдалану ұстаздардың шеберлігіне байланысты.

**Құрметті оқушылар!** Оқулықты жете меңгеру үшін әрбір тақырыпта сұрақтар мен тапсырмалар, суреттер, анықтамалықтар, қосымша деректер т.б. берілген. Бұлар сендерді дербес дайындалу мен қосымша жұмыс жасауларыңа көмектеседі. Сол арқылы зерттеушілік, ойлау, коммуникативтік дағдыларыңды шыңдай түссіңдер. 1946 жылдан бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси-экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімдерің жетіледі. Негізгі оқиғалар, құбылыстар мен үдерістердің мәні туралы түсініктерің қалыптасады. Тарихи тұлғалардың қызметіне сын тұрғысынан талдау мен баға беру, өз ойларыңды ауызша және жазбаша түрде анық білдіру біліктерің қалыптасады. Тарихи зерттеу жүргізу, түрлі деректерден алған ақпараттарды сараптай білу, деректердің негізінде дәлелді пайымдау, білімдеріңді қолдана білу қабілеттеріңді арттыра түседі.

Сонымен, қолдарыңдағы оқулық өз көзқарастарыңды тұжырымдай алуды қалыптастырып, білімдеріңді кеңейте түсуде маңызды рөл атқаратыны анық.



**БІРІНШІ  
БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚСТАН СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДА  
(1946–1953 ЖЫЛДАР)**

**§1. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақ КСР-інің  
әлеуметтік-экономикалық дамуы**

*Зерттеу сұрағы:* Ұлы Отан соғысынан кейін қазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?

**Бұл сабақта:**

Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасаймыз.

Кеңес үкіметі кезіндегі ауылшаруашылығында орын алған өзгерістерге баға береміз.

Өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасаймыз.

**Уақыт сызығы**

1946 жыл	1947 жыл	1948 жыл	1949 жыл	1950 жыл	1951–1952 жылдар	1952 жыл	1953 жыл
Төртінші бесжылдық жоспардың басталуы	Ақша реформасы	Республика ауылдарының электрлендірілуі	Семей ядролық полигонында алғашқы сынақ	Мойынты–Шу теміржол тармағы салынды	Мал басының шығыны көп болды	Ғалым-тарихшы Е. Бекмахановты сот алқасы 25 жылға соттады	Сталиннің қайтыс болуы

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Аграрлық дағдарыс	Agrarian crisis
Бесжылдық жоспар	Five-Year Plan
Реформа	Reform
Машина-трактор станциялары	Machine-tractor station
Демография	Demography
Көші-қон	Migration

**Аграрлық дағдарыс** – ауылшаруашылығындағы өнімді артық өндіруден немесе кем өндіруден туатын дағдарыс.

**Бесжылдық, бесжылдық жоспар** – Кеңес өкіметінің 1928 жылдан бастап, КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуын межелеген мерзімді жоспарларының жалпылама атауы.

**Реформа** – реформа жасау, өзгеру, басқару ісін реформалау.

**МТС** – машина-трактор станциялары.

**Демография** – белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.

**Көші-қон** – адамдардың қандай да бір аумақтардың шеғарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржолата қоныс тебу үдерісі.

#### Интеграция:

География пәні бойынша *металлургия, қара металлургия, технология, қаракөл, селекция* тақырыптарымен байланыстыру.

#### Есіңе түсірі!

Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы индустрияландыру, ұжымдас-тыру, Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы.

**Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстандағы демографиялық ахуал мен әлеуметтік жағдай.** Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен дәрежеде болды. 1947 жылы желтоқсанда карточкалық жүйе мен республика еңбекшілерін азық-түлікпен және өнеркәсіп тауарларымен мөлшерлі қамтамасыз ету жойылды. Осы жылы ақша реформасы жүргізілді. Азық-түліктің негізгі

түрлері – нан мен ұннан жасалынатын тағамдарға, етке, өнеркәсіп тауарларына деген баға төмендетілді. Алайда кеңес адамдарының өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру көбінесе жасанды сипатта еді. 50-жылдардың басында колхозшылар жұмысшы мен қызметшілердің жалақысынан төрт есе аз алды.

Үкімет жүргізген азық-түлік өнімдерін төмен бағамен сатып алу саясаты ауыл еңбекшілері тұрмыс жағдайларының көтерілуіне қолайлы жағдай жасай алмады. 1946 жылы КСРО-ның бірқатар аудандарын ашаршылық жайлады. Нан, ет, сүт өнімдері жетіспеді. Адамдар азық-түлік тапшылығынан зардап шекті. Бірақ бұл елден мұқият жасырылды.

Соғыстан кейінгі экономикалық саясаттың басты қағидасы – ауыр өнеркәсіптің біржақты қарқынды дамуы болып қала берді. Материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру соғыстан бұрынғы жылдардағыдай екінші кезекке ығыстырылды.

#### Есіңе түсірі!

Қазақстанда қай кезеңдерде демографиялық дағдарыстар болып жатты? Оның себептері мен салдары қандай еді?

1939–1959 жылдар аралығында Қазақстанда демографиялық дағдарыс орын алды. Бұл кезеңде кеңес өкіметінің жүргізген көші-қон саясатының салдарынан, қазақтардың өз жеріндегі үлесі Қазақстан халқының 1/3-ін де құра алмаған нашар жағдайға түсті. 1939–1953 жылдардағы көші-қон барысында Қазақстан көпұлтты республикаға айналды. 1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағының деректері бойынша қазақ халқының саны 2 794 966 болды, яғни небары 474 мың адамға немесе 20% -ға ғана өскен. Республиканың ұлттық құрамындағы қазақтардың үлесі азайып, 30% -ды ғана құрады. Бұл өте төменгі демографиялық көрсеткіш еді.

1950 жылдардан бастап Қазақстанда халықтың 1931–1933 жылдардағы ашаршылық пен Ұлы Отан соғысы нәтижесінде төмендеп кеткен саны мен табиғи өсімін арттыру мақсатында бірқатар әлеуметтік ішаралар жүргізілді.

1. Онжылдық білім енгізілді.
2. Жалақы мөлшері өсті.
3. Ауруханалар салынды.
4. Тұрғын үйлер салу қолға алынды.
5. Балалы әйелдерге берілетін жәрдемақы артты.
6. Халықтың барлық әлеуметтік тобына тегін дәрігерлік көмек көрсетілетін болды.

Міне, осы жағдайлар 1960–1962 жылдары Қазақстандағы «демографиялық жарылысқа» мүмкіндік жасады. Қазақстан бойынша 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың бас кезінде бала туу көрсеткіші одақтық орташа көрсеткіштен жоғары болды.

#### Қызықты деректер

КСРО-дағы ақша реформасының маңызы:

- ◇ 1947 жылы желтоқсанда ақша реформасы басталды;
- ◇ сом шығарылды;
- ◇ ескі ақша мен жаңа үлгідегі ақша 10-ның 1-ге арақатынасымен айырбасталды;
- ◇ ақша айырбастауды Мемлекеттік банк 1 апта мерзімде өткізді.

\* \* \*

1921 жылдың наурызында Қазақ КСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілері жазбаларының органын құру туралы тарихи шешім қабылданып, азаматтық хал актілерін тіркеу (ары қарай – АХАЖ) органдары құрылған болатын.



Азаматтық хал актілерін жазу органы құрылмас бұрын, оның міндетін еліміздегі шіркеулер мен мешіттер орындап келген. Кейін үкімет бұл істі заңдастырып, арнайы мемлекеттік бөлімдерге жүктеді.

**Соғыстан кейінгі бірқатар іс-шаралардың нәтижесінде:**

- ◊ халық жалақысы мен табыстарын жаңа ақшамен алды;
- ◊ халықты карточкамен жабдықтау жойылды;
- ◊ мемлекеттік бөлшек сауда ашық жүргізілді;
- ◊ азық-түлік бағасы төмендеді.

**Сұрақтар:**

1. Қазақстан халқының қазіргі құрылымы қалай қалыптасты?
2. 1939–1959 жылдары жіберілген кемшіліктер орнын қалай толтыруға болады?
3. 1939–1959 жылдары жүргізілген үкімет саясаты демографиялық үдеріске қалай ықпал етті?
4. 1939–1959 жылдар аралығында Қазақстандағы экономикалық және әлеуметтік үдерістердің халықтың құрамына тигізген әсері мен демографиялық нәтижелері қандай?

**Ойталқы**

Соғыстан кейінгі кезеңде халықтың білім деңгейін, медициналық қызмет көрсету ісін жетілдіру, әлеуметтік жағдайды жақсарту, әл-ауқатын көтеру және т.б. мақсатында қандай шаралар жасалды?

Еңбеккерлердің еңбек және тұрмыс жағдайларын көтеру бағытындағы сол шаралардан үлгі боларлық тәжірибе бар ма?

Демократиялық, ұлттық, зайырлы және құқықтық мемлекетіміздің гуманды демографиялық саясат жүргізуі үшін өткен кезеңнің демографиялық ахуал-тынысына талдау жасау қаншалықты қажет?

**Мәтіндік тапсырма**

1939–1959 жылдар санақтарымен межеленетін саяси, экономикалық және әлеуметтік іс-шаралар негізіндегі Қазақстан халқының этнодемографиялық даму үдерістері анықталды. Бұл кезеңдегі Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік, ұлттық құрылымындағы басты өзгерістер мен даму ерекшеліктері үш кезеңге бөліп қарастырылады. 1939 жыл – 1941 жылғы маусым – Ұлы Отан соғысы қарсаңы; 1941 жылғы маусым – 1945 жыл – Ұлы Отан соғысы жылдары; 1945–1959 жылдар – соғыстан кейінгі жылдар.



1991 жылы Қазақстан мемлекеттік статистика комитеті 1939–1989 жылдар аралығындағы Бүкілодақтық халық санақтарының негізгі көрсеткіштері туралы жинақ шығарды. Бұл жинақта 1939 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының жалпы саны, қала мен ауыл тұрғындарының саны, жыныстық құрамы, республика халқының ұлттық құрамы, оның пайыздық көрсеткіштері қамтылды. Алайда соғыстан кейінгі жылдардағы деректер үстіртін мағлұматтар береді. Себебі жергілікті жерлерде табиғи қозғалыс деректерін есепке алу ісіне салғырттықпен қараған. Ауылдарда бірнеше айлар бойы туғандар мен өлгендер тіркелмей қалатын, ал азаматтық хал актілерін тіркейтін мекемелер ұзақ уақытқа дейін жабық болатын. Мысалы, 1955 жылғы мәлімет бойынша Ақмола облысында қазан-қараша айларында туған 1391 адамның 55-і ғана тіркелген. Ал аудандардың паспорт пен АХАЖ бөлімдері қызметкері болмағандықтан, 4-5 айлап жабық тұратын. Бұндай оқиғалар республика бойынша кездесетін. 1940–1970 жылдар аралығындағы статистикалық басылымдарда туғандар мен өлгендердің 1000 адамға шаққандағы табиғи өлім, неке мен ажырасу сандарынан өзге мағлұмат жоқ. Тек кейінгі санақтарда ғана толық есеп жүре бастады. 1989 жылғы және 1999 жылғы санақтарда туу айлары, ұлттары, анасының жасы, өлген әйел-ерлердің жас мөлшері, бала өлімі, өлім-жітім себептері айтылады.

1. Мәтінде Қазақстанда болған демографиялық өзгерістер қандай кезеңдерге бөлінгенін анықтаңдар. Неліктен осы кезеңдерге топтастырылды?

2. Мәтінде сипатталған кезеңдегі Кеңес үкіметінің Қазақстандағы демографиялық ахуалға байланысты жүргізген саясатын дәлелдер келтіре отырып түсіндіріңдер.

3. Мәтінде сипатталған уақытта демографиялық дамуға мән берілмегені жөнінде мәтіннен дәлелдер келтіріңдер.

**Соғыстан кейінгі жылдардағы ауылшаруашылығының дамуы.** Соғыстан кейінгі бірінші жыл ауылшаруашылығы үшін аса қиын болды. Құрғақшылық елдің, әсіресе оның батыс өңірінің ауылшаруашылық жағдайына өте ауыр тиді.

#### Кесте А.

Жұмысшы күшінің жетіспеушілігі	Ауылшаруашылық машиналардың істен шығуы, жаңадан алынатын машиналар санының аз болуы	Басқарудың өкімшілік, күштеу тәсілдерінің қолданылуы
--------------------------------	--	--

Экономикалық заңдарды есепке алмаудың зардаптары	Соғыстан кейінгі жылдардағы ауылшаруашылығындағы кемшіліктер	Жер өңдеу мәдениетінің төмен болуы
Малшаруашылығының нашар дамуы	1960 жылға дейін Қазақстанда егіске мал күшін пайдалану	Саланың еңбек ресурстарымен нашар қамтамасыз етілуі

Ауылшаруашылығы ауыр жағдайының себептеріне талдау жүргізген ел басшылығы шаруашылық пен партия органдарын колхоз, совхоздарға қатысты кемшіліктерді жоюға міндеттеді.

### Кесте В. Ауылшаруашылығының жағдайы

В кестесіне қарап, ауылшаруашылығында қандай кемшіліктер шешілмегенін анықтаңдар.

1949 жылға қарай Қазақстанның колхоздарына түрлі ұйымдардың 214 млн сом қарызы қайтарылды	Көп мал, техника, 540 мыңға жуық заңсыз тартып алынған жер қайтарылып берілді	Өкімшілік-шаруашылық басқару аппараты елеулі түрде қысқарды
Ауылшаруашылығының материалдық-техникалық жабдықталуына қаржы бөлінді	Ауылшаруашылығындағы кемшіліктерді шешу үшін ел басшылығының атқарған іс-шаралары	Ауылшаруашылығы мамандарын даярлау және қайта даярлаудың жүйесі жолға қойылды
	Колхоздар мен совхоздарға қызмет көрсетуге тиіс машина-трактор станцияларын (МТС) техникамен жабдықтауға үлкен көмек көрсетілді	

#### Ойталқы

А мен В кестелерін салыстыра отырып, ауылшаруашылығында қандай кемшіліктер шешімін тапты және шешімін таппағанын талқылаңдар.

Төртінші бесжылдықтың соңына қарай республика МТС-тары күшейіп, колхоздардың 95%-ына қызмет көрсетті. МТС техникасы неғұрлым тиімді пайдаланыла бастады. Өнім өндіруді арттыру үшін ұсақ колхоздар ірі колхоздарға біріктірілді. Егін, мал өнімдері бойынша белгіленген жоспарды асыра орындау үшін қосымша төлемдер енгізілді. Қабылданған іс-шаралар ауылшаруашылығының жағдайын біршама жақсартты. Соған қарамастан, үкімет қабылдаған іс-шаралар ойдағыдай нәтиже бермеді. Алайда бесінші бесжылдық (1951–1955 жылдар) кезеңіндегі республика ауылшаруашылығының даму барысы, колхоздар мен совхоздарды соңғы үлгідегі

жаңа техникамен жабдықтау МТС рөлінің төмендеуіне алып келді. Шаруашылықтар енді өнімділігі жоғары техниканы сатып ала алатын және қолданатын болды. Ел Үкіметінің қаулысы бойынша МТС-тар қайта ұйымдастырылып, жөндеу-техникалық станцияларға айналды, ал ауылшаруашылық техникасы колхоздарға сатылды. Кейіннен жөндеу-техникалық станциялар да жойылып, олардың міндеттері республикада жаңа құрылған «Казсельхозтехника» өндірістік-техникалық жабдықтау бірлестігіне жүктелді.

**Малшаруашылығының жағдайы.** Қазақстан ежелгі кезден-ақ малшаруашылығын дамытуға қолайлы өлке еді. Бірақ үкіметтің ауылшаруашылығында дұрыс ойластырылмаған шаралары оған кері әсерін тигізді.

### Малшаруашылығының артта қалу себептері

Өмір шындығына жанасымсыз, ғылыми негізделмеген экономикалық заңдардың қолданылуы	Саланың нашар материалдық-техникалық базасы	Жерді жырту нәтижесінде жайылымдықтардың азаюы
Саланың мардымсыз қаржыландырылуы	<b>Малшаруашылығы артта қалуының басты себептері</b>	Мал азығы жетіспеді
	Бақташылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына жете көңіл бөлінбеді	

**Жаппай ұжымдастыру және күштеп отырықшыландыру саясаты.** Малшаруашылығының жағдайы ауыр күйінде қала берді. Күштеп жүргізілген ұжымдастырудың жағымсыз салдарлары өлі де болса қолайсыз әсер етті. 1951–1952 жылдары республикада мал басының шығыны көп болды. Малшаруашылығындағы жұмыстың ауыртпалығы мен қиындықтарын шопандар көрді. Олар өте ауыр жағдайларда жұмыс істеді, көптеген өркениет жетістіктерінен қол үзді, соған қарамастан еңбекте үлкен табыстарға қол жеткізді. Бұл жылдары Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Айдарлы ауылының шопаны Жазылбек Қуанышбаевтың атағы кеңінен жайылды. Бригадада жүйелі селекциялық жұмыстар жүргізу арқылы ол жүннің және қаракөл елтірісінің сапасын елеулі түрде көтере алды. Оның қаракөлі халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерде көрсетілді. Дели, Бухарест, Познань және Нью-Йорк

аукциондарына қойылды. Ерен еңбегі мен аса көрнекті табыстары үшін ол 1958 жылы екінші рет елдің жоғары марапаты «Орақ және балға» алтын медалімен марапатталды. Қазақстандықтар қажырлы еңбектерімен ауылшаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосты. Ы. Жақаев, Н. Алдабергенов, Н. Головацкий, Я. Геринг т.б. ауыл еңбекшілері Социалистік Еңбек Ері деген атаққа ие болды.

**Ауылшаруашылығын басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесі.** Республиканың ауылшаруашылығы бүкіл КСРО-ның ауылшаруашылығы сияқты халық сұранысын қанағаттандыра алмады. Бұған колхоздарды, жалпы ауылшаруашылығын басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесі себеп болды. Жоғарыдан жоспарлау, бюрократиялық аппараттың күш көрсетуі өндірушіні өндіріс құралдарынан да, еңбек нәтижелерінен де шеттетті. Колхозшылардың еңбегіне ақы өніммен төленді (азық-түлік, киім-кешек). Колхозшыларда төлқұжат болмады. Олардың есебі селолық кеңестер жасаған тізімдер арқылы ғана жүргізілді. Бұл ауыл еңбеккерлерінің мекенжайын еркін өзгертуіне мүмкіндік бермеді. Олар заңды түрде колхозға байланды, басыбайлы шаруалар сипатында болды. Ауыл еңбекшілері барлық қиыншылықтарға, бұра тарту мен жаңсақ есептерге қарамастан елді қолдарынан келгенше азық-түлікпен қамтамасыз ете берді. Соғыстан кейінгі реформалар қалыптасқан шаруашылық жүргізу құрылымының негіздеріне әсер етпеді, әміршіл-әкімшіл жүйе әлі де үстемдік етуін жалғастыра түсті.

**1-тапсырма.** Төменде берілген сұрақтарды сыныптастарыңмен бірге талқылаңдар.

1. Ауылшаруашылығының мәселелері.
-----------------------------------


2. Үкімет мәселелерді қалай шешті?
------------------------------------

3. Мәселелер неге шешілмеді?
------------------------------

**2-тапсырма.** Малшаруашылығындағы кемшіліктерді шешу үшін 3 ұсыныс айтыңдар.

### Дерек А

...1946 жылы Қазақстанда бір колхоздың беретін кірісі 143 мың рубльді, ал 1950 жылы 170 мыңға жуық рубльді құрады (сол кездегі бағамен). Сондықтан ауыл тұрғындарының бесжылдықтың соңына қарай (1950 жылы) орташа жалақысы өрең-өрең 40 рубльге жуықтады. Ал



жалақыны өнімдей төлеуге келетін болсақ, колхоздардың 6 пайызы ғана бір еңбек күнге 1 кг-дай бидай, ал қалғандары одан да төмен төледі. Колхозшы отбасының барлық мүшелері табысын қосқанда колхоз табысынан алар үлесі азын-аулақ еді. Ол ақшалай табыстың 20% -ын және астық кірісінің 38% -ын ғана құрады.

*Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 530-бет.*

### Дерек В

1951 жылы елімізде ірі қараның саны – 4,5 млн, жылқы – 1,5 млн, түйе – 127 мың болды. Тек қой басының саны ғана 1951 жылы өсімталдығының арқасында 1928 жылғы деңгейге, 18036 мыңға жетті.

Ірі қара	Жылқы	Түйе	Қой
4 500 000	1500000	127 000	18036000

### Дерек С

Төртінші бесжылдықтың соңына қарай республика МТС-тары колхоздардың 95% -ына қызмет көрсетті, ал бұл көрсеткіш 1946 жылы 76% ғана болған еді.

### Дерек D

Қазақстандағы колхоздардың саны 6 737-ден (1945 жыл) 2 047-ге (1952 жыл) дейін қысқарды.



**3-тапсырма.** Соғыстан кейінгі кезеңде ауылшаруашылығы қалай дамыды? Өз жауаптарың бойынша деректер мен дәлелдер келтіріңдер.

**Республиканың индустриялық даму ерекшеліктері.** 1946 жылы наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында «КСРО халықшаруашылығын қайта қалпына келтірудің және дамытудың 1946–1950 жылдарға арналған төртінші бесжылдық жоспары туралы Заң» қабылданды. Жоспардың мақсаты – халықшаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамыту. Онда елеулі қаржыны республиканың ауыр өнеркәсібін дамытуға, жаңа теміржол желілерін салуға, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруға жұмсау қарастырылды. Өсіресе ауыр өнеркәсіпті дамытуға басымдық берілді. Соғыстан кейінгі құрылыстың болашағы, жақсы өмірге деген үміт республика еңбекшілерін мемлекет жоспарын орындауға рухтандырды.

1946 жылға қарай зауыттар мен фабрикалар қайта жандана бастады, өнеркәсіп орындары іске қосылды. Ауылдар көркейіп, соғыс өткен аумақтағы күйреген қалалар қирандыдан тазартылды. 1945 жылы 23 маусымда КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы қабылдаған демобилизация туралы Заңнан кейін миллиондаған жауынгер бейбіт тіршілікке қайта оралды. Демобилизациямен қатар, кеңес басшылығы кеңестік азаматтарды жұмысқа орналастыру, әскери өндірісті шаруашылық мақсаттағы өнім шығаруға бейімдеу секілді күрделі жұмыстар жүргізді.

4-бесжылдық кезінде жүргізілген іс-шаралар:

1. Басқару органдарын қайта құру басталды.
2. Халық комиссариаттарының мақсаттары мен міндеттеріне өзгерістер енгізілді.

3. Мемлекеттік Қорғаныс комитеті таратылды.

4. Мекемелерде 8 сағаттық жұмыс күні қайта қалпына келтірілді.

5. Уақытынан артық жұмыс істеу жойылды.

6. Экономиканы бейбіт жолға көшіру жоспары белгіленіп, ол жүзеге асырыла бастады. Мысалы, Алматыда Киров атындағы ауыр машина жасау зауыты бейбіт өнім шығаруға кірісті. Қазақстанға кезінде елдің еуропалық бөлігінен көшіп келген көптеген жұмысшылар Қазақстан жерінде қалуға ынта білдірді.

Зауыттар мен кәсіпорындар, өндіріс салалары арасында социалистік жарыс ұйымдастырылды. Қарағанды көмір бассейнінің кеншілері еңбекте қомақты табыстарға қол жеткізді. Бұл жылдары еңбектің озық тәсілдерін насихаттау, тәжірибе алмасу, ерекше көзге түскендерді марапаттау кең құлаш жайды. Жоспарды орындаудың, үлкен жетістіктерге жетудің жол-

дары қоғамдық жиындарда жиі-жиі талқыланды. Адамдар болашаққа, Компартияға сеніммен қарады. 1946–1950 жылдары еңбекшілердің күш-жігері, қажырлы қайрат көрсетуінің арқасында республикада болат прокаты, қара және түсті металлургия, тау-кен, көмір өнеркәсібіне арналған жасанды талшық өндіру жолға қойылды. Осы жылдары қара металлургия өндірісі кеңінен дамыды. Теміртау металлургиялық зауытында қосымша үш цех және екі мартен пеші, Ақтөбеде ферроқорытпа зауытының үшінші кезегі іске қосылды. 1947 жылы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты алғаш рет мырыш шығарды. Балқаш мыс қорыту зауытының қуатын арттыру жұмыстары жалғастырылды. Республикада көмір өндіру қарқынды дамыды. 1954 жылдан Екібастұз бассейнінің қалың қабаттарынан көмір өндіріле бастады. Республиканың батысында жаңа мұнай кәсіпшіліктері іске қосылды. Мәселен, Мұнайлы, Ембі бассейндерін және басқа да кәсіпшіліктерді өндіріске қосу арқылы 1950 жылы мұнай өндіруді соғысқа дейінгі деңгеймен салыстырғанда 52%-ға арттыруға мүмкіндік туды.

Осы кезеңде жеңіл және тамақ өнеркәсібі дамыды. Тамақ өнеркәсібінде 60-жылдардың соңына қарай 40-тан астам жаңа кәсіпорын салынып, іске қосылды. Дегенмен де тамақ өнеркәсібінің үлесі жалпы өнеркәсіп өндірісінің 17%-ын ғана қамтыды. Бұл сала одан әрі жетілдіре түсуді қажет етті. 1950 жылдары қайта жабдықталған Семейдегі май зауыты, Петропавлдағы «Комсомол» тігін фабрикасы өнім бере бастады, Жамбыл (қазіргі Тараз), Қызылорда, Павлодардағы тері зауыттарының құрылысы аяқталды. Бұл жылдары Қазақстанның қуатты ауыр өнеркәсіп базасы құрылды. Жұмысшылардың ішінде ерекше көзге түскендері жоғарғы еңбек марапаттарына ие болды. Атақты кеншілер *Т. Күзембаев*, *Ж. Әбдірахманов*, *П. Акулов* Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ алды.

**Жұмысшы күшінің дамуы экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандырды ма?** Қазақстандағы экономикалық дамудың қарқыны жұмысшы табының жаңа мамандарын даярлауды талап етті. Еңбек резервтерінің жүйесі бесжылдық ішінде ел экономикасына аса қажетті мамандықты меңгерген 50 мың жұмысшы даярлады. Дегенмен мамандар даярлаудың бұл жүйесі өсіп келе жатқан қажеттіліктерді қанағаттандыра алмады. Жұмысшылар қатары республикадан тыс жерлерден келгендер есебінен толығып отырды. Бұл құбылыс, әсіресе Қарағанды көмір бассейні, Шымкент, Жамбыл, Ақмола және Алматы кәсіпорындарында байқалды. Республиканың экономикалық өміріндегі өзгерістер маманданған жұмысшылар қатарының артуына алып келді. Жоғары маман жұмысшылар үлкен қалалардағы ірі кәсіпорындарда еңбек етті.



**Көлік және байланыс жүйесінің дамуына не ықпал етті?** Экономиканың интенсивті дамуы көлік және байланыс жүйесін қатар дамытуды талап етті. Қазақстандағы ауыр өнеркәсіптің дамуы өз кезегінде көлік жүйесінің кеңейе түсуіне ықпал етті. 1950 жылы ұзындығы 483 км Мойынты–Шу теміржол тармағы салынды. Солтүстіктен оңтүстікке қарай Трансқазақстан магистралін салу жұмыстары жүргізілді. Жамбыл–Шолақтау теміржол желісімен пойыздар жүре бастады.

1949 жылдың көктеміне қарай Алматыда елдің 56 қаласымен байланыстырған автоматтық телефон станциясы жұмыс істей бастады. Радио хабарын тарататын станциялар саны 1940 жылмен салыстырғанда екі еседей артты. Құрылыс жұмыстарының ауқымды көлемі, түсті және қара металлургияның, машина жасау мен отын өнеркәсібінің жоғары қарқынмен дамуы Қазақстандағы энергетикалық база дамуының объективті негізі болды. Қарағанды металлургия комбинаты тек республиканың ғана емес, сондай-ақ Сібір, Орал, Орталық Азияны да металмен қамтамасыз ету базасына айналды.

**Сұрақтар:**

1. Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанда теміржолдар салынуының себебі неде?
2. Қазақстанда өндіруші кәсіпорындары неге көп салынды?
3. Соғыстан кейінгі кезеңдегі өміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптары қоғамда қалай көрініс тапты?

**1-тапсырма.** Берілген кестеге қарап, бесжылдық жоспарының қалай жүзеге асырылғаны жөнінде бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.

КСРО халықшаруашылығын қайта қалпына келтірудің және дамытудың 1946–1950 жылдарға арналған төртінші бесжылдық жоспары		
Ауыр өнеркәсіпті дамыту	Жаңа теміржол желілерін салу	Ауылшаруашылығы өнімділігін арттыру

**2-тапсырма.** Талдау. Жазбаша жұмыс. Ақпарат іздеу.

**Топтық жұмыс.** Өнеркәсіпте болған өзгерістерді сала-сала бойынша анықтаңдар.

Қара металлургия	Түсті металлургия	Тау-кен және көмір өнеркәсібі	Отын энергетикасы	Жеңіл өнеркәсіп	Тамақ өнеркәсібі	Көлік және байланыс жүйесі	Энергетика

**3-тапсырма.** Ауызша. Жұптық жұмыс. Пікірталас.

Еңбек ресурстарын дамыту саласының жағымды және жағымсыз жағы.





## §2. Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешенінің қалыптасуы

*Зерттеу сұрағы:* Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?

**Бұл сабақта:**

Қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіреміз және өзіндік талдау жасаймыз.

XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Демобилизация	Demobilization
Оккупация	Occupation
Лагерь	Camp
Әскери-өндірістік кешен	Military-industrial complex
Полигон	Test site
Ведомство	Agency

**Демобилизация** – соғыс күшін, сонымен бірге халықшаруашылығының барлық саласын бейбіт қалпына көшіру.

**Оккупация** – басқа елдің жерін әскери жаулап алу.

**Лагерь** – соғыста қолға түскен тұтқындарды, қылмысты деп табылған, айдалған адамдарды ұстап қамайтын жазалау орны.

**Әскери-өндірістік кешен** – әскери қару-жарақ, құрал-жабдық және басқа әскери өнімдер өндіретін кәсіпорындар кешені.

**Полигон** – әскери жаттығулар, сынаулар жүргізілетін орын, жер.

**Ведомство** – нақты бір мемлекетте қоғамдық өмірдің бір саласын немесе аясын басқаратын және мемлекеттік басқару органдары жүйесіне кіретін орталық мекеме.

**Жеке басқа табыну** (культ личности лат. табыну) – КСРО-дағы И.В. Сталинге табыну ретінде қалыптасқан тоталитарлық тәртіптің жеке билігі, демократияның жойылуы, диктаторлық тәртіптің орнауы.

**Авторитаризм** (лат. билік) – қоғамның барлық жақтарын өзіне бағындырған, демократиялық қағидаларды жоятын, жеке адамның шексіз билігі орнаған саяси билік жүйесі.

**Тоталитарлық жүйе** – қоғам өмірінің барлық саласы мемлекеттің бақылауында болып, адам бостандықтары мен конституциялық құқықтары жойылған билік жүйесі.

**Ядролық қару** – жаппай қырып-жою қаруы. Ядролық қарудың өзінен, оны жеткізетін құралдардан (зымыран, торпедо, ұшақ), сондай-ақ қарудың нысанаға дәл тиюін қамтамасыз ететін әртүрлі басқару құралдарынан тұрады.



### Интеграция

География пәні бойынша өнеркәсіптік кешен, экология; химия пәні бойынша радиация; дүниежүзі тарихы бойынша КСРО-ның соғыстан кейінгі тарихы тақырыптарымен байланыстыру.

### Есіңе түсірі!

Қазақстанда Семей ядролық полигонының салынуы, XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы өміршіл-өкімшіл жүйе саясаты.

### Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің салдарлары



### Сұрақ құрастыру ойыны

#### Ойын шарттары:

1. Сызбаға қарап, сұрақтар құрастырыңдар.
2. Кез келген мәселені талқылауды немесе сұрақтарға жауап беруді тоқтатпаңдар.
3. Өр сұрақты нақты айтылғандай жазыңдар.
4. Кез келген мәліметтен сұрақ құрастырыңдар.
5. Қасыңда отырған досыңа сұрақ қой.

**Соғыстан кейінгі жылдардағы тоталитарлық жүйенің күшеюі неден көрініс тапты?**

**Жекебасқа табынушылық.** 20-жылдардың ортасынан орнаған қатаң әміршіл-әкімшіл жүйе 40–50-жылдары да өз жалғасын тапты. Саяси жүйеге адам еркіндігін басып-жаныштау, оның құқықтарын жоққа шығару, еңбек адамдарын өндіріс құрал-жабдықтарынан жатсындыру сияқты құбылыстар тән болды. Республикада И.В. Сталиннің жекебасына табынушылық жағдай қалыптасты. Қандай да бір қол жеткізілген табыстар оның кемеңгерлік басшылық жасай білуімен байланыстырылып, өрескел кемшіліктер мен сәтсіздіктер жөнінде айтылмады. Осының бәрі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуына қолайсыз ықпал етіп, ауыр зардаптарға әкелді. Соғыстан кейінгі онжылдық – КСРО-дағы 1920–1940 жылдардағы өмір шындығына қатаң көзқарастың жалғасы еді. 20-жылдардың соңы – 30-жылдардың басында басталған қуғын-сүргін соғыстан кейінгі кезеңде де жалғастырылды. Ол көптеген бұрынғы әскери тұтқындарды – Кеңес армиясының солдаттары мен офицерлерін қамтыды. Өнеркәсіптегі жұмысшылардың төменгі мамандық деңгейіне байланысты болған кез келген апаттар мен ақаулар «халық жауларының» әрекеттері ретінде түсіндірілді.

**Экономиканы әскерилендіру (милитарландыру).** Соғыстан кейінгі кезеңде экономиканы одан әрі әскерилендіру жалғасты. Ауыр өндірістің көптеген кәсіпорындары халықшаруашылығына зиян келтіре отырып, орасан зор көлемде әскери өнімдер шығарды. Ірі зауыттар мен фабрикаларды орналастыра отырып, бүкілодақтық ведомстволар республика мүдделерімен санаспады. Жергілікті жастардан мамандар даярлау ісіне аз көңіл аударды, әлеуметтік тұрмыстық мұқтаждықтарға мардымсыз қаржы бөлді.

Қазақстан аумағында аса қуатты әскери-өнеркәсіп кешені қалыптасты. 50-ге жуық қорғаныстық маңызы бар кәсіпорын құрылды. Осы өндіріс орындарында КСРО армиясы жаяу әскер соғыс машиналарының (БМП) 18%-ы, барлық артиллериялық жүйелердің 11%-ы өндірілді. Республика зауыттарында әскери теңіз күшіне қажетті қару-жарақтар мен жабдықтар (торпедо т.б.), қанатты зымырандарға арналған аппаратура, сүңгуір қайықтарды басқару жүйелері, химиялық және биологиялық қарулар шығарылды. SS–21 тактикалық зымырандарға арналған ұшыру қондырғылары да Қазақстанда жасалынды.

Қазақстандағы әскери өнім шығарған кәсіпорындардың бірі – Алматы ауыр машина жасау зауыты болды. Зауыт 1941 жылы Алматыға



көшіріліп әкелінген Луганск паровоз жасау зауытының үш цехы негізінде құрылды. 1942 жылдан бомба, мина, снарядтар шығарды, әскери тапсырыстарды орындап отырды. Зауыт Кеңес Одағындағы торпедо шығаратын ірі кәсіпорын саналды.

Курчатов қаласында ядролық зымырандардың қозғалтқыштары дайындалды. Петропавлдағы ауыр машина жасау зауытында орта қашықтықтағы баллистикалық зымырандар жасалынды. Орал қаласының кәсіпорындары әскери кемелерді қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырды, ірі калибрлі пулеметтер шығарды. Өскеменнің Үлбі металлургиялық комбинаты табиғатта аса сирек кездесетін әскери-өндірістік маңызы зор бериллий, тантал химиялық элементтерін өндірді.

**Қазақстандағы ядролық полигон.** Семей полигоны бұрынғы Семей облысының Абыралы ауданы және Павлодар облысының Май мен Аққу ауданы, Қарағанды облысының Егіндібұлақ пен Қарқаралы аудандарының біраз жерін қамтыды. Мұнда 1949–1989 жылдар аралығында қуаты өртүрлі 456 жарылыс жасалынды. Алғашқы сынақ 1949 жылы 29 тамызда таңғы сағат 6<sup>30</sup>-да Абай және Абыралы аудандарында халыққа ескертілместен жүргізілді (жарылыстың қуаты 30 килотонна). Семей полигонында 1951 жылдың 18 қазанында уран бомбасы, 1953 жылдың 12 тамызында жер үстінде алғаш рет қуаттылығы 500 килотонна болатын сутегі бомбасы сыналды.

**Тапсырма.** Кестені толтырыңдар.

#### Әскери-өнеркәсіп кешендері

Пайда болу себептері	
Кешендер туралы мәліметтер мен статистикалық деректер	
Қазақстан үшін зардаптары	
Қорытынды	

#### Дереккөз А. «СЕМЕЙ–21»

1947 жылы 21 тамызда КСРО үкіметі арнайы қаулысымен тағы бір сондай құпия қала құру туралы шешім қабылдап, оған «Семей–21» деген жасырын ат берді. Қала әскери-өнеркәсіптік кешеннің мүлдем жаңа құрылымына – ядролық сынақ полигонына толық қызмет етуге тиіс



болды. Алға қойылған міндеттің бұрын-соңды көз көрмеген құрамы ескеріле отырып, ядролық сынақ полигонына оған жақын жайылымдар, шабындықтар, таулы қыраттар есебінен 18 мың шаршы километрдей жер бөліп берілді. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетінде немесе әуе кеңістігінде жасалды. Қазақ ғалымдарының есебі бойынша, Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Осынау сынақтар Қазақстанның тіршілік өрісі мен халық денсаулығына тигізген сұмдық нұқсанды сипаттау үшін тіл жетпейді. Жер бетіндегі және әуедегі ядролық жарылыстардың зардаптары сұмдық еді.

*Назарбаев Н.Ә.* Бейбітшілік кіндігі. – Астана: «Елорда», 2001, 44, 54–55-беттер.

### **Дереккөз В. Сынақ алаңының зардаптары (Дегелеңнің дегендері)**

Республикамыздағы демографиялық апатты аймақтардың бірі – Семейдегі ядролық сынақ алаңы. Уақыт өткен сайын халық санасынан талай нәрсе өшіп жатыр. Соның бірі, сынақ алаңы қамтып жатқан 18 мың шаршы шақырым аймақтағы көне жер-су аттары, ескінің көзі – күмбездер мен бейіттер. Сынақ алаңының алып жатқан жер көлемін осыдан-ақ біле беруіңізге болады. Арқаның бұл нағыз құйқалы, шұрайлы жерлері... Бұл – бұрынғы КСРО-дағы екінші ядролық сынақ алаңы. Алғашқысы да Қазақстанның Батысында, Нарын құмында болған. Егер қателеспесем, сол жер атымен Азғыр деп аталады. Оның да жер көлемі аз емес (12 шаршы шақырым).

Енді, ядролық сынақ алаңының демографияға әсеріне келейік. Ол, біріншіден, психологиялық тұрғыда әсер етеді. Оны ғылым тілінде радиафобия деп атаймыз. Фобия қорқыныш, үрей, қорқу дегенді білдіреді. Радиафобия үркушілік ретінде демографиялық мінез-құлыққа кері ықпалын тигізеді. Мәселен, радиафобия билеп алған әйелдер дендері сау бола тұра, үшінші, төртінші, бесінші баланы дүниеге әкелуге қорқады да, бала көтермейді. Олар ақыл-есі кем, денсаулығы жоқ, мүгедек сәбиді дүниеге әкелем бе деген орынды үрейді жеңе алмайды. Ядролық сынақ алаңының демографияға екінші бір әсері, адамдардың миграциялық мінез-құлқына қатты әсер етеді.

*Тәтімов М.* Қазақ әлемі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993, 111–177-беттер.



**Дереккөз С.**



Ядролық қару сынағы

**Тапсырма.** А, В дереккөздерін оқып шығып және С дереккөзіне қарап кестедегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Берілген дереккөздердің негізгі құндылығы қандай?	
2. Дереккөздерде қандай мәселе көтерілген?	
3. Қандай қорытынды шығара аламыз?	



### §3. Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері

*Зерттеу сұрағы:* Неліктен тарихшы Ермұқан Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?

**Бұл сабақта:**

Ермұқан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалаймыз.

Қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіреміз және өзіндік талдау жасаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Космополитизм	Cosmopolitanism
Идеология	Ideology
ГУЛАГ	Gulag
НКВД	National Commissariat of Internal Affairs of the USSR

**Космополитизм** – Отан қорғауды, ұлттық мәдениет пен дәстүрді мойындамайтын, патриотизмнен бас тартуды уағыздайтын көзқарас.

**Идеология** – адамдардың әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін идеялар мен көзқарастар жүйесі.

**ГУЛАГ** – лагерлердің Бас басқармасы. Еңбекпен түзеу лагерлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамау орындарының Бас басқармасы. КСРО-да 1934–1956 жылдары айыпталушылардың жазасын өтеу орындарына басшылық еткен Ішкі істер халық комиссариатының бөлімі.

**НКВД** – КСРО Ішкі істер халық комиссариаты (Народный комиссариат внутренних дел СССР). Кеңес Одағындағы 1937–1946 жылдары қылмыстық істер мен қоғамдық тыныштықты бұзушылықпен айналысатын, Мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін КСРО мемлекеттік атқару орталық органы.

**1940–1950 жылдардағы ғылым мен білім, әдебиет саласындағы кеңестік қудалаулардың себептері неде?**

1940–1950 жылдары ұлт қайраткерлерін қудалау ісі жалғасты. М. Өуезов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов «қазіргі тақырыпқа пьеса жазбайтындар» ретінде сыналды. Ө. Тәжібаевтың «Біз – қазақпыз» атты шығармасы ескі хандар мен бай-

#### **Интеграция**

Дүниежүзі тарихы пәні бойынша КСРО-ның соғыстан кейінгі жағдайы, әдебиет пәні бойынша 40–50-жылдардағы әдебиеттің дамуы тақырыптарымен байланыстыру.

#### **Есіңе түсірі!**

1920–1930 жылдардағы саяси репрессиялар.

шонжарлар өмірін мақтау, марапаттау деп сынға алынды. Белгілі композитор А. Жұбанов «феодалдық-байшылдық дәстүрлерді асыра дәріптегені» үшін қатаң сынға ұшырады. Өсіресе 1947 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» қаулысы жарияланған соң ұлтшылдықты айыптау кеңінен қанат жайды. Қазан төңкерісінен бұрынғы жазылған ұлттық сипаттағы шығармаларды зерттеуші ғалымдар қуғындалды. Орталық Комитет 1948 жылы тамыз айында «Қазақ совет әдебиетінің жағдайы және оны одан өрі дамыту туралы» шешім қабылдады. Нәтижесінде Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, Ө. Қоңыратбаев, Е. Ысмайылов, М. Өуезов, Қ. Жұмалиев, Ө. Марғұлан секілді талантты зерттеушілер ұлтшылдар қатарына жатқызылды. Әдебиетші ғалымдардың бір тобы «Кенесарыны дәріптеушілер» ретінде де айыпталды. Дулат Шортанбайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Ғұмар Қараш сияқты қайраткерлердің шығармаларын пайдалануға тыйым салынды.

Ленинград пен Мәскеуде «Ленинград ісі», «Дәрігерлер ісі» дейтін науқандар қызу жүріп жатқан кезде Қазақстанда «Бекмаханов ісі» қолдан жасалды.

Ермұқан Бекмаханов дарынды тарихшы еді. Ол 1943 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақ КСР тарихы» атты күрделі еңбектің негізгі авторларының бірі болды. Бұл еңбекті жазуға үлкен авторлар ұжымы, оның ішінде соғыс жылдарында Алматыға көшіп келген белгілі кеңес тарихшылары А.М. Панкратова, Б.Д. Греков, И.М. Дружинин, А.П. Кучкин т.б. қатысқан болатын. Бұл кітаптың кейбір сыншылары оны орысқа қарсы жазылған және онда Ресейге қарсы ұлттық көтерілістер дәріптелген деген айыптар тақты. Мәселен, кітаптың 14-тарауында Кенесары Қасымұлының басшылығымен болған көтеріліс туралы жазылған. Е. Бекмаханов осы тұрғыда қатты сынға алынды. Е. Бекмаханов 1946 жылы КСРО Ғылым академиясында докторлық диссертация қорғап, оның қолжазбасын 1947 жылы «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» деген атпен жеке монография етіп жарыққа шығарған болатын. Асыра сілтеу, бұрмалау және күншілдік қайтадан бел алған тұста жарық көрген бұл кітапқа пікір айтушылардың басым көпшілігі әуел бастан-ақ оны Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың тарихын ақтау тұрғысынан жазылған еңбек деп бағалады. Кітап авторына буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеуші деген саяси айып таңылды. Сталин мен оның төңірегі (А. Жданов, А. Андреев) бұрынғы «Ресей – халықтар түрмесі» деген тұжырымнан бас тартып, «Ресейдің ұлттық шет аймақтарда өркениеттік рөл атқарғанын» уағыздай бастаған еді. Е. Бекмахановқа қарсы ұйымдастырылған саяси



науқан барысында жасалған кейбір қағидалар мен тұжырымдар көпкөрінеу жалақорлығымен әйгілі болды.

40–50-жылдардың басында Қазақстанда бір ғана «Бекмаханов ісі» орын алған жоқ. Биология, медицина және экология саласындағы біраз ғалымдарға «космополит» деген айыптар тағылып, олар республиканың ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарынан қуылды. Көрнекті қоғамтанушы ғалымдар А. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Б. Сүлейменов, Е. Ысмайыловтарға саяси айыптар тағылды. ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, академик Қ. Сәтбаев пен заңғар жазушы М. Өуезовтер қудаланып, Қазақстаннан Мәскеуге кетіп қалуға мәжбүр болды.

### Дерек А. «БЕКМАХАНОВ ІСІ» ТУРАЛЫ

...Ленинград пен Мәскеуде қолдан жасалған «Ленинград ісі», «Дәрігерлер ісі» жүріп жатқан кезде, Қазақстанда «Бекмаханов ісі» ұйымдастырылды. Қазақстан тарихы ғылымында Қазақстанның Ресейге қосылу проблемалары Кеңестік идеология тұрғысынан зерттелінді; ол «түгелдей зиян», «жартылай зиян», «прогрессивті құбылыс» деген сияқты үш қырынан қаралды.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том, Алматы, 2010, 536–537-беттер.

### Дерек В. АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН БЕКМАХАНОВ

Буржуазияшыл-ұлтшылдықты насихаттады деп айдар тағылған Е. Бекмахановтың көңіл күйі 1947–1950 жылдарда өте ауыр болды, күн өткен сайын оған тиген моральдық соққының салмағы арта берді. 1950 жылғы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде Шойынбаев, Айдарова, Якунин жариялаған «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақалада кітап пен оның авторы тағы да қатты сынға алынды. «Правдадағы» мақала Е. Бекмахановты ресми түрде тікелей саяси айыптаудың басы болды. 1951 жылғы 10 сәуірде Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті осы мақалаға байланысты қаулы алып, оны дұрыс деп бағалап «Е. Бекмахановтың буржуазияшыл ұлтшылдық көзқарастарын айыптады». Е. Бекмаханов университеттен жұмысынан қуылып, 1951 жылы партия қатарынан шығарылды. Ол біраз уақыт Алматы облысы Нарынқол ауданында мектепте тарих пәнінен сабақ берді, көп кешікпей

#### Ойталқы

«Е. Бекмаханов буржуазияшыл-ұлтшылдықты насихаттады». Сен бұл пікірмен қаншалықты келісесің? Берілген дереккөздер мен өз біліміңді қолдан.



Жамбыл облысы Шу ауданындағы Новотроицк селосындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Осы жерде 1952 жылы 5 қыркүйекте Ермұқан тұтқындалды. Екі айға жуық тергеу жұмыстары жүргізіліп, 1952 жылдың 3 қарашасында №699 іс бойынша Е. Бекмахановты айыптау қорытындысы дайын болды. Жоғарыдағы айыптау негізінде 1952 жылғы 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е. Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды. Ерекеңнің лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды да қамқор адамдардың тікелей жәрдемінің арқасында, қанқұйлы Берия атылғаннан кейін Е. Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда оның «қылмысты ісі» жойылып, өзі ақталып шықты.

*Кеңес Нұрпейіс.* Шығармалар жинағы/Құраст.: С.О. Смағұлова, Г. Ж. Өскембаева. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2015, 258–259-беттер.

### Дерек С. ОТАНЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ...

Мен – Отанымның құрбаны... алты баланың анасы, Совет Одағында тұрамын. Отаным – Советтер Одағы. Бірақ менің шыққан табым – Совет Одағынан талай таяқ жеген тап. Өзім де бірталай тойтарысты көрдім... Революцияның алғашқы күндерінде он бес жасар қыз едім. Сол он бес жасымнан бастап, осы күнге шейін (38 жыл) жаныма бір де тыныштық болмады... Қыз күнімде (революцияның алғашқы жылында) туып-өскен қаламызды Совет Одағының қысымына шыдай алмай, тастап кетуге мәжбүр болдық. Іргеміз сәгілген соң, ерге де ерте шықтым (он алты жасымда). Ерім – ақылды, батыл, өз халқын сүйетін қазақ халқының белді, беделді ағартушысы еді. Ерімді ешбір жазықсыз, «ұлтшыл» деген оймен Совет Одағы жоқ қылды. Екі ұлыммен еңіреп мен қалдым. Екінші ерге шықтым. Ауызым барып айтады – екінші ерім де ешбір жазықсыз еді, НКВД оны да жоқ қылды. Бұл ерім – теңдесі жоқ асқан шебер ақын еді. Мен бес баламен қалдым. Барлық мүліктерімді алып, өзімді жер аударды. Ауыр тұрмыста бірде қызмет істеп, бірде бос жүруге де тура келді...

Ауыр соғыс жылдарына да келіп қиліктік. Үйде қара нанға да тоймағандықтан, үлкен ұлым жасы әскер жасына жетпесе де, өзі тіленіп соғысқа кетті. Ол онда қаза тапты. Қалған балаларым да ашығатын болды. Көп ойландым, көп толғандым. Өзімнің жазықсыздан-жазықсыз



осындай халге түсуіме себепші болған Совет Одағына айқайлап өкпемді айтқым келді. Бірақ мүмкін емес еді, бірауыз сөз айтсам, екі ерімнің ізімен мен де жоғалмақ едім. Жоғалудан да қорықпадым, балаларымды ойладым; оларды қимадым... Балалар орта мектептерді озат бітірсе де, өздері тілеген жоғары дәрежелі оқу орындарына түсе алмады. Тіпті өздері сүймеген, тек амалсыздан оқыған сол жоғары дәрежелі оқу орындарын үздік аяқтаса да, аспирантураға түсуге правосыз болды. Ал қызмет істеу мүмкіншілігі болғанда әлдеқайдағы алыс түкпірлерге, адам бармайтын жерлерге жіберілді. Қайда теңдік? Қайда бостандық? Жауап беретін жан жоқ! Мен Совет Одағына не істедім, не үшін жазықтымын?

*Фабитова Ф.* Өртеңде өнген гүл. Өлеңдер, проза, естеліктер, күнделіктер, хаттар, пікірлер, ойлар... – Алматы: Атамұра, 1998, 145–146-беттер.

**1-тапсырма.** Оқушылар 3 топқа бөліну арқылы Бекмаханов Ермұқан Бекмаханұлының қайраткерлігін ашып көрсетеді. Төмендегі тақырыптар бойынша жауап береді.

*1-топ.* Е. Бекмахановтың өмірбаяны.

*2-топ.* Е. Бекмахановтың ғылыми мұрасы.

*3-топ.* Е. Бекмаханов жаңалықтарын зерттеу.

**2-тапсырма.** Кестені толтырыңдар.

Тарихи тұлғаны талдау	
Жас кезі мен алған білімі	
Ғылым саласындағы жетістіктері	
Рухани, ұлттық мәдениет салаларындағы жетістіктері	
Кеңестік идеологияға қайшы келуі	
Қорытынды	



## ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

**1-тапсырма.** Қазақстанның 1939–1959 жылдардағы демографиялық жағдайына байланысты кестені толтырыңдар.

Демографиялық өзгерістердің себептері	Демографиялық өзгерістердің салдары	Қорытынды
1.		
2.		
3.		

**2-тапсырма.** Төртінші бесжылдық жоспарын іске асыру үшін қолданған шараларды қарастырып, оларды маңыздылығы бойынша саралаңдар.

1. Зауыттар, кәсіпорындар, өндіріс салалары арасында социалистік жарыс ұйымдастырылды.

2. Еңбектің озық тәсілдері насихатталды.

3. Тәжірибе алмасу жүргізілді.

4. Ерекше көзге түскендерді марапаттау кең құлаш жайды.

5. Жоспарды орындаудың, үлкен жетістіктерге жетудің жолдары қоғамдық жиындарда талқыланды.

6. Кез келген жаңсақтық немесе жетістіктерден тиісті қорытындылар жасалынды.

7. Адамдар болашаққа, Компартияға сеніммен қарады.

**3-тапсырма.** «Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстандағы өнеркәсіп дамуының ахуалы» кестесін толтырыңдар.

Жағымды жағдайлар	Жағымсыз жағдайлар	Қорытынды

**4-тапсырма.** Соғыстан кейінгі жылдардағы (1946–1953 жылдар) Қазақстанның ауылшаруашылығын бағалап, дамыту бойынша өз ұсыныстарыңды айтыңдар.

### Бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Берілген дереккөздерге мұқият қарап, оларды тапсырмаларды орындауда пайдаланыңдар.

#### Тапсырмалар:

1. Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, **Қазақ КСР экономикасын** зерттейтін тарихшыға қажет дереккөздердің құндылығы мен маңыздылығына сипаттама беріңдер.

2. Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, кеңестік жүйенің Қазақстанның экономикалық дамуына тигізген әсерін түсіндіріңдер.

3. «Соғыстан кейінгі кезеңде республикада өнеркәсіптің «Б» тобына (тұтыну құралдарын өндіру) қарағанда «А» тобын (өндіріс құралдарын өндіру) жеделдетте дамыту бағыты сақталып қалды». Бұл пікірмен қаншалықты келісесіңдер? Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді қолданып жауап беріңдер.

#### Дерек А

1945 жылы республикада 1,15 млн квт/сағат электр қуаты өндірілсе, 1960 жылы оның көлемі 10,5 млн квт/сағатқа тең болды. Қазақстанның темір кенін өндірудегі одақтағы үлес салмағы 5,4% -ға жетті.

#### Дерек В

1951–1955 жылдары Қазақстандағы пайдаланылатын теміржол ұзындығы 8407 км-ден 9973 км-ге дейін ұзарды.

#### Дерек С

1945 жылы халықшаруашылығындағы жұмысшы және қызметкерлер саны 1 044 мың адам (оның ішінде 304 мыңы өнеркәсіпте) болса, 1950 жылы бұл көрсеткіш тиісінше 1 403 мың және 366 мыңға жетті.

*Сілтеме:* Б.Ф. Аяған, М.Ж. Шөймерденова. «Қазақстан тарихы», 9-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017, 210-бет.



**ЕКІНШІ  
БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚСТАН «ЖЫЛЫМЫҚ» КЕЗЕҢІНДЕ  
(1954–1964 ЖЫЛДАР)**

**Уақыт сызығы**

1954 жыл	1955 жыл	1956 жыл	1957 жыл	1958 жыл	1959 жыл	1960–1962 жылдар	1961 жыл	1963 жыл
Тың және тыңайған жерлерді игерудің басталуы	Бай-қоңыр ғарыш кешенін іске қосу	КОКП XX съезі Сталиннің жеке басына табынуды айыптады	Экономикалық аумақтық ұстаным бойынша басқаруды қайта құру	Қазақстан өнім шығаруда одақтас республикалар бойынша 3-орынға шықты	Теміртау қаласындағы толқулар	Д.А. Қонаев Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып қызмет етті	Ақмола қаласы атын Целиноградқа ауыстыру	Ядролық қаруды ауада, ғарыш кеңістігінде және су астында жаруға тыйым салу туралы шарт

**§4. «Жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы**

*Зерттеу сұрағы: «Жылымық» кезеңі қоғамға қандай өзгеріс әкелді?*

Бұл сабақта қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіреміз және өзіндік талдау жасаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Жылымық	Thaw
Съезд	Congress
Демократия	Democracy
Категориялық жұмыстар	Category works

**Жылымық** – Сталин дәуіріндегі тоталитарлық саясаттан ішінара ауытқумен сипатталған КСРО тарихындағы XX ғасырдың 50-жылдарынан 60-жылдарына дейінгі жалғасқан кезеңнің бейресми атауы.

**Съезд** – қоғамдық ұйымның, саяси партияның, әлеуметтік, кәсіби, ұлттық немесе басқа топ өкілдерінің жиналысы.

**Демократия** (гр. demos – халық және гр. kratos – билік) деген сөздерінен шыққан, яғни «халық билігі» деген мағынаны білдіреді.

**Каторгалық жұмыстар** – жазаланғандарды ауыр қара жұмысқа салып жазалаудың айрықша түрі.

Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954–1964 жылдар)

Экономика	Қоғамдық өмір	Прогрессшіл бастамалар
<ul style="list-style-type: none"> <li>– демократияландыру үдерісі;</li> <li>– «Хрущевтік жылымық»;</li> <li>– өнеркәсіпті қарқынды түрде дамыту;</li> <li>– тың және тыңайған жерлерді игеру;</li> <li>– әскери-өнеркәсіптік кешенге қолдау көрсету;</li> <li>– әскери блоктар құру, шағын соғыстар.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– жазықсыз жазаға ұшырағандарды ақтау үдерісі аяғына дейін жеткізілмеді;</li> <li>– репрессияға ұшыраған халықтар құқы қалпына келтірілмеді;</li> <li>– «жоғарыдан – төменге» басқару әдісі сақталды;</li> <li>– «басқаша ойлайтындар» айыпқа тартылды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Сталиннің жекебасына табыну айыпталды;</li> <li>– 1954–1956 жылдары республикаларға аздаған жеңілдіктер жасалды;</li> <li>– тоталитарлық режимнің құрбандарын ақтау үдерісі басталды.</li> </ul>

**Тапсырма.** Кестеге қарап, «жылымық» кезеңінің сталиндік кезеңнен қандай айырмашылықтары болғанын айтыңдар.

**Интеграция**

Дүниежүзі тарихының «жылымық» кезеңіндегі КСРО тарихымен, КСРО-дағы ғылыми-техникалық прогресс ұғымымен байланыстыру.

**Есіңе түсір!**

Соғыстан кейінгі кезеңдегі ауылшаруашылығының ахуалы, өнеркәсіп дамуы, демографиялық жағдайы, қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері.

**Республиканың 1954–1964 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірінде қандай өзгерістер болды?**

Қоғамдық ойдағы екі бағыттың күресі мен өзара бір-біріне әсер етуінің нәтижесі – 1956 жылғы ақпандағы КОКП XX съезінің шешімдері болды.

Съезд көпшілік бұқараға өкімет билігін жүзеге асырып отырған жүйенің шынайы идеологиялық бейнесін ашып көрсетпеуге шешім қабылдады. Тек КОКП ОК-нің «Жеке адамға табынушылық және оның зардаптары туралы» (маусым, 1956 жыл) қаулысы дайындалды. Онда жекебасқа табынушылыққа байланысты жіберілген қателіктер мен бұрмалаушылықтардың «кеңестік құрылыстың терең демократияшыл сипатын өзгерте алмағаны» атап көрсетілді. Мыңдаған адал адамдар түрмелерде қалып қойды. Қуғын-сүргіннен қаза тапқан адамдардың қыз-



метіне шынайы саяси баға берілмеді. Өткен тарихтың қайғылы беттері ашылмады. Қазан революциясының тарихы, Азамат соғысының себебі мен сипаты, 30-жылдардағы ашаршылық пен шаруаларды қырып-жою жөнінде біржақты ғана еске алулар болды немесе бұлар жайлы еш нәрсе айтылмады. Сталиннен кейінгі билік қадамдарының жартыкештік сипатта болғаны шешен, ингуш, қалмақ, балқар т.б. күштеп қоныс аударылған ұлттардың тарихи отандарына қайтарылмағанынан көрінді. Қазақстанда тұрған корейлер, немістер, қырым татарлары мен месхет түріктерінің құқықтары қалпына келтірілмеді. 1954 жылы қатарында көптеген майдангерлер болған саяси тұтқындардың Кеңгірдегі көтерілісі қатал басып тасталынды. Жезқазғанға жақын жерде салынған бұл арнайы каторгалық лагерь түрмедегілер мен тұрақты әскери бөлімдерінің арасындағы шайқас алаңына айналды.

Елдің экономикалық жағынан артта қалу себептеріне талдау жасау әрекеттері де тез тыйылып отырылды. Одақтас республикалардың құқығын кеңейту тұжырымдамасы да дамытылмады.

#### Қызықты дерек

КОКП ОК «Жекебасқа табыну және оның салдарлары туралы» қаулы қабылдап (1956 жыл, маусым), мұнда «Жекебасқа табынудан туған қателіктер кеңес құрылысының демократиялық сипатын терең өзгерте алмайды және өзгерте алған жоқ» деп көрсетілді. Н.С. Хрущевтің баяндамасының толық мәтіні 33 жыл өткен соң «Известия ЦК КПСС» журналында жарық көрді (1989, №3). Алайда баяндама мәтіні шетелде XX съезд өтісімен бір аптадан кейін-ақ кең тарап кеткен болатын.

**Республиканың 50-жылдардағы қоғамдық-саяси жағдайы.** Кеңес өкіметі мен КОКП ОК 1954–1956 жылдары шамадан тыс орталықтандыруды жою мен одақтас республикалардың құқығын кеңейтуге бағытталған шаралардың тұтас кешенін қарастырды. Алайда қабылданған актілер жарияланған еркіндікті іс жүзінде жоққа төн етті. Экономика мен саясат саласындағы ортақ бағытты белгілеу, мамандарды тағайындау мен алмастыру т.б. көптеген мәселелерді шешу азғана топтың қолында қалып қойды. Қоғамның құрылымы бұрынғыша «жоғарыдан-төмендегілерге» қағидасы бойынша әрекет етіп, адамдар жоғарыдан қабылданған шешімдерді ғана орындады.

Көп ұзамай саяси басқаша ойлау да қатал басып-жаныштала бастады. Қоғамдағы келеңсіздіктерді ашық көрсеткен адамдар қуғынға түсті. Алайда басқаша ойлаудың алдын алуды бұрынғы әдістермен жүзеге асыру мүмкін емес еді. Сондықтан саяси айыптаулар неғұрлым



«бүркемеленген» сипатта жүргізілді. Саяси қудалаудың мысалдары Қазақстанда да аз болған жоқ. Оған мысал – Шығыс Қазақстан облысындағы орыс тілі пәнінің мұғалімі, майдангер, жоғары білімді маман М. Елікбаевтің тағдыры. Ол Н.С. Хрущевтің атына хат жазды. Хатында адамның жекебасының құқықтарын бұзу, ұлттық саясат саласындағы бірқатар бұрмалаушылықтар, қазақ тілінде оқытатын мектептердің қысқартылуы т.б. олқылықтар жөнінде өз пікірін білдірді. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық партия комитетінің қуғындау шараларынан кейін оны КОКП қатарынан шығарды. Одан өрі бағынбаған мұғалімді психиатриялық ауруханаға жапты, ол ашаршылық жариялаған кезде, түтікше арқылы күштеп тамақтандырды. КСРО Денсаулық сақтау министрлігі қызметкерлерінің деректері бойынша психикалық емдеу жолымен елде 90 мыңнан астам «басқаша ойлайтындар» жазаланды.

Өмір сүріп отырған тәртіптерді сақтауға сталиндік режимнің шектен шыққан құбылыстарын ғана жойып, кеңес адамдарының күш-қуатын жақын қалған коммунизм шептерін бағындыруға жұмсау жөніндегі қиял да ықпал етті. Бұған Н.С. Хрущевтің социализмнің толық жеңісіне жетуін жариялап, «коммунистік қоғам құрылысын кең көлемде бастауды» ұсынған КОКП ХХІ съезінің шешімдері дәлел болады. Сол кездегі КСРО басшылығы халыққа ғылыми негізі жоқ, өмірде іске аспайтын жоспарлар ұсынды. Большевизм басшыларының утопиялық көзқарастары жөнінде өз уақытында Мұстафа Шоқай, Смағұл Сәдуақасов т.б. айтқан еді. Өкінішке қарай, Қазақстан Мәскеу шенеуніктері қабылдаған шешімдерден шыға алмады.

### **Сұрақтар:**

1. 1950–1960 жылдары елдегі, оның ішінде Қазақстандағы саяси жағдай қандай еді?
2. Кеңгір көтерілісіне кімдер қатысты және оның себептері неде?
3. М. Елікбаев не үшін қудаланды?
4. Н.С. Хрущевтің қызметіндегі саяси реформалардың жартыкештігі неден көрінді?

**Тапсырма.** «Жылымық» кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмірдегі бастамалар қаншалықты маңызды болғанын «ПТМС» әдісі арқылы дәлелдеңдер.

- ◇ Позиция (біз солай санаймыз..., мен солай санаймын...)
- ◇ Түсіндіру (себебі ...)
- ◇ Мысал (біз (мен) мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламыз (аламын) ... .
- ◇ Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймыз (жасаймын) ... .



## §5. Тың игеру жылдарындағы Қазақстан

*Зерттеу сұрағы:* Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?

**Бұл сабақта:**

Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасаймыз.

Кеңес үкіметі кезіндегі ауылшаруашылығында орын алған өзгерістерге баға береміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Тың игеру	Virgin land
Эрозия	Erosion
Топырақ эрозиясы	Soil erosion

**Тың игеру** – КСРО-да астық өнімін арттыру мақсатында 1954–1964 жылдар аралығында жүзеге асырылған мемлекеттік іс-шара.

**Эрозия** – қандай да бір нәрсенің жоғарғы қабатының толық немесе ішінара бұзылу үдерісі.

**Топырақ эрозиясы** – топырақтың негүрлым құнарлы қабатының еріген қар суымен немесе нөсер жауынмен шайылуы, желмен ұшырылуы. Қазақстандағы топырақ эрозиясы тың жерлерді ойластырмай жыртудың, егіншаруашылығының агротехникалық шараларын сақтамаудың нәтижесінде мүмкін болып, апатты экологиялық салдарларға өкеп соқты. Ауқымды егін алқаптары көп жылдарға дейін құнарсыз болып қалды.

### Интеграция

Дүниежүзі тарихының «жылымық» кезеңіндегі КСРО дамуы, географиядағы ауылшаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешен ұғымдарымен байланысты қарастыру.

### Есіңе түсірі!

Соғыстан кейінгі жылдардағы ауылшаруашылығының дамуы, демографиялық ахуал.



## Тың игеру Қазақстанға қалай ықпал етті?

**1. Тың игерудің барысы.** Мәскеу басшылығы Қазақстанда астықтың және басқа ауылшаруашылық өнімі өндірісін шұғыл арттыра алатын мүмкіндіктер бар деп есептеді. Сондықтан да өкімет билігінің жоғарғы деңгейінде дөңді дақылдар егетін алақптардың аумағын кеңейту үшін тың және тыңайған жерлерді игеру идеясы пайда болды. Міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін КСРО басшысы Н.С. Хрущев республикалық басшылықты «нығайту» керек деп шешті. 1954 жылы ақпанда Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшылығына Қазақстанда ешкімге белгісіз П.К. Пономаренко тағайындалды. Ж. Шаяхметовті қызметінен алу мәселесін Кремльде шағын топ қана шешті. Шын мәнінде, Н. Хрущев бұл кезеңде өзінің кадрларын түрлі орындарға қоя бастаған болатын, ал Ж. Шаяхметов болса тың жерлерді тез арада игеру идеясын қолдамады.



Кеңестік билік қабылдаған «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы бойынша Қазақстанның солтүстік аудандарында, *Сібірде, Оралда және Солтүстік Кавказда* дөңді дақылдар егуді шұғыл арада арттыру туралы шешім шығарылды. Жаңа жерлерді игеру есебінен 1954–1955 жылдарда 13 млн гектар жер жыртылып, 1955 жылы одан 1100–1200 млн пұт астық алу жоспарланды.

КСРО-да тың көтеруге байланысты белгіленген тапсырма 1954 жылғы тамыздың басына қарай орындалды: жоспарланған 13 млн гектардың орнына 19 млн гектар жер жыртылды, оның ішінде Қазақстанда 8,5 млн гектардан аса тың жер жыртылды. Тамызда «Астық өндіруді молайту үшін тың және тыңайған жерлерді одан әрі игеру туралы» жаңа қаулы қабылданды. Онда 1956 жылы тың жерлердегі дөңді дақылдар егуге арналған аудан көлемін 28–30 млн гектарға дейін жеткізу міндеті қойылды.

Ғалымдардың тың жерлерді осыншама кең көлемде игеру өзін-өзі ақтамайтындығы туралы пікірлерін ешкім есепке алмады. 1955 жылы тың жерлерде жоспарланған 7,5 млн гектардың орнына 9,4 млн гектар жер жыртылды. Партия комитеттерінің қысымымен жалпы жиындарда жоғарылатылған міндеттемелер қабылданды. Тың және тыңайған жерлерді игеру туралы екі жылға есептелген мемлекеттік жоспар елеулі



қарқынмен бір жыл ішінде жүзеге асты. Республикада жаппай жолдар салынып, жаңа елді мекендер тұрғызылды. Тың жерлерді игерудің басым көпшілігі негізінен Қазақстанның солтүстігіндегі бес облыста – Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Павлодар облыстарында жүзеге асырылды.

Республика еңбекшілерінің алдында тың және тыңайған жерді одан ері игеру арқылы дөңді дақылдар өнімін арттыру міндеті тұрды. Қазақстанда 1954–1960 жылдары 25,5 млн гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. 1956 жылы Қазақстанда 1 млрд пұт астық өндірілді. Тың игерудің кейбір жағымды тұстары да болды. Тың игеру Қазақстан халқы әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына елеулі әсер етті. Жаңадан қалалар салынып, аудандар ашылды. Автомобиль және теміржолдардың ұзындығы өсті.

**2. Қазақстан аумағына тың игерушілерді қоныстандыру.** Тың игеру кезінде бұрын-соңды болмаған көлемде жаппай қоныстандыру ісі жүзеге асырылды. 1954 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Жер халық комиссариатына миграциялық үдерістерді реттеу міндеті жүктелді. 1954 жылдан 1963 жылға дейін Қазақстанға Одақтың өртүрлі республикаларынан – Украина, РКФСР, Белоруссия, Молдавия және Литвадан мыңдаған отбасылар қоныстандырылды. 1954 жылдың бірінші жартысында тек Ақмола облысына ғана 20 мыңнан астам адам тың көтеруге келді. Бұған қоса, өнеркәсіп орындарының ұжымдары ауылшаруашылығына, тың және тыңайған жерлерді игеруге 1 386 маман мен механизатор жіберді. 1953–1958 жылдары ауылшаруашылығына 266,6 мың механизатор мамандар келді. Ең танымал тың игерушілердің бірі Михаил Довжик болды. Ол Қазақстанға 1954 жылы наурызда алғашқы тың игерушілер қатарында келді. Ынтымақты бригада құрған М. Довжик Ақмола облысындағы ауылшаруашылық техникасын пайдалануда жаңашыл болды. Ерен еңбегі үшін М. Довжик Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, жоғарғы заң шығарушы орган – Қазақстанның Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

Еңбекшілерге, келіп жатқан тың игерушілерге елеулі жеңілдіктер жасау, сондай-ақ өндірістік жоспарды орындаған совхоз жұмысшыларына қомақты сыйақылар беру арқылы тың игеруге кеңінен қолдау көрсетілді. Тың игерушілер қоныстану орнына жеке мүлкімен тегін көшіп келді, отағасына біржолғы берілетін ақшалай жәрдем көлемі 500–1000, ал отбасының әр мүшесіне берілетін жәрдем көлемі 150–200 сом болды. Үй салуға 10 жылға 10 мың сом несие берілді (оның 35% -ын мемлекет өз мойнына алды), мал алуға 1500–2000 сом көлемінде несие берілді,



1,5 центнер астық немесе үн түріндегі азық-түлік қарызы беріліп, тың игерушілер ауылшаруашылығы салығынан 2–5 жылға босатылды. 1954–1959 жылдары Қазақстанның тың жерлерін игеруге 20 млрд-тай сом қаражат жұмсалды.

Тың жерлерді игеруге байланысты кеңестік кезеңдегі еңбектер мен басылымдарда көптеген қателесушілік, бұрмалаушылық және бұра тартушылық айтылмады. Тың игеру тек мамандарды ғана емес, көп ақша табуды ойлаған кездейсоқ адамдарды да өзіне тартты. Мысалы, зерттеушілердің пікірі бойынша алғашқы 2 жылда Солтүстік Қазақстанға келген 650 мың адамның тек 130 мыңы ғана тың игеру үшін қажет болды. Тың игерілген облыстардың бірқатарында осының салдарынан құқық тәртібі бұзылып, мемлекет қаржысын талан-таражға салу, ұрлау орын алды.

**3. Тың игерудің жағымсыз салдарлары.** Тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру кезінде дамудың үдемелі жолына түсу туралы жиі айтылды. Тыңдағы колхоздар мен совхоздардың материалдық техникалық базасын нығайтуға байланысты қыруар жұмыстар атқарылғанымен, ауылшаруашылығы сол бұрынғы қалпында қала берді. Тыңда ұйымдасқан совхоздарға бөлінген тракторлар мен басқа да машиналар ауылшаруашылығын күшейту жолындағы ірі қадам ретінде кең дәріптелінді. Алайда сол кезеңдегі ірілендірілген колхоздарға тозығы жеткен комбайндар, тракторлар мен автомашиналар берілгендігі туралы еш нәрсе айтылмады.

Көрсеткішті «жоғарылатып көрсету» үшін орасан зор аумақ жыртылды. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы ауыр салдарларға әкеп соқты: топырақ эрозиясы күшейді, топырақтың құнарлы қабатын жел ұшырып кетті. Жалпы жаппай тың игеру үшін егіншілікті жүргізудің тиімді әдістері екі онжылдық өткеннен кейін ғана ұйымдастырыла бастады. Егін үшін жыртылған миллиондаған гектар жер шабындық пен жайылымдық алқаптардың көлемін тарылтты. Мыңдаған гектар жерлер елді мекендер салуға тартып алынып, олардың инфрақұрылымын жүргізу үшін құнарлы жерлердің елеулі көлемі бөлінді. Нәтижесінде ауылшаруашылығының дәстүрлі саласы – малшаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады. Малшаруашылығының даму деңгейінің төмендеуі өз кезегінде республикадағы ет-сүт өнімдерінің тапшылығын туғызды. Мамандар сырттан республикаға ағылып келді. Мұндай жағдай тың игерілген облыстардың бәріне дерлік тән болды.

Тың игеру барысында республикамызда басқа республикалардан көшіп келген халықтың саны артты, ұлттық салт-дәстүрлердің рөлі төмендеді, қазақ мектептері күрт азайып, ұлттық әдебиет пен мерзімдік



баспасөз басылымы кеміді. Қазақ халқының әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, оның мәдени құндылықтарына «жоғарыдан» менсінбей қараушылық орын алды. Тың игеруді желеу етіп орыстардың, украиндардың т.б. ұлт өкілдерінің көшіп келуі Қазақстанның солтүстік облыстарында тілдік және демографиялық проблемаларды ушықтырды.

50-жылдары Қазақстан көпұлтты республикаға айналды. Мұнда қазақтар, орыстар, украиндар, немістер, өзбектер, ұйғырлар, татарлар т.б. өмір сүріп, еңбек етті. Көптеген еңбек ұжымдары құрамы жағынан көпұлтты ұжымдарға айналды.

### *Сұрақтар:*

1. Тың игеру науқаны қай жылдан басталды?
2. Ж. Шаяхметовтің Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы қызметінен алыну себебін ашып көрсетіңдер.
3. Тың өлкесі бұрынғы Кеңес Одағының әр түкпіріндегі еңбекшілерді қандай жеңілдіктермен тартты?
4. Тың игерудің жағымсыз салдарлары қандай болды?
5. Интернет және хрестоматиялық деректерді пайдаланып, басқа республикалардан көшіп келген халықтар қазақтардың үлес салмағының, қазақ мектептері санының, ұлттық әдебиет пен мерзімдік ақпараттық басылымның кемуіне қалай әсер еткенін анықтаңдар.

**Шығармашылық тапсырма.** Топқа бөлініп, Қазақстандағы тың игеру туралы инфографика жасаңдар.

Инфографика деп қандай да бір оқиғаны сипаттау немесе деректерді жеткізу мақсатында кез келген мәтін мен графиканың үйлестіріліп берілуін айтамыз.

Инфографика жасау үшін кеңестер:

Инфографика жасау – командалық жұмыс. Оған редактор, журналист, дизайнер қатысады.

Инфографика жасар алдында ең алдымен топ болып ақылдасыңдар. Дизайнер инфографика жасау үшін қандай ақпарат керек екенін және журналист қандай деректерді табуы тиіс екенін айтады. Қажет ақпарат жиналып болғанға дейін графиканың жартысы дайын тұруы мүмкін, бұл уақытты үнемдейді.

### *Инфографика жасау туралы пайдалы кеңестер:*

1. Құрастыру: Инфографиканың өзегі болуы тиіс. Бүкіл ақпарат соның айналасында орналасады. Маңыздысынан бастап, қосымша ақпа-



ратқа дейін бәрі қисынды, түсінікті, бірізді болуына мән беріледі. Түсіндірмелерді графикалардың жанына жазыңдар, орын аз болса, көрсеткіш сызықшамен бағыт сілтеген жөн.

2. Инфографикада бәрі тексерілген, нақты болуы тиіс. Сондай-ақ масштабтарды ұстану маңызды.

3. Сурет, графикамен жұмыс істеу керек. Инфографика жасаған кезде, мүмкіндігінше суретті торға салуға тырысыңдар. Асимметриялы, қисық орналасқан элементтер болмауы тиіс.

4. Бірдей өлшемді көлденең және тік блоктардан аулақ болыңдар. Бұл көзге ауыр әрі сүйкімсіз көрінеді.

5. Орын үнемде. Суретке қатысты мәтінді тура өзінің үстіне жазу мүмкін болса, соның үстіне-ақ жазып, ешқандай арнайы сызық сызудың қажеті жоқ. Бұл суреттің графикалық үйлесімділігін арттырады.

6. Инфографикада бос орындарды мәтінмен толтыруға болады. Сондықтан орын үнемде.

7. Ұсақ элементтермен жұмыс істегенде, олардың түсінікті болуына назар аудар. Олардың кейбірін үлкейткенде ақпарат та, суреттің өзі де жақсырақ көрінуі мүмкін.

8. Стилистиканы дұрыс ұстан. Бір стиль, түстер, шрифтерді таңдағанда оған басқа дүние араластырудың қажеті жоқ.

9. Түстерге абай бол. Палитрадағы стандарт түстерді қолдану дұрыс емес. Ерекше түстерді ізде, қызыл, көк, көгілдір түстерді қолдан. Түсті жасауға ерекше мән беру қажет.

*Инфографикада қарастыратын тақырыптар мен деректер:*

- ✓ Ауылшаруашылығындағы өзгерістер
- ✓ Ауылшаруашылығындағы дағдарыстар
- ✓ Тың игеру кезіндегі демографиялық өзгерістер себептері
- ✓ Демографиялық өзгерістердің салдары
- ✓ Экономикалық өзгерістердің салдары
- ✓ Экологиялық өзгерістердің салдары
- ✓ Статистикалық мәліметтер
- ✓ Тақырыпқа сай иллюстрациялар, фотолар, суреттер
- ✓ Карта арқылы тың игерілген облыстарды анықтау

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. 40-беттегі бірінші сурет қай жылдарға, қандай оқиғаға қатысты?
2. Суретте көрсетілген тұлғалар қоғамда қандай қызмет атқарды?
3. Сол жылдары еңбек еткен мамандар қандай қиыншылықтар көрді?





Социалистік Еңбек Ері, қостанайлық механизатор Кәмшат Дөненбаева

**2-тапсырма.** Төмендегі суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Сурет қай жылдарға, қандай оқиғаға қатысты?
2. Суреттегі ақпараттың тарихи құндылығы неде?





## §6. Қазақ КСР экономикасының шикізатқа бағытталуы

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?

**Бұл сабақта:**

XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдаймыз.

Қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіреміз және өзіндік талдау жасаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Ғарыш	Space
Ғылыми-техникалық прогресс	Scientific and technological progress
Шикізат	Raw materials
Интенсивті	Intensive
Экстенсивті	Extensive

**Ғарыш** (космос, грек. kosmos) – аспан дүниесі астрономиялық анықтамасының синонимі; ғарыш аппараттары мен планетааралық станциялардың көмегімен зерттелетін жақын ғарыш және жұлдыздар мен галактикалар дүниесі – алыс ғарыш болып бөлінеді.

**Ғылыми-техникалық прогресс** – ғылым мен техниканың бірегей, бір-бірімен сабақтаса, біртіндеп дамуы.

**Шикізат** – еңбек әрекетіне түскен және одан әрі өңделуге тиіс еңбек заттары.

**Интенсивті типі** – техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі. Экономикалық өсудің интенсивтік факторлары: қолданылатын ресурстар сапасының өсуі және ресурстарды пайдалану әдістерін жақсарту.

**Экстенсивті типі** – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімінің өсуі. Экономикалық өсудің экстенсивтік факторлары: жұмыс күші санының артуы және капитал көлемінің өсуі.

### Интеграция

География пәнінен салааралық кешендер тақырыбымен, дүниежүзі тарихындағы 50-жылдардың ортасы мен 60-жылдардың бірінші жартысындағы Кеңес қоғамы тақырыбымен байланыстыру.

### Есіңе түсір!

Соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстанның өнеркәсібі мен әскери-кешендердің дамуы.



**XX ғасырдың 50-жылдарындағы реформалар.** XX ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысындағы өнеркәсіптегі реформалар қаншалықты сәтті болды?

XX ғасырдың 50-жылдарының ортасы мен 60-жылдардың ортасында экономиканы экстенсивті сипатта дамыту бағыты республиканы шикізат базасы ретінде пайдалануға әкеп соқты. Республика аумағында жаңа өнеркәсіп алыптарын сала отырып орталық ведомстволар, одақтық министрліктер оның әлеуметтік базасының дамуы мен экологиялық тепе-теңдікті сақтауға көңіл бөлмеді.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1957 жылғы мамыр айындағы сессиясы Н.С. Хрущевтің баяндамасы бойынша «Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру туралы» Заң қабылдады, осыған орай экономиканы басқаруда реформа жүргізілді. Бұрынғы салалық министрліктер мен ведомстволардың көпшілігі таратылды. Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісінің негізіне аумақтық принцип алынды. Экономикалық өкімшілік аудандарда халықшаруашылығы кеңестері (совнархоздар) құрылды, өнеркәсіп пен құрылысқа тікелей осылар (совнархоздар) басшылық етті.

**Сөйтіп, реформа негізінде:**

- 1) экономикалық өкімшілік аудандар ұйымдастырылды;
- 2) бұрынғы салалық министрліктері мен ведомстволардың орнына халықшаруашылығы кеңестері құрылды.

Сонымен, басқарудың екі түрін көруге болады:

1. Орталықтандырылған аумақтық басқару.
2. Салалық халықшаруашылық министрлік кеңестері.

**1957 жылғы реформаның кемшіліктері.**

1957 жылдан бастап аумақтық принциптер негізінде экономикаға басшылық ету ісін қайта құру ойдағыдай нәтижелер бермеді. Керісінше, мынадай кемшіліктер орын алды:

1. Экономиканың жекелеген салаларына тұтастай басшылық жасауға мүмкіндік болмады.

2. Жекелеген салаларды техникалық жағынан қайта жабдықтау ісіне нұқсан келтірілді.

3. Өндіруші мен тұтынушы арасында бұрыннан орын алған қатынастар өзгеріссіз қалды.

4. Бұрын кәсіпорындар министрліктер тарапынан бақылауда болса, енді оларды халықшаруашылық кеңестері қадағалайтын болды.

5. Экономикалық тетіктер дұрыс жұмыс істемеді.

Қазақстан коммунистік партиясының съездері мен пленумдарында кәсіпорын жетекшілері жүзеге асырылып жатқан экономикалық реформалардың тиімсіздігін ашық айтып жүрді.



Сәтсіздіктер күйгеліктік туғызды, экономиканы басқаруда ғылымға негізделмеген, ойластырмай жасалған субъективтік шешімдерге жол берілді. Мұндай шешімдер көп жағдайда Н. С. Хрущевтің жекебасымен байланысты болды. **1962 жылы Қазақстанда** халықшаруашылығын ірілендіру мақсатында реформа жасалды: партиялық басшылық өндірістік белгі бойынша қайта құрылды. Олар өнеркәсіптік және ауылшаруашылық партия ұйымдары болып бөлінді.

**Жетіжылдық жоспар (1959–1965) КОКП XXI съезінде (1959) белгіленді.** Жетіжылдық жоспар кезінде Соколов–Сарыбай кен-байыту комбинаты толық қуатында іске қосылды, Өскемен титан-магний комбинаты, Павлодар алюминий зауыты, Кентау экскаватор зауыты, Жамбыл супер фосфат зауыты, Жітіқара асбест комбинаты салынды, Бұқтырма су электрстанциясы, Қарағанды ГРЭС-і, Алматы жылу-электр орталығы, Павлодар мен Өскеменде машина жасау зауыттары пайдалануға берілді.

Өнеркәсіпте, құрылыста және көлікте жұмыс істеу үшін республикадан тыс жерлерден жұмысшы күшін тарту көлемі артты. Күштер мен ресурстардың ауыр өнеркәсіпте шектен тыс шоғырлануы, адамдардың қалаға толассыз келуі әлеуметтік саясатқа, халықтың тұрмыстық деңгейіне елеулі әсерін тигізді. Тұрғын үй, тұрмыс жағдайлары өте ауыр болды. Тұрғын үй салу үнемі артта қалып отырды. Мыңдаған жұмысшы жатақханада, көбі вагондар мен палатқаларда тұрды. Тұрғын үйдің, тауар, азық-түліктің жетіспеушілігіне қарамастан жұмысшылар белгіленген мерзімнен тыс жұмысқа тартылды, демалыссыз жұмыс істеді.

#### **Кеңестік қоғамның әлеуметтік проблемалары неліктен туындады?**

**Теміртаудағы толқулар.** Әлеуметтік мәселелерге осындай селқос көзқарас өз ізін қалдырды. Үлкен наразылықтың бұрқ етуі 1959 жылы жазда болып өтті. Теміртауда салынып жатқан металлургиялық комбинат екпінді комсомол құрылысы деп жарияланып, 1958 жылдың соңына дейін облысқа 132 мың адам келді. Келесі жылы бұған тағы 70 мың адам қосылды. Жаңадан келгендерге арналып үйлер салынды, бірақ олар жетіспегендіктен жұмысшыларды палатқаларға орналастыруға тура келді. Ауа райына бейімделудегі қиындықтар, ауызсудың жетіспеушілігі, нашар ұйымдастырылған тамақтандыру адамдардың заңды наразылығын туғызды. Жұмыссыз тұрып қалу да жиі қайталанды. Әлеуметтік жарылыс үшін қандай да бір сылтау керек еді. Теміртаудағы толқулардың басталуы үшін сылтау 1 тамыздағы жастар тобының қоғамдық тамақтандыру нысандарына шабуыл жасауы болды. Асханада болгарларға жасалған жеңілдік кеңес жұмысшыларының ашу-ызасын туғызды. Алғашқы заңсыз әрекеттер біртіндеп төртпінсіздіктерге ұласты. Өкінішке қарай, жұмысшылардың наразылығын қылмыстық элементтер пайдаланып кетті. Тобыр дүкендерді, базарды, өмбебап дүкенді, асха-



наларды тонады, қалалық милиция бөлімін қоршады. Тәртіпсіздіктер үш күнге жалғасты. Шектен шығудың алдын алу үшін әскер әкелініп, қару қолданылды. Тәртіпсіздікке қатысқандардың ішінде қаза тапқандар, әскери қызметшілер мен милицияның арасында жараланғандар болды. Тәртіпсіздікке мұрындық болғандар сотталды. 1962 жылдың 1–2 маусымында Новочеркасск электровоз құрастыру зауытының жұмысшылары да ереуілге шықты. Алайда Новочеркасскіде, Теміртауда, тағы басқа да жерлерде болған оқиғалар республика мен ел басшылығының қоғамның одан әрі дамуына деген көзқарастарын қайта қарастыруға мәжбүр етпеді.

**Ғылыми-техникалық прогресс.** КОКП XX съезінде қабылданған қоғамды демократияландыру бағыты экономикалық саясаттағы кейбір өзгерістерге қолайлы жағдай қалыптастырды. Мемлекет басшыларының сөздерінде және партия құжаттарында алғашқы бесжылдық жылдарындағы шаруашылықты жүргізу жүйесі 50-жылдардың ортасына қарай ескіргені және жаңа талаптарға жауап бермейтіні туралы айтылды. Экономиканың экстенсивті даму мүмкіншіліктері сарқылды, жаңа технологиялардың жетіспеушілігі байқалды. Осы кезеңде өндірісті басқаруды жетілдірудің, ғылыми-техникалық прогресс екпінін жылдамдатудың, ауылшаруашылығының артта қалуын жоюдың жолдары қарастырылды. Экономикалық іс-шаралардың біраз бөлігі басқаруды жаңаша ұйымдастыруға, одақтас республикалардың шаруашылық құқықтарын кеңейтуге бағытталды. Бұл Қазақстанның қоғамдық өмірінің дамуына қолайлы әсерін тигізді. Экономиканы экстенсивті түрде дамытуға алынған бағыт республиканы КСРО-ның еуропалық бөлігінің шикізат көзіне айналдырды. Республика аумағында алып өнеркәсіптік құрылыстарды жүргізген орталық ведомстволар, одақтық министрліктер жиі волонтаристік шаралар қолданып, әлеуметтік базаны дамыту мен экологиялық теңдікті сақтауды ескермеді.

#### Қызықты дерек

«Байқоңыр» – әлемдегі тұңғыш өрі ең ірі ғарышайлағы.

**Экономиканы өрі қарай әскерилендіру.** КСРО экономикасының әскери бағытқа жұмылдырылуы Қазақстан аумағында көптеген әскери, бактериялық, химиялық және ғарыштық полигондар құрылысын қауырт жүргізуге себепші болды. Қазақстан жеріне әскери базалар мен стратегиялық маңызды сынақ полигондары салынды. Арал теңізінің Барсакелмес (Возрождение) аралында бактериялық қаруды сынайтын полигон құрылды. «Байқоңыр» ғарышайлағы космодромының іргесі 1955 жылы қаланды. Айлақ ауқымды әлемдік дәрежедегі алып әскери

нысанға айналды. Осы кешеннен 1961 жылы 12 сәуірде Ю.А. Гагарин адамзат тарихында алғаш рет ғарышқа сапар шекті. Бұл тарихи оқиғаның құрметіне қазақтың жас ақыны Олжас Сүлейменов «Адамға табын, Жер, енді!» атты поэмасын жазды. «Байқоңыр» ғарышайлағынан 2,5 мыңға жуық зымыран ұшырылды. Әскери, ғылыми және әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы ұшу аппараттары ғарышқа шығарылды. Қазақстандағы әскери мақсаттағы сынақ алаңдарының саны 12-ге жетті. Соның аса қуаттысы Семей полигоны болды.

Зиянды радиоактивті заттар топырақты, суды, егістік жерлерді және мал жайылымдарын бүлдіріп, адам денсаулығына залал келтірді. Семей аймағындағы полигонға жақын орналасқан жерлердегі халықтың елеулі бөлігінде табиғи және жыныстық дамудан артта қалу, нәрестелердің аурушаң, кемтар болып тууы сияқты ауытқушылық көбейді. Семей облысындағы халықтың денсаулық дәрежесінің жалпы көрсеткіші республикамен және Одақпен салыстырғанда нашар еді. 1000 адамға шаққандағы өлім саны 8,0-ге (республикада 7,5), балалар өлімі – 33,9 (29,4), нәрестелердің 1987 жылғы өлімі – 27,8-ге (19) жетті. 100 мың адамға шаққанда қатерлі ісікпен ауырғандардың саны – 191,7 болды. Жағдай Қазақстан аумағына түсетін техногендік салмақтың үнемі өсіп отыруымен күрделене түсті. 80-жылдардың екінші жартысында уран кенін өндіру мен өңдеу қарқынды түрде жүргізіліп, жылдан-жылға радиоактивтік қалдықтардың көлемі артты.

#### Қызықты деректер

Юрий Гагарин 1961 жылы 12 сәуірде Восток ғарыш кемесімен Байқоңыр ғарыш алаңынан тарихта тұңғыш рет ғарышқа ұшты.

Тоқтар Әубәкіров КСРО-да алғаш болып МиГ-29К истребителін «Тбилиси» авиатасушы крейсердің алаңқайшасына үлкен шеберлікпен дәл қондырды.

Талғат Мұсабаев рекордшы атанды. Ол бір ай ішінде бес рет (30 сағат 8 минут) ашық ғарышта болған сапары үшін Гиннесс рекордтар кітабына енді.

Қазақстанның үшінші ғарышкері Айдын Айымбетов 2015 жылы ғарышта он күн болып, маңызды зерттеулер жүргізді.

#### Сұрақтар:

1. ФТР дегеніміз не? Оның экономикаға ықпалы қандай?
2. Әлеуметтік проблемалардың шешілмеуіне не өсер етті?
3. Теміртау қаласындағы толқулардың себебі неде?
4. Н.С. Хрущевтің экономикалық реформаларының жартыкештігі неден көрінді?
5. Байқоңыр Қазақстанның қай жерінде орналасқан?
6. Байқоңырмен қандай ірі тарихи оқиғалар байланысты?



**1-тапсырма.** Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.



Партия съезінің қазақстандық делегаттары ғарышкерлер Ю.А. Гагарин және П.Р. Поповичпен бірге. Мәскеу қаласы

1. Сурет қай кезеңге қатысты?
2. Суреттегі адамдар қоғамда қандай рөл атқарды?
3. Суреттің тақырыпқа қандай қатысы бар?

**2-тапсырма.** Кестені толтырыңдар.

XX ғасырдың 50–60-жылдарындағы Қазақ КСР экономикасының дамуы	
Жетістіктері	
Қиындықтары	
Қайшылықтары	
Мәселелерді шешу жолдары	
Қорытынды	

**Ойталқы**

Бұл тұжырымдамалармен қаншалықты келісесің/келіспейсің?

1. «Жылымық» кезеңінде басталған саяси реформалар әкімшіл жүйенің экономикалық базасын өзгерте алмады.
2. Қазақстанның индустриялық дамуы, тың және тыңайған жерлерді игеру республиканың өлеуметтік-таптық құрылымында терең өзгерістер болуымен қатар жүрді.
3. Өртүрлі ұсақ ұлттарға қатысты жіберілген әділетсіздік соңына дейін жойылған жоқ.

### Картамен және статистикалық деректермен жұмыс.

1. Қазақстан аумағында XX ғасырдың 50-жылдарының ортасы мен 60-жылдардың бірінші жартысында пайда болған әскери базалар мен стратегиялық маңызды сынақ полигондарын атаңдар.

2. Әскери базалар мен стратегиялық маңызды сынақ полигондары туралы статистикалық деректерді диаграмма түрінде көрсетіңдер.

3. Үш әскери база немесе полигондардың ерекшеліктерін анықтаңдар.

**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Суреттің Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешендерге қандай байланысы бар?

2. Суреттен қандай ой түйдің?

### ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

**1-тапсырма.** Тың игерудің Қазақстан үшін салдарларын жағымды және жағымсыз деп бөліңдер. Тың игерудің Қазақстан үшін салдарының қайсысы ең ықпалды болды? Жауаптарыңды дәйектеңдер.

- ◇ Азық-түлік мәселесін шешу.
- ◇ Ауылшаруашылығын дамытудың экстенсивті жолы.
- ◇ Топырақ эрозиясы.
- ◇ Малшаруашылығына зияны тиюі.
- ◇ Ұлттық салт-дәстүрлер рөлінің төмендеуі.
- ◇ Қазақ мектептерінің күрт азаюы.
- ◇ Дәнді дақылдар өндірісінің артуы.
- ◇ Азық-түлікпен қамтамасыз етудің жақсаруы.
- ◇ Жерді пайдаланудың тиімсіз жолдары.
- ◇ Мамандардың ауылшаруашылығына ағылуы.





Николаев кеніші.  
Шығыс Қазақстан облысы

**2-тапсырма. 1.** Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, кеңестік жүйенің Қазақстанның экономикалық дамуына тигізген әсерін түсіндіріңдер.

**2.** «XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан экономикасының шикізатқа бағытталуы көрініс тапты». Бұл пікірмен келісесіңдер ме? Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңе сүйеніп жауап беріңдер.

### Дерек А

1960 жылдардың ортасына қарай республиканың өнеркәсіп әлеуеті екі есе өсті. 729 ірі өнеркәсіп орны және 535 цех қатарға қосылды. 60-жылдардың соңына қарай тағы да 445 ірі кәсіпорын мен цехтар іске кірісті.

Жүздеген зауыттар мен фабрикалар қайта құрылып, озық техника және технологиямен жарақтандырылды. Қазақстан өнеркәсібін дамытудың негізгі бағыты етіп өндірісті механикаландыру таңдап алынды.

1960 жылы теміржол желісі 1945 жылғымен (8,2 мың км) салыстырғанда едәуір ұзарып 11,47 мың км-ге жетті. Теміржолдары қалыпты жұмыс оның жекелеген бөліктерінің Түркістан–Сібір, Қарағанды, Орынбор, Ташкент, Омбы, Рязань–Орал, Томск теміржолдарының құрамына кіруіне байланысты күрделене түсті. 1958 жылы республика аумағында Қазақ теміржолының (қазіргі «Қазақстан теміржолы») құрылуымен қиындықтар жойылды.

Республикамызда теміржол транспортымен бірге автомобиль транспортын дамытуға да зор көңіл бөлінді. 1960 жылы тас төселген автомобиль жолдарының ұзындығы 11,2 мың км-ге жетті. Осы жылдары барлық аудан орталықтарында телефон орнатылды, совхоздар, ауыл және село кеңестерінің көпшілігі аудан орталықтарымен телефон байланысына ие болды.

1951–1955 жылдары ауыр өндіріс кәсіпорындарындағы мамандар саны 1,8 есе өсті. Нәтижесінде қала халқының саны қарқынды түрде артып, 1959 жылы 44% -ға жетті. Осы жылдары Қазақстанның картасында 15 жаңа қала және 86 қала типтес кент пайда болды.

*Сілтеме:* Б.Ф. Аяған, М.Ж. Шәймерденова. Қазақстан тарихы. 9-сыныпқа арналған оқулық. Алматы. Атамұра, 2013, 210–211-беттер.





**3-тапсырма. 1.** Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, Қазақстанда **Қазақ КСР демографиясын** зерттейтін тарихшыға қажет дереккөздердің құндылығы мен маңыздылығына сипаттама беріңдер.


2. Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, кеңестік жүйенің Қазақстанның демографиялық дамуына тигізген әсерін түсіндіріңдер.

3. «1960 жылға қарай Қазақстанда жергілікті халық пен басқа халықтардың саны үлес салмағының арасындағы алшақтық ұлғайды». Бұл пікірмен келісесіңдер ме? Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді қолданып жауап беріңдер.

### Дерек С

1954–1965 жылдары Қазақстан халқына өзге республикалардан сан мыңдаған адам қосылды. Одан кейінгі мерзімде бұл бағыт жалғаса берді. 1962 жылы қазақтар республика халқының жартысына да жетпеді, ал 1897 жылы қазақ ұлты елдің 85% -ы еді.

### Дерек D



Халық санағының деректері



§7. 1965–1985 жылдардағы Қазақстанның  
әлеуметтік-экономикалық дамуы

*Зерттеу сұрағы:* Не себепті 1965–1985 жылдар тоқырау кезеңі деп аталды?

**Бұл сабақта:**

Өнеркәсіп ахуалын анықтап қорытынды жасаймыз.

Кеңес үкіметі кезіндегі ауылшаруашылығында орын алған өзгерістерге баға береміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Өнеркәсіп реформасы	Industrial reform
Жаңа техникамен жабдықтау	Supply of new technics
Мемлекеттік жоспар	State plan
Бесжылдық жоспар	Five-year plan
Интенсивті экономика	Intensive economy

**Жоспарлы экономика** – КСРО-да және басқа да «социалистік» елдерде қолданылған экономикалық жүйені ұйымдастыру тәсілі.

**Шаруашылық есеп** – кәсіпорындарда шаруашылықты жоспарлы жүргізу әдісі. Ол өндірістің өнім өндіруде жұмсалатын шығындары мен нәтижелерін салыстыруға, шығындардың орнын өз табыстарының есебінен толтыруға және өндірістің тиімділігін қамтамасыз етуге негізделген. Шаруашылық есептегі кәсіпорын шаруашылық есебін жүргізуде өз дербестігін сақтайды.

**Мелиорация** – жерді жақсартуға бағытталған техникалық және шаруашылық-ұйымдастырушылық шаралар жиынтығы.

**1965–1985 жылдар аралығында қандай реформалар жүргізілді?**  
60-жылдардың ортасында кеңес экономикасын барынша нығайтуға тырысқан ел басшылығы жаңа шаруашылық реформаларын жүргізе бастады. Бұл бір уақытта бірнеше саланы – өнеркәсіп, құрылыс, ауылшаруашылығын қамтыған, соғыстан кейінгі кезеңдегі экономиканы қайта ұйымдастырудағы ең ірі шаралар болды. 1965 жылы өнеркәсіпті

басқару жүйесіне өзгерістер енгізу мен бірқатар мемлекеттік жоспарлау органдарын қайта құру жөнінде заң қабылданды. 60-жылдардың екінші жартысында Қазақстандағы өнеркәсіп реформасы кең көлемде жүргізілді. 1960 жылы өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 7,5 есеге, 1965 жылы 12 есеге өсті. Бірақ республиканың экономикасы шикізаттық бағытта болғандықтан, негізінен өндіруші салалар ғана дамыды. 1961–1970 жылдар арасында Қазақстанда 1709 жаңа кәсіпорын, сондай-ақ көпшілігі қайта жөндеуден өткізілген және жаңа техникамен жабдықталған нысандар іске қосылды.

1965 жылғы реформалардың жағымды түйіні барлық жоспарлық көрсеткіштер іске асырылған, сегізінші бесжылдық болды. Алайда бұл реформа жартылай аяқталмаған сипат алды. Көп ресурстарды шығындап одан аз өнім алатын экономика республикадағы шаруашылықтың барлық саласына тән құбылыс еді. Өнеркәсіпте ресурстарды шығындау (материал, металл) басым болды да, оның экономикалық тиімділігі төмендеді. Мысалы, машина жасау саласына жұмсалған артық шығын Қазақстанның болат құю өндірісінің жылдық көлемінен 2,5 есеге асып түсті. Ресурсы мүлдем аз секторлардың дамуы баяулады, өнім сапасы төмендеп, еңбек өнімділігі кеміді.

Ауылшаруашылығын интенсивті дамытуда шаруашылық жүргізудің тиімді әдістерін пайдаланудың орнына қымбат тұратын шаралар жиірек қолданылды. Көптеген ұжымшарлар мен кеңшарлар шығын есебімен жұмыс істеді. Ауылшаруашылығындағы тиімділіктің төмендегенінің басты себебі – шаруаларды еңбек нәтижелерінен айыру еді. Ауылшаруашылық өнімдерін сатып алудағы мемлекеттік жоспарлар шаруаларға үлкен кедергі келтірді. Бұл іс жүзінде барлық әдістер мен құралдарды қолданып жүзеге асырылған азық-түлік салғыртының бір көрінісі еді. 1982 жылы қабылданған бағдарлама ауылшаруашылық өндірісінің апатты кері кетуін тоқтата алмады. Осыған байланысты Кеңес Одағы шетелдік астық өнімдерін көп мөлшерде сатып алуға көшті. Бұл кезең (1965–1985 жылдар) КСРО тарихында «тоқырау жылдары» деген

### Интеграция

**География** пәні бойынша Физикалық география; минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары; экономикалық география; табиғи ресурстар; Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты мәселелер; әлеуметтік-экономикалық ресурстар.

Ғарышты игеру жетістіктері; қоршаған орта және энергия ресурстары.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша «Хрущев жылымығы»; Кеңестік экономиканы реформалаудың сәтсіздікке ұшырау себептері тақырыптарымен байланыстыру.

### Есіңе түсір!

Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Тың және тыңайған жерлерді игеру.



атаумен қалды. Қоғамның саяси жүйесін, оның түп негізін өзгертпей, экономикалық реформалау ешқандай нәтиже бермеді.

### Шығармашылық тапсырма

Сурет бойынша оқиғаны сипаттаңдар. Қай дәуірді бейнелейді?



### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

- 1) Жоспарлы экономиканың басымдықтарын атаңдар.
- 2) 1965 жылғы шаруашылық реформасының мазмұны. Оның жарым-жартылай жүргізілуі неден көрінді?
- 3) Ауылшаруашылығы тиімсіздігі деңгейінің себептері неде?
- 4) 70-жылдардағы ауылшаруашылығының дамуындағы табыстар мен сәтсіздіктерді сипаттаңдар.
- 5) 70–80-жылдардағы ғылыми-техникалық прогрестің экономикаға қаншалықты ықпалы болды?

**1-тапсырма.** Толық мазмұндап, талдап беріңдер.

1. 1965 жылғы реформалардың жағымды тұсы негізгі жоспарлық көрсеткіштер іске асырылған сегізінші бесжылдық болды. Алайда бұл реформаның жартылай аяқталмаған сипат алуы себебін түсіндіріңдер.

2. Шаруашылық реформасы белгілеген шаралар басқарудың жаңа тетігі тұжырымдамасын қалыптастырудағы алғашқы қадам еді. Экономикалық басқарудың жаңадан құрылған жүйесі даму барысында қол жеткен жетістіктерден бірте-бірте айырыла бастады. Неге реформа кемшіліктерге ұрындырды? Мысал келтіре дәлелдендер.

3. Үкіметтің қаулысымен 18 совхоз толық шаруашылық есепке көшірілді. Басшылардың құқықтары кеңейтіліп, олардың совхоздың шаруашылығы үшін жауапкершілігі арттырылды. Совхоздарды шаруашылық есепке көшіру жағдайды жақсартты. Алайда ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің жалпы көлемі біртіндеп тежеле берді. Себептері неден деп ойлайсыңдар?

## ДӘУІР ҚҰЖАТЫ

1970–1980 жылдар ел басшылығының ауылшаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту, интенсификацияны, мамандандыру мен өндірісті шоғырландыруды қарастырған кең көлемді шешімдер қабылдауымен ерекшеленді. Село мұқтаждықтарына бөлінген қаржы көлемі де шұғыл өсті. 1971–1980 жылдары республиканың ауылшаруашылығына 18 млрд сомнан астам күрделі қаржы жұмсалды. Жер суландыру, мелиорация мен химияландыруға орасан көп қаржы бөлінді. Совхоздар мен колхоздар осы кезең ішінде 58 мың трактор, 42 мыңнан астам автокөлік, 41 мың комбайн т.б. көптеген ауылшаруашылық техникасын, 5,3 млн тоннадан астам минералдық тыңайтқыш алды. Ауылдың энергетикалық қуаты 14 пайыздан аса артты. 1976 жыл республика ауылшаруашылығы үшін қолайлы болды. Егін далаларындағы астық бітік шықты. Астық жинау науқанын сапалы өткізу үшін механизаторлардың, өнеркәсіп орындары жұмысшыларының мол күші жұмылдырылды. Алайда ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің жалпы көлемі біртіндеп тежеге берді. 1965–1985 жылдар арасында ірі қара мал басы 4,2 млн-ға, қой мен ешкі 55 млн-ға, шошқа 5,1 млн-ға дейін азайды. Совхоздар мен колхоздарда қоғамдық қорларды: тұқым, жем, техниканы талан-таражға салу тыйылмады. Ауылшаруашылығындағы тиімділіктің төмендегенінің басты себебі – шаруаларды еңбек нәтижелерінен айыру еді.

Ауылшаруашылық өнімдерін сатып алудағы мемлекеттік жоспарлар шаруаларға үлкен кедергі келтірді. Бұл іс жүзінде барлық әдістер мен құралдарды қолданып жүзеге асырылған азық-түлік салғыртының бір көрінісі еді. 1971 жылдан 1985 жылға дейін Қазақ КСР-і жыл сайын одақтық қорға бір килограммы 2 сомнан аспайтын 300 мың тонна ет өткізіп отырды. Кірістің көлемі 9 млрд-тай сом болса, өндіріске кеткен шығын көлемі 18–27 млрд сомға жетті. Мұның бәрі 1986 жылы Қазақстандағы көпшілік колхоздар мен совхоздарды өздерінің айналымдық қаржыларынан айырып, өндірістік қызметін несиелердің көмегімен жүргізуге мәжбүр етті.

*Сілтеме:* Б.Ф. Аяған, М.Ж. Шәймерденова. Қазақстан тарихы. 9-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2013, 236-бет.

**2-тапсырма.** Қазақстандағы тоқырау жылдарындағы аграрлық сала жетістіктерін диаграммаға салып, талдаңдар.

### Ойталқы

1970–1980 жылдары ауылшаруашылығында болған жағымды және жағымсыз өзгерістерді талқылау.

## §8. XX ғасырдың 60–80-жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар

*Зерттеу сұрағы:* XX ғасырдың екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?

**Бұл сабақта:**

Қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік талдау жасаймыз.

Әміршіл-әкімшілік саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдаймыз.

Қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға береміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Тоқырау жылдары	Stagnant years
Реформалар	Reforms
Идеология	Ideology
Ұлт саясаты	National politics
Интернационалдық тәрбие	International mind
Ұлт зиялылары	National intellectuals
Басқаша ойлаушылар	Divergent thinker

**«Жас тұлпар»** – Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастарының бейресми қоғамдық ұйымы.

**Диссидент** – басқаша ойлаушы. Біздің елімізде 70-жылдардан бастап диссиденттік кең тарай бастады. Кеңес мемлекетінің саясаты мен идеологиясын сын көзбен қабылдап, оны өз шығармашылығы мен қызметінде бейнелегендердің бәрі диссиденттерге жатқызылды. Диссиденттер қуғынға ұшыратылды. Көпшілігі қуғын-сүргіннің құрбандары болып, кейбіреулері шетелдерге кетті немесе осылай істеуге мәжбүр етілді.

### Интеграция

Дүниежүзі тарихы. XX ғасырдың екінші жартысындағы өлемнің саяси картасы.

XX ғасырдың 60–70-жылдарында КСРО-дағы экономикалық қиыншылықтар. 1979–1985 жылдар аралығындағы «қырғи қабақ соғыстың» ерекшеліктері.

**1960–1980 жылдары республиканың қоғамдық-саяси өмірінде қандай үдерістер байқалды?**

Кеңес Одағы әрбір жаңа басшысының өкімет билігіне келуі олардың өздерінің алдындағы кезеңде жіберілген қателіктер мен бұра тартушылықты жою жөніндегі белсенді «реформаторлық» қызметімен қатар жүрді.

60–80-жылдары республиканың қоғамдық-саяси өмірінде күрделі жағдай қалыптасты. Кеңестік биліктің әлеуметтік-экономикалық саясаттары қателіктері қоғамдық-саяси қатынастарға да әсерін тигізбей қойған жоқ.

Партиялық басшылық бұл салаларды мүлтіксіз әрі ешқандай проблема жоқ деп санады. 70-жылдардың ортасынан бастап мемлекеттік тапсырыс жүйесі енгізілді. Партия комитеттері өнер қайраткерлерін партияның жағымды образын қалыптастыру жолындағы жоспарлы жұмыстарды атқаруға жұмылдырды. Тарихи-революциялық, әскери-патриоттық және моральдық-тұрмыстық тақырыптарға қанша фильм түсіру, қандай басылымдар шығару керектігі алдын ала белгіленіп қойылды. Іс жүргізудің мұндай жүйесі өнердегі тоқыраушылыққа ұрындырып, әдебиетте, кинематографияда, өнердің басқа түрлерінде сүреңсіз шығармалардың жаппай шығарылуына жағдай жасады. Жоспарлы түрде ұлттық мектептерді жою, «одаққа ортақ» атанған сүреңсіз салттар мен дәстүрлерді орнықтыру, тарих пен мәдениеттің көне ескерткіштеріне немқұрайды көзқарас сипат алды. Идеологиялық тазалық шарттарына сай келмейтін шығармаларға тыйым салынды немесе арнайы қорларға тапсырылды. 1975 жылы жарық көрген Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабы кітапханалардан алынып тасталды, жаңа басылымына тыйым салынды. Кеңестік өмір шындығы жөнінде айтылатын сын атаулының бөріне тосқауыл қойылды.

Саяси жағынан «басқаша ойлаушыларға» (диссидент) қарсы бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық жиналыстар белсенді, мақсатты түрде пайдаланылды. «Идеологиялық зиянды» әрекеттерді КГБ (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) мен партиялық органдар мұқият бақылап отырды. Осындай кінәларымен көзге түскен адам құғынға ұшырады. Өзіндік балама бағыт ұстанып, Кеңес өкіметі органдарымен қақтығысқа барғандардың қатарында Махмет Құлмағамбетов, Хасен Қожахметов т.б. болды. Мамандығы жоғары, терең білімді философ Махмет Құлмағамбетов 1962 жылы кеңестік тәртіпке қарсылығы үшін Қостанай облысының Рудный қаласында тұтқындалып, 7 жыл мерзімге сотталды. Азаматтардың жүріс-тұрысына бақылаудың күшеюі адам төзгісіз жағдай қалыптастырды. Кеңес басшылығының шағын тобы қабылдаған көптеген маңызды шешімдер қисынсыз әрі кеңес халқының мүдделеріне кереғар болды.

Ұлт саясатындағы бұрмалаулар, кеңестік идеологияның үстемдігі, еркін ой-пікір айтуға өкіметтің төзбеушілігі әсіресе зиялылар арасында наразылық туғызды. КОКП-нің ұлттық саясатының негізгі ережелерін қайта қарауды талап етудің әрекеттерін 60-жылдары Мәскеудің жоғары



оқу орындарында оқып жүрген қазақ студенттері: Мақаш Тәтімұв, Сәбитқазы Ақатаев, Мұрат Әуезов т.б. жасады. Олар «Жас тұлпар» жасырын қоғамдық ұйымын құрып, саяси және ағартушылық қызметпен айналысты. Болатхан Тайжан, Марат Сембин, Қайрат Қадыржанов, Ғаділбек Шалахметов осы ұйымның белсенді мүшелері болды. Ұлттық саясат саласындағы бұрмалаушылықтар, КСРО мен Қазақстан аумақтарында тұратын халықтарды ассимиляциялау және «орыстандыру» әрекеттері республиканың көптеген азаматтарының наразылығы мен қарсылығын туғызды.

**1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалар.** Қазақ халқының мүдделерімен санаспаудың айқын көрінісі КОКП ОК саяси бюросының 1979 жылғы көктемдегі Қазақстан аумағында неміс автономиясын құру туралы шешімі еді. Болашақ автономияның орталығы Целиноград (қазіргі Ақмола) облысында орналасқан Ерейментау қаласы болып белгіленіп, құрамына Көкшетау, Қарағанды және Павлодар облыстарының бірқатар аудандары енгізілуі тиіс болды. Қазақстанда, әсіресе оның солтүстік облыстарында неміс автономиясының құрылатыны жөніндегі хабар жылдам тарады. 1979 жылы 16 маусымда қазақ жастары Целиноградтың орталығындағы Ленин алаңына жинала бастады. Жастар қолдарына «Қазақстан біртұтас» және «Неміс автономиясына жол жоқ!» деген ұрандар көтеріп шықты. Көргендердің айтуынша шеруде сөз сөйлегендер байсалды ойлар айтты. Қазақстанның көп ұлттар мекендеген республика екендігін және мұнда ондаған жылдар бойы қазақтар, орыстар, украиндар, немістер, татарлардың, басқа да көптеген халықтар өкілдерінің қоян-қолтық еңбек етіп жатқанын айтты. Осындай маңызды шешімнің жұртшылықтың кең талқылауынсыз қабылданғанына наразылық білдірілді. Облыс басшыларының жиналғандарды тез арада таратып жібермек болған әрекеттері сәтсіз аяқталды. Шеруге қатысушылар сапқа тұрып, қала көшелерімен ұрандатып өтті.

Келесі шеру 19 маусымда болды. Шеруге қатысушылар облыстың басшыларына автономияны құруға қарсы үндеу тапсырды. Митингіге қатысушылардың алдына облыстық атқару комитетінің төрағасы Абылайхан Жолмұхамедов пен партия облыстық комитетінің бірінші хатшысы Николай Морозов шықты. Морозов өзінің ұзаққа созылған, шашыраңқы сөзінде адамдарды облыста ешқандай автономияның құрылмайтынына сендірді. Алайда адамдар қобалжулы еді. Толқулар облыстың басқа да елді мекендеріне ауысып, Атбасар, Ерейментау, Көкшетауда да орын алды. Қандай да бір өрескел құқық бұзушылыққа жол берілмегенмен, халықтың көңілінде өкпе, әлденеден сақтану сезімі қалды. Шеруге қатысушылардың кейбіреулері әкімшілік жолмен жазаланды. Халық наразылығы барысында неміс автономиясының құрылуына жол берілмеді.



Республика басшылығы мен КГБ шерулер жөніндегі ақпараттың ел арасына тарап кетпеуіне барынша күш салып бақты. Болған оқиғалар жөнінде баспасөзде де ешқандай хабар берілмеді. Алайда Целиноградтағы 1979 жылғы толқулар жөніндегі сөздер республикада көп уақыт бойы айтылып жүрді. *Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, 1955–1961 жылдары Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі, Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған Жұмабек Тәшенов қазақ жерінің аумақтық тұтастығының сақталуына көп еңбек сіңірді.*

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Елдің қоғамдық дамуының прогресшіл бағытына не бөгет жасады?
2. Қазақ жастарының кеңестік жүйеге көзқарастарынан нені байқауға болады?
3. 60–80-жылдары кеңестік тоталитарлық тәртіпке қарсы күрескен ұлт зиялылары кімдер еді?
4. Целиноградтағы жастар шеруінің тарихи тағылымы неде?

**1-тапсырма.** Қоғамдық-саяси өмірде қандай мәселелер шешілмегенін анықтаңдар.

**2-тапсырма.** 1965–1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің оң және теріс жақтарын талқылаңдар. Қандай қорытынды шығаруға болады?

**3-тапсырма.** Ұлттарды қосу саясатының идеологиялық негізделуін салыстыра отырып түсіндіріңдер.

**4-тапсырма.** «Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар» кестесін толтырыңдар.

1960 жылдары құрылған қазақ жастарының ұйымдары	Кеңес үкіметі органдары мен ашық қақтығысқа барған азаматтар	1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалардың себебі

**5-тапсырма.** Қоғамдық-саяси жүйе не себепті ұлт зиялыларын күрес жолына шығуына мәжбүрледі? Өз пікірлеріңді білдіре отырып, дәлелді фактілермен жазып шығыңдар. Д.А. Қонаевқа тұлға ретінде сипаттама беріңдер (мемлекет қайраткері ретінде, сондай-ақ тарихта алатын орны).



## Дерек А

## ШЫНЖЫРДА ӨТКЕН ЖОЛБАРЫС



**Жұмабек Ахметұлы Тәшенов (1915–1986)** – мемлекет және қоғам қайраткері. Ақмола құрылыс техникумын (1932), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1955) бітірген, 1934–1939 жылдары Бейнетқор аудандық атқару комитетінің хатшысы, аудандық жер бөлімінің меңгерушісі, 1939–1943 жылдары Солтүстік Қазақстан облысында жер бөлімінің бастығы, 1944–1947 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы партия комитеті хатшысының орынбасары, малшаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1947–1948 жылдары

Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы (1948–1952) болды. 1952–1955 жылдары Ақтөбе облыстық партия комитетінің 1-хатшысы, 1955–1960 жылдары Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы, 1960–1961 жылдары Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Ж. Тәшенов республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары қазақ мемлекетінің аумақтық тұтастығының сақталуына көп еңбек сіңірді. Маңғыстауды Түрікменстанға қосу жөніндегі ұсыныстарға тойтарыс берді. Тың өлкесіне біріктірілген солтүстік облыстарды Ресейге, Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстанға беруге қарсы шықты. Қазақстан жерінде ядролық жарылыстар жасауға қарсылық білдірді. Шығармашылық одақтар өкілдеріне үй-пәтер бергендігі үшін Алматының ортасында «қазақ ауылын» құрды деп айыпталды. «Қазақ әдебиеті» газетін жабудан, «Социалистік Қазақстан» газетін «Қазправданың» аудармасы етіп шығарылу қаупінен қорғап қалды. «Ұлтшыл» деп айыпталып, Н. Хрущевтің нұсқауымен қызметінен босатылды. 1961–1975 жылдары Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1975 жылы одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты.

*Сілтеме:* Шынжырда өткен жолбарыс. С. Дүйсен, Қ. Еңсенев, Ж. А. Тәшенов. – Алматы, «Литера-М» ЖШС, 2012.

**6-тапсырма.** Топтық жұмыс арқылы Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің қайраткерлігін ашып көрсетіңдер.

А дерегімен жұмыс жасаңдар.

1. Ж. Тәшеновтің қызметі жөнінде баяндаңдар.
2. Қазақ жерінің аумақтық тұтастығын сақтауға зор үлес қосқаны жөнінде дәлелдер келтіріңдер.
2. Еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқан басқа тарихи тұлғамен салыстыра отырып, талдау жасаңдар.

### §9. «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үдерістер

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстандағы урбандалу үдерісіне қандай факторлар әсер етті?

**Бұл сабақта:**

Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасаймыз. Өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық үдерістерге баға береміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Демографиялық саясат	Demographic policy
Урбандалу	Urbanization
Жұмысшылар	Workers
Өнеркәсіп салалары	Industries
Халықтың табиғи өсімі	Natural growth of the population
Өл-ауқат	Wealth

**Халықтың табиғи өсімі** – халық санының артуы, халықтың құрамын, санын және өсуін зерттейтін статистика саласы.

**Урбандалу** – қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке не болуы. Қала халқының табиғи өсімі, ауылдық жерлерден қалаға қарай көшу.

**«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үдерістер қай бағытта дамыды?**

Соғыстан кейін республикамызға ұйымдасқан түрде көші-қон тасқыны 1954–1962 жылдары Тың игеру кезеңінде жүргізілді. Қазақстан халқының саны 1970 жылға қарай 13 млн адамға жетіп, олардың ішінде қазақтар 32,6% -ды құрады.

#### **Интеграция**

Дүниежүзі тарихы, XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы.

Демографиялық үдерістердің ішінде халықтың миграциясы өте маңызды орынды алды. Миграцияның екі түрі болды: 1) халықаралық (мемлекетаралық, сыртқы) және 2) ішкі миграция (мемлекет ішіндегі миграция).

1970 жылдардан бастап келушілерден көшіп кетушілердің саны арта түсті. 1989 жылғы санақ бойынша Қазақстанда халық саны 16,2 млн адамға жетті. Олардың ішінде 9 млн-нан астамы қала тұрғындары, ал 7 миллионы ауылдық жерлерде тұрды. Техникалық прогрестің негізінде республикада өнеркәсіптің жаңа салалары дами бастады. 60-жылдардағы өнеркәсіптің даму қарқыны республика картасында Ақтау, Степногорск, Арқалық т.б. жаңа қалалардың пайда болуына себепші болды. Жаңа қалалардың салынуы пайдалы қазбалар мен ірі кен орындарымен байланысты еді. Бұрынғы жұмысшы кенттері қалаларға айналды. Республиканың жеңіл өнеркәсібі де тез қарқынмен дамып, тек бес жылдың ішінде жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің 14 ірі фабрикалары мен комбинаттары қатарға қосылды. Өндіріс орындарында жұмыс істеу үшін елдің барлық түкпірінен жұмысшылар тартылды. *Нәтижесінде республиканың демографиялық жағдайы бұрынғыдан да қиындап кетті. Мәселен, 1959–1975 жылдары Қазақстанға басқа республикалардан 179 мың адам келіп қосылды.* Елдің демографиялық дамуының ерекшелігі халықтың абсолюттік санының өсуі болды. Өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, экологиялық мәселелер халықтың денсаулығына және демографиялық жағдайына кері әсер етті. Халықтың табиғи өсуі, бала туу көрсеткіші төмендеді, өзге ұлт өкілдері республикадан көшіп кете бастады.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СУРАҚТАР

1. Қазақ халқы неліктен демографиялық дағдарысқа ұшырады?
2. Қазақтар арасында урбанизация үдерісі баяу жүруінің себебі неде?

### Дерек А

1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағына сәйкес қазақтардың саны 2 237 625 адамды құрады немесе 1926 жылмен салыстырғанда 1299 987 адамға немесе 1,6 есеге кеміді. Республика ұлттық құрылымындағы қазақтардың үлес салмағы 37,8%-ды көрсетті, яғни 19,3%-ға немесе 1,5 есе кеміді. Орыстар халықтың басым көпшілігіне айналды (2 458 687 адам), олардың саны 2 есе көбейіп, үлес салмағы 40%-ға теңелді. Қазақтардан басқа барлық ұлттардың – украиндардың, өзбектер мен ұйғырлардың саны, сондай-ақ «басқа ұлттардың»



үлесі де 3,2% -ға дейін көбейді. 1939–1959 жылдардағы көші-қон үдерістерінің нәтижесінде Қазақстан көпұлтты республикаға айналды.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Бес томдық, 4-том, Алматы, 2010, 645, 653-беттер.

**1-тапсырма.** Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын анықтап, кестені толтырыңдар.

Демографиялық өзгерістердің себептері	Демографиялық өзгерістердің салдары	Қорытынды (өз пікіріңді білдір)

**2-тапсырма.** Мәтінмен жұмыс жасап, тың игеру салдарынан қандай демографиялық өзгерістер болғанын анықтаңдар.

1954–1962 жылдары тың игеруге КСРО-ның еуропалық бөлігінен 2 млн адам келді. Сол себепті қазақ халқы өз жерінде азшылық жағдайына түсті. Осы кезеңде кеңестік әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің кемістіктері айқын байқалды. Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық мүдделері мен ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Қоршаған орта мен халықтың денсаулығын қорғау өткір мәселеге айналды. Тың игерілген облыстарда 700 қазақ мектебі жабылды. Бұл, *біріншіден*, қазақ жастарының ұлттық тілі мен мәдениетінен қол үзуіне әкеп соқтырды. *Екіншіден*, Қазақ елінің елді мекендері мен жер-су атаулары орысша атала бастады. Ақмола қаласы Целиноград деп өзгертілді. Тың игеру кезінде құрылған совхоздарда жергілікті халықтың ерекшеліктері ескерілмей, кейбір қазақ ауылдарына да шошқа өсіруге нұсқау берілді. Шошқа шаруашылығын дамыту мен жайылымдардың қысқаруы қазақ халқының дәстүрлі мал-шаруашылығына кері әсерін тигізді.

**Ойталқы**

Қазақ халқының өз жерінде азшылыққа душар болуы, бұл дерек арқылы қандай қорытынды жасауға болады?

**3-тапсырма.** Халықтың әлеуметтік әл-ауқатындағы өзгерістерді салыстырмалы түрде көрсетіңдер.

1965 жыл	1985 жыл



**ТӨРТІНШІ  
БӨЛІМ**

**КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ  
(1946–1985 ЖЫЛДАР)**

**§10. XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы**

*Зерттеу сұрағы:* Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсатты көздеді?

Бұл сабақта білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға береміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім	General obligatory seven-year education
Жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім	General obligatory eight-year education
Еңбек-политехникалық мектебі	Labor and polytechnic school
Кәсіптік-техникалық білім	Vocational and technical education
Жоғары білім	Higher education
Жұмысшы жастар мектебі	Working youth school
Шағын жинақты мектеп	«No future settlements»

**Шағын жинақты мектеп** – тұрғындардың саны аз аймақтарда жұмыс істейтіндіктен, оқушыларының аздығына байланысты біріктірілген, толық емес сыныптардан тұратын, оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері бар жалпы білім беру мекемесі.

**Уақыт сызығы**

1947 жыл	1949 жыл	1959 жыл	1962–1963 оқу жылынан бастап	1966 жыл
«Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді одан әрі жетілдіру шаралары туралы» қаулы қабылданды	Жалпыға бірдей міндетті 7 жылдық білім беру қолға алынды	«Мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» заң қабылданды	Жалпыға бірдей міндетті 8 жылдық білім беруге көшу	«Жалпы білім беретін орта мектептің жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылданды

1970 жыл	1984 жыл	1999 жыл
«Жалпыға бірдей орта білім беруге көшу» туралы қаулы қабылданды	Кезекті мектеп реформасы жүрді. Реформада: баланы 6 жастан бастап оқыту, 10 жылдықты енгізу қарастырылды	«Білім туралы Заң» қабылданды. Жаңа заң бойынша негізгі мектеп – 9-сынып, орта мектеп – 10–11-сыныппен аяқталды

### Интеграция

География пәні бойынша әлеуметтік-экономикалық ресурстар; ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары; XX ғасырдың екінші жартысындағы – XXI ғасырдың басындағы ғылым, білім, технология; құқық негіздері пәні бойынша азаматтық құқық түсінігі тақырыптарымен байланыстыру.

### Есіңе түсір!

Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым.

## XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің даму ерекшеліктері.

Соғыстан кейінгі жылдары республиканың мәдени өмірінде жағымды өзгерістер орын алды. Ұлы Отан соғысы кезінде қазаға ұшыраған мамандардың орнын толтыру, ғылым мен білімді одан әрі дамытуға назар аударылды. Өнеркәсіп орындарының көбеюі, жаңа совхоздардың ашылуы жан-жақты дайындығы бар, шеберлігі жоғары мамандарды талап етті.

Бұл міндетті шешу мақсатында Кеңес өкіметі 1947 жылғы қарашада «Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді одан әрі жетілдіру шаралары туралы» қаулы қабылдады. Қаулы бойынша республикаға мектептер мен басқа да оқу орындарының құрылысына, олардың материалдық-техникалық базасын жабдықтауға қосымша қаржы бөлінді. Қазақстанға кәсіби мамандар жіберілді. Жергілікті жастардың өкілдерін елдің орталық жоғары оқу орындарына қабылдау саны артты. 60 мыңнан астам мамандар даярланды.

Мемлекет мектептердегі білім беруге қажетті қаржының көлемін ұлғайтты. Егер 1946 жылы бұл мақсатқа 85,6 млн сом бөлінсе, 1950 жылы – 146,5 млн сом бөлінді. Адамдар аз қоныстанған аудандарда интернаттар жүйесі құрылып, 1953 жылы оларда 40 мыңдай бала оқыды. Республика үкіметі жалпыға бірдей міндетті орташа білім алу, ал облыстық және өнеркәсіптік ірі орталықтарда – онжылдыққа көшу жөнінде шараларды жүзеге асырды. Тұтас алғанда, *1950 жылға қарай республикада жалпы білім беретін 9088 мектептер жұмыс істеп, оларда 1 млн 439 мың оқушы білім алды. Қажеттілігіне қарай кешкі және сырттай оқытатын мектептер ашылды. Солай болғанмен де оқу орындарында, мектептерде сабақ өткізетін бөлмелер, оқулықтар, тіпті мұғалімдердің*



өздері де жетіспеді. Қазақ мектептерінің жағдайы ауыр болып қала берді. 1970 жылдары ірі агрокешендер құрылып, «болашағы жоқ» елді мекендер жойылып, *шағын жинақты қазақ мектептері* жабылды. 1950–1970 жылдары орыс тілінде оқытылатын мектептер 1,5 мыңға артқанда, қазақ мектептері 3891-ден 2577-ге азайды. Мектептерде білім беру ісі тоталитарлық тәртіптің ықпалынан шықпады.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СУРАҚТАР

1. 1950 жылдары республикада білім беру ісі қалай дамыды?
2. «Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді одан әрі жетілдіру шаралары туралы» қабылданған қаулының нәтижесі қандай?
3. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңдар.



**1-тапсырма.** Кеңестік білім беру реформаларының қандай оң және теріс жақтары болды? Білім беруді дамыту бойынша өз ұсыныстарыңды айтыңдар.

**2-тапсырма.** Қазіргі кездегі білім жүйесін кеңестік дәуірдегі білім жүйесімен салыстырып, 3 айырмашылығын атаңдар. Кеңестік білім беру реформалары қандай мақсат көздегенін қарастырыңдар.

**3-тапсырма.** Ауызша. Жұптық жұмыс. Пікірталас. Білім беруді дамыту саласының жағымды және жағымсыз жақтары. Берілген тапсырманы орындай отырып, кестені толтырыңдар.

Жағымды жақтары	Жағымсыз жақтары	Қорытынды (өз пікіріңді білдір)





## §11. XX ғасырдың 40–80-жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері

**Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек дамыды?**

Бұл сабақта білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға береміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Ұлттық Ғылым академиясы Катализаторларды электрохимиялық әдістермен зерттеу Информосомалар Қоғамдық ғылымдар	National Academy of Science Electrochemical methods for the study of catalysts Informasomes Social sciences

**Ғылыми орталық** – әртүрлі ғылыми және басқа ұжымдардың ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру формасы. Әдетте, ірі ғылыми-зерттеу институттары, конструкторлық-жобалау ұйымдары, жоғары оқу орындарының базасында құрылады. Жұмыс мақсаттарына қарай кешендік (негізінен іргелі зерттеулер бойынша), оқу-ғылыми, оқу-ғылыми-өндірістік болып бөлінеді.

**ЮНЕСКО** – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы. Өз қызметін 1946 жылы бастады. Қазақстан Республикасы 1992 жылдан ЮНЕСКО-ның мүшесі.

### Интеграция

*География* пәні бойынша ғылыми-техникалық революция үдерісі; Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары.

*Дүниежүзі тарихы* пәні бойынша XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы ғылым, білім, технология; XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, техника мен өндірістегі маңызды жаңалықтар мен жетістіктер тақырыптарымен байланыстыру.

### Ғылым саласы қалай дамыды?

Еліміздің ғылыми әлеуеті де арта түсті. Республиканың мәдени өміріндегі ерекше оқиға – 1946 жылы КСРО ҒА Қазақ филиалының негізінде Қазақ КСР Ғылым академиясының ашылуы болды.

*1946 жылы мамырда Қазақстан Ғылым академиясының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Аса көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаев оның*

**Есіңе түсірі!**

Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Қ.И. Сәтбаевтың ғылым саласындағы жетістіктері.

*алғашқы президенті болды. Академияның құрметті мүшелері болып И. Бардин, С. Вавилов, И. Мещанинов, В. Обручевтер сайланды.*

*Қ.И. Сәтбаев Қазақстан ғылымында ерекше орын алды. Ол қазақстандық металлогения ғылымы мен геология ғылыми мектебінің негізін қалады. Жезқазған кен орындарын зерттеген іргелі еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы, геология-минералогия ғылымдары-*

*ның докторы ғылыми атағы беріліп, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшелігіне сайланды.*

1950 жылдың соңында Қазақ КСР ҒА-ның жүйесінде 50 ғылыми-зерттеу мекемесі, оның ішінде 19 институт, 13 сектор, екі мұражай, обсерватория, үш ботаникалық бақ пен 8 ғылыми база жұмыс істеді. Академияда ғылыми-техникалық прогреске өз үлестерін қосқан 500-ге жуық аспирант білім алды.

1960 жылдардың соңына қарай Қазақстан КСРО-ның ірі ғылыми орталықтарының біріне айналды. *1985 жылы республикада 40377 ғылыми қызметкер жұмыс істеді. Олардың 864-і ғылым докторы, ал 650-і Ғылым академиясының академиктері, корреспондент-мүшелері, профессорлар болды.*

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан ғалымдарының қатысуымен пайдалы қазбалардың көптеген кен орындары зерттелді. Түсті металдардың жаңа кен орындарын ашу мен игеру өз кезегінде жаратылыстану ғылымдарының одан әрі дамуына әсер етті. Мысалы, 1946–1949 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның ғылыми-зерттеу мекемелері 900-ден астам ұсыныстар мен зерттеулерді өндіріске енгізуге ұсыныс жасады. Ғылыми ізденістердің тиімділігін арттыру үшін Қазақ КСР ҒА-ның көшпелі сессиялары өткізіліп тұрды. Қазақстан ғалымдарының өндірісті дамытуға бағытталған нақты ұсыныстары жекелеген аймақтардың өндіргіш күштерін зерттеу мен оларды тиімді пайдалануға көмегін тигізді. Бұл кезеңде ғылым біршама жетістіктерге жетті.

Тоқырау жылдарында қатты зардап шеккен сала – қоғамдық ғылымдар еді. Ғылыми еңбектерді бағалау мен ғылыми дәреже беруді Мәскеу шешті. Жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан ғалымдардың сандық мөлшеріне шек қойылды. Қазақстан тарихы қатты бұрмаланды. Тарихшылар тек Кеңес заманының жетістіктерін зерттеуге жұмылдырылды. Тәуелсіздік үшін күрескен қайраткерлер буржуазияшыл-ұлтшыл ретінде сипатталды. Кеңес билігі тұсындағы ауыр нәубеттердің сырын ашуға бағытталған зерттеулер жүргізуге тыйым салынды.

**ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СУРАҚТАР**



1. Қазақ КСР Ғылым академиясының ашылуы қандай табыстар әкелді?
2. Қазақстан ғылымының даму жолында қол жеткізген жетістіктері қандай?

**1-тапсырма.** Қосымша деректерді пайдалана отырып, кестедегі мәліметтерді толықтырыңдар. Олардың қандай еңбектерін білесіңдер?

Д. Сокольский	У. Ахметсафин	М. Айтхожин	А. Бараев
Катализаторларды электрохимиялық әдістермен зерттеу мәселесін көтерді	Гидрогеология және гидрофизика ғылымдары саласында нәтижелі еңбек етті	Генетика мен микробиология саласында табысқа жетіп, өсімдік жасушаларындағы информосомаларды ашты	Топырақ қорғаудың жаңа жүйесін жасауда зерттеулер жүргізді

Ә. Марғұлан	Е. Бөкетов	К. Ақышев
Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану салаларын зерттеген	Тұңғыш рет молибден, вольфрам, селен және теллурмен зерттеулер жүргізді. Флотация байыту сатысында бос жыныстардан оңай алынатын тотыққан мысты сульфид түріне айналдыру. Бұл жоғары сапалы шикізаттан бағалы өнім алуға, нәтижесінде табиғи ресурстарды сақтауға мүмкіндік берді	Есік қаласының жанындағы қорғанның сақ жауынгерінің табылуы дүниежүзі тарихшыларының назарын аударды



**2-тапсырма.** Қазақстан ғылымында қандай кемшіліктер болған? Кемшіліктер шешімін тапты және шешімін таппағанын талқылаңдар.

Кемшіліктері		Шешімін таппады
	<b>Қазақстан ғылымы</b>	
Шешімін тапты		Жетістіктері

**3-тапсырма.** Төмендегі көп нүктенің орнына өздерің ізденіп, тиісті мәліметті жазыңдар.

Есімдері ғылыми ортада ғана емес, көпшілік қауым арасында кеңінен танымал ғалымдар: ... .

Қазақтар үлесі тым аз болған ғылым саласы: ... .

Тоқырау жылдарында қатты зардап шеккен ғылым саласы: ... .

Генетика және микробиология саласындағы еңбегі Лениндік сыйлықпен атап өтілген ғалым: ... .

**4-тапсырма.** Мәтінді оқып шығып, өз пікірлеріңді білдіріңдер.

1970–1980 жылдары тарих, филология, зоология, ботаника, геология ғылымдары бойынша көптомдық іргелі зерттеу еңбектері жазылды. Көптеген монографиялар жарық көрді. Жануарлардың жаңа түрлері мен тұқымның жаңа сорттары өсірілді. Алайда техниканың ғылыми өзекті салалары – радиоэлектроника, радиотехника, автоматика сияқты салалары назардан тыс қалып қойды. Басты себебі туралы айтыңдар.

## §12. XX ғасырдың 40–80-жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы

*Зерттеу сұрағы:* Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?

**Бұл сабақта:**

Кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдаймыз.

Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Әдебиеттің даму үдерісі	The process of literature development
Тарихи романдарға бетбұрыс және оның себебі	Turning to historical novels and its reasons
Әдебиеттегі тақырыштың шектеулілігі	The limited scope of literature
Өнердегі жетістіктер	Achievements in art
Әдебиеттегі үдерістердің өнерге ауысуы	Transfer of literary processes to art

**Өнер** – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

**Зиялылар** – сыни ойлауға жетік, қоғамдағы ғылыми-мәдени құндылықтарды қалыптастырып, дамытатын, білім мен тәжірибені жүйелеуге қабілетті өлеуметтік топ.

### Мәдениет салалары қалай дамыды?

Кеңестік жүйе елдің рухани-мәдени дамуын жіті бақылауда ұстады. Бұл саланың еркін дамуына шектеу қойып отырды. Қазақстан Компартиясы ОК үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі, сол уақыттағы белгілі мәдениеттанушы Илияс Омаров «Е. Бекмахановтың көзқарастарын жақтағаны» мен «түсініксіз позиция» ұстанғаны үшін айыпталды. *1951 жылы 31 маусымда «бірқатар жат ұғымдарды баяндайтын Қазақ әдебиеті оқулықтарының барлық басылымдарын алып тастауға...» бұйрық берілді.* Сол кездегі қазақ

зиялыларының азаматтық ерлігі өкімет орындарының ойластырған нәрсені аяғына дейін жеткізуіне мүмкіндік бермеді. Қазақтың батырлар жырының «Ер Сайын», «Едіге», «Орақ пен Мамай», «Батыр Шора» сияқты шығармаларын басуға тыйым салынды. Қазақстан жазушыларының барлық шығармаларына қатаң бақылау орнатылды. Цензура күшейді, мұнда басты рөлді *Главлит* атанған мекеме атқарды. Кез келген шығарманы жарыққа шығару Главлиттің рұқсатымен ғана жүзеге асырылды.

КОКП XX съезінің қоғамды сталинизмнен арылту жөніндегі өрекеті «жылымық» («оттепель») деген атау алды. Жекебасқа табынушылықтың жалғасуына қарсы күрес жазықсыз сотталғандарды ақтаудан көрінді. Лагерьлерге сотталғандардың істерін қайта қарау үшін арнайы комиссиялар жіберілді. Миллиондаған адамдар қысқа мерзімнің ішінде ақталып, түрмеден босатылды, дегенмен сотталғандардың бірқатары ақталмай, түрмелерде қалып қойды. Жазықсыз жазаланған адамдарға бостандық беру әділеттіліктің қайта қалпына келтірілуінің жарқын көрінісі саналды.

Әдебиет даму жағдайында болды. 1947 жылы М. Өуезов өзінің «Абай» роман-эпопеясының екінші кітабын аяқтады. 1949 жылы оған

### Интеграция

*Дүниежүзі тарихы* пәні бойынша XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы мәдениет. Мәдениеттің негізгі даму бағыттары.

*Қазақ тілі мен әдебиеті* пәні бойынша театр өнері, мәдениет тақырыптарымен байланыстыру.

### Есіңе түсірі!

Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Әдебиеттің дамуы. Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология. Социалистік реализм.

КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Замандастардың басынан өткен қиындықтары мен қуаныштары С. Мұқановтың «Сырдария», Ғ. Мұстафиннің «Миллионер», М. Иманжановтың «Алғашқы айлар», И. Шухов пен Н. Ановтың романдарында, А. Тоқмағамбетов, Т. Жароков, Ғ. Орманов, Ө. Тәжібаев, Қ. Бекхожин т.б. поэзиялық шығармаларында көркемдік бейнесін тапты. Қазақстандық ғалымдар мен ақын-жазушылар әртүрлі әдістерге (аллегориялар т.б.) жүгіне отырып, халыққа шындықты жеткізе білді. Сондай батыл ғалымдардың бірі профессор Бейсенбай Кенжебаев, жазушылар Ғабит Мүсірепов, Юрий Домбровский, Ілияс Есенберлиндер болды. Репрессияға ұшыраған жазушылар мен ақындар С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин шығармалары жарық көруінің қазақ халқының рухани өмірі үшін орасан зор маңызы бар еді.

Бұл кезеңде әншілер Роза Бағланованың, Бибігүл Төлегенованың, Ермек Серкебаевтың, балетмейстер Болат Аюхановтардың таланты жарқырай ашылды. Шәкен Аймановтың («Алдаркөсе», «Махаббат дастаны») және А. Қарсақбаевтың («Менің атым Қожа») ел арасындағы халықтың ежелгі және бай тарихы бейнеленген кинофильмдері кең танымал болды. Орал Таңсықбаев суретшілік өнерінде үлкен табыстарға қол жеткізді. Қазақстан шеберлерінің шығармалары ЮНЕСКО-ның көрмелеріне қойыла бастады.

Партия комитеттерінің өктемдігіне қарамастан, бұл кезеңде қазақстандық жазушылардың қаламынан бірқатар іргелі әдеби шығармалар туды. Оқырмандар арасында Бауыржан Момышұлы, Морис Симашко, Ілияс Есенберлин, Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Юрий Гердтің шығармалары, Мұқағали Мақатаев, Олжас Сүлейменов, Жұбан Молдағалиев, Кәкімбек Салықов, Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырза Әли, Сырбай Мәуленов, Фариза Оңғарсынова, Тұманбай Молдағалиев, Қабдыкәрім Ыдырысов т.б. өлеңдері мен поэмалары кең тарады. Ө. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясына 1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Мұқан Төлебаев («Біржан-Сара» операсы), Евгений Брусиловский, Құддыс Қожамияров («Назугум») шығармаларында ұлттық фольклор жаңа қырларынан танылды. Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Ілия Жақановтың өндерін халық жатқа білді. Сахна төрінен әншілер: Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Манарбек Ержанов, Гүлвира Разиева, Жамал Омарова, Роза Рымбаева, Өлібек Дінішевтер тыңдаушыларын өз таланттарымен тәнті етті.

Қазақстан киносының «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі» атты көркем фильмдері экранға шықты. Нұрмұхан Жан-



терин, Асанәлі Өшімов, Ыдырыс Ноғайбаев, Әнуар Молдабеков, Сәбира Майқанова, Әмина Өмірзақова т.б. сияқты бір топ кино актерлері ұлт мақтанышына айналды. Жастар арасында «Досмұқасан», «Айгүл», «Ариран» музыкалық ансамбльдері сүйіспеншілікке бөленді.

Қалалардың көшелері мен алаңдары Х. Наурызбаев, Н. Гаев, Ш. Уәлиханов сынды монументалды кескіндеме шеберлерінің туындыларымен безендірілді, суретшілер М. Кенбаев, Е. Сидоркин, Р. Сахи т.б. өздерінің тамаша картиналарын жазды. Мәдениетті партия комитеттерінің тарапынан жасалған қысымнан қорғауда Ө. Жәнібеков көп еңбек сіңірді.

80-жылдардың соңында ұлттық кино өнеріне өздерінің көркем және идеялық принциптері бар кинематографистердің жаңа буыны келді. Олардың жұмыстарының бірқатары жаңашыл шығармашылық әдіс, әлеуметтік тереңдігімен ерекшеленіп, республиканың мәдени өміріндегі елеулі оқиғаға айналды. Олардың қатарына «Қиян» (реж. С. Апырымов), «Адамдар арасындағы бөлтірік» (реж. Т. Теменов), «Сұлтан Бейбарыс» (реж. Б. Мансұров) фильмдерін қосуға болады. О. Рымжанов, С. Өзімов, А. Шәжімбаев тәрізді деректі кино шеберлерінің жұмыстары өткір проблемаларды қозғауымен, шынайылығымен танылды.

Бұл кезеңдегі мәдениеттегі жетістіктер екіұдай әсер қалдырды. Бір жағынан, білім беру, ғылым мен мәдениет салаларындағы оңды өзгерістер болып өтті. Ғылым академиясы ашылды, даярланған кәсіби мамандар пайда болды, жаңа театрлар салынды. Екінші жағынан, партиялық өктемдік еркін шығармашылыққа бөгет жасап, мәдениетте көптеген жағымсыз құбылыстар туғызды.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. 70–80-жылдардағы мәдениеттің дамуына сипаттама беріңдер.
2. Қазақ әдебиеті, музыкасы мен кино өнерінің қандай дарынды өкілдерін білесіңдер?

#### Қазақ киносынан көріністер

72-беттегі сурет бойынша қазақ кино өнерінің дамуы туралы не айта аласыңдар?

**1-тапсырма.** Оқулықтың хрестоматиясынан Шерхан Мұртазаның қазақ кеңестік әдебиетіндегі социалистік құрылыс тақырыбына арналған «Қара маржан» романынан үзінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Шығарма авторы кейіпкерін қалай бейнелеп көрсеткен? Сынып болып талқылаңдар.





2. Басқа қандай әдеби шығармалардан осыған ұқсас оқиғаны оқыдыңдар?
3. Сол кезеңде осыған ұқсас шығармалар не себепті көп болды?

**2-тапсырма.** Сенің ойыңша, М. Әуезов шығармашылығының әлем әдебиетіндегі орны қандай және шығармаларының әлем тілдеріне аударылуы жайында талдап түсіндір.

**3-тапсырма.** Кеңестік идеологияның әдебиетке ықпалы болғанына қарамастан қазақ әдебиеті мен өнерінің әлемдік мәдениетке үлес қосқандығы туралы ойтолғау жазу.

**4-тапсырма.** Осы кезеңнің танымал 5 (кино, музыка саласындағы) өнер тараптарын анықтап, туындыларындағы негізгі идеяны талдаңдар.

Кино	Негізгі идеясы	Музыка	Негізгі идеясы





**БЕСІНШІ  
БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚСТАН ҚАЙТА ҚҰРУ КЕЗЕҢІНДЕ  
(1986–1991 ЖЫЛДАР)**

**§13. Қазақстан «қайта құрудың» бастапқы кезеңінде**

*Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па, әлде кездейсоқтық па?*

**Бұл сабақта:**

Қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік талдау жасаймыз.

Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді талдаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
КОКП XXVII съезі Әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету Қоғамдық жаңару, демократияландыру шаралары Пленум Кадр саясаты	XXVII Congress of the CPSU Acceleration of socio-economic Acceleration Social modernization Democratization issues Plenum Human resources policy

**Пленум** (лат. plenum – толық) – 1) Қандай да бір ұйымның сайланып қойылған басшылық органы мүшелерінің толық құрамында өткізетін жиналысы; 2) Жоғарғы сот органы барлық мүшелерінің мәжілісі.

**Интеграция**

**География** пәні бойынша экономикалық география; әлеуметтік-экономикалық ресурстар.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша халықаралық қарым-қатынастар жүйесі; қарулану жолындағы жарыс. «Қырғи қабақ соғыстың» негізгі оқиғалары; Кеңестік экономиканы реформалаудың сәтсіздікке ұшырау себептері.

**Құқық негіздері** пәні бойынша құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам; адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары.

**1980 жылдарда ел тарихында қандай өзгерістер орын алды?**

80-жылдардың бас кезінде Кеңестер Одағының барлық республикаларында аса ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайлар қалыптасты. Қоғамның саяси ұйымдасуы, экономикалық қатынастардың күні өткен



**Есіңе түсірі!**

Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. Қазақстан «Жылымық» кезеңінде (1954–1964 жылдар). 1954–1964 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір.

жүйесі елді күрделі дағдарысқа әкеліп тіреді. 1985 жылы наурызда КОКП ОК Бас хатшысының қызметіне М.С. Горбачев сайланды. КОКП ОК-нің сәуір пленумында өлеуметтік-экономикалық өмір мәселелерін жаңаша қарастыру әрекеті жасалды. *Әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету бағыты* жарияланды. Сол кездегі саяси басшылық алға қарай жылдам дамуды экономикалық өсу қарқынын төмендетпеу және негізгі күш-жігерді осы бағытқа жинақтау есебінен іске асыруды жоспарлады.

Бұл бағыт 1986 жылғы ақпанда болып өткен КОКП XXVII съезінде одан әрі дамытылып, мақұлданды. Партия өзін қоғамды жаңарту жолында елді соңынан ерте алатын нақты күш деп жариялады. Бұл кезеңде қоғамдық-экономикалық өмірдің көптеген күрделі мәселелерін шешудің бұрынғы әдістерін қолдану әлі де болса сақталды. Сондықтан өлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге бағыт алған сәуір (1985) пленумы, одан кейінгі пленумдар да, КОКП XXVII съезі де КСРО-ны жақындап келе жатқан терең дағдарыстан құтқара алмады, құтқара алмайтын да еді.

Бұдан кейінгі оқиғалар жеделдету бағыты нақты және айқын бағдарламасыз, терең ойластырылған ғылыми тұжырымдамасыз қабылданғанын көрсетті. «Қайта құру және партияның кадр саясаты туралы» мәселе қараған КОКП ОК-нің қаңтар (1987) пленумында партия мен бүкіл қоғам қызметінің басты мақсаты *қайта құру* болып табылатыны жарияланды. Жеделдету бағыты сияқты қайта құру да «демократия көбірек болсын», «заңдылық пен тәртіп көп болсын», «патриотизм мол болсын» т.б. механикалық көзқарастардың салтанат құруына әкеліп соқтырды. Халықшаруашылығындағы тоқырау құбылыстары өміршіл-әкімшіл жүйенің қарама-қайшылықтары мен кемшіліктерінің салдары еді.

1985 жылдың сәуірінен басталған тарихи бетбұрыс коммунистік идеялармен тәрбиеленген адамдарға оңайға түскен жоқ. Қазақстандағы қайта құру үдерісі елдің басқа аймақтарындағыдай көптеген қиындықтар мен кедергілерге кезікті.

**Сұрақтар:**

1. Жеделдету бағыты КОКП ОК-нің қай пленумында жарияланды?
2. 80-жылдардағы Қазақстанның өлеуметтік-экономикалық жағдайы қандай еді?
3. Қоғамның жаңаруын тежеудің қайнар көзі неде?

**1-тапсырма.** Тоқырау кезеңіндегі сөз бен істің алшақтығын салыстырмалы кестеге түсіру арқылы анықтап, қорытындылаңдар.

Саяси	Экономикалық
Әлеуметтік	Қорытынды

**2-тапсырма.**

Қайта құру іргетасының алғашқы кірпіші	«КСРО» деген жазу
--	-------------------

1. Бұл суреттің тақырыппен қандай байланысы бар?
2. Кірпіш ұстаған адам кім?
3. Карикатурада қайта құру іргетасының алғашқы кірпіші деп неге айтылған?
4. Қандай ой түйдің?



**3-тапсырма.** Құжатпен жұмыс.

1. КОКП ОК сәуір Пленумында жарияланған жеделдету бағыты неге іске аспады? Оның себептері мен салдары қандай болды?
2. Қайта құру кезеңін бастаудың себебі неде?
3. 80-жылдары дағдарыстың қандай белгілері (саяси, экономикалық, әлеуметтік) болды?
4. Оны шешудің жолдары бойынша деректер мен дәлелдер келтіріңдер.

#### Деректік-мәтін (құжат)

#### 1985 жылғы сәуір – КОКП ОК-нің пленумы және Қайта құру кезеңінің басталуы

80-жылдардың орта тұсында Кеңес Одағы экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыс қарсаңында болды. Қоғамды барлық жағынан – оның экономикалық негізін, әлеуметтік өмірін, саяси құрылым, рухани аясын жаңарту қажеттігі туды. Алайда жандандыру үдерістерінің жолдары, нысандары, тереңдігі жете түсіндірілмеді. Қалыптасып кеткен экономикалық нысандар, қоғамның саяси-ұйымдық құрылымы пісіп-жетілген қайшылықтарды шешуге кедергі тудырды. КСРО дамудың жаңа тұжырымдарын қажет етті.

1985 жылғы 11 наурызда КОКП ОК-нің кезектен тыс Пленумы болды. Онда КОКП ОК Бас хатшысын сайлау туралы мәселе қаралды. Көп кешікпей, 1985 жылы сәуірінде өткен КОКП ОК Пленумы қоғамдық-экономикалық өмірдің көптеген мәселелерін жаңа тұрғыдан қарады, КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету бағыты жарияланды. Саяси басшылық көптеген проблемаларды шешуді, экономикалық даму қарқынының төмендеуін отандық машина жасау ісінің артта қалуын жеңу арқылы іске асыруға болады

деп ойлады. Қысқа мерзім ішінде, барлық күшті осы бағыттарға жұмылдыра отырып, кеңес экономикасын жаңа шептерге жеткізу, артынша, әлеуметтік факторларды, атап айтқанда, кеңес адамдарының тұрмысын жақсарту шамаланды. Сонымен қатар халықшаруашылығын басқару құрылымын жетілдіру, еңбектің жаңа нысандарын ынталандыру қарастырылды. Осылайша, қоғамдық-экономикалық өмірдің көптеген күрделі проблемаларын шешуде ескі, бұрынғы көзқарастар басым болды.

Жеделдету бағыты терең ойластырылған ғылыми тұжырымсыз, нақты және анық бағдарламасыз болды. КОКП ОК-нің сәуір Пленумы шешімдерінің КСРО-ны төніп тұрған дағдарыстан шығара алмағаны түсінікті де. Ал жеделдетудің сөтсіз болғанына жеке басшы коммунистер кінәлі деп жарияланды.

Сәуір Пленумында сөйлеген КОКП ОК Бас Хатшысы М.С. Горбачев өлемдегі жағдайды бағалауға жаңа элементтер енгізді. Сыртқы саяси салада жалпы адамзат байлығының басымдылығына негізделген бетбұрыс қайта құру кезеңі басталды.

*Қазақтар. 9 томдық анықтамалық. I том. – Алматы. 2003, 135–136-беттер.*

#### §14. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының сипаты қандай болды?

**Бұл сабақта:**

Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызына баға береміз.

Өміршіл-өкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Желтоқсанның 16-сы	December 16
V пленум	Plenum V
Д. Қонаев	D. Kunayev
Г. Колбин	G. Kolbin
Бейбіт шеру	Parade
Ұлтшылдық	Nationalism
Жазалау	Punishment

**Демократияландыру** – қандай да бір шараларды демократиялық (немесе негүрлым демократиялық) негізде ұйымдастыру.

**Ұлтшылдық** – ұлтты қоғамдық бірліктің жоғарғы формасы ретінде қарастыратын идеология мен саясат.

**Интеграция**

**Қазақ тілі** пәні бойынша адам құқығы мен бостандығы.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша халықаралық қарым-қатынастар жүйесі; қарулану жолындағы жарыс; «қырғи қабақ соғыстың» негізгі оқиғалары; Кеңестік экономиканы реформалаудың сәтсіздікке ұшырау себептері; қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы әлемдік мәдениеттің дамуы.

**Құқық негіздері** пәні бойынша құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам; адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары.

**Есіңе түсір!**

Қазақстан «Жылымық» кезеңінде (1954–1964 жылдар). 1954–1964 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір. Қазақстан «Тоқырау» кезеңінде (1965–1985 жылдар). Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы басшыларының қызметі (Ж. Шаяхметов, Д. Қонаев, Ж. Тәшенов).

**Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы қандай?** 1986 жылы 16 желтоқсан күні таңертең Қазақстан Компартиясы ОК-нің V пленумы болып өтті. Күн тәртібіне бір ғана ұйымдастыру мәселесі қойылды. Пленум бар-жоғы 18 минутқа созылды. Осындай қысқа мерзім ішінде аса маңызды мәселелердің бірі – республиканы ширек ғасырдай басқарған саяси қайраткерді ауыстыру мәселесі шешілді. Д.А. Қонаевтың орнына бұған дейін республикада еңбек етпеген, халыққа мүлдем бейтаныс, КОКП Ульяновск обкомының бірінші хатшысы болып істеген Г.В. Колбин тағайындалды. Орталықтың мұндай волюнтаристік шешімімен Қазақстан бірінші рет кездесіп отырған жоқ еді. Бұл хабар Қазақстан жұртшылығына тез тарады. Тарихта – «Желтоқсан оқиғасы», «Желтоқсан қозғалысы», «Желтоқсан көтерілісі» деп аталып жүрген қазақстандық демократ жастардың толқуы дәл осы кезде басталды.

1986 жылы 17 желтоқсан күні таңертең Алматыда жаппай толқу басталып, кейінірек ол республиканың басқа да қалаларына тарады. Г.В. Колбиннің республиканың жоғарғы басшылығына тағайындалуы толқу үшін тек сылтау ғана еді. Оның басталуына жылдар бойы қордаланған себептер әсер етті. Халықты ашындырған орталықтың дәстүрлі өктемдік әрекеттері мен қайта құру жариялаған демократиялық принциптер арасындағы ушыққан қарама-қайшылықтар еді.

Шеру бейбіт, саяси сипатта болды және мемлекеттік құрылысты жою мен басқа халықтарға қарсы әрекеттер жасау деген үндеулер болған жоқ. Қазақ жастары халық намысы тапталған сол күні көп жылдар бойы үстемдік еткен тоталитарлық режимге батыл қарсы тұрды. Сөйтіп, КСРО кеңестігінде ұлттық-демократиялық қозғалысты дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Оқиға басқа халықтарға қарсы бағытталмады. Желтоқсан көтерілісі елдегі буыны қатпаған демократия мен әкімшіл-әміршіл жүйенің тұңғыш қақтығысуы болды. Желтоқсан қозғалысының



басында Қ. Рысқұлбеков, Е. Айнақұлов, Қ. Айтмұрзаев, Б. Иманғожаев, О. Сейтембаев, А. Қаметов, Е. Көбесбаев, Е. Сыпатаев, Л. Асанова, С. Мұхамеджанова, И. Дәуренов және т.б. тұрды. Оқиғаларға қатысушыларға қарсы қозғалған қылмыстық істерде сот-тергеушілік жұмыстары кезінде дәрекі заңсыздықтарға орын берілді. Тергеулер асығыс, ойдан шығарылған және тек айыптау түрінде жүргізілді. Қ. Рысқұлбеков, Е. Сыпатаев, М. Әбдіқұлов т.б. жастар қатаң жазаланды. Сотталған 99 адамның 46-сы біраз уақыт өткен соң ақталды. Аз уақыттың ішінде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін 787 адам комсомол қатарынан шығарылды, 1138 адамға комсомолдық жазалар қолданылды, 271 адам оқу орындарынан, жүздеген адам жұмыстан қуылды. Саяси наразылықты өкімет билігіне төнген қауіп ретінде бағалаған басшылық Алматы гарнизонын жауынгерлік дайындыққа келтіріп, алаңды шеруге қатысушылардың санынан артық күшпен қоршауға бұйрық берді. Елдің әртүрлі аймақтарынан ішкі істер әскерлерінің арнайы бөлімдерін жіберуге шешім қабылдады.

1986 жылғы Алматы қаласындағы Желтоқсан оқиғасы «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» ретінде түсіндіріліп, теріс баға берілді. Партия комитеттерінің нұсқауымен бұқаралық насихат құралдарында «ұлтшылдарды» іздеу жөніндегі тұтас бір науқан өрістеді. Желтоқсан қозғалысы ұлттық мүдде жолында қайсарлық танытқан Қ. Рысқұлбеков, Т. Тәшенов, Ж. Тайжұманов, Қ. Күзембаев және басқа да қазақтың жас демократтарын танымал етті. Өлім жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбеков, Мырзағұл Әбдіқұлов, тағы басқа азаматтардың Отанына шынайы берілген тұлғалы жандар екенін қазақ елі білді. Мақтаныш етті. Олардың отаршыл, зымиян, әділетсіз жүйенің рақымсыз құрығына іліккенін де терең түсінді.

Желтоқсан қозғалысы – ұлт-азаттық тарихында ерекше орын алады. Бұл ұлттық рухтың жаңғыру, қайта түлеу кезеңінің басы болды. Ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сатыға көтерілді. Ол бүкіл халықтың рухани өміріне өсер етіп, ұлттық сананы өсірді, ұлттық рухты жандандырды.

Бұл қозғалыс Одақтың құлдырауына, ыдырауына әкелді. КСРО-ны құрушы республикалардың бөлініп шығып, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауына жеткізді. Сөйтіп, Желтоқсан қозғалысы республика шеңберінен асып, еуразиялық сипат алды.

### *Сұрақтар:*

1. Желтоқсан қозғалысы неге солай аталады?
2. Кеңестік билік тарапынан Желтоқсан қозғалысына қандай баға берілді?
3. Қазақ жастарына қарсы қандай жазалау шаралары қолданылды?



**1-тапсырма.** Желтоқсан оқиғасының себептері мен салдарлары, бұл мәселені басқаша шешу жолдарын ұсыныңдар. Оқиғаға баға беріңдер.

### Мәтін

Алаң қаруланған әскери күшпен қоршауға алынды, одан ешкімді шығармау және кіргізу туралы бұйрық шықты. Ал толқудың қақ ортасына жеткен шерушілердің тобы бұл қоршауды бұзып жіберді, осыдан кейін екі жақтың қақтығысуы басталды. Қоршаудың ішінде қалғандары жаңадан қосылған шерушілерге көмектесті. Қалқан, сойыл, сапер күрегімен қаруланған солдаттар демонстранттарды қуып, тартуға кірісті. Иін сірескен қалың тобыр бір-біріне соқтығысып, кейбіреулері аяқ астында қалды. Демонстранттар құқық қорғау органдары қызметкерлерімен қақтығысып, ақыры қиян-кескі арпалыс болды. Алаңды шерушілерден тазарту үшін өртсөндіретін машиналар мен арнайы құралдармен жабдықталған техникалар қолданылды.

Көтерілісшілер өте қатал жазаланды. Сол кезде жедел жәрдемнің 20 бригадасы зардап шеккен 540 адамды емдеу мекемелеріне жеткізген, 290 адам ауруханаға жатқызылған, 1722 адам дене жарақатын алған.

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттер қай жылдарға тиесілі?
2. Суреттерде кімдер бейнеленген?
3. Суреттердегі оқиғаның салдары қандай болды?
4. Суреттердегі оқиғаның тарихтағы маңызы қандай?





**3-тапсырма.** Кестені толтырыңдар.

**1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы**

Себептері, алғышарттары, түрткі болған оқиға	Өткен күндері	Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға қолданылған жазалау шаралары	Тарихи маңызы

**4-тапсырма.** Желтоқсан оқиғасы жайлы сұрақтарға деректік негізде жауап қайтарыңдар.

1. Желтоқсан оқиғасы неліктен еліміздің түкпір-түкпірін қамтыған ұлттық сипатқа ұласты?
2. Өміршіл-өкімшіл жүйеге қарсы шыққан басқа да наразылықтармен сабақтастығын түсіндіріңдер.

**Комиссия сараптамасынан:**

**1986 жылғы 19–25 желтоқсанда, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар, Жамбыл, Шымкент, Талдықорған, Көкшетау, Арқалық қалаларында, Шамалған, Сарыөзек поселкелерінде жекелеген бой көрсетулер болды. Ұзын саны 2500-дей адам қатысып, оның 281-і ұсталды.**

**5-тапсырма.** «Желтоқсан оқиғасы демократия жаршысы» тақырыбында эссе жазыңдар.





## §15. «Қайта құру» жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық үдерістер

**Зерттеу сұрағы:** Демократиялық үдерістер қоғамдық сананы қалай өзгертті?

Бұл сабақта қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік талдау жасаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Демократиялық қоғамға өтудің басталуы	Beginning of transition to a democratic society
Жариялылық	Glasnost (openness)
Түбегейлі өзгерістер	Radical changes
Тілдер туралы Заң	The Law on Languages
Қазақстан КП Орталық Комитетінің қаулысы	Resolution of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan
Қазақ КСР-інің XII шақырылған Жоғарғы Кеңесі сессиясы	Session of the Supreme Council of the XII Convocation of the Kazakh SSR

**Жариялылық** – ақпараттардың қоғамдық таныстыруға, талқылауға, ұйымдардың, мекемелердің және лауазым иелерінің қызметтерін бақылау үшін ашықтығы, қол жетерлілігі.

**Қайта құру** – XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында пайда болған саяси-экономикалық атау.

**Унитарлық мемлекет** – федерациядан өзгеше, өз құрамында федерациялық бөліністер (штаттар, жерлер, автономиялар, автономиялық республикалар мен округтер) болмайтын, тек әкімшілік-аумақтық бірліктерге (аудан, облыс т.б.) бөлінетін мемлекеттік құрылымның формасы.

### Интеграция

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша халықаралық қарым-қатынастар жүйесі; қарулану жолындағы жарыс; «қырғи қабақ соғыстың» негізгі оқиғалары; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы өлемдік мәдениеттің дамуы.

**Құқық негіздері** пәні бойынша құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам; адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары.

### Есіңе түсірі!

Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. «Е. Бекмаханов ісі». Қазақстан «Жылымық» кезеңінде (1954–1964 жылдар). 1954–1964 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы.

**«Қайта құру» жылдарында Қазақстандағы демократиялық үдерістер қалай дамыды?**

1988 жылы Қазақстан Компартиясы ОК-нің қаулысымен 20–40-жылдар мен 50-жылдардың бас кезінде қуғын-сүргінге ұшырап, сотталған халықтың дақты өкілдерінің есімі халқына қайтарылды. Өсіресе Шөкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов тағы да басқа танымал тұлғалардың ақталуы (реабилитация) жұртшылық арасында зор қолдауға ие болды. Қазақстан Компартиясы ОК-нің 40-жылдардың екінші жартысы мен 50-жылдардың бас кезіндегі идеология мен ғылым мәселелері жөнінде қабылдаған бірқатар қаулыларының мәні жағынан терең қателікке ұрынған және ғылымның дамуына орынсыз бөгет жасаған қате шешімдер ретінде күші жойылды. Осындай құжаттардың қатарына 1947 жылы қабылданған «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» қаулыны жатқызуға болады. Қаулының күші жойылып, ғалымдар мен көпшілікке бұрын тыйым салынып келген қазақ ауыз әдебиетінің көркем шығармаларын терең зерттеуге мүмкіндік туды. «Қазақ КСР-інің тілдері туралы» Заңы 1989 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс өткен он төртінші сессиясында қабылданды.

Бұл құжаттың бірінші бабы бойынша Қазақ КСР-інің мемлекеттік тілі қазақ тілі, екінші бабы бойынша қалыптасқан тарихи дәстүрге сай орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып жарияланды. Бұл Заң бойынша Қазақстан үкіметі қазақ тілін мемлекет тарапынан қорғауға міндеттенді. Оның мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарда, білім беру, мәдениет, ғылыми мекемелерде, қызмет ету салаларында, бұқаралық ақпарат құралдарында кең қолданылуына қамқорлық жасауға тиіс болды. Заңда мұнымен қоса мемлекеттік тілмен қатар, орыс тілінің еркін қолданылуы қамтамасыз етілетіні, кез келген ұлт өкілдерінің өз тілі мен мәдениетін дамытуға деген ажырамас құқы қорғалатыны айтылды.

«Тілдер туралы Заңды» қабылдау қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру мен ұлтаралық қатынастарды жақсартуға мүмкіндік берді. Республикада қазақ тілін өркендету мен дамыту саласында көптеген жұмыстар атқарылды. Бір жылға таяу уақыт ішінде, 1990 жылдың шілдесі мен 1991 жылдың маусым айының аралығында қазақ тіліндегі балабақшалар 482-ге көбейді. Олардың бүкіл республикадағы саны 1677-ге жетті. Жалпы білім беретін 155 мектеп, 4 кәсіптік-техникалық училище, республикада іс жүргізушілер мен машинка басушыларды қазақ тілінде оқытатын бірінші қалалық кәсіптік-техникалық училище ашылды. Көп жылдардан соң Қазақстан жұртшылығы түрік, араб,

қытай тәрізді Шығыс халықтарының мәдениетімен жақынырақ араласу мүмкіндігін алды. 1992 жылдан бастап «Заман-Қазақстан» атты біріккен қазақ-түрік газеті шығарыла бастады.

Алматы қаласында, Қарағанды мен Ақмола облыстарында татар және неміс тілдерінде оқытатын мектептер ашылды. Республикалық теледидар мен радио өз хабарларын 6 тілде жүргізді. 90-жылдары өдебиет пен өнер идеологиялық тыйым салулардан арыла бастады. Адамдардың өткен тарихты, жеке адамға табынудың сыр-сипатын білуге ынтасын туғызды. М. Мағауин, Ө. Кекілбаев, Ш. Мұртаза, С. Жүнісов, Т. Өбдіков, Қ. Жұмаділов, С. Сматаев, С. Елубаев сияқты жазушылар қазақ зиялылары мен қазақ халқының қиын тағдыры туралы күрделі шығармалар жазды. Олардың кітаптарын халық сүйсініп оқитын болды. Күнделікті тұрмыстың, жеке тұлға мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастардың күрделі мәселелері И. Щеголихиннің, А. Сейдімбектің, Г. Толмачевтың, Р. Сейсенбаевтың еңбектерінде терең зерделенді.

### **Сұрақтар:**

1. 80-жылдардағы дағдарыстардың қайнар көздерін атаңдар.
2. Жазықсыз жазаға ұшыраған азаматтарды ақтау жөніндегі қаулының мәні қандай?

### **1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс.**

1. Мәтінде қай кезең сипатталған?
2. Мәтін бойынша кілт сөздерді анықта.
3. Мәтінде қандай тарихи үдерістер сипатталған?
4. «Егемендік шеруін» қалай түсінесің?
5. Бұл дерек арқылы қандай қорытынды жасауға болады?

### **Ойталқы**

Парламент пен демократия арасында қандай өзара байланыс бар?

1989 жылы мамыр-маусым айларында КСРО халық депутаттарының І съезі өтті. Съезде елдің саясат пен экономика және қоғамдық өміріндегі қалыптасқан жағдайға өткір, сыни және табанды талдау жасалды. Кеңес қоғамына төнген дағдарыстың себептерін іздеуге әрекет етілді. Съезде партия мен мемлекеттік органдар қызметтерінің арасын ажырату мәселесіне арнайы тоқталынды.

Демократиялық қоғамға өтудің басталуы одақтас республикалардың мемлекеттік-құқылық құрылымын қайта қарауға әкелді. Жаңа одақтық келісімшарттың жасалу мүмкіндігі жайлы мәселені 1988 жылдың өзінде-ақ Балтық жағалауы республикалары ашық айта бастады. КСРО халық депутаттарының І съезінде кейбір депутаттар тарапынан бұл мәселе көтерілді. Съезде орталық билік пен республикалар арасындағы кейбір құқықтар мен міндеттерді қайта бөлуге ұмтылыс басым болды.



Санаулы айлардың ішінде барлық одақтас республикалар егемендік, республикалық заңдардың одақтық заңдардан үстемдігі туралы декларацияларын бірінен соң бірі қабылдады. «Егемендік шеруінің» маңызды нәтижесі саяси биліктің орталықтан республикаларға ауысуы болды.

Қазақ КСР-інің 1990 жылғы 24 сәуірдегі XII шақырылған Жоғарғы Кеңесінің I сессиясында Республика Президентінің лауазымы бекітілді. Мемлекет басшысы – ҚазКСР Президенті мәртебелі лауазымы енгізілген уақыттан бері Республика Президентінің құзыреті күшейді.

**2-тапсырма. Жұптық жұмыс.**

Демократиялық үдерістерде қандай демократиялық қағидалар қарастырылады? Ауызша талқылаңдар.

**3-тапсырма. Жазбаша жұмыс.**

«Демократиялық үдерістер қоғамдық сананы өзгертті» деген пікірмен қаншалықты келісесіңдер? Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді қолданып эссе жазыңдар.

**4-тапсырма.** Қазақстанда 80-жылдардағы демократиялық өзгерістерді сипаттайтын оқиғаларды атап өтіңдер. Оларды маңыздылығына қарай саралаңдар. Жауаптарыңды дәйектендер.



**§16. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы**

*Зерттеу сұрағы:* «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?

**Бұл сабақта:**

Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылаймыз.

Өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігі жариялануының тарихи маңызын түсіндіреміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Конституция «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы Тәуелсіздіктің тарихи маңызы	Constitution Declaration «On the State Sovereignty of the Kazakh SSR» Constitutional Law «On the State Independence of the Republic of Kazakhstan» Historical significance of independence

**Декларация** – мемлекеттік саясат пен құқықтық, халықаралық қарым-қатынастардың негізгі принциптерін салтанатты түрде жариялайтын құжат.

**Ұлттық мүдде** – кең мағынасында – қоғамдық өмірдің барлық саласындағы әлеуметтік-саяси қажеттіліктерді көрсететін елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделері; тар мағынасында – ұлттың немесе басқа этностың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктерінің көрінісі.

**Конституция** (лат. constitutio – құрылым) – мемлекеттің қоғамдық құрылысын, биліктің өкілдік органдарын құру қағидасы мен тәртібін, сайлау жүйесін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын негізгі заңы.

**Интеграция**

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша КСРО-ның ыдырауы, «Қайта құру»; қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні.

**Құқық негіздері** пәні бойынша құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам; адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тақырыптарымен байланыстыру.



**Есіңе түсір!**

1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986–1991 жылдар). Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы.

**Уақыт сызығы**

1920 жыл 26 тамыз	1936 жыл 5 желтоқсан	1990 жыл 25 қазан	1991 жыл 16 желтоқсан
Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы декрет жарияланды	1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО Конституциясы қабылданып, РКФСР-ден бөлінген Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақ КСР-і)	1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылдады	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР Конституциялық Заңы қабылданды

**1-тапсырма.** Уақыт сызығын қолданып, Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялау жолындағы тағы қандай маңызды жылдары мен оқиғалары бар екенін анықтаңдар.

**Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялау жолындағы маңызды құжаттар мен оқиғалар қандай?**

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация Республика егемендігін заң жүзінде бекітудің бастамасы болды. Онда ҚазКСР аумағында Республика Конституциясы мен заңдарының, ұлттық мүдденің үстемдік ететіні айтылды. Одақтың Жоғарғы органдарының ҚазКСР-і Конституциясы мен егеменділік құқықтарын бұзатын заңдарының және басқа да актілерінің өз аумағында күшін жойтыны көрсетілді. Декларацияға сай Президент Республика басшысы саналды. Декларацияда республиканың егемендігі үшін қажетті мемлекеттік құқықтық нормалар бекітілді. Сонымен қатар Декларация алғаш рет билікті бөлу негізін орнықтырды. Қазақстанды демократиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қайта жаңарту идеялары қамтылған Декларация қабылданғаннан кейін республиканың жаңа Конституциясы жобасын жасау басталды.

1991 жылғы 10 желтоқсанда Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын *Қазақстан Республикасы* деп атау жөнінде шешім қабылданды. Бұрынғы атаудың идеологиялық астары болғандықтан, республикадағы қазіргі шынайы өмірді бейнелей алмайтын еді. Осымен бір мезгілде туған жер туралы құнды мағлұматтар беретін тарихи атауларын қайтару мақсатымен



еліміздің қалаларының, көшелерінің, алаңдарының аттарын өзгерту жұмысы басталды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жөнінде Конституциялық Заң қабылдауы елдің алдағы дамуының арқауы болды. 1991 жылдың соңғы 4 айының ішіндегі саяси үдерістер тығырықтан шығудың табиғи жолына бастап өкелді: Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. *«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңды қабылдау жөніндегі хабарды республика халқы қуана қарсы алды. 1991 жылғы 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні болып жарияланды.* Қазақстан Тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін бірнеше сағат қана өткенде Түрік Республикасы ең алғашқы болып оны жаңа мәртебеде таныды. 1991 жылдың 17 желтоқсанында Қазақстан Республикасын Америка Құрама Штаттары танытынын ресми түрде жариялады. 1992 жылдың 3 қаңтарында Қытай Халық Республикасы танытынын ресми түрде жариялады. Сөйтіп, жас мемлекетті әлемдік жетекші державалардың көбі бірден таныды. Көп ұзамай Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзінің жетекші елдері таныды. *1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүшелікке қабылданды.* Біріккен Ұлттар Ұйымы – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтып, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған ең ықпалды ұйым. Республика өзіне Ұйымның Жарғысын бұлжытпай орындау міндеттемесін алды. Қазақстан адам құқығының БҰҰ ортақ декларациясымен бекітілген құқықтары мен бостандықтарының басымдығын мойындай отырып, дүниежүзілік қауымдастыққа лайықты түрде қосылуға ұмтылатынын, алған міндеттемесін мүлтіксіз орындайтынын нық мәлімдеді. 1992 жылы қаңтарда Қазақстан өзінің алтынын шығарып, Мемлекеттік алтын қорын жинауды бастады.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуында кезек күттірмейтін міндет ретінде мемлекеттік рәміздерін қабылдауды талап етті. 1992 жылы 4 маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы республиканың жаңа Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Елтаңбаның авторлары – Ш. Уәлиханов пен Ж. Мәлібеков. Тудың жобасын сәулетші, суретші Ш. Ниязбеков жасаған. 11 желтоқсанда Өнұранның бірінші мәтіні қабылданды. 2006 жылы қабылданған қазіргі Өнұран сөзінің авторлары Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев. Өнін жазған – Шәмші Қалдаяқов. Халық арасында ыстық ықыласқа, сүйіспеншілікке бөленген Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әні ХХ ғасырдың ортасында, Хрущевтің әкімшілік реформалары кезінде шыққан. Бұл ән Қазақстан тұтас ел және жерінің бір шөкімін де өзгеге бермейді деген өжет дауылпаз ұран.



1993 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі елдің Негізгі Заңын – тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын қабылдады. Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы 4 бөлім, 21 тараудан тұрды.

**Сұрақтар:**

1. Тәуелсіздігіміз қандай жағдайда қабылданғанын берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді қолданып түсіндіріңдер.
2. Еліміздің тәуелсіздік алуының халықаралық маңызын атаңдар.
3. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін әлемдік қауымдастықтың тануы қалай басталды?

**2-тапсырма.** Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызын ретпен тұжырымдаңдар.

**Республика егемендігін жариялау**

Қазақ КСР Президентінің құзыреті	«Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның негізгі идеялары	Тарихи маңызы

**3-тапсырма.** Егемендік туралы Декларация мен Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңды салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтаңдар.

**Мәтіндік дерек**

**Республикада Коммунистік партияның қызметін тоқтатқан Қазақстан КП Орталық Комитетінің соңғы пленумы**

1991 жылы 28 тамызда «Бүгінгі кезеңдегі КОКП-дағы жағдай туралы» мәселені қараған Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы өтті. Тамыз бүлігінен кейінгі КСРО-да қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Қазақстан КП Орталық Комитетінің қызметін тоқтату және 7 қыркүйекте Республика КП-ның төтенше съезін шақыру туралы шешім қабылдады.

Пленумда Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшылық міндетінен бас тартқан Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев сөз сөйледі. Пленумның атаулы қаулыны қабылдау себебі КОКП Орталық Комитеті басшылығының халық алдында беделінің түсуі болды. Бұл елдегі мемлекеттік төңкеріс жасауды КОКП Орталық Комитетінің басшыларын қолдауының нәтижесі еді. КОКП Орталық Комитетінің коллаборационистік позициясы КОКП-ның бұрынғы күйінде өмір сүруін жоққа шығарды. Сонымен бірге Қазақстан аумағындағы КОКП мүліктерін республика меншігі деп тану жөніндегі Жарлыққа Қазақ КСР Президенті қол





қойды. Қазақстан КП ОК соңғы пленумының республикалық коммунистік партия ұйымының қызметін тоқтату туралы шешімі елдегі демократиялық қайта құру салдары болды.

*Қазақтар.* 9 томдық анықтамалық. 1-т. – Алматы, 2003, 142–143-беттер.

#### 4-тапсырма. Мәтіндік дерекпен жұмыс.

1. Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, тарихи шешімдердің құндылығы мен маңыздылығына сипаттама беріңдер.
2. Қазақстан КП Орталық Комитеті соңғы пленумының елдің дамуына (тәуелсіздігін жариялануына) тигізген ықпалын түсіндіріңдер.
3. Бұл тарихи оқиғаның қандай кемшіліктері болды? Кемшіліктер шешімін тапты және шешімін таппағанын талқылаңдар.

**5-тапсырма.** 1991 жылдан кейінгі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту шараларын айтыңдар.

### §17. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

*Зерттеу сұрағы:* Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бет-бұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?

Бұл сабақта тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың рөліне баға береміз.

#### Тірек сөздер:

Қазақша	Ағылшынша
Республика	Republic
Ұлықтау	Inauguration
Интеллектуалдық	Intellectual
Экономиканы қайта жаңғырту	Economic Revival
Нарықтық экономика	Market Economy
Президент	President
Жалпыұлттық келісім	National Treaty
Жаңа Қазақстанды құру	Creation of New Kazakhstan
Бейбітшілік миссиясы	Peace Mission
Инициатива	Initiative

**Республика** (лат. – *respublica*) – барлық жоғары ресми билік органдарын белгілі бір мерзімге халық сайлайтын мемлекеттік басқару нысаны.

**Ұлықтау** (лат. *inauguro* – арнаймын) – мемлекет басшысы мен басқа да сайланып қойылатын басшылардың өз қызметіне кірісуінің салтанатты рәсімі.

**Интеллектуалдық** – парасат, ақыл, зерде, ой-өрісі, рухани зияткерлік.

**Инициатива** – ынта, өзіндік бастама, көпшіліктің шығармашылық ын-тасы.

**Президенттік басқару** – төтенше жағдай жарияланған аймақтардағы азаматтардың мүдделерін қамтамасыз ету үшін заңмен қарастырылған, президент енгізетін уақытша басқару. Президенттік басқару кезінде мемлекеттік билік пен басқару органдарының өкілеттілігі уақытша тоқтатылады, ал олардың міндеттерін атқару президент құрған органға немесе ол тағайындаған қызмет адамына тапсырылады.

### Интеграция

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы әлемдік мәдениеттің дамуы.

**Құқық негіздері** пәні бойынша құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам тақырыптарымен байланыстыру.

### Есіңе түсір!

«Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация». Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылғы «Тамыз бүлігі»). КСРО-ның ыдырауы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық полигонының жабылуы. «Қазақ КСР-інің тілдер туралы Заңының» қабылдануы. Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991–1997 жылдар). «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңы қабылдануының тарихи маңызы.

## Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың рөлі қандай?

XX ғасырдың 90-жылдары КСРО-ның ыдырауы орталықтың тиімсіз басқару уақыты ғана емес, бұл азық-түлік пен киім-кешектің қалың жұртшылыққа тапшы кезеңі де еді. КСРО кеңістігінде ұлтаралық жанжалдардың орын алғаны да мәлім. Адамдардың бойын қорғансыздық, дәрменсіздік иірімі жайлағаны да шындық. Кезінде Қазақстанға күштеп қоныс аударылған немесе жұмыс іздеп келіп, орнығып қалған этникалық топ өкілдері өз отандарына мың-мыңдап орала бастады. Осындай саяси белгісіздіктің, экономикалық күйреудің, қаржылық былықтың ауыр жағдайында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдің жарқын болашағына жол сілтеді. Елдің ертеңгі күніне деген сенімді оятты. Нұрсұлтан Әбішұлы ескі жүйенің күйреу жағдайында жаңа зайырлы демократиялық Қазақстанды құру секілді аса күрделі бүгінгі ғана емес, кейінгі ұрпақтың қамы жолындағы жауапкершілігі мол жұмыстарды жүйелі бастап, бағыл да табанды әрекеттерімен, абыроймен жалғастырып келеді.

Нұрсұлтан Әбішұлының басшылығымен елдің саяси құрылысы мүлдем жаңа мәнді иеленді: алдымен бір, содан соң екі палаталы Парламент, бірегей Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Экономиканы қайта жаңғырту саясаты, ұлттық валюта – теңгені енгізу жаңа сипатқа ие болды. Қысқа мерзімде жекешелендіру жүргізілді. Тұралап қалған кәсіпорындар аяғынан тұрғызылды. Елбасы жаңа Қазақстанды құру, экономиканы күйретпей, дағдарыстан аман алып шығу, қоғамдық жанжалдардың орнығуына жол бермеу сияқты кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің шешімін таба білді. Сол кезге Конституциямыздың қабылдануы сәйкес келді. Ел Президенті тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларды қабылдады. Қазақстанның кең-байтақ даласының мемлекеттік шегарасы межеленді. Нұрсұлтан Әбішұлы халықаралық ұйымдарды, ұлы державалардың басшыларымен достық байланыстарын, өзінің жоғары беделін пайдаланып, қысқа мерзім ішінде елімізге Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін таба білді. Қысқа уақыт ішінде Еуразия кіндігінде барлық қазақстандықтардың мақтанышы болған, әрі кейінгі ұрпаққа тарихи мұра болар – Астана бой көтерді. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салушы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екендігін бүгінгі күні әлемдік көшбасшылар мойындайды.

Тәуелсіздік пен сыртқы саясаттағы дербестіктің айқын көрінісі Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылы жоба түрінде ұсынған «Мемлекеттердің Еуразиялық Одағы» мен Еуразиялық бастамасы болды. «Еуразия Одағы» жобасы аймақтық мәселелерді парасатты тұрғыда әрі өзара тиімділікпен шешу мақсатын көздейді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Еуразия Одағын» құру жөніндегі бастамасы кездейсоқ ұсынылған жоқ. Еуразиялық идеяның тарихи, интеллектуалдық, саяси, халықаралық алғышарттары бар. Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық бастамасының саяси алғышартына Еуразия кеңістігінде жаңа егемен мемлекеттердің пайда болуы жатады. 1993 жылы Н.Ә. Назарбаев еліміздің географиялық жағдайын, этнодемографиялық және басқа дамуын ескере отырып, көпвекторлық бағдар ұстанудың аса маңыздылығын тұжырымдаған еді. Қазіргі әлемдегі Қазақстанның Еуразиялық мемлекет ретінде ұстанған бағыты Н.Ә. Назарбаевтың тұжырымының дұрыс әрі өміршең екендігін көрсетті.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2019 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына үндеуінде Қазақстан Республикасының Президенті ре-



тіндегі өкілеттігін тоқтататыны жөнінде шешім қабылдады. Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігі Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа берілді.

**Сұрақтар:**

1. Елбасының елді табысқа жеткізу күпиясы неде?
2. Мемлекет басшысының елді нығайту мен дамытудағы рөлі қандай?
3. Елді дағдарыстан алып шығудың қандай іс-шараларын атқарды?
4. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекетті қалыптастыру мен дамытудағы қызметіне қандай баға бересіңдер?

Сызба

**Тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған міндеттері**



**1-тапсырма.**

**Тарихи тұлғаның портреті**

Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік деңгейдегі саясаткер болып қалыптасуына қандай тұлғалық және адами қасиеттері көмектесті? Ұлт Көшбасшысының саяси жетістіктері неден байқалады?

**2-тапсырма.** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбегінен үзінділер келтіріп, талдау жасаңдар. Бұл сөз тіркесі нені білдіретінін сипаттаңдар.



**3-тапсырма.** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметі қарапайым азаматтың әлемдік деңгейдегі, аса көрнекті мемлекет қайраткері мәртебесіне дейін көтерілу жолының айқын үлгісі. Елбасының өмірі мен қоғамдық саяси қызметін жан-жақты сипаттап, талдау жасаңдар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметі	Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салудағы қызметі	Елбасы бастамаларының мақсаты, тарихи маңызы
Қорытынды		

**4-тапсырма.** А дереккөзін қолданып, кестені толтырыңдар.

90-жылдардың басындағы Қазақстандағы экономикалық дағдарыс	
Қиындықтары	
Қайшылықтары	
Мәселелерді шешу жолдары	
Қорытынды (өз пікіріңді білдір)	

### Дереккөз А

#### «Тәуелсіздік қалай басталды?»

Қазақстанның тәуелсіздігі қиындықтан басталды. Оның көпұлтты халқының үлкен бір бөлігі шаттана масайраудың орнына, мәңгіріп қалды, адамдар енді Кеңес Одағының азаматтары емес екендіктерін білгенде есеңгіреген халге түсті. Жаңа, 1992 жылдың басында Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың алдына тұрған мәселелердің ауыр болғандығы соншалықты, елдің өмір сүруге деген мүмкіндігі ең жақсы айтқанда әлсіз, ал жаман айтқанда болар-болмас қана еді.

Халықаралық бақылаушылар арасындағы оптимистер Қазақстан он жылдай ғана өмір сүре алады деп есептеді. Пессимистер құрдым одан әлдеқайда ерте келіп жетеді деп қауіптенді. Ол қатер сыртқы агрессордың қарулы басып кіруі емес, пайда болған бейберекетсіздіктегі бірнеше себептерінің кез келгені арандататын ішкі жарылыс деп есептеді. Тұрақсыздық көздерінің арнасы гиперинфляциядан бастап, ішкі конституциялық дағдарысқа дейінгіні қамтып жатты. Олардың қатарына үкіметтің еңбекақы мен зейнетақыны уақтылы беруге қабілетсіздігі, Мәскеудің өзін күн сайын қырық құбылта ұстауы, миллиондаған орыс тілді ұлт өкілдерінің көшіп кетуі, Парламенттің тәжірибесіздігінен президенттік реформалар бағдарламасының тұсалып қалуы, халықаралық



шегараларға байланысты белгісіздік пен елдегі ядролық қаруға қарсы бұрын болып көрмеген шерулер жататын еді.

Назарбаевқа мына факторлар көмектесті. Оның біріншісі – елдегі экономикалық күйреудің ауқымы мен қарқыны халықтың бойындағы өзін-өзі сақтау инстинктін оятты. Президент өз халқын білетін және оған тән төзімділік сипаты оның азаматтарына кеңестен кейінгі бақытсыздықтардың қатаң қыспағын жеңіп шығуға көмектеседі деп дұрыс есептеді. Ол, сондай-ақ халықтың мұндай жағдайға төзімділік танытуы дағдарыстың екінші факторына – өзі бейнелі түрде «өтпелі кезең» деп атаған кезде не болатындығын түсіндіріп бере білу қабілетіне де байланысты екенін ұғынатын.

*Сілтеме:* Джоватан Айткен. Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстанның қарышты қадамы. – М.: Худож. лит., 2010, 173–174-беттер.

### 5-тапсырма.

#### АҚТ немесе кітапхана

«Н.Ә. Назарбаев Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы тұлға» тақырыбында ақпараттық технологияларды қолдана отырып, презентация әзірлеңдер немесе қосымша деректер қолданып интеллект карта (постер) жасаңдар.

## §18. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар

*Зерттеу сұрағы:* 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?

### Бұл сабақта:

Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдаймыз.

Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап қорытындылаймыз.

Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде бағалаймыз.

### Тірек сөздер:

Қазақша	Ағылшынша
Жоғары Кеңес	The Supreme Council
Референдум	Referendum
Президенттік республика	Presidential Republic
Құрылтай	Constituent

**Референдум** (лат. referendum) – мемлекеттік маңызы бар мәселені халықтық дауысқа салу.

### Интеграция

**Құқық негіздері** пәні бойынша құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары; мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі.

### Есіңе түсір!

XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы өміршіл-өкімшіл жүйе саясаты. Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаяуы кезеңінде. 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. 1965–1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация», «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңы қабылдануының тарихи маңызы.

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Осы құжат жөнінде не білесің?
2. Конституциялық заңдар мен нормалардың сақталуына кім кепілдік береді?



### Қызықты дерек

Ең алғашқы Конституция Қазақ АКСР-і кезінде 1926 жылы қабылданған. 1995 жылы Конституция жобасын талқылауға үш миллионнан астам Қазақстан азаматы жұмылдырылды.

### Уақыт сызығы

1926 жылы 18 ақпан	1937 жылдың 26 наурыз	1978 жылы 20 сәуір	1993 жылы 28 қаңтар	1995 жылы 30 тамыз
Қазақ АКСР Конституциясы	Қазақ КСР Конституциясы	Қазақ КСР Конституциясы	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Қазақстан Республикасының Конституциясы

**Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы қалай қабылданды?**

Қазақстанның заң шығарушы билік тармағының қалыптасу тарихында Жоғарғы Кеңестің XII шақырылымының атқарған рөлі айрықша болды. Ол XX ғасырдың 90-жылдарының басында «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларация», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы, 1993 жылғы Конституция сияқты аса маңызды құқылық құжаттарды қабылдаған болатын. 1993 жылы қабылданған Конституцияның негізі әлсіз екендігін көрсетті. Негізгі заңды ұзақ өзгертулермен жетілдіру оңай емес-ті. Сондықтан Жоғарғы Кеңес таратылған бойында Президент жаңа Конституцияның жобасын тікелей қолға алды.

1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум өтіп, оған сайлаушылардың 91,21% -ы қатысты. Жаңа Конституцияны қабылдауға халықтың 95,46% -ы жақтап дауыс берді. 1995 жылдың 30 тамы-



зында Қазақстан халқы еліміздің жаңа Конституциясын қабылдады. Конституцияда жаңа мемлекеттіліктің негізі қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды.

Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуының жаңа кезеңі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясын қабылдаудан басталды. Жаңа Конституция негізінде құқықтық мемлекетке бастау болған демократиялық дамуды бекіткен конституциялық заңдар қабылданды. Мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі өзгерткен реформалар жүргізіліп, қазіргі мемлекетті басқару жүйесі құрылды. Мемлекеттік құрылым, еңбек ету құқығы заңға бағындырылды.

### **Сұрақтар:**

1. 1993 жылғы Конституцияға сай мемлекеттік билік органдары қандай еді?
2. 1995 жылғы Конституция қандай тарихи оқиғамен байланысты болды?
3. 1995 жылғы Конституция бойынша мемлекетті басқару нысандары қалай құрылды?

### **2-тапсырма.**

1. Конституцияның қажеттілігін анықтап, баға беріңдер.
2. 1993 және 1995 жылғы Конституциялардың бірнеше айырмашылықтарын тауып, талдап түсіндіріңдер.

## **Мәтіндік дерек**

### **Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы тарихынан**

Жаңа Конституция қоғам мен мемлекеттің қайшылықсыз дамуын, елдің азаматтарының ұлтына қарамастан ертеңгі күнге деген сенімділігін орнықтыруы, қазақстандық патриотизмді нығайтып, заңды орындау және сайлау мәдениетін негіздеуі керек болды. Конституция жобасының 18-ге жуық нұсқасы қаралды. Конституция жобасын талдау және сараптау үшін 1995 жылы 22 мамырда Президенттің қаулысымен сараптамалық-консультативтік кеңес құрылды. Бұл кеңеске: Қазақ мемлекеттік заң институтының профессоры, з.ғ.д. Ю.В. Басин, Қазақ ұлттық университеті мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі, профессор, з.ғ.д. В.А. Ким, ҚР Президентінің Жоғары кеңестегі жеке өкілі, з.ғ.д. К.А. Колпаков, Қазақ мемлекеттік заң институтының профессоры, з.ғ.д. А.К. Котов, ҚР Президент аппаратының Заң шығару органы және құқықтық сараптау бөлімінің меңгерушісі Б.Ө. Мұхамеджанов, Қазақ мемлекеттік заң институтының ректоры, з.ғ.к. Е.Қ. Нұрпейісов, Мемлекет және құқық институтының директоры, ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, з.ғ.д., профессор Ғ.С. Сапарғалиев, Қазақ мемлекеттік заң



институтының жеке құқық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі з.ғ.д. профессор М.К. Сүлейменов, Әділет министрі, з.ғ.д. Н.А. Шәйкенов бекітілді.

1995 жылдың 30 маусымы мен 30 шілдесі аралығында жаңа Конституция жобасы халықтық талқылаудан өтті. Талқылауға 58 республикалық ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және қозғалыстар қатысты. Олардан 678 ұсыныстар мен ескертулер түсті. Жаңа Конституция жобасының негізінде адам және азаматтардың еркіндіктері мен құқықтарының үстемдігі орнап, Қазақстандағы мықты президенттік мемлекеттің негізі қаланды. Республика бойынша 34 459 талқылау өткізіліп, оған 3 345 110 адам қатысты, 123 717 адам пікір білдіріп, нәтижесінде 31 886 ұсыныстар мен ескертулер жасалды. Бүкіл халықтық референдумға 8 212 773 азамат (тұрғындардың 81,14%) қатысып, 800 839 азамат қарсы пікір (референдумға қатысушылардың 9,9%) білдірді. 78 130 бюллетень жарамсыз болып табылды. Референдумның жүргізілуін бақылаушылар куәлігін иеленген 328 тұлға қадағалады. 1995 жылғы 30 тамызында Қазақстан халқы республиканың жаңа Конституциясын қабылдады. Конституцияда жаңа мемлекеттіліктің негізі қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды.

*Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Паритет, 2010, 132–133-беттер.*

### **3-тапсырма.** Мәтіндік тапсырма.

1. Мәтінде жаңа Конституцияны қабылдауда қандай мақсаттар қойылғанын анықтаңдар. Мақсаттардың маңыздылығын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасаңдар.

2. Жаңа Конституцияны қабылдауда неге маңыз берілді? Неге сол бағыттарға басты маңыз берілгені бойынша тұжырымдарыңды айтыңдар.

3. Жаңа Конституцияны қабылдау қандай үдерістерден өткендігі жайлы талдап, талқылаңдар.

**4-тапсырма.** Әр жылдары қабылданған Конституциялар нәтижесінде Қазақстанның саяси өмірінде болған өзгерістерді анықтаңдар. Салыстыра отырып, тарихи маңызына талдау жасаңдар.

**5-тапсырма.** Коммуникативті құзыреттіліктеріңді қолданып, тапсырманы орындаңдар.

*Стимул:* Тапсырманы орындасаңдар, Конституция ҚР тәуелсіздігі мен егемендігін күшейтуде маңызды рөл атқарғанын анықтайсыңдар.

*Ереже:* Баяндама дайындау (регламент – 5 мин.)

*Тақырыбы:* «1995 ж. ҚР Конституциясын қабылдаудың саяси-құқықтық себептері қандай?»

*Дереккөздер:* Конституция 1993, 1995, мәтін, қосымша деректер.



## §19. Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?

**Бұл сабақта:**

Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға береміз. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыстарын талдаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Сыртқы саясат	Foreign policy
Әлемдік қауымдастық	World community
Тұрақты даму	Sustainable development
Қауіпсіздік	Security
Экономикалық байланыстар	Economic relations
Еуразиялық Одақ	The Eurasian Union
Ислам Конференциясы Ұйымы	Organization of the Islamic Conference
Орталық Азия ынтымақтастығы	Central Asia Cooperation
Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымы	Economic Cooperation Organization
МАГАТЭ	IAEA

**Елшілік** – бір мемлекеттің екінші мемлекеттегі елші басқаратын тұрақты дипломатиялық өкілдігі.

**Преамбула** – заң немесе басқа құқықтық актілердің, сондай-ақ декларация немесе халықаралық шарттағы барлық мақсат пен міндеттер көрсетілген кіріспе бөлім.

**МАГАТЭ** – атом энергиясын бейбіт мақсатқа қолдану жөнінде 1957 жылы құрылған халықаралық агенттік.

### Интеграция

**География** пәні бойынша халықаралық экономикалық қатынас түрлері, Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны, Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша бүгінгі әлемдегі лаңкестік қаупі; халықаралық лаңкестік және экстремизм, аса ірі лаңкестік әрекеттер; қазіргі кездегі ақпараттық қоғам, адамзаттың мәдени мұрасын сақтаудағы ЮНЕСКО-ның қызметі; қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы әлемдік мәдениеттің дамуы.

**Құқық негіздері** пәні бойынша құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам тақырыптарымен байланыстыру.

### Есіңе түсір!

Семей ядролық полигонының жабылуы. Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991–1997 жылдар). «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңы қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті.

**Қызықты дерек**

Қазақстанның Тұңғыш Президенті күніне орай Сыртқы істер министрлігі Twitter желісіне 1991 жылы Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған құжаттарды жариялады.

Бұл жердегі әңгіме екі құжат жайында – Қазақстан Республикасын БҰҰ мүшелігіне қабылдау жөнінде өтініш, оны Мемлекет басшысы 1991 жылы 31 желтоқсанда БҰҰ Бас хатшысы Кузьярға жолдаған және Қазақстан Республикасының БҰҰ Жарғысында көрсетілген міндеттемелерді қабылдауы жөнінде Декларация.

**Қазақстанның сыртқы саясатындағы жетістіктері қалай жүзеге асты?**

1992 жылғы қаңтардың ортасына қарай Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде әлемнің 30-дан астам мемлекеті таныды. Осының бәрі республикаға, оның азаматтарына және ел басшысының жүргізіп отырған салмақты да сындарлы саясатына, биік халықаралық беделіне көрсетілген құрмет еді. 1991 жылы тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан мемлекеттілігін құрудың қиын жолына түсті. Қысқа мерзім ішінде сыртқы саяси басымдықтар айқындалды. Республиканың сыртқы саясатының негізгі ұстанымына жақсы көршілік қатынас пен өзге мемлекеттің ішкі ісіне араласпау, тең құқылық, туындаған мәселелердің бәрін бейбіт жолмен шешуге ұмтылыс принциптері алынды. Аймақтық достастықтың жаңа түрлерін қарастыру тәуелсіз мемлекеттер басшыларын интеграцияның жаңа жолдарын іздеуге итермеледі. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 жылдың басында Еуразиялық мемлекеттер одағын құру идеясын ұсынды. Одақтың мақсаты – елдердің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі әлеуметтік-экономикалық жаңғырту үдерістерін ойдағыдай қамтамасыз ету деп жарияланды. Екіжақты қатынастар деңгейінде Украинамен, Беларусь Республикасымен, Кавказ елдерімен, сондай-ақ Балтық жағалауы мемлекеттерімен ынтымақтастық жандандырыла түсті. Қазақстанның байланыстары, әсіресе Орталық Азия аймағындағы жақын көршілер – Өзбекстан, Қырғызстанмен, ал экономикалық блок шеңберінде – Түрікменстан, Тәжікстанмен қарқынды түрде дамыды. 1993 жылдың қаңтар айында Орталық Азияның бес мемлекеті арасында Ортақ нарық құру туралы хаттамаға қол қойылды.

Қазақстан дипломатиясы Азия бағытында елеулі табыстарға жетті. Бұл аймақта экономикалық жағынан жақсы дамыған Қытай, Үндістан, Вьетнам, Жапония т.б. кіретін елдер бар. Қазақстанның азиялық Тынық мұхит үдерісіндегі интеграцияға араласуы оның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы қызметіне қатысуына маңызды жағ-



дай туғызды. 1995 жылы Индонезия, Пәкстан, Түркия басшыларымен жоғары деңгейдегі кездесулер өтті.

Қазақстан 1995 жылы 28 қаңтарда Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасымен Кедендік Одақ құру туралы шартқа қол қойды. 2002 жылы Орталық Азия ынтымақтастығын құру туралы келісімдер жасалды.

2005 жылы Қазақстан мен Өзбекстан, Қырғызстан арасында жасалған мәңгілік достық туралы шарт негізінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев Орталық Азия кеңістігіндегі экономикалық мүдделердің, сондай-ақ мәдени-тарихи тамырдың ортақтығын, тілдің, діннің, тіпті экологиялық мәселелердің де, сыртқы қатердің де ортақ екендігін ескере отырып, Орталық Азия елдері одағын құруды ұсынды.

1995 жылы желтоқсанда Қазақстан «Ислам конференциясы» ұйымына толық құқықты мүше болып енді, ал бұл қаржы, жаңа технологиялар алмасуға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасына инвестиция тарту мақсатымен 2000 жылы 26–28 сәуірде «Еуразия – 2000» экономикалық саммиті өтті.

Қазақстан сыртқы саясатта көп қырлы, сындарлы саясат ұстанады. Астана халықаралық басқосулар өткізудің орталығына айналды. Бұл Қазақстанның бейбітшілік сүйгіш держава ретіндегі рөлін мойындаудың көрінісі еді. Қазақстан астанасында аса маңызды басқосу – Әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының съезін өткізу де дәстүрге айналып отыр. Алғашқы съезд 2003 жылдың 24 қыркүйегінде болып өтті. Бұл басқосуға 17 конфессия өкілі қатысты. Қазақстан Республикасының Президенті съезде сөйлеген сөзінде: «Материалдық игіліктермен ешқандай байланыспайтын даусыз ұлы құндылықтар бар, олар адам үшін әрдайым бағым және негіз қалаушы болып қалады.

Олардың бастылары – руханият, адамгершілік. Бұларды өз бойына негізгі жинақтаушы дін болып табылады, ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық және діни дәстүрлерді, әр халықтың төлтума тарихи және мәдени тәжірибесін сақтап келеді» деп атап көрсетті.

Қазақстанның ядролық қаруды таратпаудағы алғашқы қадамы – 1991 жылы Семей ядролық сынақ полигонын жабудан басталды. Бұл бағытқа Қазақстанның әлем алдындағы абыройын асқақтатып, беделін өсірді. Қазақстан өз еркімен ядролық қарудан бас тартты. Қазақстан 1993 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қосылды. 1994 жылы Қазақстан Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке (МАГАТЭ) мүшелікке қабылданды. Бұл Президент Н.Ә. Назарбаевтың елімізді әлемдік қауымдастыққа мойындатқан оң шешімі болды.

Бүгінде Қазақстанның әлемнің барлық елдерімен сауда байланысы қалыптасқан. Алайда экспорт құрылымында дәстүрлі түрдегі ши-



кізаттық тауарлар басым болып отыр. Еліміз дамыған мемлекеттермен технологиялық, энергетикалық, көлік саласындағы техникалық реттеу, сауда-экономикалық, шағын және орта бизнесті дамытудағы ынтымақтастықты одан әрі жетілдіре түсуді көздейді.

**Сұрақтар:**

1. Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымдары қандай?
2. Қазақстанның әлем алдында беделінің өсуіне ықпал еткен басты қадамдар.
3. Қазақстан мен әлем елдері арасындағы қатынасты қалай бағалаймыз?
4. Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы орнын анықтаңдар.

**1-тапсырма. 1.** «Уақыт сызығына» Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі оқиғалардың датасын түсіріп, маңызын қарастырыңдар.

**2.** Кескін картаға сызба бойынша мемлекеттер мен ұйымдардың орналасқан орнын тауып, оларды белгілеп жазыңдар.



**2-тапсырма.** Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударатын басты мәселеге тоқталып, түсіндіріп талдаңдар.



**3-тапсырма.** Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық аренада өзін шебер саясаткер ретінде көрсете алуы бұл беделдің одан әрі нығая түсуіне жәрдемдесті. Қосымша деректер мен нақты дәлелдер келтіріңдер.

## §20. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы

*Зерттеу сұрағы:* Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын алды?

**Бұл сабақта:**

Қазақстан Республикасында жекешелендіру үдерісінің экономикаға ықпалын талдаймыз.

Нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін қарастырамыз. Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін сараптаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Экономикалық реформалар	Economic reforms
Жекешелендіру	Privatization
Салық реформасы	Tax reform
Бағаны тұрақтандыру	Price stabilization
Жаңа банктік саясат	New banking policy
Шағын бизнесті дамыту	Small business development
Еңбекақы реформалары	Wage reform
Монополияларды бөлшектеу	Monopoly dismantling

**Инфляция** (лат. inflatio – желбуаз) – ақшаның құнсыздануы – ақша айналысы арналарының тауар айналымы қажеттерінен артық мөлшерде толуы.

**Баға** – заттың құны, нарқы. Бағаны босату – заттың өзіндік құнын белгілеу еркіндігі. **Жекешелендіру** – меншік қатынастарын реформалау арқылы мемлекеттік меншікті меншіктің басқа нысандарына айналдыру үдерісі.

**Экономикалық дағдарыс** – өндірістің бүкіл қайшылықтарының аяқастынан пайда болуын сипаттайтын экономикалық цикл фазасы. Сұраныс қабілетінің аздығына қарамай тауардың артық өндірілуі, өндірістің шұғыл қысқаруы және өндірістік қуаттың толық пайдаланылмауының күшеюі, өндіргіш күштердің бүлінуі, бағаның құнсыздануы, жұмыссыздықтың өсуі, жұмысшылардың нақты жалақысының және еңбекші шаруа табыстарының төмендеуі, ұсақ өндірушілердің жаппай күйзеліске ұшырауы.

**Аукцион** – көпшілік алдында кім бағаны асырса, соған сатылатын бәсеке сауда.

**Акция** – акционерлік қоғам қаржысына белгілі бір үлес қосқанын және соның табысына ортақ екендігін куәландыратын бағалы қағаз.

**Интеграция**

**География пәні** бойынша экономикалық география, табиғи ресурстар; Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты мәселелер; әлеуметтік-экономикалық ресурстар; Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі; Қазақстан шаруашылығының салалары; Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы; Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны; Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, саяси-географиялық жағдайы.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы әлемдік мәдениеттің дамуы.

**Құқық негіздері** пәні бойынша азаматтық құқық, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық түсініктері тақырыптарымен байланыстыру.

**Есіңе түсір!**

1965–1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. «Қайта құру» жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті.

**Экономикалық реформаларды жүзеге асыруда Қазақстан қиыншылықтарды қалай шешті?**

Экономикалық реформаларды жүзеге асыруда Қазақстан үлкен қиыншылықтарға кездесті. Экономиканы өміршіл-әкімшіл басқарудан нарықтық жүйеге көшу аса қиын әрі күрделі болып шықты. Бұрыннан қалыптасқан шаруашылық байланыстарының үзілуі, келісім тәртібінің нашарлауы салдарынан көптеген кәсіпорындардың жұмысы тоқтап қалды.

Қазақстан Республикасы Президенті Жоғарғы Кеңес Президиумымен келісе отырып, республика аумағында 1992 жылғы 6 қаңтардан бастап бағаны босату туралы Жарлық қабылдады. Еркін баға енгізілуімен тауарлардың барлық түрі бірден қымбаттады. Қабылданған нарыққа өту бағдарламасын кәсіпорындардың, сауда орындарының бірқатар жетекшілері өнім бағасын шектен тыс қымбаттату деп түсінді. Тұтыну тауарлары мен қызмет көрсетудің жаппай қысқаруы, кей реттерде мемлекеттік кәсіпорындардың толық тоқтатылуы бағаның күрт жоғарылауына әкеп соқты. Тек бағаны босатудың алғашқы кезеңінде (1992 жылғы қаңтар) ол 186,4 есе, ал сәуірдегі (1991) реформадан кейін – 554,6 есе өсті.

Жаңа нарықтық қатынас жағдайында министрліктер қызметі түбірімен өзгерді. Ендігі олардың міндеті кәсіпорындарды басқару емес, саланың дамуын үйлестіру, техникалық үдерісінің маңызды бағытын таңдауды және өндірісті дамытуды негіздеу болды. Өзара пайдалы ынтымақтастық, икемді өндірістік құрылым жасау мақсатымен терең экономикалық реформа жағдайында 1992 жылға қарай 35 тұрақты қоғам, 75 салааралық және сыртқы экономикалық қауымдастық, 30 концерн



мен консорциум, 30-дан аса коммерциялық банк құрылды. 1993 жылдың басында барлығы 4771 нысан жекеменшікке өтті, соның ішінде 472 кеңшар болды. Қазақстанда нарықтық құрылымның дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру бағдарламасы жасалды. Экономика саласын реформалаудың алғашқы жылдарында республикадағы негізгі қордың 80% -ы мемлекеттік меншік үлесіне тиісті болды. Жекешелендіру экономикалық дағдарыстың тереңдеуімен қатар келді. Жекешелендіруге өтуде республиканың экономикалық даму ерекшелігін ескеру қажет болды. Ең бірінші кезекте өзін-өзі ақтамаған мемлекеттік секторларды жекешелендіру міндеті қойылды.

1993 жылдың 5 наурызындағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы» қабылданып, жекешелендірудің екінші кезеңіне жол ашылды. Жекешелендірудің екінші кезеңі тұтыну тауарларының бәсекелестік рыногын құруға, кәсіпкерлікті дамытуға, өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталды. Ол келесі төрт бағыт бойынша жүргізілді:

1. Шағын жекешелендірулер (200 адамға дейін істейтін сауда, тұрмыстық қызмет көрсету және өндірістік кәсіпорындарды аукциондар мен конкурстар арқылы сату).

2. Жаппай жекешелендіру (200-ден 5000 адамға дейін жұмыскерлері бар кәсіпорындар).

3. Жеке жобалар бойынша жекешелендіру (5000 артық жұмыскерлері бар кәсіпорындар).

4. Агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарын жекешелендіру.

Жаңа рыноктық қатынастар агроөнеркәсіптік секторды да түбегейлі қайта құруды қажет етті. Жекешелендірудің алғашқы кезеңінде мемлекеттік ауылшаруашылығы кәсіпорындары ұжымдық кәсіпорындарға айналдырылды. Осы әдіспен республикада 472 кеңшар жекешелендірілді. Мемлекеттік ауылшаруашылығы кәсіпорындарының мүліктері еңбек ұжымы мүшелеріне мүлік пайлары бойынша бөлініп берілді. Тұрақты жұмыс істеп тұрған ірі кеңшарлардың тұтастығын сақтау үшін мемлекет оның бірінші басшыларына 20 жылдық жұмыс өтілі болса, кеңшар мүлкінің 10% -ын тегін және тағы 10% -ын 5 жыл басқаруға берді.

Нарықтық экономикаға көшудің құқықтық негізін құру мақсатында Республика Парламенті көптеген заңдар мен нормативтік актілерді қабылдады, олардың ішінде мынадай: «Қазақстан Республикасындағы меншік туралы», «Қазақстан Республикасындағы шетел инвесторлары», «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкершілікті дамыту және шаруашылықтағы қызмет бостандығы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметтер туралы» т.б. маңызды заңдар болды.





1993 жылы республиканың банк-ақша жүйесі тұралады, инфляция өрши түсті. Осы жағдайлардың бәрі тұрғындардың тіршілік деңгейіне мүлде кері әсер етті. Қалыптасқан жағдайды жан-жақты талқылап, Қазақстан Республикасының басшылығы өз валютасын енгізу керек деген шешім қабылдауға тоқталды. Қазақстан Үкіметі мен Ұлттық банк ұлттық валюта банкноттарын дайындауға кірісті. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ұлттық валюта – *теңге 1993 жылы 15 қарашада* айналымға енгізілді. Ұлттық валютаны одан әрі нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығы шықты.

90-жылдардың соңында жүргізілген реформалар өз жемісін де бере бастады. ХХІ ғасырдың басында түбегейлі өзгеріс орнады. Тауар рыногы молайып, кезекке тұру жойылды, жәрдемақы, еңбекақы уақытында берілетін болды. Теңге едәуір нығайды. Жекешеге берілген мыңдаған орташа және ірі кәсіпорын жұмыс істей бастады. Қарапайым азаматтардың тіршілігі біршама жақсарды.

### Сұрақтар:

1. Экономикалық реформаларды одан әрі жетілдіру жағдайында өзара пайдалы ынтымақтастық, икемді өндірістік құрылымдар құру мақсатымен не жасалынды?
2. Нарықтық экономикаға өтудің құқықтық негізін қалау үшін Парламент қандай заңдар қабылдады?
3. Жұмыссыздық пен оның өсуінің себебі неде?
4. Инфляция үдерісі мен оның салдарына сипаттама беріңдер.

### 1-тапсырма.

1. Төменде берілген сурет қай жылдарға қатысты?
2. Тақырыппен қандай байланысы бар?
3. Қандай ой түйдіңдер? Себеп-салдарын анықтаңдар.
4. Суреттердің тарихи дереккөз ретіндегі әлсіз жақтары қандай?



## Мәтіндік дерек

1994 жылы қоғамда жалғасып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық дағдарыс барлық жерде бағаның өсуі, жұмыссыздық, дефицит өзінің шарықтау шегіне жетті. Халық жүргізіліп жатқан реформалардың жемісін көре алмады. Осындай күрделі жағдайда Президент 1994 жылдың 9 маусымында Жоғары Кеңестің мінберінен «Жаңаратын Қазақстанға – тереңдетілген реформалар мен жалпыұлттық келісім арқылы» деп аталатын үндеуін (баспасөзде «Президенттің Меморандумы» деп аталып, тарихқа да солай енді) жариялады. Бұл үндеу Елбасының үлкен тәуекелге бел бууы еді. Барлық қысымдарға шыдай отырып, жариялаған бағытынан ауытқымай, соның нәтижесінде бұл «Меморандум» елдің қаржылық жүйесін және экономиканы тұтастай тұрақтылық жолына бұрудың басы болды. Ел басшылығының енгізген көптеген кешенді шараларының арқасында 1995 жылы алғаш рет экономиканың сауықтандырыла бастағаны байқалды. Қаржы-бюджеттік және ақша-кредиттік саясаттарды қатаң жүргізудің арқасында инфляцияны құрықтауға қол жетті. Өте қауіпті экономикалық қатерлердің бірі – гиперинфляцияны еңсерді. Өнеркәсіпте де өндірістің өсуіне алғаш рет қол жеткізілді. Өсім алдыңғы жылмен салыстырғанда 13,6% болды. Әлеуметтік-экономикалық жағдай да жақсара түсті.

Бір кездегі біртұтас халықшаруашылығы кешені қирағаннан кейінгі терең дағдарысқа ұшыраған Қазақстан экономикасын нарықтық қатынастарға бағыттау шаралар жүзеге асырылды. Нәтижесінде 1997 жылдың басында елдегі инфляция тоқтатылды, өндіріс жандана бастады;

### Ойталқы

90-жылдары әлеуметтік-экономикалық дағдарыс тереңдеді. Бұл дерек арқылы қандай қорытынды жасауға болады?

қаржы-бюджет, салық және жинақтаушы зейнетақы жүйелері құрылды, жекешелендіру жүргізілді; тұрғын үй, коммуналдық-шаруашылық реформалары орындалды. 1999 жылдың соңына қарай Қазақстанда экономиканың тұрақты және серпінді даму тенденциясы байқалды.

### 2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінде қай кезең сипатталған?
2. Мәтінде қандай тарихи үдерістер айтылған?
3. Мәтін бойынша кілт сөздерді анықта.
4. Мәтінде Қазақстандағы қандай қиыншылықтар сөз болады және еліміз оларды қалай шешті?

**3-тапсырма.** Кестелер деректерін пайдалана отырып, шаруашылықтағы түбегейлі өзгерістің Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық дамуына тигізген әсерін түсіндіріңдер. Берілген дереккөздер мен біліміңді қолданып, кесте мәліметтеріне талдау жасандар.

**Отын және өнеркәсіп өнімдерінің 1990–1994 жылдардағы өндірілуі**

Жылдар	1990	1991	1992	1993	1994
Электр қуаты (млрд квт/с)	87	86	83	74	66
Мұнай және газ конденсаты (млн т.)	26	27	25	23	20
Газ (млрд текше м.)	71,1	7,9	8,1	6,7	4,5
Көмір (млн т.)	131	130	127	112	105
Темір рудасы (мың т.)	23846	21993	17671	13129	10521
Құрыш өндіру (мың т.)	6754	6377	6063	4558	2969
Шойын өндіру (мың т.)	5226	4953	4666	3552	2435
Алюминий өндіру (мың т.)	1 052	1 035	1 053	1 091	822
Цинк өндіру (мың т.)	315	263	232	239	173
Мыс өндіру (мың т.)	365	332	328	217	278

**Ауылшаруашылық дақылдарының 1990–1994 жылдардағы жиналуы (мың тонна)**

Жылдар	1990	1991	1992	1993	1994
Астық	28488	11 992	29 772	21631	16454
Шитті мақта	324,1	291,1	252,3	200,1	207,9
Күнбағыс	126,3	93,4	98,5	85,5	96,8
Картоп	2 324,3	2 143,2	2 569,7	2, 296,3	2 040,2
Көгөністер	1 136,4	954,9	985,1	808,0	781,2

**1991–1994 жылдардағы мал мен құс (млн бас)**

Жылдар	1991	1992	1993	1994
Мүйізді ірі қара	9,8	9,6	9,6	8,1
Қой мен ешкі	35,7	34,6	3,4,4	25,1
Жылқы	1,6	1,7	1,7	1,6
Құс	59,9	59,9	52,7	32,7

**4-тапсырма.** Сызбамен жұмыс жасап, Қазақстан экономикасындағы өзгерістерді анықтаңдар.



## §21. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер

**Зерттеу сұрағы:** Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық үдерістердің ерекшеліктері неде?

**Бұл сабақта:**

Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдаймыз.

Өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық үдерістерге баға береміз.

Қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдаймыз.

Қазақ диаспораларының тарихи отанымен байланысының маңыздылығын айқындаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Еңбек жағдайы	Working condition
Халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуі	The social status of the population below
Демографиялық мәселелер	Demographic problems
Еңбекпен қамтамасыз ету	Employment
Зейнетақы туралы заң	Pension law
Шағын және орта бизнес	Small and medium business
Экологиялық мәселелер	Environmental issues
Экономикалық еркіндік	Economic freedom

**Зейнетақы** – азаматтарға белгілі бір жасқа толғанда, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айырылғанда, арнаулы қызмет атқарған жылдары үшін, заңнамада көзделген басқа да реттерде берілетін тұрақты ақшалай төлемақы.

**Бизнес** (ағылш. business – кәсіпкерлік, сауда-саттық) – пайда табуға бағытталған әрекеттің, экономикалық қызметтің бір түрі; жеке кәсіпкердің не фирманың іскерлік қызметі.

### Интеграция

Дүниежүзі тарихы, география пәндерімен байланыстыру.

### Қызықты деректер

Әрбір 1 000 адамға шаққандағы ең жоғарғы туу деңгейі Маңғыстау облысында – 31,25, ал ең төменгі – Солтүстік Қазақстан облысында (14,23) болған.

Тәуелсіздік жылдарында халық саны артты, халықтың өсуі қарқыны 9,1%-ды құрады.

## 1990 жылдары Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық жағдай қандай деңгейде болды?

1990 жылдардың басында республиканың экономикалық жағдайы нашарлап, мемлекеттік еңбекпен қамту мекемелеріне 70,5 мың жұмыссыз адам тіркелді. Азаматтардың еңбек жағдайы қиын халде еді. Өсіресе өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өндірісіндегі хал-ахуал сын көтермеді. Материалдық игілік өндіру саласындағы төртінші қызметкер зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеді. Тау-кен, металлургия, химия өнеркәсібіндегі әрбір үшінші, көптеген жағдайда әрбір екінші адамның жұмыс орнындағы еңбек жағдайы санитарлық нормаларға сәйкес келмеді. 1991–1995 жылдары экономика салаларындағы жалпы еңбекпен қамтамасыз етілгендердің жылдық көрсеткіші 3,7% -ға төмендеді. Елдегі экономикалық дағдарыс бағаны еркіне жіберуге, ақшаның құнсыздануына, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келді.

Зейнетақы, жәрдемақы мен жалақы төлемсіздігі созылмалы сипат алды. Дегенмен қанша қиыншылықтар болғанымен нарықтық қатынастарға өтудің басқа жолы болған жоқ. Осындай дағдарысты кезеңде мемлекет Қазақстан Республикасы тұрғындарын әлеуметтік жағынан қолдау шараларын іздестіріп, осы саладағы дағдарыстан шығудың жолдары мен нақты бағдарламаларын ұсынды. Қалыптасқан экономикалық жағдайды, демографиялық мәселелерді ескеріп, зейнетақы жүйесін реформалау туралы шешім қабылданды. 1997 наурыз айында Үкімет «Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесін реформалау туралы тұжырымдаманы» бекітіп, 1997 жылдың 20 маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заң қабылданды.

Қазақстанда 1996 жылдың соңына қарай 391,7 мың жұмыссыз тіркелді. Қиын да күрделі кезең алыс-жақынға да, үлкен-кішіге де әсер етті. Елді осындай дағдарысты жағдайдан алып шығатын Үкіметтің әлеуметтік саладағы ауқымды шараларының бірі – *шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау* саясаты еді. Осы мақсатта Үкімет әлеуметтік-экономикалық және құқықтық шараларды жүзеге асырды. Экономикалық еркіндік әркімнің сауда жасауға, тапқан табысын жинақтауға немесе өз қалауымен жұмсауға мүмкіндік берді.

90-жылдардағы елдің демографиялық дамуының ерекшелігі халықтың абсолюттік санының өзгеруі болды. Нарыққа өту, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, экологиялық мәселелер халықтың денсаулығына және демографиялық жағдайына кері әсер етті. Халықтың табиғи өсуі, бала туу көрсеткіші төмендеді, өзге ұлт



өкілдерінің республикадан көшіп кетуі ұлғайды. Негізгі миграциялық ағын ТМД елдеріне бағытталды. 1993 жылдан 1999 жылға дейін Қазақстаннан ТМД елдеріне 1524,0 мың адам көшті. Ресей көшіп барушылардың ошағына айналды. 1990 жылы таяу елдерге кеткен мигранттардың 74% -ы нақ сол елге көшіп барды. ТМД елдеріне неғұрлым көп көшіп кеткен этностар – украиндар – 139 759, белорустар – 30068, корейлер – 3176 адамды құрады.

1991 жылы еліміз тәуелсіздігін алысымен демографиялық жаңа құбылыс орын алды. Монғолия, Иран, Түркиядан қазақтар атажұртына орала бастады. 1999 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы тұрғындардың саны 14 953 126 адамды құрады. Бұрынғы санаққа қарағанда халықтың ұлттық құрамы мен ауыл-село және қала тұрғындары құрамы үлкен өзгеріске ұшырағаны көрінді. Қазақтардың саны 1989 жылмен салыстырғанда 1 484 мың адамға өсіп, 7 985 мыңға жетті. Сөйтіп, олардың жалпы халық санындағы үлесі арты.

2000 жылдардан бастап Қазақстаннан қоныс аударатындар саны жыл сайын азайып, қайта оралатын азаматтар саны, керісінше, өсе түсті. Елімізге оралатындардың негізгі жиынын қазақтар құрады. Егер 1999 жылы 9,5 мың қазақ келген болса, 2004 жылы – 48 мың, 2005 жылы – 57850 қазақ келген. 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 16 009,6 мың адамды құрады. *2012 жылғы мәлімет бойынша қазақтардың саны 10 764 мың болып, республика тұрғындарының 65,1%-ын құрады. 2017 жылы Қазақстан халқының жалпы саны 18 074,1 мың адамға жетті.*

**Сұрақтар:**

1. 1991 жылдан бастап көші-қон үдерісінде қандай құбылыс орын алды?
2. 1990 жылдары өлеуметтік саладағы дағдарыстың көріністері қандай еді?
3. 90-жылдардағы Қазақстанның демографиялық жағдайының ерекшеліктері неде?

**1-тапсырма.** 1990 жылдары Қазақстандағы табиғи өсімнің төмендеуіне не себеп және оның салдары қандай болды?

Себептер	Салдарлар	Қорытынды (өз пікіріңді білдір)



**2-тапсырма.** Кестелерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кестенің тақырыбы не?
2. Кестеде қандай ақпарат ұсынылған?
3. Бұл деректің қандай түріне жатады?
4. Ең төменгі көрсеткіш және ең жоғарғы көрсеткішті атаңдар.
5. Кестеде сипатталған үдеріс, көрсеткіштер қалай өзгеріп жатыр? Төмендеп жатыр ма, әлде артып жатыр ма?
6. Қандай себептерге байланысты дамыды немесе төмендеді?
7. Кестедегі ақпараттың тарих және бүгінгі күнмен қандай байланысы бар?

*1-кесте*

	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997
<b>Барлық халық, жыл басындағы адам саны</b>	16 358 222	16 451 711	16 426 478	16 334 865	15 956 667	15 675 819	15 480 635
Оның ішінде	Көрсетілген жылдары						
Туғандар	353 174	337 612	315 482	305 624	276 125	253 175	232 356
Өлгендер	134 324	137 518	156 070	160 339	168 656	166 028	160 138
Халықтың табиғи өсімі	218 850	200 094	159 412	145 285	107 469	87 147	72 218
Келгені	602 049	522 855	458 734	397 712	376 096	290 831	242 636
Кеткені	659 735	679 116	677 759	804 391	614 591	466 369	504 024

*2-кесте*

Жылдар	Кеткендер саны	Келгендер саны	Сальдо
1995	309,632	71,137	-238, 495
1996	229 412	53 874	-175 538
1997	299 455	38 067	-261, 388
1998	243 663	40 624	-203 039
1999	164 947	40 320	-123 627

**Ойталқы**

Ақылы медицинаның кең етек жаюы, емханалардың жабылуы, тұрғын үй мәселесінің шешілмеуі, жастар арасындағы жұмыссыздық, жәрдемақылардың берілмеуі немесе төменгі мөлшері және т.б. әлеуметтік жағдайлардың жасалмауы қандай қауіп туғызуы мүмкін?



## ҚАЙТАЛАУ МЕН БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР


1. Қосымша деректерді пайдаланып, нарықтық экономикаға өтудің бастапқы кезеңіндегі экономикалық реформалар жайлы айтыңдар.

2. Нарықтық жүйені енгізудің экономикалық және саяси маңызына талдау жасаңдар.

3. «90-жылдардағы дағдарыстан кейінгі қол жеткізілген жетістіктер Елбасы кемеңгер саясатының бірден-бір нәтижесі», – деген пікірмен қаншалықты келісесіңдер? Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді қолданып, жауап беріңдер.

### Дереккөз А

#### Қазақстан экономикасындағы өзгерістер





§22. «Қазақстан–2030» Стратегиясы – мемлекет  
дамуындағы жаңа кезең

*Зерттеу сұрағы:* «Қазақстан–2030» Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?

**Бұл сабақта:**

Ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдаймыз.

Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын анықтаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Инновация	innovation
Интеграция	integration

**Инновация** – жаңалық енгізу, жаңарту. Қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені одан әрі жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені жетілдіру, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

**Интеграция** – шоғырлану, бірігу, ықпалдасу (мемлекетаралық экономикалық одақтардың құрылуы).

### Интеграция

**География** пәнінен Қазақстан Республикасының өлеуметтік-экономикалық, саяси-географиялық жағдайы тақырыбымен байланыстыру.

### Есіңе түсір!

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өлеуметтік-демографиялық үдерістер тақырыбы. Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы.

**1-тапсырма.** Инфографикамен жұмыс.

1. Берілген ақпарат туралы не білесің?



2. Инфографикада келтірілген ақпарат қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар? Өз жауаптарыңды түсіндіріңдер.

3. Осы инфографика мәліметтері бойынша өз пікірлеріңді айтыңдар.



### «Қазақстан–2030» Стратегиясы қабылдануының маңызы неде?

Кез келген мемлекет өз дамуының негізгі бағыттарын алдын ала айқындап алуы керек. Негізгі басымдықтарға сәйкес құрылған жүйелі бағдарламасыз алға қарай дамудың қиынға түсері анық. Сондықтан Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін-ақ кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастады. Елдегі өтпелі кезеңнің ауыртпалықтары азайып, реформалардың жүзеге аса бастаған тұсында дербес төл стратегиялық бағытымызды айқындау мақсаты қойылды. Елбасы алғаш рет 1996 жылы 8 қазанда Қазақстан халқына «Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы» атты Жолдау жасады. Бұл Жолдауда ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің тәуелсіздік алғанынан бергі бес жыл уақыт аралығында жүзеге асырылған саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша реформаларға жан-жақты тоқтала отырып, терең талдаулар жасады. 1997 жылы Қазақстан Республикасының

Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2030» даму Стратегиялық бағдарламасын ұсынды. Оның 1997 жылғы 1 қазандағы «Қазақстан–2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауы тәуелсіз еліміз тарихындағы мемлекетіміздің жаңару бағытын айқындаған маңызды құжат болып табылады. Стратегиялық бағдарламада Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мәнді жеті негізгі ұзақ мерзімді басымдық белгіленген-ді.

Стратегияның «Біз бүгін қай жердеміз», «Қазақстанның мұраты» деп аталатын тараулары қазақстандықтардың реформаға артып отырған мүдделері мен үміттерін, көздейтін мақсаттарын саралап көрсетуге арналды. Ал барлық қазақстандықтардың күш-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыра алатын стратегия мен тактика қызметіне құжаттың үшінші тарауы арналды.

Стратегияда ұлттық қауіпсіздік бірінші орынға қойылды. Тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігі азаматтардың гүлденіп көркеюі мен жүргізіп жатқан реформамыздың табысқа жетуінің басты кепілі және негізгі басымдық ретінде көрсетілді. Оны қамтамасыз етудің алғышарты – қоғамның ынтымағы мен ішкі саяси орнықтылығы.

Әлеуметтік тұрғыдан ішкі орнықтылық пен тұрақтылықтың іргетасы орта тап екені белгілі. Стратегиялық бағдарламада орта тапты қалыптастыруға шешуші маңыз берілді.

Елбасы даму стратегиясын белгілеуде келешек мүмкіндіктеріміздің қандай екенін, оның қалай жүзеге асатынын, қалай пайымдайтынын ортаға салып, халыққа сенім артты. Әуелі қоғамды қиын жағдайдан шығарып алудан кейін, қайта өрлеу жолында еңбектенуге шақырды. Осы себептен де, «Қазақстан–2030» Стратегиялық бағдарламасы адам факторын дамытуды ең жоғарғы орынға қояды.

«Қазақстан–2030» Стратегиясы ел азаматтарының кемел прагматизмге сүйеніп қана атқара алатын келелі мәселелерді айқындап көрсетті. Елбасы жекеменшіктің, шетелдік инвестиция, ашық қоғамның, саяси плюрализмнің, кәсіби үкіметтің, қылмысқа жол бермеудің өткір мәселелерін батыл көтеріп қана қоймай, жемқорлыққа, экономикалық бойкүйездікке қарсы белсенді күреске шақырды. «Қазақстан–2030» даму Стратегиясы ұзақ мерзімді қамтыған, халықтың мүмкіндіктері мен қабілетін толық ескерген, басым бағыттары шынайылыққа негізделген байыпты бағдарлама болып табылады. «Қазақстан–2030» Стратегиясынан кейінгі Елбасының жасаған Жолдаулары осы бағдарламаның заңды жалғасы болып табылады.



**2-тапсырма.** «Қазақстан–2030» Стратегиясын PEST-талдау арқылы қарастыр. PEST-талдау оқиға, үдеріс, құбылыс, бағдарламалық құжаттың саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық даму мүмкіндіктерін, сондай-ақ тиімді және тиімсіз факторларын қарастыру үшін арналған.

Саяси	Экономикалық
Әлеуметтік-мәдени	Технологиялық

**3-тапсырма.** Қосымша деректер мен БАҚ материалдарын қолданып, «Қазақстан–2030» Стратегиясының еліміздегі демографиялық дамуға қаншалықты ықпал еткенін зерттеңдер. «Ел Президентінің «Қазақстан–2030» Жолдауындағы күшті демографиялық саясат елдің ұлттық қауіпсіздігінің жетекші басымдықтары қатарына шығарылды» деген тұжырымдаманы «ПТМС» әдісі арқылы дәлелде.

- ◊ Позиция (біз солай санаймыз ..., мен солай санаймын ...)
- ◊ Түсіндіру (себебі ...)
- ◊ Мысал (біз (мен) мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламыз (аламын ...))
- ◊ Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймыз (жасаймын ...))

### §23. Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай?

**Бұл сабақта:**

Нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдаймыз. Аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын қарастырамыз. Сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттейміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Кластер	Cluster
Стандарт	Standard
Компания	Company
Транзит	Transit
Телекоммуникация	Telecommunications
Дүниежүзілік сауда ұйымы	World Trade Organization
Ипотека	mortgages

**Кластер** – бір салада жұмыс істейтін, олардың үйлесуіне жол салатын, бір-бірімен байланысты және жақын орналасқан кәсіпорындар.

**Стандарт** – 1) қалып, үлгі; 2) өлшеуіш.

**Компания** – заңды тұлға статусына ие сауда, өнеркәсіп, көлік, сақтандыру және т.б. кәсіпкерлердің бірлестіктері (серіктестік, фирма, т.б.).

**Транзит** (лат. transitus – өту) 1) тауарлар елдің екі кеден органы арасында кедендік бақылаумен, соның ішінде шет мемлекеттің аумағы арқылы кеден бажы, салығы алынбай, сондай-ақ тауарларға экономикалық саясат шаралары қолданылмай тасымалданатын кеден режимі; 2) жүктерді (жолаушыларды) жөнелтілетін жерінен апарылатын жеріне аралық бекеттерде түсірместен тасымалдау.

**Телекоммуникация** – ғылым мен техниканың халықты ақпараттық қызметтің барлық түрімен қамтамасыз ететін саласы; қашықтықтан ақпарат алмасуды жүзеге асыратын технологиялар жиынтығы.

**Дүниежүзілік сауда ұйымы** – халықаралық сауда ережелерін либерализм принциптеріне қарай реттейтін халықаралық экономикалық ұйым, ол 1995 жылғы қаңтардан бастап жұмыс істей бастады.

**Ипотека** – ұзақ мерзімге несие алу үшін жылжымайтын мүлікті кепілге салу.

### Интеграция

**География** пәні бойынша Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру, Қазақстандағы минералды ресурстар; еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы; урбандалу үдерісіне баға беру; экономикалық география; табиғи ресурстар; әлеуметтік-экономикалық ресурстар; Қазақстан шаруашылығының салалары, Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану; қоршаған орта және энергия ресурстары; кәсіп пен еңбек тақырыптарымен байланыстыру.

**Құқық** пәні бойынша еңбек құқығы түсінігі; меншік құқығы; тұтынушылар құқығын қорғау.

### Есіңе түсірі!

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы.

### Қызықты деректер

БҰҰ зерттеулері бойынша Қазақстан 120 млн адамды азық-түлікпен қамтамасыз ете алады.

2016 жылы Қазақстан 182 елмен және аумақпен сауда жасады, ол 1995 жылмен салыстырғанда 36 елге көп.

Қазақстанда 2016 жылы жан басына шаққанда 6 килограмм шоколад, 25,7 килограмм қант және 7,6 литр шырын өндірілген.



### Экономикалық жағдайдың жақсаруы неден көрініс тапты?

XXI ғасырдың басына қарай Қазақстан қол жеткізген басты жетістік – экономикалық жағдайды жақсартуға бетбұрыс болды. Белгіленген бағдарламаларды дәйекті түрде жүзеге асыру экономиканың жан-жақты құрылымдық өзгерістеріне жеткізді. Нарықтық қайта құруларға бейімделмеген совхоз-колхоздар жүйесі жойылды, жекеменшік енгізілді. Шағын және орта бизнестің әртүрлі нысандары қалыптасты, оларда 2001 жылға қарай 1 млн 600 мың адам жұмыс істеді. Мыңдаған кәсіпорындар жеке адам қолына өтті. «Шеврон», «Самсунг» т.б. ірі трансұлттық компаниялар Қазақстан экономикасына берік орнықты. Ескі жүйе догмасынан арылған адамдар билік пен бизнеске келді. Қазақстан экономикасының көркеюіне мұнай бағасының көтерілуі де жағымды әсер етті. Ел экономикасына шетелдік аса ірі компаниялар тартылды. 1993–2000 жылдары Қазақстан 14,7 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция алды. Дегенмен ең басты ғаламдық өзгеріс адамдар санасында жүрді. Олар нарықтың артықшылығын сезінді, мемлекет мәжбүрлемей-ақ жақсы табыс тауып, жақсы өмір сүруге болатынын түсінді.

**Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының мақсаты қандай болды?**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға», «Өлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» т.б. Жолдаулары негізінде Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Бұл бағдарлама алдағы жылдарға арналған жұмыс тетігі деп жоспарланды.

Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мамандандырылған нысандар құрылды. Бүгінгі күні «Теңіз аймағы Ақтау»; «Астана – жаңа қала», «Ақпараттық технологиялар паркі» *арнайы экономикалық аймақтар (АЭА)* қызмет етеді. Қарағанды облысы мен Астанада индустриалды аймақтар құрылды. Бұл жерлерде жоғары технологиялық өндіріс құрылымдары жұмыс жүргізуде. Мәселен, қазіргі уақытта АЭА аумағында «Ақпараттық технологиялар паркінде» 21 компания жұмыс істейді. Мұндағы өндірілген өнімнің жалпы мөлшері 928 млн теңгені құрайды.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы аясында Қазақстан кластерінің негізі 2005 жылы салынды. Жобаның мақсаты – Қазақстан экономикасының басымды, мықты секторларының бәсекеге қабілеттілігін анықтау және олардың дамуы бойынша нұсқаулар жасау. Қазақстан экономикасының мұнай өндіру мен шикізат саласына бағыныштылығынан айыру үшін және оның жоғары индустриялық дамуы үшін жеті кластерлер анықталды. Олар: «Туризм», «Тамақ өнеркәсібі», «Мұнай-газ маши-



на жасау», «Текстильді өнеркәсіп», «Транспорттық логистика», «Металлургия», «Құрылыс материалдары». Кластерлік жүйеге көшу Қазақстан өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсуде.

### **2000 жылдардағы өндірістің дамуы мен жетістіктері қандай?**

Бүгінде Қазақстан экономикасы тұрақтанып, даму жолына түсті. Елімізде орта және шағын бизнес жанданып келеді. Үкімет орта және шағын бизнесті дамытуға ерекше мән беріп отыр. 2007 жылы мемлекеттік бюджеттен орта және шағын бизнеске көмек ретінде 155 миллиард теңге бөлінді.

Қазақстанның ішкі өнімі соңғы 10 жылда жан басына шаққанда 700 АҚШ долларынан 3 мың 600 доллар деңгейіне көтерілді.

Қазақстан өнеркәсібінде тау-кен саласы жетекші орында екені белгілі. Бұл сала елдің өнеркәсіп өндірісінің 60% -ын құрайды, ал мұнай мен газ 80% -ын иеленеді. Қазақстан мұнай өндірісі бойынша ТМД ішінде Ресейден кейінгі 2-орынды алады. Қазіргі уақытта 110-ға жуық мұнай, мұнай-газдық, мұнай-газ конденсаты шығатын кен орындарын игеру жүріп жатыр.

Қазақстанның химиялық және мұнай-газ саласы кәсіпорындары пластмасса түрлерін, химиялық маталар және жіптер, автокөліктер мен ауылшаруашылығы көліктеріне доңғалақтар, технологиялық бұйымдар, хромдық қосылулар, кальций карбиді, каустикалық содалар т.б. шығарады. Фосфор рудаларынан сары фосфор алатын, минералды тыңайтқыштар, синтетикалық жуу-тазалау құралдарын өндіретін ірі кешен жұмыс істейді.

Құрылыс өнімдерін шығару өнеркәсіп саласының 5% -ынан астамын құрайды. 2005 жылдан елімізде осы салада көлемді ірі жобалар іске асырылып жатыр. 2004 жылы Қарағанды қаласында бояу материалдарын шығаратын Француз – Ресей – Қазақстан бірлескен «Alian Paint» ЖШС-і ашылды.

XXI ғасырда Қазақстан өндірісінде жыл сайын жаңа кәсіпорындар іске қосылуда. 2006 жылы Семейде трактор жинаумен айналысатын біріккен кәсіпорын бой көтерді. Қазақстан, Ресей, Беларусь және Өзбекстан елдерінің қатысуымен ашылған зауытта «ТТЗ-80» доңғалақты трактор жинау бойынша конвейерлік желі іске қосылды. Сонымен қатар Семейде сол жылы «Қазэлектромаш» кабельдік-өткізгіштік өнім шығаратын технологиялық құрылым жұмыс істей бастады. Қалада қуаты 30 млн дана керамикалық кірпіш шығаратын жаңа кәсіпорын ашылды.

2006 жылы құрылған «Полихим» ЖШС-і қолға алған Ақтаудағы геосинтетикалық материалдар зауыты 2007 жылдан өнім бере бастады. 2007 жылы Талдықорған қаласының шығысында «Метакон ТК» ЖШС-і



зауытында 35–1150 кв-тық кернеулі электрөткізгіш желісі үшін мырышпен қапталған металды тіректердің барлық түрлерін шығаратын автоматтандырылған жаңа жүйе іске қосылды. 2007 жылы Шымкент қаласында Қазақстандағы аса ірі фармацевтикалық кәсіпорын – «Химфарм» АҚ (SANTO) дәрілік формалар өндіру жөніндегі осы заманғы жаңа кешен ашылды.

«30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы Қазақстан экономикасын жаңа сипатта алға бастырудың басты қадамдарының бірі болып табылады. 2007 жылдан осы бағдарламаға қатысты іс-шаралар жоспары белсенді жүзеге асырылуда. Қарағанды облысында бағдарлама аясында 2007 жылы 400 мың тонна металл прокатын шығаратын қуатты өндіріс, 2008 жылы осы облыстағы сұрыпты прокат өндірісі іске қосылды.

Әлемдік қаржы дағдарысына байланысты орын алған барлық қиыншылықтарға қарамастан, 2008 жыл Қазақстан индустриясы үшін табысты болды. Жыл ішінде жалпы құны 194 млрд теңгеден асатын 126 инвестициялық жоба пайдалануға беріліп, 10237 қазақстандықты жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етті. Оңтүстік Қазақстан облысында «Ютекс» АҚ тігін бұйымдарын шығарады. 2008 жылы Өскемен қаласында екі жоба: тантал өндіретін Үлбі металлургия зауыты және «Қазцинк» АҚ қалайы ерітетін электролизді зауыттың құрылысы іске қосылды.

2008 жылы республиканың әрбір өңірінде 3–4-тен жаңа кәсіпорындар пайдалануға берілді. Жетісу жерінде ТМД-да теңдесі жоқ жылына 29 мың тонна сапалы өнім шығаратын, «ҚазРосБройлер» құс фабрикасы ашылды.

2009 жылы Астана қаласында локомотив құрастыру зауыты іске қосылды. Жобаның қуаты бойынша зауыт жыл сайын 150 тепловоз шығарады. 2009 жылы барлық 14 облыста және Алматы қаласында жалпы көлемі 114 млрд теңгені құрайтын 16 индустриялық жоба іске қосылды. Оның нәтижесінде 4 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Қазірдің өзінде ядролық технологиялар паркінде Оңтүстік Корея, Ресей және Украинаның серіктестерімен бірлескен 4 кәсіпорын құрылған. Жобалардың жалпы құны 2,9 млрд теңгені құрайды.

Ел экономикасының қарыштап дамуына әсер ететін бірнеше фактор бар. Солардың бірі – жол. Осы орайда, Қазақстанның батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін жалғастыратын және іргелес мемлекеттермен сауда-саттық, транзиттік бағыттарда жиі пайдаланылатын жолдардың талапқа сай болуына аса зор мән беріліп отыр. Автокөлік саласын дамытудың 2006–2012 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша республикалық маңыздағы 25665 км, облыстық және аудандық маңыздағы 18089 км жол жөндеуден өткізілді. «Батыс Еуропа – Батыс





Қытай» автожолы құрылысы жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары мұнай мен мұнай өнімдерін және магистральды құбырлар бойынша газ тасымалдау, әуе жолы тасымалы саласы біршама дамыды. Мемлекеттік даму болашағының басты факторларының бірі телекоммуникация және байланыс саласында да ірі жетістіктерге жеттік.

#### **2000 жылдардағы ауылшаруашылығы жағдайы қандай болды?**

2002 жылы ауылшаруашылығының жалпы өнімі 552 млрд теңгені құрады. Бұл 2001 жылмен салыстырғанда 2,7% артық көрсеткіш.

Дөнді дақылдардың, күнбағыстың және көгөністің ең жоғарғы түсімі 2000–2003 жылдары жекелеген шаруашылықтардан алынса, қант қызылшасы, картоп және мақта шаруа қожалықтарынан алынды. 2003 жылы бидайдың жалпы өнімі 1991 жылмен салыстырғанда 1,7 есе, күнбағыс 3 есе, мақта 33% -ға өсті. Агроөнеркәсіптік кешеннің қызметін реттеп отыратын Орман, Су және Жер кодекстері мен 370-тен астам заң актілері қабылданды. Қазір елімізде жерді тұрақты және уақытша пайдаланатын құрылымдар мен жекеменшік мекемелер қатар жұмыс істейді. Ауылшаруашылығына белгіленген 156,5 мың га жер ауылдық меншікке сатылды. Бұл кірістер Қазақстанның Ұлттық қорына 4 млрд теңге түсірді. Су қатынастары жүйесі нарықтық талаптарға сәйкестендірілді.

2003–2005 жылдары Мемлекеттік агроөнеркәсіптік бағдарламаны жүзеге асыру аяқталды. Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы тұрақтанды. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндірудің көлемі және оның өнімдерін өңдеу өсті. Агрökәсіпорындардың ауылшаруашылығы техникаларын сатып алуына мол мүмкіндіктер жасалды.

2003–2005 жылдары Қазақстанның ауылшаруашылығы дағдарыс жағдайынан толық шығып, қалыпты қызмет етуге кірісті. 2001 жылмен салыстырғанда ірі қараның саны 24,3%, қой 30,8%, жылқы 22,5%, құс 22,3% -ға өсті.

Қазір малшаруашылығы өндірісінде топтастыру мен мамандандыру үдерісі, яғни оны өндірістік негізге бейімдеу жүріп жатыр. Осы мақсатта құрылған «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ-ның түрлі облыстарда арнайы жабдықталған бірнеше дайындау пункттері бар. Корпорация малшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша 60-тан астам жергілікті кәсіпорындармен бірлесіп жұмыс істейді. Бүгінгі күні бұл корпорацияның Қытай мен Ресейде өкілдіктері ашылған. Сондай-ақ олар өздерінің өнімдерін Италия, Германия, Түркия, Қытай, Ресей, Украина, Беларусь, Қырғызстан және Өзбекстанға экспорттайды.

Соңғы жылдары ауылды жандандыру жұмыстары жүргізілуде. 2004–2012 жылдары ауылдық аймақтарды дамытуға бағытталған «Мемлекеттік бағдарлама» аясында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет нысанда-



рын қаржыландыру және елді мекендерді таза сумен қамтамасыз ету ісі жүйелі түрде іске асырылып жатыр.

### **Қазақстанның жаһандық экономика жүйесіндегі орны қандай?**

Қазақстан да әлемдік экономикада өзінің нақты орнын алуға тиіс. Оның басты шарттары – Қазақстанның экономикалық кеңістікке халықаралық стандарттарды енгізуі және либералды экономикалық жүйені қалыптастыруы, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып табылады. Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға (Дүниежүзілік сауда ұйымы) 2015 жылы мүшелікке қабылданды. Қазақстан Республикасының бұл ұйымға енуі ДСҰ мүшелері саналатын басқа елдермен қатар елдің тұрақты экономикасын қалыптастыруға, аграрлық және өндіріс секторларын мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ДСҰ келісімдерінің Қазақстанның экономикасына жағымды және жағымсыз әсерлері болуы мүмкін. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі әлемдік нарыққа қол жеткізеді, дүниежүзілік экономикалық жүйедегі тосқауылдар мен түрлі мәселелердің шешілуін қамтамасыз етеді. Халықаралық саудаға қатысу кез келген мемлекет үшін жаңа мүмкіндіктер ашатыны анық.

2006 жылғы наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында Қазақстанның алдағы уақытта әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру міндеті қойылғаны белгілі. Бұл міндет Қазақстан экономикасы дамуының жаңа кезеңін ашты. 2007 жылдың тамыз айында басталған Америка Құрама Штаттарындағы ипотекалық дағдарыстан кейін барлық бағыттағы нарықтар жабылды. Дағдарыс әлемдік қаржы нарығына айтарлықтай кері ықпал етті. Сырттан қорқынышты қарыз алған қазақстандық банктер бірқатар қиындықтарды бастан өткізді.

Президент тапсырмасымен қысқа мерзімде дағдарысқа қарсы бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жедел түрде екінші деңгейдегі банктердің өтімділігін қолдау бойынша шаралар қабылданды. 2008 жылы дағдарыстың екінші кезеңі басталған кезде Үкімет, Ұлттық Банк және Қаржы қадағалау агенттігі Ұлттық қор мен бюджеттен жалпы көлемі 10 млрд доллар бөлді. Ол қаржы секторы, құрылыс, орта және шағын бизнес, ауылшаруашылығы өндірісі мен инновациялық және инфрақұрылымдық жобалар бойынша негізгі бес бағытта жұмсалды. Жобада халық мүддесі алдыңғы орынға қойылды.

Елбасы білікті саясатының арқасында еліміз әлемдік дағдарыстан қиналмастан шықты. 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың өзекті тұстарын нақты айқындап



берді: «Қазір бүкіл әлем жұртшылығы экономикалық дағдарыстың қиындықтарын бастан өткеруде. Дағдарыс салқыны бізді де айналып өткен жоқ. Мемлекет дағдарыстың алдын алудың барлық шараларын жа-сауда. Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады».

**1-тапсырма.** Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуына SWOT талдау.

Мықты жағы	Өлсіз жағы
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер

**Ойталқы**

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің жағымды және жағымсыз жақтары.

**Сұрақтар:**

1. Қазақстанның жаңа экономикасын жасауда қандай шаралар жүзеге асырылды?
2. Экономиканың қандай салаларының дамуында елеулі жетістіктер байқалды?
3. Тікелей шетелдік инвестицияны тартудың қажеттілігі неде?
4. Қазақстанның жоғары технологиялы салаларына қандай өндірістер жатады?
5. Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының аясында жүргізілген іс-шаралардың маңыздылығын түсіндіріңдер.
6. 2000 жылдардағы шынайы экономикалық дамудың үдерістері мен нәтижелері қандай?
7. Қазақстан ДСҰ-ға кіру қарсаңында қандай шараларды жүзеге асырды?

**2-тапсырма.** Зерттеу жұмысы.

Бұл жұмысты орындасаңдар, өткенге шолу жасау арқылы Қазақстандағы аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын анықтай аласыңдар.

Баяндама дайындау (регламент – 5 мин.)

Тақырыбы: «Қазақстандағы аграрлық секторды модернизациялау мәселелері мен мүмкіндіктері».

Қазақстандағы аграрлы сектор туралы жалпы мағлұмат	
Қазақстанның аграрлы секторды дамыту бойынша қадамдары	
Аграрлы сектордың мәселелері	
Аграрлы сектордағы мәселелерді шешу жолдары	
Қорытынды (өз пікіріңді білдір)	

**3-тапсырма.** Зерттеу жұмысы.

Бұл жұмысты орындасаңдар, өткенге шолу жасау арқылы Қазақстанның сыртқы саудасының экономикаға ықпалын анықтай аласыңдар.




Баяндама дайындау (регламент – 5 мин.)

Тақырыбы: «XXI ғасырдағы қазақстандық сыртқы сауда моделі: жетістіктер мен сынақтар»

Қазақстанның сыртқы саудасы туралы жалпы мағлұмат	
Қазақстанның сыртқы сауданы дамыту бойынша қадамдары	
Сыртқы саудадағы сынақтар	
Сыртқы саудадағы жетістіктер	
Қорытынды	

**4-тапсырма.** Қазақстанның сыртқы саудасы. 2003 жыл картасымен жұмыс.

1. Картада не сипатталды?
2. Қазақстан қай елдерге тауар экспорттады?
3. Қазақстан қай елдерден тауар импорттады?
4. Қазақстанның қай елдермен экспорт және импорт көлемі 50 млн доллардан аз?
5. Қазақстанның 2003 жылғы сыртқы саудасы бойынша қандай қорытынды шығарасыңдар?



Қазақстанның сыртқы саудасы. 2003 жыл

## §24. Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуы

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?

Бұл сабақта қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы	The subsistence minimum
Жиынтық табыс	Total revenue
Кедейлік шегі	Poverty threshold
Атаулы әлеуметтік көмек	Targeted social assistance
Несие	Credit
Жол картасы	Road map

**Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы** – бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс, адамдарды тұтынудың ең төменгі деңгейімен қанағаттандыруды қамтамасыз ету мен тұтыну қоржынының ең төменгі құнының шамасы.

**Жиынтық табыс** – атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде ескерілетін табыс түрлерінің сомасы.

**Кедейлік шегі** – атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін айқындау үшін өлшемшарт ретінде белгіленетін, бір адамға шаққандағы ақшалай кірістің шекті ең төмен шамасы.

**Атаулы әлеуметтік көмек** – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке адамдарға (отбасыларға) мемлекет ақшалай нысанда беретін төлем.

**Несие** (лат. creditum – несие, credo – сенемін, сенім білдіремін), несие белгілі бір мерзім бойы пайдаланып, қайтарылу үшін әдетте пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз.

**Жол картасы** – белгілі бір дәреже мен жағдайға жетуге бағытталған іс-шаралар жоспары немесе бағдарламасы.

### Интеграция

**География** пәні бойынша әлеуметтік география, халық географиясы; Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы; дүниежүзі халқының көші-қоны; Қазақстандағы халықтың көші-қоны; еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы; Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты; Қазақстандағы елді мекендердің мәселелері; урбан-



далу үдерісі; Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру. Отбасы және демографиялық өзгеріс тақырыптарымен байланыстыру.

**Құқық пәні бойынша** неке және отбасы құқығы түсінігі; отбасының қоғамдағы маңыздылығы.

### Есіңе түсір!

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер.

### Қызықты деректер

2017 жылдың 11 мамырында Қазақстанның 18 миллионыншы тұрғыны дүниеге келді.

1992–2016 жылдарында күтілетін өмір ұзақтығы ерлерде 62,4 жастан 67,99 жасқа дейін, әйелдерде 72,3 жастан 76,61 жасқа дейін артты. Ерлер мен әйелдер арасындағы өмір ұзақтығының айырмасы 1992 жылда 9,9 жас, 2016 жылда 8,62 жасты құрады.

### 2000 жылдардағы әлеуметтік сала дамуының ерекшеліктері қандай?

2001–2007 жылдары әлеуметтік саясат тұрақты экономикалық өсу жағдайында жүргізілді. Зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлеріне, көпбалалы аналарға, толық емес отбасына, жағдайы төмен тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету басты мақсат болды. Экономика өркендеуінің арқасында еліміз жыл сайын өз азаматтарының зейнетақысы мен жалақысының мөлшерін өсіре бастады. Елімізде кедейшілікті тықсырып, орта таптың басым түсуін қамтамасыз ету мақсат етілді. Бұл бағытта батыл қадамдар жасалды.

2002 жылдан елімізде «Мемлекеттің атаулы әлеуметтік көмегі туралы» Заңы енгізілді. Қазіргі күні мемлекет өзінің әлеуметтік саясатын білім беру, денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қорғауға бөлінетін қаржыны ұлғайтуға бағыттап отыр.

Республикадағы жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған Үкіметтің 2000–2002 жылдары кедейшілік және жұмыссыздықпен күрес бағдарламасы жасалды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың картасы әзірленді. Республика бойынша 2000 жылдың басынан осы категориядағы адамдарға 8,8 млрд теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты халыққа Жолдауына сәйкес республикада зейнетақының, шәкіртақының, бірқатар халыққа төленетін төлемдердің көлемі артты. Жұмыс орындары көптеп ашылып, 2009 жылғы III тоқсанда республика экономикасында 8,0 млн адам жұмыспен қамтылды. Ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту

мақсатында Президенттің 2003–2005 жылдарға арналған ауылды дамыту бағдарламасы қабылданды. Осы жылдар аралығындағы аграрлық саясат ауылды көркейтуге, экологиялық ахуалы нашар аймақтарды қолдауға бағытталды.

2008 жылы желтоқсанда Қазақстан халқының құрамында жастар 4,5 млн адамды, яғни 29,5%-ды құрады. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан жастар мәселесіне де көп көңіл бөлінуде. Жастардың әр деңгейлі топтарының әлеуметтік мүдделерін қорғайтын жастар бірлестіктері мен ұйымдары бар. 2019 жыл «Жастар жылы» болып жарияланды. Жастар ұйымдары мен қозғалыстарының ішінде «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының жастар қанаты үлкен беделге ие.

Елімізде ана мен баланың денсаулығын жақсартуды көздеген шаралар жыл сайын іске асырылып, оң нәтижесін бере бастады. 2005 жылдан балалар дәрі-дәрмекпен, ал жүкті әйелдер құрамында темір мен йоды бар препараттармен амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз етілетін болды. 2010 жылдан бастап «Алтын алқа» наградасымен 7 баласы бар аналар, ал «Күміс алқамен» 6 баланы тәрбиелеген аналар марапаттала бастады.

Мемлекетіміз өз азаматтарының денсаулығын жақсарту ісіне әрдайым ерекше зор мән беріп отырады. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды. Соңғы жылдары Қазақстан едәуір экономикалық өсуге қол жеткізгендіктен, денсаулық сақтау саласын қаржыландыру да елеулі түрде өсті. Тууды, өлім-жітімді, өмір сүрудің орташа ұзақтығын тұрақтандыруға қол жеткізілді.

### **Зейнетақы жүйесі реформасының маңызы неде?**

«Жол картасы». Тұрғын үй саясаты. Республикада табысы аз тұрғындардың ширек бөлігін зейнеткерлер мен мүгедектер құрайды. Зейнеткерлердің өмірін жақсарту мақсатымен 1995 жылы зейнетақы көлемі үш рет қаралып, нәтижесінде 1,9 есе өсті.

1997 жылдың 20 маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заң қабылданды. Жаңа реформаға сәйкес зейнетақы жасы ерлер – 63 жас, әйелдер – 58 жасқа ұзартылды.

1998 жылдың 1 қаңтарынан мемлекеттік зейнеткерлікке шығу ережелері мен тәртіптері белгіленген және зейнетақы жинақ қоры жүйесін реттеуші «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң күшіне енді. Осы заңға сәйкес республикалық негіздегі жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен қоры құрылып, зейнетақы көлемі жылдан-жылға арттырылып келеді.



Ел экономикасын дамытудың бір тетігі тұрғын үй құрылысы екені белгілі. Тұрғын үй құрылысы саласында жаңа саясат 2005 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Жаңа саясаттың мәні тұрғын үй шаршы метрінің құнын арзандату, несиелердің мерзімін ұзарту, алғашқы төленетін жарнаның көлемін азайту, тұрғындардың басым көпшілігінің баспанамен қамтамасыз етілуіне жол ашу болып табылады. Тұрғын үй саласындағы саясат әлеуметтік жағдайы орта деңгейдегі тұрғындар үшін қолайлы болды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Үкімет «Жол картасын» қабылдады. «Жол картасы» – өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын белгілеп, оны жүзеге асыруға бағытталған. «Жол картасын» қаржыландырудың жиынтық сомасы бүгінде 191,0 млрд теңгені құрайды.

«Жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2009 жылы еліміздің көлік және коммуникация саласында 55 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Осы жылы Ақтөбе қаласында «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында салынған, ауысымында 500 адамды қабылдайтын жаңа қалалық емхана ашылып, халыққа қызмет ете бастады. 2009 жылдың 1 қазанындағы деректерге қарағанда, «Жол картасының» 3621 жобасы бойынша жұмыс толық аяқталды. «Жол картасы» бағдарламасы бүгінде одан әрі жалғасуда.

**1-тапсырма.** IDEAL тәсілін қолданып, Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуына талдау жасаңдар.


Талдау бағыттары	
I – әлеуметтік саладағы мәселені анықтаңдар	
D – мәселені сипаттаңдар	
E – мәселені шешу жолдарын анықтаңдар	
A – мәселені шешу үшін әрекет жасаңдар (шешу жолын көрсетіңдер)	
L – қорытынды жасау, атқарылған жұмысқа рефлексия жасау	

**2-тапсырма.** Диаграммалармен жұмыс. Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді қолдана отырып, 2000 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік саласының дамуын талдаңдар.





1-диаграмма



- 1-диаграммада қандай үдеріс сипатталған?
- Диаграммадағы ең төменгі және ең жоғарғы көрсеткішті анықтаңдар.
- Диаграммада берілген ақпараттың тарихпен және бүгінгі күнмен қандай байланысы бар?
- Зейнетақы жүйесін реформалау қашан басталды және қалай жүргізілді?

2-диаграмма



- 2-диаграммада қандай үдеріс көрсетілген?
- Диаграмма бізге қандай мағлұмат береді?
- Диаграммадағы ең төменгі және ең жоғарғы көрсеткіштер қандай?
- Диаграммада сипатталған үдеріс қалай өзгеріп жатыр?
- Диаграммада сипатталған көрсеткіштердің артуына немесе төмендеуіне қандай факторлар (себептер) ықпал ететінін түсіндіріңдер.




**3-тапсырма.** Берілген дереккөздер мен өз біліміңді қолдана отырып, 2000 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік саласының дамуын талдаңдар.

1. Диаграмма мен кесте бір-бірімен қалай байланысады?
2. Диаграмма мен кесте қандай салалар бойынша ақпарат береді?
3. Диаграмма мен кесте Қазақстандағы қандай мәселелерді айғақтайды?
4. Диаграмма мен кесте айғақтап тұрған мәселелерді қалай шешуге болады?
5. Диаграмма мен кестеде сипатталған ақпараттың тарих үшін құндылығын түсіндіріңдер.
6. «Жол картасы» бағдарламасының мазмұны мен нәтижесі қандай?

*3-диаграмма*

**2017 жылы халықтың азық-түлік өнімдерін тұтынуы**



*Кесте*

Азық-түлік өнімдерін тұтыну (жылына орташа жан басына шаққанда, кг)		
Өнімдер	Медициналық тұтыну нормасы	2017 жыл
Ет пен ет өнімдері	78	73,2
Сүт өнімдері	405	237,6
Балық пен балық өнімдері	18	10,8
Жұмыртқа (дана)	292	168
Қант (кондитерлік өнімдер)	40	40,8
Көгөніс	130	88,8
Жеміс-жидек	91	64,8
Картоп	110	46,8

## §25. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?

**Бұл сабақта:**

Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдаймыз.

Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға береміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Интеграция	Integration
Саммит	Summit
Демаркация	Demarcation
Делимитация	Delimitation
Манифест	Manifest
Кеден	Customs

**Интеграция** (лат. *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, бүтін) – саяси немесе экономикалық субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылын тереңдету.

**Саммит** – сыртқы саяси келісімдер жүргізіп, шешімдерге келу үшін мемлекеттер жоғарғы басшыларының кездесуі.

**Демаркация** – шегараны жергілікті жерде арнайы белгілер арқылы көрсетіп белгілеу.

**Делимитация** – мемлекеттік шегараны картаға түсіру арқылы келісімді түрде (көршілес мемлекеттер үкіметтерімен арада) анықтау.

**Манифест** – халықаралық ұйымдардың немесе жаһандық деңгейдегі беделді қайраткерлердің әлемдік қауымдастыққа жолдаған үндеуі.

**Кеден** – шегарадан өтетін тауарларды тексеретін және осы тауарлардан салық алып тұратын мекеме.

### Қызықты дерек

Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шегараның ұзындығы 7591 шақырым. Бұл құрғақ жермен өтетін әлемдегі ең ұзын шегара.

Қазақстан өзінің шегарасын делимитациялау және демаркациялау мәселелерін толық шешкен Орталық Азиядағы жалғыз мемлекет.

**Интеграция**

**География** пәні бойынша Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны; Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары; халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары; елтану және саяси география негіздері; дүниежүзі елдері: Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша халықаралық ұйымдардың қалыптасуы: Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы мен қызметі. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық мәселелерді реттеудің жолдары. Еуропа-лық интеграция (ЕО, ЕҚЫҰ), әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік тақырыптарымен байланыстыру.

**Есіңе түсір!**

Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі тақырыбы.

**1-тапсырма.** Қазақстанның сыртқы саясаты жайлы сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтаңдар.
2. Қазақстан шет елдермен қай салалар бойынша ынтымақтастық орнатқан?
3. Қазақстанның жақын және ұзақ мерзімдегі сыртқы саясаты қандай бағытта жүргізіледі?

**Қазақстан әлемнің қай жетекші елдерімен стратегиялық байланыс орнатты?**

Қазақстан сыртқы саясатта көп қырлы, сындарлы саясат ұстанады. Қазақстанның ТМД және Орталық Азия елдерімен байланысы қарқынды түрде дамып отыр. Өз қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету үшін ең жақын және тарихи көрші мемлекеттермен, Шығыс, Батыс елдерімен де берік байланыстар орнатты.

**Қазақстан–Ресей қатынастары**

Республика тәуелсіздігінің азғана кезеңінде Ресеймен ынтымақтастықтың барысында үлкен істер тындырды. Екі жақтың экономикалық қарым-қатынастарын реттейтін, ғарыш кеңістігін игерудегі ынтымақтастық, жаңа типтегі армия құру сияқты бірнеше келісімшарттарға қол қойылды. Қазақстан мен Ресейдің «қоян-қолтық» араласып, ынтымақтастықта болуына себепші бірнеше фактор бар, бұл ортақ тарих, 7 мың шаршы шақырымға созылған шегара, ұқсас діл т.б. Барлық халықаралық мәселелерде Қазақстан мен Ресей ұқсас әрі жақын көзқарастар ұстанады.

*Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың тереңдеп дамуына 1998 жылдың 6 шілдесінде Мәскеуде қол қойылған «Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы» Декларацияның маңызы зор. 2005 жылы қаңтарда Ресей мен Қазақстан арасындағы 7591 шақырымды қамтитын мемлекеттік шегара белгіленген тарихи*



маңызды құжатқа қол қойылды. Қазақстан мен Ресей президенттері екі ел арасындағы өзекті мәселелерді өзара тиімді түрде шешіп отырады. КСРО тарағаннан бергі кезеңдерде жүргізілген екіжақты ынтымақтастық нәтижесінде Қазақстан мен Ресейдің сан ғасырлық тарихында бұрынсоңды болмаған жаңа деңгейдегі қатынастарды орната алды.

#### **Қазақстан–Қытай қатынастары**

*Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдан орныға бастады.* Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 1993 жылдың 18-20 қазан аралығында Қытайға жасаған ресми сапарында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесті. Келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында достық қарым-қатынастар туралы бірлескен Декларацияға, әуе қатынастары, тұрғындарға визаларды рәсімдеу тәртіптері, халықаралық автокөлік қатынастары т.б. бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылды.

1994 жылғы 25–28 сәуірде ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэн ресми сапармен Қазақстанға келді. Бүгінгі таңда екіжақты қатынастардың барлық бағыттарын ілгерілетуде сауда-экономикалық ынтымақтастық жетекші орын алады. 2008 жылы екіжақты тауар айналымы 8 млрд доллардан асты. Екі ел арасында мәдени-гуманитарлық шаралар да жүзеге асырылуда. Бейжің қаласында Абайдың 150 жылдығын тойлау (1995), Қазақстанның Қытайдағы мәдениет күндері (2001), Шанхайдың Алматыдағы мәдениет күндері (2005) т.б. мәдени іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді.

ҚХР-мен трансшекаралық өзендерді бірлесе пайдалану, әскери саладағы ынтымақтастық (2001) және стратегиялық қарым-қатынас жөніндегі келісімдерге (2005) қол қойылды. 2002–2007 жылдары Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына төрт ресми сапары жасалды. Соның барысында «Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісімшарт» (2002 жылдың желтоқсаны), «Стратегиялық әріптестік орнату және оны дамыту туралы бірлескен декларация» (2005 жылдың шілдесі), «XXI ғасырдағы ынтымақтастық стратегиясы және экономикалық ынтымақтастықты дамыту тұжырымдамасы» (2006 жылдың желтоқсаны) сияқты құжаттарға қол қойылды.

Соңғы жылдары екі ел арасында жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен келісім (2011 ж. шілде, Астана қ.), ҚР мен ҚХР мемлекет басшыларының жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынасының жаңа деңгейі туралы бірлескен келісім (2015 ж. тамыз, Бейжің қ.) жасалынды. Бүгінгі таңда мемлекетаралық 160-тан аса құжаттар қабылданған.



### Қазақстан–АҚШ қатынасы

Қазақстан–Америка қатынастарына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа жасаған 1997 жылғы сапары жаңа серпін берді. Сапар қорытындысы бойынша 18 маңызды құжатқа қол қойылды, соның ішінде Экономикалық өріптестік жөніндегі бағдарлама, Ядролық қуатты бейбіт мақсаттарға қолдану бойынша ынтымақтастық туралы келісім, Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын игеру және Каспий шельфі өнімдерін бөлу жөніндегі келісімдерді айрықша атап өтуге болады. Энергетика саласындағы Қазақстан–Америка өріптестігі (2002 ж.), Қазақстан мен АҚШ арасындағы әскери ынтымақтастықтың 2003–2007 жылдарға арналған жоспары қарастырылды.

Қазақстан–Америка қатынастарындағы маңызды саяси оқиға Н.Ә. Назарбаевтың 2001 жылдың желтоқсанында Президент Джордж Буштың шақыруымен АҚШ-қа жасаған сапары болды. Келіссөздердің өзекті өтуіне 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі Нью-Йорктегі Дүниежүзілік сауда орталығы мен Вашингтондағы Пентагонның ғимаратына жасалған террорлық шабуылдар әсер етті. АҚШ сапарындағы бірлескен қорытынды декларацияны жариялағанда Н.Ә. Назарбаев пен Д. Буш екі елдің «ұзақ мерзімдік стратегиялық өріптестікке» қол жеткізгенін айтты.

Қазіргі кезеңде екі ел арасындағы ынтымақтастық Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапарының (2018) қорытындылары бойынша қол жеткізілген уағдаластықтармен айқындалады. Сапар барысында «Қазақстан және АҚШ: XXI ғасырдағы кеңейтілген стратегиялық өріптестік» бірлескен мәлімдемесі қабылданды.

### Қазақстан–Түркия қарым-қатынасы

1991 жылдан бері Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар өзара сыйластық пен сенімділік ахуалы негізінде саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы жан-жақты тығыз ынтымақтастықты одан әрі тереңдетумен ерекшеленеді. Қазақстан аумағында жүздеген қазақ-түрік бірлескен кәсіпорындар пайда болды. Алматыда қысқа мерзім ішінде «Анкара» қонақүйі тұрғызылды. Қазақстан делегациясы Түркияда өткізілетін конференциялар мен кездесулердің тұрақты қатысушысына айналды. Жүздеген жігіттер мен қыздар Стамбұл мен Анкара университеттерінде оқиды. Қазақстанда қазақ-түрік оқу орындары мен мерзімді басылымдар ашылды. 1992 жылы көктемде Стамбұл қаласында түркі тілдес мемлекеттер мәдениет министрлерінің 1-кездесуінде Түріксойдың негізі қаланды. Н.Ә. Назарбаевтың 2003 жылы Түркияға жасаған ресми сапары барысында Астана мен Анкара арасындағы қатынастардың сенімді де тұрақты өріптестік деңгейге жеткендігі айтылды. 2007 жылы Түркия президенті А. Гүл-



дің Қазақстанға сапарында Н.Ә. Назарбаев түркі тілдес елдердің Парламентаралық Ассамблеясын құру туралы өз ұсынысын білдірді. Қазақстан мен Түркия арасында сауда айналымы берік жолға қойылып, ол бүгінде 1,5 млрд долларды құрап отыр. Қазақстан нарығында түрік капиталының қатысуымен 2 мыңдай кәсіпорын жұмыс істейді. Сонымен бірге екі ел арасында мәдени ынтымақтастық жақсы жолға қойылған.

### **Еуропалық Одақпен өзара қарым-қатынастар**

Еуропалық Одақпен көпжақты өзара қарым-қатынастарды тұрақты түрде нығайту Қазақстанның ұлттық мүддесіне сай келеді және Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге лайықты үлесін қосады. Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты нығайтуға және кеңейтуге Н.Ә. Назарбаевтың 2000 және 2002 жылдары Брюссельге жасаған сапарлары игі ықпалын тигізді. Қазақстан мен ЕО арасындағы өзара іс-қимылдарды реттейтін Кеңес, Ынтымақтастық комитеті құрылды. ЕО Қазақстандағы ең үлкен шетелдік инвестор болып саналады. Инвестициялардың үлкен бөлігі табиғи ресурстарды өндіру саласына бағытталды. ЕО мұнай мен газдан басқа Қазақстанның ауылшаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, құрылыс, қызмет көрсету, қаржы және көлік салаларына да инвестиция құюда.

Қазақстан мен Британия арасындағы саяси диалогтің жиілігі арты. 2000 жылдың қараша айында Ұлыбританияға барған сапарында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың елдегі саяси және экономикалық тұрақтылықты сақтап, демократияны дамытқаны үшін, сондай-ақ жаһандық ауқымда ядролық қарудан бас тартуға қосып жүрген үлесі үшін Ұлыбританияның ханшайымы II Елизавета оған Бірлескен Корольдіктің ең жоғарғы наградасы – Әулие Михаил мен Әулие Георгийдің Үлкен крест орденін табыс етті. Осы сапарының барысында Н.Ә. Назарбаев Премьер-министр Тони Блэрмен маңызды келіссөздер жүргізді және Британия үкіметінің басқа да мүшелерімен, ірі компаниялар басшыларымен кездесті. 2006 жылдың қарашасында Н.Ә. Назарбаевтың Ұлыбританияға екінші ресми сапары өтті.

Өз кезегінде Қазақстан Германияның Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты мүшелікке өту ниетін қолдады. 2007 жылы Н.Ә. Назарбаевтың Германияға кезекті ресми сапары өтті. Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев Германияның жаңа канцлері Ангела Меркельмен, басқа да саяси элита өкілдерімен және бизнес-қауымдастық басшыларымен кездесті. Кездесулер барысында екіжақты қарым-қатынастың әртүрлі мәселелері талқыланып, маңызды келісімдерге қол жеткізілді.

Қазақстан мен Франция арасындағы қарым-қатынастар да серпінді дами түсті. 2000 жылдың маусымында Н.Ә. Назарбаевтың Француз



Республикасына ресми сапары болды. Сапар шеңберінде ол Франция Президенті Жак Ширакпен және т.б. басшылармен, француздың аса ірі компанияларының жетекшілерімен кездесті. 2003 жылы Н.Ә. Назарбаев Францияға кезекті жұмыс сапарымен барып, Парижде Ж. Ширакпен кездесіп, келіссөздер жүргізді. Шағын және кеңейтілген құрамда болған кездесулер барысында тараптар екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады және Орталық Азия мен Таяу Шығыстағы халықаралық жағдай бойынша пікір алмасты.

**Орталық Азия мемлекеттерімен өзара қарым-қатынастар қалай дамып келеді?**

Қазақстанның Орталық Азиядағы туысқан мемлекеттермен арадағы қарым-қатынастары да дами түсті. Мемлекет басшысы өзінің Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Түрікменстандағы және Тәжікстандағы өріптестерімен іс жүзінде жыл сайын кездесіп отырды. 2006 жылдың наурызында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынастардың дамуына маңызды серпін берген Өзбекстанға ресми сапары болып, оның барысында екі елдің мемлекеттік органдар өкілдері мен кәсіпкер қауымдастығының басшылары қатысқан «Қазақстан–Өзбекстан: бизнеске жаңа мүмкіндіктер» атты бизнесфорум өтті.

Қазақстан мен Түрікменстан қатынастары да жаңа деңгейге көтерілді. Оған 2007 жылғы оқиғалар хроникасы куә бола алады. Ақпанда Н.Ә. Назарбаев Түрікменстанның жаңа президенті Гурбангулы Бердымұхаммедовты ұлықтау рәсіміне қатысты. Мамырда Мемлекет басшысы Түрікменстанда болған Қазақстан–Ресей–Түрікменстан үшжақты саммитіне қатысты.

Қазақстандықтар Қырғызстандағы 2005 жылғы жаппай тәртіпсіздіктерге ұласқан мемлекеттік төңкеріске үлкен алаңдаушылық білдірді. Н.Ә. Назарбаев көрші елдегі тұрақтылықты қалпына келтіруге барынша күш-жігерін жұмсады. 2005 жылдың 31 наурызында ол Қырғызстан халқына үндеу жариялады, оның ішінде мынадай сөздер бар еді: «Біздің халықтарымызға ортақ «Сабыр түбі – сары алтын» деген мақалды айта отырып мен туысқан қырғыз халқын ұлттық мүдде үшін сабыр сақтап, ақылға келуге шақырамын». Қазақстан басшылығы Қырғызстанның тақтан тайдырылған президенті Асқар Ақаевқа уақытша пана болып, елді тұрақтандыру үдерісіне ықпал етті. 2005 жылдың тамызында Н.Ә. Назарбаев Қырғызстанның жаңадан сайланған президенті Құрманбек Бакиевті ұлықтау рәсіміне қатысып,



сөйлеген сөзінде Қазақстанның туысқан елді қолдауға әрқашан дайын екенін тағы да айтты.

Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы өзара қарым-қатынастың дами түсуіне Президент Әмомали Рахмонның 2006 жылғы мамырда Астанаға жасаған сапары маңызды болды. Келіссөздер барысында қол қойылған құжаттар екіжақты ынтымақтастықтың барлық салада одан әрі дамуына игі әсер етті. 2007 жылдың қыркүйегінде ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Тәжікстанға жасаған сапарында да екіжақты қарым-қатынасты тереңдете түсуге, экономика мен мәдениет саласындағы өзара іс-қимылды жандандыруға ықпал ететін бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды.

**Шегараға делимитация және демаркация жасауда қандай жетістікке қол жеткізілді?**

2000–2007 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шеғарасын делимитациялау және демаркациялау жөніндегі көп-жылдық жұмыстар аяқталды.

2001 жылдың желтоқсанында Астана қаласында Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы мемлекеттік шеғара туралы келісімшартқа қол қойылды.

Қазақстан–Түрікменстан мемлекеттік шеғарасын делимитациялау және демаркациялау туралы келісімшартқа мемлекет басшылары 2001 жылдың шілдесінде Астана қаласында қол қойды.

Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттік шеғарасын делимитациялау үдерісі 2000–2002 жылдар кезеңінде жүргізілді. Оның барысында екі келісімшартқа қол қойылды.

2003 жылдың мамырында Қазақстан, Өзірбайжан және Ресей арасында Каспий теңізі табаны бөлік сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімге қол қойылды. Бұл құжат 2004 жылдың қаңтарында күшіне енді.

**Қазақстан қандай халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнатты?**

Тиянақты да бейбітшілік сүйгіш саясатының арқасында Қазақстан дүниежүзілік мемлекеттер қауымдастығындағы ірі-ірі халықаралық ұйымдар қатарына қабылданды.

Қазақстан 2000–2007 жылдарда БҰҰ өткізген барлық басты шараларға белсене қатысты. Соның ішінде 2000 жылғы «Мыңжылдық саммиті», БҰҰ-ны реформалаудың негізгі бағыттары белгіленген 2005 жылғы Саммит және басқа да ірі форумдар мен конференциялар болды.

БҰҰ-ға қатысу Қазақстан Республикасы қоғамдық өмірінің әлеуметтік-саяси, экономикалық және басқа салалардағы бұдан былайғы өзгерістерді жүзеге асыру үшін қолайлы халықаралық жағдай жасайды.



БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннанның Қазақстанға 2002 жылғы қазандағы ресми сапары Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызды белесіне айналды. Ол Қазақстан мен БҰҰ арасындағы онжылдық ынтымақтастықтың нәтижелерін баянды етті, сондай-ақ өзара іс-қимылдың алдағы жоспарын белгіледі.

Қазақстанның БҰҰ-дағы ұстанымы БҰҰ қарайтын мәселелердің барлық кешені бойынша елдің мүдделерін ескеру негізінде қалыптасады. Бұл орайда ұйыммен экономика, экология, әлеуметтік даму, халықаралық құқық, адам құқықтарын сақтау саласындағы, лаңкестікке, ұйымдасқан қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

БҰҰ шеңберінде әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін Семей өңіріндегі жағдайды сауықтыруға жұмылдыру жөнінде айтарлықтай жұмыс тындырылды. БҰҰ Бас Ассамблеясының «Қазақстандағы Семей өңірінің халқын және экологиясы мен экономикалық дамуын сауықтыру мақсатында халықаралық ынтымақтастық және қызметті үйлестіру» қарарлары қабылданды. Бұл қарарларға сәйкес Семей өңіріне көмек көрсетудің халықаралық бағдарламасы жүзеге асырылуда.

2002 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұрақты даму бойынша Йоханнесбург саммитінде Арал экологиялық апат аймағын атап өтті. БҰҰ аясында жаһандық экологиялық мәселелерді қарастыруды ұсынды.

2009 жылы желтоқсанда Қазақстанның бастамасы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясы Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық күн деп 29 тамызды бекітті.

2016 жылы Вашингтонда өткен IV Ядролық қауіпсіздік жөніндегі Саммитте Н.Ә. Назарбаев «Әлем: XXI ғасыр» Манифесін жариялап, ядролық қарусыз әлем құру, ғаламдық ядролық қауіпті қысқарту саласында халықаралық қауымдастықтың күш-жігерін үйлестіру маңыздылығы туралы бастамалар жасады. Қазақстан басшысының бағдарламасы халықаралық қауымдастықтың қызу қолдауын туғызды.

#### **Қазақстанның бітімгершілік ұстанымы**

2003 жылдың мамыр айында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі елді қалпына келтіруде Ирак халқына көмек көрсету туралы бастама көтерді. Осы бастаманы қолдаған ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2003 жылдың мамырында Ирактың соғыстан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарына көмек беру үшін бітімгершілік миссиясын жіберу мәселесін қарастыруды өтініп, Парламентке ұсыныс түсірді. Қазақстандық бітімгершілік миссиясы өз жұмысына 2003 жылдың тамызында кірісті. Бес жылда олар төрт



миллиондай жарылу қауіпі бар заттарды залалсыздандырып, 6718 текше метр суды тазартты. Қазақстандық инструкторлар Ирактың әскери академиясында жүздеген курсантты саперлік істерге үйретті, ал әскери дәрігерлер мыңдаған тұрғындарға медициналық көмектер берді.

БҰҰ бітімгершілік іс-шараларына тікелей қатысумен қатар, Қазақстан Орталық Азия мемлекеттеріндегі ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін үлкен дипломатиялық қызмет атқарып, бұл елдерге қаржылық қолдау көрсетті. Мысалы, 2007–2011 жылдары Қазақстан Ауғанстан халқына гуманитарлық көмек көрсету үшін айтарлықтай қаржы бөлді.

2017 жылғы қаңтарда Астанада Ресей, Түркия және Иранның бастамасымен Сирия мәселесі бойынша бейбіт келіссөздер жүргізілді.

Қазақстан Сириядағы шиеленістерді реттеуге мүмкіндігінше қол ұшын созып келеді. Астанада 2017 жылдың қаңтарынан бүгінгі күнге дейін Сириядағы жағдайды бейбіт түрде реттеу мәселелері бойынша жоғары деңгейдегі оншақты халықаралық кездесу ұйымдастырылды. Астана үдерісіне Сириядағы атысты тоқтату бойынша кепілгер мемлекеттердің – Ресей, Иран және Түркия делегациялары, Сирия үкіметі мен қарулы оппозициясының өкілі, БҰҰ және өзге де мүдделі мемлекеттердің өкілдері қатысуда.

Қазақстан астанасында ұйымдастырылған пікір алаңы көпжылдық шиеленіс тарихында алғаш рет соғысушы тараптарды бір үстел басына жинай алды және ортақ шешімдер шығарып, мақұлдауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, кепілгер мемлекеттер Сирияда төрт деэскалация аймағын құруға уағдаласты.

2016 жылы маусымда Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің 2017–2018 жылдарға тұрақты емес мүшесінің бірі болып қабылданды. Қазақ елі өлемдегі ең ықпалды ұйымның Қауіпсіздік Кеңесіне Орталық Азиядан мүшелікке сайланған бірінші ел болды. БҰҰ-на мүше 193 елдің 138-і Қазақстанның кандидатурасын қолдап дауыс берді. Бұл Қазақстанның халықаралық деңгейдегі биік беделінің, оның жаһандық және өңірлік мәселелерді реттеуге, ядролық қарусыздану және таратпау мәселелерін ілгерілетуге қосқан бірегей үлесінің жарқын көрінісі саналады.

XXI ғасырда Қазақстан өлемнің аса ірі халықаралық ұйымдарын басқарып, өзінің тарихында ең жоғары халықаралық мәртебеге ие болды. Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда «Біздің ірі жетістіктеріміздің қатарында 56 мемлекетті біріктіретін ЕҚЫҰ-ға төрағалықты және 1,5 млрд-тан астам халқы бар 57 ел қатысушы мемлекеттің қолдауына ие



болған ИЫҰ (Ислам ынтымақтастығы ұйымы) төрағалығын» айтуға болады.

Қазақстан Халықаралық көрмелер бюросы 157 мүшесінің дауыс беруі нәтижесінде «ЕХРО–2017»-ні ұйымдастырушы елге айналды. 2012 жылы Қазақстан Республикасы өз елінде халықаралық көрме өткізу құқығын үлкен бәсекелестікте жеңіп алды. Париж қаласында Халықаралық көрмелер бюросының Бас ассамблеясына қатысушы 161 мемлекеттің 103-і Астананы қолдап дауыс берді. Бұл Қазақстанның зор табысы еді. Астана қаласында өткен бұл көрме әлемдік экономика тарихында «ЕХРО–2017» деген атпен қалды. «ЕХРО–2017» Орталық Азия өңірі және ТМД аумағында өткізілген алғашқы бүкіләлемдік көрме болды. ЕХРО көрмесі – бұл мәні жағынан бүкіләлемдік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы жағынан әлемнің ең танымал спорт жарыстарымен теңдес ауқымды оқиға.

### **Шанхай ынтымақтастық ұйымы**

Қазақстан тек Орталық Азия аймағында ғана емес, Еуразия аймағында да ықпалдастыққа ұмтылуда. Әсіресе, Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) алатын орны ерекше. 1996 жылы 6 сәуірде Шанхайда бес мемлекет – Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан «Шеғара аймағында әскери салада сенімді бекіту туралы келісімшартқа» қол қойып, Шанхай ынтымақтастық ұйымының негізін қалады. *ШЫҰ – бұл әскери одақ емес, ол аймақтық қауіпсіздік саласындағы ықпалдастықпен қатар, экономика саласындағы байланыстарға ұмтылатын ұйым болып табылады.*

2017 жылдың маусымында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысы өтіп, оның қорытындысы бойынша Астана декларациясы және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ШЫҰ конвенциясы қабылданды. Сонымен қатар Пәкстан мен Үндістан ШЫҰ-ға толыққанды мүше ретінде кірді.

**Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлантика келісімі ұйымы (НАТО)** арасындағы екіжақты ынтымақтастық 2002 жылдың қараша айында Н.Ә. Назарбаев пен осы ұйымның бас хатшысы Джордж Робертсон арасындағы кездесуде қол жеткізілген уағдаластық шеңберінде іске асты. 2006 жылы Қазақстан мен НАТО арасындағы әріптестік өзара іс-қимыл жоспары деңгейіне көтерілді. Бұл жоспар аймақтық және халықаралық қауіпсіздік, Қазақстан Қарулы Күштерін жетілдіру, жедел шараларға қатысу, терроризмге қарсы күресте өзара ынтымақтастық, ғылым мен экология салаларына бағытталды.



2006–2007 жылдары Қазақстан Қарулы Күштері мен НАТО күштері бірлесіп, «Кең даладағы қыран» терроризмге қарсы оқу-жаттығу ойындарын өткізді.

#### **Еуразиялық экономикалық қауымдастық**

Еуразиялық экономикалық қауымдастық 2000 жылы Астана қаласында халықаралық экономикалық ұйым ретінде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған Еуразиялық экономикалық қауымдастық (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ) құру туралы шартқа сәйкес құрылды.

ЕурАзЭҚ-ты құру туралы шартқа Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы келісімде айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық тұжырымдамасы негізге алынған. 2003 жылғы ақпанда Мәскеуде ЕурАзЭҚ-тың алғашқы Экономикалық форумы өтіп, онда ынтымақтастықтың әртүрлі бағыттары бойынша сындарлы пікір алмасулар болды және ұсыныстар енгізілді. 2007 жылы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің отырысы өтті. Онда ЕурАзЭҚ-қа мүше үш мемлекет – Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы – құрып жатқан кеден одағы шарттық-құқықтық базасының негізі қаланды. 2008 жылғы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің кезекті отырысында ЕурАзЭҚ-тың кеден одағын қалыптастыру және біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы мәселелер қаралып, тиісті құжаттарға қол қойылды. ЕурАзЭҚ-ты құрушылардың бірі болып табылатын Қазақстан оның қызметіне белсенді түрде қатысады және ЕурАзЭҚ-тың жарғылық құжаттарында негізі қаланған, сондай-ақ қауымдастықтың нормативтік-құқықтық базасында пысықталған интеграциялық әлеуетті кең ауқымда пайдаланады.

ШЫҰ мен АӨСШК – тұрақтылық пен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жағынан мақсаттары мен міндеттері ұқсас құрылымдар. Бірақ бұл екі ұйым бірін-бірі қайталамайды әрі бір-біріне қайшы келмейді. Шанхай ынтымақтастық ұйымы оған мүше мемлекеттердің нақты құқықтары мен міндеттемелеріне негізделген. Ал АӨСШК өзекті де өткір мәселелерді еркін талқылауға және оның шешу жолдарын іздеуге арналған кеңейтілген форум болып табылады.

#### **Қазақстан мен Бүкіләлемдік экономикалық форум (БЭФ)**

2000 және 2002 жылдары Алматы қаласында Қазақстан ғана емес бүкіл Орталық Азия үшін бұрын болып көрмеген тарихи оқиға – Бүкіләлемдік экономикалық форумның (БЭФ) шеңберінде бірінші және екінші Еуразиялық экономикалық саммиттер өтті. Бүкіләлемдік экономикалық форум сияқты аса беделді ұйымның осындай шешім қа-



былдау себебі – Қазақстанды аймақтық көшбасшы ел әрі Орталық Азия мемлекеттері арасындағы экономикалық әріптестікке лайықты мемлекет деп танығандықтың белгісі еді.

#### **АӨСШК және оның саммиті**

Терроризмді жою, өркениеттер диалогін қолдау, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде АӨСШК маңызды дәл атқарады. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) құру туралы идеяны ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы қазандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында ұсынды. Ұйымның негізгі мақсаты – Азия аймағындағы бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты көпжақты қарым-қатынастар орнату және осы мәселелерді шешу барысында ынтымақтастықты нығайту. 2002 жылы Алматыда АӨСШК-ге мүше мемлекеттер өкілдері қатысқан бірінші саммит болып өтті. Саммитте мемлекет және үкімет басшылары АӨСШК іс-әрекетінің тиімділігін арттыру үшін оған қажетті құрылым мен институттар жасау жөнінде шешім қабылдады. Сыртқы істер министрлеріне ұйымның хатшылығын құру жөніндегі барлық аспектілерді аяқтау туралы тапсырма берілді. Саммит жұмысының нәтижесінде терроризмді жою және өркениеттердің өзара диалогін жүргізуге ықпал ету туралы Алматы актісі мен декларация қабылданды. Екінші саммит 2004 жылы өтті.

**Қазақстан ЕҚЫҰ-ға және ИЫҰ төрағалық еткен уақытта қандай өзгерістер болды?**

2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі барысында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының 10 жыл сайын өтетін кезекті саммиті Астана қаласында үлкен табыспен өткізілді. Оған БҰҰ, ЕО, ИЫҰ, НАТО, ШЫҰ, ҰҚШҰ және т.б. халықаралық және аймақтық беделді ұйымдар делегациялары қатысты.

Саммит жұмысының қорытындысында Астаналық «Қауіпсіздік қауымдастығын қарсы алу қадамы» атты декларация қабылданып, онда Еуроатлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздік моделін құру міндеті туралы айтылды.

Қазақстанның 2011 жылы аса ірі халықаралық Ислам конференциясы ұйымына (ИКҰ) төрағалыққа сайлануы – отандық дипломатияның үлкен жеңісі еді. Қазақстанның төрағалық етуі барысында 2011 жылы Астана қаласында өткен 38-сессияда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен Ұйымның атауы Ислам ынтымақтастық ұйымы (ИЫҰ) деп аталатын болды. Қазақстанның ИЫҰ-да төрағалық ету барысында штаб-пәтері



Астанада болатын азық-түлік қауіпсіздігі органын құру, ЕО, ЕҚЫҰ, АӨСШК ұйымдарымен ынтымақтастықты тереңдету, ШЫҰ және G-20 елдерімен қарым-қатынас орнату, Қазақстанның ядролық қаруды таратпау саласындағы бастамасын қолдау және Ауғанстанның жағдайын тұрақтандыруға көмек беру секілді шешімдер қабылданды.

**Сұрақтар:**

1. Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықтың басты бағыттарын атаңдар.
2. Шегараны делимитациялау және демаркациялау үдерісі қалай жүргізілді?
3. Қазақстанның Ирактағы бітімгершіл күштерінің мақсаты неде еді?
4. Қазақстан–Америка әріптестігінің нәтижелері қандай?
5. Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасының негізгі бағыттарын атап өтіңдер.
6. Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы қандай деңгейде?
7. ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, АӨСШК секілді өңірлік құрылымдардың сипаты неде?
8. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудегі рөлі қандай?
9. ИЫҰ-ның дамуындағы Қазақстанның маңызы неде?

**1-тапсырма.** «Қазақстанның әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық байланысы» кестесін толтырыңдар.

Қазақстанның сыртқы қарым-қатынас орнатқан мемлекеттері	Стратегиялық байланыс орнатқан салалар	Келісімдер мен құжаттар атаулары	Қол жеткізген табыстар

**2-тапсырма.** «Қазақстанның халықаралық ұйымдармен байланысы» кестесін толтырыңдар.

Халықаралық ұйым	Маңызды оқиғалар	Құжаттар, келісімдер	Қазақстан үшін тиімділігі



**3-тапсырма.** «Қазақстанның жаһандық өлемдегі ұстанымдары» тақырыбында эссе жазыңдар.

*Оқушылардың нақты әрекеттері:*

- Қазақстанның жаһандық өлемдегі ұстанымдарын айқындайды;
- ұстанымдардың өзара байланысын көрсетеді;
- ұстанымдардың ұйымдасу қағидаттарын анықтайды;
- ұстанымдардың мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін анықтайды;
- фактілер мен тұжырымдар, себеп-салдарлар арасындағы байланысты орнатады;
- деректердің маңыздылығын бағалап, қорытынды шығарады.

## §26. Нұр-Сұлтан (Астана) – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы

*Зерттеу сұрағы:* Астананы көшіру нәліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?

Бұл сабақта Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Мегаполис	Megapolis
Геосаясат	Geopolitics
Коммуникация	Communication
Композиция	Composition
Резиденция	Residence

**Геосаясат** – мемлекеттердің немесе мемлекет одақтарының жергілікті, аймақтық, құрлықтық және өлемдік халықаралық үдерістердегі орны мен нақты тарихи ықпалын түсіндіретін теория.

**Мегаполис** – қалалар мен елді мекендердің қосылуы нәтижесінде пайда болатын ірі қоныстану аймағы.

**Коммуникация** – ақпарат алмасу үдерісі, байланыс желісі.

**Композиция** – көркемөнер туындысы құрамдас бөліктерінің тұтастығы, бір-біріне және жалпы мүддеге бағындырылған мақсатты көркем құрылым.

**Резиденция** (лат. residere – орнында қалу) – мемлекет, үкімет басшысының, сондай-ақ ірі мемлекеттік әкімшілік қызметтегі тұлғалардың мекені, келген жері.



**Интеграция**

**География** пәні бойынша Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО–2017 тақырыптарымен байланыстыру.

**Есіңе түсірі!**

Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар.

**Қызықты дерек**

Қазақстан ТМД кеңістігінде ЭКСПО-ны өткізу құқығын бірінші болып иеленді.

Астана жерінде ежелгі заманнан бері осы өңірдің әкімшілік орталығы, сонымен қатар Ұлы Жібек жолы бойында қыпшақ билеушілерінің әскери ордасы болған, VIII–XVII ғасырларға жататын Бозоқ қалашығы табылды.

**Қазақстан Республикасы астанасының ауысу себептері қандай?**

Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі өзгерістердің бірі астананың ауысуы болды. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің «Қазақстан жолы» атты еңбегінде астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім қабылдас бұрын ұзақ ойланғанын, барлық қадамдарын есептеп, тарихшылармен, саясаттанушылармен, мәдениеттанушылармен ақылдасқанын, басқа елдердің астаналарын көшіру тарихымен танысқанын айта келіп, астананы ауыстырудың негізгі себептерін былайша түйіндейді:

*Біріншіден*, астананы ауыстыру Қазақстанды геосаяси жағынан күшейтудің қажеттігінен туындады. Сондықтан елдің бас қаласының орнын анықтауға ерекше көңіл бөлінді. Астана өзіне еуропалық және азиялық озық дәстүрлерді сіңіріп отырған Еуразия құрлығының орталығы болып табылады.

*Екіншіден*, бұл шешімді қабылдағанда қауіпсіздік мәселесі де еске алынды. Тәуелсіз мемлекеттің астанасы, мүмкіндігінше, сыртқы шеғараларынан жырақта және елдің ортасында орналасуы тиіс.

*Үшіншіден*, астананың орнын ауыстыру Қазақстанның экономикасын сауықтыру қажеттігінен де туындады. Ол елдің экономикасы үшін тиімділікті қамтамасыз етті. Облыс орталықтары дами бастады, экономиканың құрылыс материалдары өндірісі, жол төсеніштері, энергетика және машина жасау сияқты салалары аяғынан тік тұрды. Тұрғын үй құрылысы бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен дамуда.



*Төртіншіден*, астананы көшіре отырып, құрамы жағынан көпұлтты ел, тұрақты полиэтникалық мемлекетті құру, Қазақстанды мекендеп отырған халықтардың арасындағы достықты сақтау бағытын да есте ұстадық.

Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 6 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының астанасын ауыстыру туралы» қаулысы тәуелсіз мемлекетіміз астанасының тағдырын шешті. 1995 жылы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Жарлығы, 1997 жылдың 20 қазанында «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлығы шықты. 1997 жылы 8 қарашада Ақмолага мемлекеттік билік атрибуттары – Ту, Елтаңба мен Президент байрағы әкелінді.

1997 жылдың 10 желтоқсанында Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық етуімен Парламент пен Үкіметтің біріккен мәжілісі өтті. Осы күннен бастап Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болып танылды.

1998 жылдың 6 мамырында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының аты Астана болып өзгертілді. Қазақстан Республикасы астанасының ресми тұсаукесері 1998 жылдың 10 маусымында өтті. 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен Қазақстан астанасына «Бейбітшілік қаласы» мәртебесі беріліп, медаль табыс етілді.

#### **Серпінді елдің сәулетті Астанасының ерекшеліктері қандай?**

1995 жылы «Жаңа астана» арнайы қоры құрылды. Қаланы одан өрі дамытуда 1996 жылы Астананы еркін экономикалық аймақ деп жариялаған шешім маңызды рөл атқарды. Қаладағы құрылыс жұмыстары кең масштабпен құлаш жайып, Астана халықтың көз алдында жайнап сала берді. Астанадағы ірі архитектуралық-көркем композициялардың бірі «Астана–Бәйтерек» монумент ескерткіші. Оның биіктігі – 97 метр. Монумент астананың барлық көрінісіне шолу жасауға болатын көру алаңшасы бар өзгеше ғимарат.

Сол жақ жағалауда «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясының ғажайып ғимараты тұрғызылды. Көлік және коммуникациялар, Қорғаныс, Сыртқы істер министрліктерінің және Ұлттық кітапхана мен мұрағаттың ғимараттары салынды.

ҚР Президентінің резиденциясы – Ақорда, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің, Үкімет пен министрліктердің бірнеше ғимараттары бой көтерді.

Астанада көптеген су бұрқақтары мен саябақтар салынуда. 2001 жылдан бастап жабдықталуы бойынша теңдесі жоқ республикалық клиникалық аурухана жұмыс істейді. Республикадағы білікті маман



дайындаудың жетекші орталықтарының бірі – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ашылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен ашылған халықаралық деңгейдегі Nazarbayev University – Назарбаев университеті жемісті жұмыс жасауда.

Президенттік мәдениет орталығында тарихи мұражай, қоғамдық кітапхана мен органды концерт залы орналасқан. Астананың көрнекі «Атамекен» этномемориалдық паркінде Қазақстанның барлық облыстары макеттік түрде көрініс тапқан.

2013 жылдың шілдесінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы республикалық мекемесін» құру туралы үкіметтің қаулысы қабылданды. Мұражай Тәуелсіздік алаңында «Қазақ елі», «Тәуелсіздік сарайы», «Бейбітшілік және келісім сарайы», Өзірет Сұлтан мешіті, Ұлттық өнер университеті орналасқан біртұтас архитектуралық кешенге үйлесімді келбет береді.

Қазіргі кезде Астана – бүкіләлемдік сұхбат алаңына айналды. Себебі Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері өткізіледі. Астанада ЕҚЫҰ саммиті, Ислам конференциясы ұйымының (ИКҰ) отырысы өтті.

2012 жылы Астана түрік әлемінің мәдени астанасы болып таңдалды. 2012 жылы Астанада «Ядролық қарусыз әлемге» атты Астана форумы өтті. 2014 жылы үш мемлекеттің (Қазақстан, Ресей, Беларусь) президенттерінің қатысуымен Астанада Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы келісімге қол қойылды. Сонымен қатар «ЕХРО–2017» көрмесінің Қазақстанда, Астанада өткізілуі – елорда беделінің артқандығының куәсі. «ЕХРО–2017» көрмесінің нәтижесінде Астанада құрылыс-инфрақұрылымдары мен мәдени-сауықтық қадамдар мен шаралар, қауіпсіздік және «ақылды қала» жобасы жүзеге асырылды. Елордада жаңа вокзал (Астана–Нұрлы жол) мен Нұрсұлтан Назарбаев атындағы жаңа халықаралық әуежай салынды.

1997 жылы Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарға әр қаланы қалың орманмен қоршауды ұсынды. Мемлекет басшысының пікірі бойынша, «жасыл белдеу» қаланы шаңды дауылдардан, қысқы борандардан қорғау керек, әрі экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал тигізеді. 2014 жылы Астанада 1 миллионға жуық көшет отырғызылды. Екпе ағаштарды 2027 жылға дейін отырғызу жоспарланған.

Астана Нобель сыйлығы лауреаттарының қатысуымен өтетін әлемнің барлық іскерлік қауымдастығының үйреншікті, экономикалық форумның тұрақты өткізілетін орнына айналды.



Бүгінде Астана – елдің ірі мегаполисі, жаңа ұрпақтың қаласы, Қазақстанның үйлесімді дамып келе жатқан елордасы. 2008 жылдың 6 маусымында Астана қаласының 10 жылдық, 2013 жылы 15 жылдық, 2018 жылы 20 жылдық мерейтойы аталып өтті. Астана барлық қазақстандықтардың мақтанышына айналды.



Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 23 наурыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы Нұр-Сұлтан қаласы деп аталатын болды.

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттердің тақырыпқа қандай байланысы бар?
2. Суреттерді байланыстырған кезде қандай тарихи үдеріс туралы мағлұмат аламыз?
3. Суреттерде қай тарихи тұлғалар бейнеленген?
4. Суреттегі тарихи тұлғалардың Елорда тарихында алатын орнын сипаттаңдар.

**2-тапсырма.** Дерекпен жұмыс.

1. Деректен Қазақстан астанасының ауысуы жөнінде қандай мағлұмат ала аласың?
2. Қазақстанның астанасын ауыстыру қалай жүзеге асырылды?
3. Астананы дамыту үшін қандай міндеттемелер белгіленді?



Дерек

## Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына және «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» 1994 жылғы 6 шілдедегі Республика Жоғарғы Кеңесінің қаулысына сәйкес қаулы етемін:

1. Былай деп белгіленсін:

Республиканың Парламенті мен Үкіметі Ақмола қаласына көшірілгенге дейін Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласы болып табылады.

Республиканың Президенті резиденциясының тұратын жері Ақмола және Алматы қалалары болып табылады.

2. Жоғары және мемлекеттік органдарды Ақмола қаласында орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік комиссиясы құрылсын, оған осы мақсатта орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру құқығы берілсін.

3. Республика Үкіметі:

Ақмола қаласын абаттандыру жөніндегі бюджеттен тыс қаражатты жинақтау мақсатында «Жаңа астана» қорын тағайындасын.

Ақмола қаласының құрылысы мен инфрақұрылымын дамытуға қатысушы инвесторларға салық, кеден және өзге де жеңілдіктер беру жөніндегі ұсыныстарды дайындап, Республика Президентінің қарауына енгізісін.

Осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде өзге де қажетті шараларды қолдансын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВ. Алматы, 1995 жылғы қыркүйектің 15-і. «Егемен Қазақстан», 16.09.95.*

#### Сұрақтар:

1. Астананы ауыстырудың себебін ата, Республика астанасы Ақмола қаласына қай жылы көшірілді?
2. Астана қаласының онжылдық мерейтойы қашан атап өтілді?
3. Астана қаласының жиырма жылдық мерейтойы қашан атап өтілді?
4. Жаңа Астананың тарихи маңызы неде?



5. Астананың Еуразия құрлығындағы мегаполис ретіндегі маңызы қандай?
6. Жаңа Астананың келбетін сипаттаңдар. Астанада тарихи маңызды қандай ғимараттар бар?
7. Астанада қандай ілгері жобалар жүзеге асты?
8. Астанада қандай халықаралық деңгейдегі оқиғалар өтті?
9. Астана қаласын салудың тарихи маңызы неде?

**3-тапсырма.** Егер бұл тапсырманы орындасаңдар, 1997 жылғы экономикалық күйзеліс жағдайында ҚР астанасының неге ауыстырылғанын анықтайсыңдар.

Ережесі: Тақырыпқа байланысты мәліметті қолданып, сұрақтарға жауап беріңдер:

1. ҚР астанасының ауыстырылу себептері.
2. ҚР астанасының Қазақстанның дамуына ықпалы.
3. ҚР жаңа астанасының экономикалық және географиялық тұрғыдан жағымды жақтары.

**4-тапсырма.** «Астана – жаңа Қазақстан өркендеуінің нышаны» тақырыбы бойынша STEEPLE талдау жасаңдар.

S – өлеуметтік-демографиялық маңызы

T – технологиялық маңызы

E – экономикалық маңызы

E – қоршаған орта үшін маңызы

P – саясат үшін маңызы

L – құқықтық маңызы

E – этникалық факторлар

**5-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттерге қарап, ғимараттардың атауларын анықтаңдар.
2. Аталған ғимараттардың Елорда мен Қазақстанның тарихындағы рөліне баға беріңдер.





## §27. «Қазақстан–2050» Стратегиясы

*Зерттеу сұрағы:* «Қазақстан–2050» Стратегиясы қандай жаңа саяси бағыт-ты белгіледі?

Бұл сабақта ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Патриотизм	Patriotism
Инфляция	Inflation
Ұлттық қор	National fund
Фермерлік	Farmers
Жемқорлық	Corruption
Этика	Ethics

**Патриотизм** (грек. *patris* – отан, атамекен) – өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, өз Отанын қорғауды мақсат тұтатын, атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі.

**Инфляция** (лат. *inflatio* – «қабыну», «ісіну») – бұл бағаның өсуінен, тауарлар тапшылығынан және тауарлар мен қызметтер сапасының төмендеуінен туындайтын ақшаның құнсыздануы, сондай-ақ оның сатып алу қабілетінің төмендеуі.

**Ұлттық қор** – Үкіметтің Ұлттық банктегі шотында шоғырландырылатын, қаржылық активтер түріндегі, сондай-ақ материалдық емес активтерді қос-



пағанда, өзге мүлік түріндегі мемлекет активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры болып табылады.

**Фермерлік** – ет-сүт не басқадай өнім өндірумен шұғылданатын, мал өсіретін шаруашылық (негүрлым ірі кәсіпорынның бөлімшесі не дербес кәсіпорын).

**Жемқорлық** (лат. *corruptio*) – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.

**Этика** (грек. *ethos* – дағды, өдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі.

### Интеграция

**География** пәні бойынша әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары; адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері; Қазақстанда адамдық капиталды дамыту; Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары; Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы; Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі; Елтану және саяси география негіздері; дүниежүзі елдері. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамапары. Биотехнология және гендік инженерия келешегі.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні. Қазақстандағы туризм және экотуризм тақырыптарымен байланыстыру.

### Есіңе түсір!

«Қазақстан–2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең.

### Қызықты дерек

Қазақстан халқының жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі бойынша 2016 жылы дүниежүзілік экономикалық форумының бәсекеге қабілеттілігінің жаһандық индексі рейтингінде 52 орын алды, бұл 2010 жылға қарағанда 14 позицияға жоғары (ХВҚ деректері бойынша).

Қазақстанда әйелдер үй жұмысына (ас өзірлеу, кір жуу, ыдыс-аяқ жуу, жинау және т.б.) күніне орташа 4 сағат 6 минут жұмсайды.

**1-тапсырма.** Инфографикаға қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мына инфографика қай жылдарға қатысты?
2. Бұл инфографикадан қандай ой түйдің?





### «Қазақстан – 2050» Стратегиясының Қазақстан дамуындағы маңызы қандай?

1997 жылы қабылданған «Қазақстан – 2030» бағдарламасы негізгі базалық өлшемдері бойынша мерзімнен бұрын орындалды. Енді ел дамуының ұзақ мерзімге арналған жаңа кезеңін айқындау қажеттігі туындады. 2012 жылы 14 желтоқсанда Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев республика халқына арналған жаңа Жолдау жариялады. Ол «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталды. «Қазақстан – 2050» Стратегиясында мемлекеттің болашағы көрініс тапты. Жолдауда «қалыптасқан мемлекет» деген жаңа ұғым қолданылды. Бұл өткен 20 жыл ішінде тәуелсіздіктің баянды болып, ел іргесі қаланып, Қазақстан өлемдегі 50 іргелі, мықты мемлекеттің бірі болды деген саяси тұжырым. Мемлекет басшысы енді бұл бағдарламада Қазақстанды 2050 жылы дамыған 30 елдің қатарына жеткізу міндетін қойды.

Жолдауда осыған жету жолында іске асырылуы тиіс 7 саяси бағытты айқындап берді:

1. Пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне, экономикалық прагматизмге негізделген экономикалық саясат жүргізу.
2. Ұлттық экономиканың жетекші күші болатын кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау.

3. Әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік сияқты жаңа қағидаттарға негізделген әлеуметтік саясат.

4. Заманауи білім беру жүйесін, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарын түзу.

5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту.

6. Ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға мүмкіндік беретін дәйекті және болжамды сыртқы саясат жүргізу.

7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.

Елбасы Жолдауда 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құруды, қасиетті Отанымызды «Мәңгілік Ел» етуді мақсат етіп қойды.

Бұл Жолдау еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың басым бағыттарын белгілеп берді. Бұл барша Қазақстан халқына үлкен серпіліс оятқан бастама болды. Әрине, бұл межеге жету оңай емес. Қазақстан дамушы елдер арасында осындай биікке көтерілу үшін бәсекелестіктің қатал сынына төтеп беруі керек.

**2-тапсырма.** «Қазақстан–2050» Стратегиясының логотипі қандай және нені білдіреді?

**Сұрақтар:**

1. «Қазақстан–2050» Стратегиясы қашан және неліктен қабылданды?

2. «Қазақстан–2050» Стратегиясында қандай мақсат-міндеттер қойылды?

3. «Қазақстан–2050» Стратегиясы қабылдануының Қазақстан үшін маңызы қандай?

4. «Қазақстан–2050» Стратегиясындағы ұстанымдарды орындау үшін сен не істей аласың?



**3-тапсырма.** Дерекпен танысып, Стратегияның 7 негізгі бағыты бойынша PEST талдау (саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық) жасаңдар.

**Ескерту:** Деректің толық нұсқасын интернет желілеріндегі мемлекеттік органдардың ресми сайттарынан, БАҚ беттерінен немесе хрестоматиядан таба аласыңдар.

**ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚСТАН-2050»  
СТРАТЕГИЯСЫ – ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ  
БАҒЫТЫ» АТТЫ 2012 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ  
ЖОЛДАУЫНАН ҮЗІНДІ**

1. Түгел қамтитын экономикалық прагматизм.
2. Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау.
3. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік.
4. Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары.
5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту.
6. Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту.
7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.

**4-тапсырма.** Мәтін мен деректерді (Стратегия-2050) пайдаланып, «Қазақстан-2050» Стратегиясын **ФОРСАЙТ** (көзделген болашақ) әдісі бойынша талдаңдар.

Талдау сұрағы	Жауабы
«Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылған болашақ сені қанағаттандырады немесе қанағаттандырмайды? Өз жауабыңды дәйекте.	
Қазақстан дамуының қандай сценарийі сені қанағаттандырады?	
Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін бізде не бар? Не жоқ?	
Барды қалайша ұтымды пайдалануымыз қажет?	
Жоқты қалай бар қыламыз?	
Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін біз не істеуіміз қажет?	
Көзделген болашаққа жету үшін шаралардың реттілігі қандай болмақ?	



## §28. Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары

*Зерттеу сұрағы:* «5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» ұлт жоспары неліктен қабылданды?

Бұл сабақта ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Институционалды	Institutional
Агенттік	Agency
Тариф	Tariff
Трансұлттық корпорация	Transnational corporation
Авиациялық хаб	Aviation hub
Индикатор	Indicator

**Институционалды реформа** – мемлекеттік мекемелерге және әлеуметтік институттарға қатысты реформа.

**Агенттік** – өкілетті мекеме, бөлімше. Белгілі мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік міндеттер атқаратын мекеме.

**Тариф** (арабша *tarif* – түсіндіру, анықтау) – коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсетуші мемлекеттік мекемелердің фирмаларға және халыққа көрсететін түрлі қызметтері үшін ақы төлеу жүйесі.

**Трансұлттық корпорация** – келісілген саясат пен ортақ стратегия жүргізуге мүмкіндік беретін шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес екі немесе одан көп елде жұмыс істейтін бөлімшелері бар, орналасқан еліне, меншік нысанына тәуелсіз, жекеше, мемлекеттік немесе аралас кәсіпорын; шетелге тікелей қаржы (инвестиция) салушы фирма.

**Авиациялық хаб** – жолаушыларды, багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді межелі орынға жеткізуде авиакомпаниялар пайдаланатын рейстерді ұйымдастыру үшін қажетті инфрақұрылымы бар авиакөліктік әуежай.

**Индикатор** – жұмыс үдерісі кезіндегі мәліметтердің өзгерісін көрсететін көрсеткіш.

### Интеграция

**География** пәні бойынша әлеуметтік-экономикалық ресурстар, ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары, адам өлеуеті даму индексінің көрсеткіштері, Қазақстанда адамдық капиталды дамыту, Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары, Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы, Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі, Елтану және саяси география негіздері, дүниежүзі елдері, Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары. Биотехнология және гендік инженерия келешегі, Қазақстандағы туризм және экотуризм тақырыптарымен байланыстыру.

*Дүниежүзі тарихы* пәні бойынша қазіргі әлемнің жаһандануы, жаһандану үдерісінің мәні.

**Есіңе түсірі!**

«Қазақстан–2050» Стратегиясы.

**1-тапсырма.** Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттің тақырыппен қандай байланысы бар?
2. Суреттен қандай ой түйдің?



**Ұлт жоспары болып табылатын 5 институттық реформаның мақсат-міндеттері қандай?**

Елбасы 2015 жылғы наурыздағы сайлауалды бағдарламасында елімізді алдағы 10–15 жылда өркендетуге арналған Ұлт жоспары болып табылатын 5 институттық реформаны (елімізді өсіп-өркендетудің бес нақты жолын) және оны жүзеге асыруға бағыттайтын 100 нақты қадамды белгіледі. Қазақстан халқы «Елбасының «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары Қазақстан халқын жарқын болашаққа бастайтын жол» деп қолдады.

100 қадамның 76-қадамы (12 жылдық білім беру, мектептегі оқу стандарттарын жаңарту) және 79-қадамы (білім беру жүйесінде (ЖОО-да) жастарды ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшіру, даярланатын кадрлардың бәсекекестік қабілетін арттыру міндеті көзделген) білім саласын қамтыды.

89-қадамда «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру белгіленген. Мектептік білім берудің қолданыстағы бағдар-

ламаларына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу» тапсырмасы қарастырылды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына 2015 жылғы Жолдауында жаңа әлеуметтік саясаттың бес бағытын анықтап берді:

1. Атаулы мемлекеттік көмек нақты мүдделі азаматтарға, олардың тұрмыс жағдайын және нақты кірістерін ескере келіп көрсетілетін болады.

2. Ең төменгі өмір сүру деңгейінің көлемі, оның құрылымын өзгерте отырып, біздің азаматтарымыздың жекелеген нысандарының ерекшелігін (мүгедектер, көпбалалы отбасылар, қарттар) ескере келіп белгіленуі тиіс.

3. Еңбек етуге қабілеттілерге – тек оларды қайта оқыту немесе еңбекпен қамту бағдарламаларына қатысуы негізінде ғана мемлекеттік көмек көрсету.

4. Бұрын қабылданған бағдарламаларға сәйкес білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жаңғыртуды жалғастыру.

5. 2017 жылдан – «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» атты жаңа жоба бастау алады.

**Сұрақтар:**

1. Ұлт жоспары қандай мақсатпен қабылданды?
2. Ұлт жоспары қабылдануының Қазақстан үшін тарихи маңызы қандай?
3. Ұлт жоспарын іске асыруда сен не істей аласың?

**2-тапсырма.** Дерекпен танысып, ең маңызды 5 қадамды таңдаңдар және өз таңдауларыңды түсіндіріп беріңдер.

*Ескерту:* Деректің толық нұсқасын интернет желілеріндегі мемлекеттік органдардың ресми сайттарынан, БАҚ беттерінен немесе хрестоматиядан таба аласыңдар.

**3-тапсырма.** Мәтінмен және дерекпен жұмыс жасап, «5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» ұлт жоспарын РАФТ кестесі арқылы талдаңдар.

*РАФТ кестесі (Рөл, Аудитория, Форма, Тақырып)*

<i>Рөл</i> Мәтін кімнің атынан жазылған?	<i>Аудитория</i> Мәтін кімге арнап жазылған?	<i>Форма</i> Мәтін қандай түрде жазылды, жанры қандай?	<i>Тақырып</i> Мәтін не туралы болады? Мәтінге қандай тақырып қойылады?

*РАФТ тәсілін қолдану қадамдары:*

1. РАФТ кестесін қабырғаға ілу (немесе тақтаға жазу).
2. Осы тақырыпқа қатысты рөлдерді анықтау.
3. Мәтін кімге немесе қандай да бір ұйымдарға немесе аудиторияға арналып жазылатынын анықтау.
4. Рөлдер мен аудиторияға қолдануға болатын жанрларды анықтап, кестенің бағанына жазу.
5. Мәтінге арқау болатын тақырыптарды анықтап, кестенің бағанына жазу.
6. Кестеден қандай да бір рөлді таңдап, нақты бір аудиторияға арнап ыңғайлы жанрда мәтін дайындау.
7. Дайын жұмыстарды тыңдау.

**ҚАЙТАЛАУ МЕН БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА  
АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саладағы саясатын және оның тиімділігін түсіндіріңдер.
2. «Экономикалық және әлеуметтік жаңғыру барында синхронды жүруі тиіс». Бұл пікірмен қаншалықты келісесіңдер? Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді қолданып жауап беріңдер.
3. «Жаһандық бәсекелестік жағдайында халық санының аздығы мен теңізге шығатын жолдың болмауын ел экономикасының ашықтығымен өтеуге болады». Бұл пікірмен қаншалықты келісесіңдер? Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді қолданып жауап беріңдер.

**Дереккөз А**

*Кесте*

**Сыртқы сауда айналымы (млн АҚШ доллары)**


Сыртқы сауда айналымы	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым
2015	7 503,1	5 984,4	5 829,8	6 839,3	6 921,0	7 216,7
2016	4 351,8	4 540,6	4,619,2	4 823,1	4 811,5	4 989,7
2017	5 247,7	5 521,1	6 148,9	6 257,7	6 840,0	6 762,4
2018	6 418,5	6 879,6	7 728,3			



Сыртқы сауда айналымы	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
2015	6 659,6	6 349,6	6 109,4	5 762,6	5 137,0	6 211,0
2016	5 070,4	5 353,6	5 543,7	5 332,7	6 090,1	6 587,2
2017	6 232,5	5 919,0	6 652,2	6 686,0	7 360,3	8 019,0
2018						

**Қазақстан Республикасының экспорты мен импорты  
(1995–2016 жылдар аралығы)**

Дереккөз В. Диаграмма



Дереккөз С

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 40-тан астам әртүрлі бағдарламалар жасалды, соның ішінде екі арнайы бизнесті дамыту бойынша бағдарламалар – «Бизнестің жол картасы–2020» және «Өнімділік–2020». Индустриаландыру картасының аясында 12,1 трлн теңгеден астам сомаға 927 жоба іске асады, осының нәтижесінде құрылыс кезеңінде 235 мың және пайдалану кезеңінде 195 мың шамасында жұмыс орындары пайда болады.

Оның ішінде құны 7,5 млрд теңгеден астам, жалпы сомасы 8,1 трлн теңге 48 аса ірі әлеуметтік маңызы бар жобалар қарастырылған. Оларды





жүзеге асыру 230 мыңнан астам жұмыс орындарының пайда болуына мүмкіндік береді.

Бағдарлама еліміздің экономикасын өртарптаңдыруға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Индустрияландыру картасында агроөнеркәсіптік кешенге (АӨК) және ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеуге – 312 жоба, құрылыс индустриясы мен ағаш өңдеу өнеркәсібіне – 200, машина жасауға – 95, таукен-металлургия саласына – 88, химия өнеркәсібіне – 48 және энергетиканы дамытуға 46 жобалар арналған. Сонымен қоса инвестициялардың негізгі көлемі мұнайды қайта өңдеу және соған байланысты инфрақұрылымда – 2,8 трлн теңге, көлік және коммуникацияда – 2,6 трлн теңге, таукен-металлургия кешенінде – 2 трлн теңге және энергетикада – 1,3 трлн теңге жобаларын жүзеге асыруға бағытталады. Осылардың барлығы жалпы инвестиция көлемінің 70% -дан астамын қамтиды.



Отандық алғашқы локомотив. Астана, 2009 жыл



§29. Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы

*Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?*

Бұл сабақта білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға береміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Басымдықтар	Priority
Прагматизм	Pragmatism
Плюрализм	Pluralism

**Басымдықтар** – артықшылыққа, үстемдікке ие белгілер.

**Прагматизм** – шапшаң әлеуметтік өзгерістер жағдайында тәжірибе мен іс-әрекетке жүгінуге, іс-әрекеттен пайдалы нәтижелер шығаруға бағыттайтын көзқарас.

**Плюрализм** – өздерінің мүдделері, көзқарастары мен пікірлерін білдіру еркіндігін заңмен қамтамасыз ететін, қоғамда түрліше саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың қатар өмір сүруі мен өзара әрекеттестігі. Плюрализм деп, сондай-ақ түрлі пікірлерге төзімділік танытуды айтады.

**Интеграция**

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басындағы ғылым, білім, технологиялар; қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы әлемдік мәдениеттің дамуы.

**География** пәні бойынша әлеуметтік-экономикалық ресурстар; ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары; Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары, кәсіп пен еңбек; ғарышты игеру жетістіктері.

**Құқық негіздері** пәні бойынша еңбек шарты, еңбек құқығы түсінігі тақырыптарымен байланыстыру.

**Есіңе түсір!**

XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда білім беру мен ғылымның дамуы.



**Қызықты дерек**

10–14 жасқа дейінгі балалар оқуға күніне орташа 4,5 сағат жұмсайды.

2016 жылы ұялы телефонды пайдаланушылар саны 99%-ға жетті, ал 2006 жылы – тек 21,4% ғана еді.

**1-тапсырма.** Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттегі ғимараттың тақырыпқа қандай байланысы бар?
2. Ғимараттың Қазақстан үшін маңызы неде?



**1. Орта білім мен жоғары білім беру ісі қалай дамыды?**

Осы кезеңде мектептерде мемлекеттік стандартқа сәйкес бағдарламаны жаңартуға ерекше көңіл бөлінді. Жалпы білім беру мектептеріндегі оқу жүйесі 1984 жылдан бастап 11 жылдыққа көшірілді. 1984 жылғы мектеп реформасы бойынша балалар мектепке 6 жастан баратын болды. 1–4-сыныптар бастауыш, 5–9-сыныптар орта, 10–11-сыныптар толық орта білім беретін сыныптар болып белгіленді. 1985–2000 жылдар аралығында орта білім мен жоғары білім беру саласы түпкілікті өзгеріске ұшырады. 1990 жылдан бастап Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің баламалы жүйесі – отбасылық, коммерциялық және мемлекеттік білім беру мекемелері қарқынды дами бастады. Жалпы білім беретін баламалы мектептер, соның ішінде төлемақысы жоғарылығына қарамастан



жекеменшік мектептер көбейді. Ана тілінде оқытатын мектептер (өзбек, ұйғыр т.б.) саны да артты. Бірқатар мектептерде өзірбайжан, грек, корей, түрік, поляк, татар тілдері ана тілі ретінде оқытыла бастады және олар оқу жоспарына енгізілді. Барлық мектептер ағылшын, француз, араб тілдерін міндетті пән ретінде оқытуға кірісті. Осы жылдардағы мектептегі түбірлі өзгеріс – кеңес мектептеріне тән идеологиялық бірсарындылықтан арылды. Қазақстан тарихы мен мәдениеті толық, жүйелі түрде оқытыла бастады. Қайта құру мен тәуелсіздік тұсында ғана жұртшылық сталинизмнің қорқынышты жылдарының шындығы, ұжымдастыру кезеңдегі миллиондаған адамның қырылу трагедиясы, Екінші дүниежүзілік соғыстың ақиқаты туралы нақты мағлұмат ала алды.

1991 жылдан бастап жаңа үлгідегі мектептер мен арнаулы орта оқу орындары: лицейлер, гимназиялар, кәсіптік-техникалық мектептер, колледждер ашылды. Жекеменшік мектептер мен колледждердің көптеп ашылып, олардың табысты жұмыс істеп жатқанына қарамастан, 1995 жылғы Конституцияда: «Қазақстанда азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті», – деп атап көрсетілді. 1999 жылғы маусымда қабылданған «Білім туралы» Заң жалпы білім беретін мектептердегі оқытуды үш саатылық етіп бөлді: бастауыш (1–4-сыныптар), негізгі (5–9-сыныптар), орта (10–11-сыныптар). Мамандардың пікірінше, бұлайша бөлу оқушылардың білімді меңгеру қабілеттерін толық аша түседі. Дарынды балаларға көмектесу үшін арнайы «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, осы бағдарлама шеңберінде барлық облыс орталықтарында мектеп-интернаттар ашылды. Мұндай жүйені құру, шынында да, жоғары және арнаулы білім алу үшін дарынды жастарды іріктеп алуға мүмкіндік берді.

1996 жылдың соңында шетелдердегі отандастарға мемлекеттік қолдау көрсету шаралары белгіленді. Бағдарлама оралмандар мен олардың балаларын қазіргі заманғы мектептерде оқыту және білімін жетілдіру мақсатын көздеді. Әлемдік өркениет жетістіктерін жылдам игеру мақсатында 1997 жылы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. 2001 жылға қарай мектептердегі компьютерлендіру үдерісі және білім беру ісін басқаруды ақпараттандыру жүйесінің бірінші кезеңі аяқталды.

2009 жылы қаңтар айында Астанада Тұңғыш Президенттің бірінші интеллектуалдық мектебі ашылды.

2006 жылы мектептерді лингафондық мультимедиа кабинетімен және физика кабинетімен жабдықтау үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден 6 миллиард теңге қаржы бөлінді.

2009 жылы «100 мектеп» бағдарламасы бойынша жаңа мектептер мен балабақшалар салынды, мыңдаған мектептерге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Азия даму банкі ұйымдастырған халықаралық зерттеуінің нәтижесінде Қазақстан Азия елдері ішінде білім беру индексі бойынша 1-орынды иеленді.

Еліміз тәуелсіздік алысымен білім саласындағы маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі – жаңа буын оқулықтарын әзірлеп, шығаруға кірісті. Жаңа буын оқулықтарын жазуға, оқу құралдарын дайындау ісіне республикамызға белгілі мамандар мен ғалымдар, әдіскер мұғалімдер, тәжірибелі ұстаздар және білікті баспагерлер мен полиграфистер тартылған. Осы ұжымдық еңбектің жемісі саналатын отандық төл оқулықтар мен оқу құралдары Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен жарық көруде.

Қазақстандық жаңа буын оқулықтары – тәуелсіздіктің бір белгісі, демократиялық даму жолына түскен халықтың өршіл рухын бейнелейді. Бүгінгі күнгі технологиялық талаптардың бәріне толық сай келетін құнды басылымдар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясында еліміздің әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру міндетін қойды. Ел экономикасының қарқынды дамуы білім беру жүйесіне тікелей байланысты. Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76,79, 89-қадамдарын және Білім мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі жаңаша білім мазмұнына кезең-кезеңімен көшу жұмыстарын жүргізді.

90-жылдардың басынан бастап жекеменшік жоғары оқу орындары да ашыла бастады. 2003 жылдың басына қарай республикада 127 жоғары оқу орны болып, оларда 257 мың студент оқыды. Дегенмен студенттердің дені мемлекеттік жоғары оқу орындарында білім алды. Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен жоғарғы кәсіби білікті мамандар дайындайтын сегіз жоғары оқу орнына ерекше мәртебе берілді. Қорғаныс және Ішкі істер министрліктері өз сұраныстары үшін маман кадрлар дайындауға кірісті. Республиканың жоғары оқу орындары осылайша біртіндеп нарықтық қатынастарға бейімделіп қайта құрылды. Жоғары оқу орындарына түскенде жемқорлыққа жол бермеу, талапкерлердің бәріне бірдей жағдай жасау мақсатымен 1999 жылдан бастап арнайы гранттар мен несиелер бөліне бастады. Қабылдау комиссиялары талапкерлер білімін тест тапсырмалары арқылы анықтауға кірісті. 2004 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілді.



Студенттер оқу ақысын төлеу үшін инвестициялық немесе депозиттік банктерден несие ала бастады.

Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен 2009 жылы «Назарбаев университеті» құрылды. Ол зерттеу университеті ретінде жоғары білімнің көшбасшысы болуға бағытталған. Университетте білім беру ағылшын тілінде жүргізіледі. Профессорлық-оқытушылық және ғылыми-зерттеушілік құрам шетелдік тәжірибелі профессорлармен, сонымен қатар шетелде білім алып келген, тағылымдамадан өткен және шет тілдерді меңгерген отандық ғалымдардан тұрады.

**«Болашақ» бағдарламасының Қазақстан үшін қандай маңызы бар?**

1993 жылдың 11 қарашасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы белгіленді. 1994 жылы алғаш рет 187 қазақстандық студент әлемнің 14 елінің жоғары оқу орындарына аттанды. Кеңестен кейінгі кеңістіктегі мемлекеттер тарихында бірінші рет талантты жастардың мемлекет есебінен шетелдерде білім алуына мүмкіндік туды.

«Болашақ» бағдарламасының түлектері мемлекеттік қызметте, білім және денсаулық сақтау жүйесінде, ұлттық компанияларда қызмет етуде. 2008 жылы 30 қаңтарда Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен «Болашақ» халықаралық стипендианттарының екінші форумы өтті.

**Қазақстан ғылымының даму ерекшеліктері қандай?**

Қазақстан ғылымы дамуының жаңа кезеңі Ғылым мен жаңа технологиялар министрлігі құрылған 1992 жылдан басталды. 1993 жылы бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар жаппай сынақтан өткізілді. Мұндай тәсіл ғылымның болашағы зор салаларын анықтауға, маңызды ғылыми орталықтарға нақты көмек беруге мүмкіндік жасады. Университеттерде қазіргі заман талаптарын қанағаттандыра алатын жаңа мамандықтар ашылды. Ғылымға жаңа – өлеуметтанушы, саясаттанушы, мәдениеттанушы кадрлар келді, компьютерлік техника, ақпараттық технологиялар, бизнес пен экономика саласы бойынша мамандар дайындала бастады. Жоғары Аттестациялық комиссия қайта құрылып, ғылыми дәреже беру шарттары қайта қаралды.

Республика ғалымдары Қазақстанның өткен кезеңін, ата тарихын зерттеуге елеулі үлес қосты. Көне заманнан бүгінге дейінгі 5 томдық Қазақстан тарихы, академик Ә.Х. Марғұланның 14 томдық еңбегі т.б. іргелі басылымдар жарық көрді.

Елбасының тапсырмасы бойынша 2013 жылы 5 маусымда Қазақстанның ұлттық тарихын жаңаша зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген алқа отырысы өтті. Мемлекеттік деңгейде



алғаш рет ұйымдастырылған тарих ғылымының мәселелеріне арналған ғылыми жиында заман талабына сай осы ғылымның алдында тұрған мақсат пен міндеттер сараланды. Ғылыми басқосуда Президенттің «Тарих толқынындағы халық» деген атпен тарихи зерттеулерінің арнайы бағдарламасы тарихшылар тарапынан қолдау тапты.

2014 жылы 25 тамызда ҚР Тұңғыш Президенті Жезқазған өңіріне жұмыс сапарымен барғанда бұқаралық ақпарат құралдарына «Ұлытау – ұлт ұясы» деп аталатын тарихи сұхбатын берді. Ел экономикасының жағдайын талқылап, қазақ тарихының өзекті мәселелері туралы тұжырымды пікірлер айтты, қазақстандықтардың алдында тұрған рухани мұраттар, яғни тіл тағдыры, елімізде қалыптасып отырған діни ахуал төңірегіндегі ойларымен бөлісті.

ЮНЕСКО бағдарламасы шеңберінде Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуы республикада кеңінен атап өтілді. 1999 жылы сәуірде Парижде осы оқиғаға арналған халықаралық ғылыми симпозиум өтті. Түркістанның 1500 жылдық мерейтойында «Қазақстан мен түркі әлемінің рухани тарихындағы Түркістан және Қожа Ахмет Ясауи» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Оған Қазақстан мен жақын және алыс шетелдерден 200-ден аса ғалым мен маман қатысты. 2001 жылы 12 шілдеде «Ғылым туралы» Заң қабылданды. 2003 жылы қазанда Ғылым академиясы жаңа заман талабына сәйкес қайта құрылды.

2007 жылы 2000 жылмен салыстырғанда Қазақстан Республикасында ғылымға бөлінетін қаржы 7 есе көбейді.

2001–2005 жылдары ҚР Үкіметінің қаулыларымен ауылшаруашылығы саласы бойынша ғылыми-техникалық бағдарламалар бекітілді.

Ғылымды дамытудың 2007–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, нанотехнология және биотехнология салалары бойынша ірі ұлттық зертханалар, еліміздің жетекші жоо-лар жанынан инженерлік зертханалар ашылды. Қазақстан өзінің алғашқы геостационарлық байланыс және тарату негізінде «KazSat» серігі жобасын жасады.

2008 жылы ғылыми жұмыстарға сараптама жасаудың сапасын арттыру мақсатында Ғылыми-техникалық ақпарат ұлттық орталығымен бірлесіп, «Плагиат-Информ» жобалық бағдарламасы қабылданды.

Елімізде 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Сонымен қатар Парижде ЮНЕСКО деңгейінде «Қазақ хандығына – 550 жыл» тақырыбында халықаралық ғылыми-көпшілік конференция ұйымдастырылды.



## Дерек

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА  
ЖОЛДАУЫ**

**«Қазақстан–2050» Стратегиясы  
қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты  
(үзінді)**

**БІЛІМ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАШЫҚ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІНІҢ, КАДР ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ  
БАҒДАРЫ**

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары

(1) Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек.

(2) «Қазақстан–2050» Жаңа бағытын ескере отырып, Үкіметке 2013 жылдан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы *инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды* қамтамасыз етуді тапсырамын.

(3) *Жеке бизнестің, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарының, жеке адамдардың әлеуметтік жауапкершілігі білім беру саласында айрықша көрінуі керек.* Бұл ең бірінші кезекте лайықты білім алуда оқу ақысын өз бетінше төлей алмайтын жастарға көмек беруге қатысты.

(4) Бізге *оқыту әдістемелерін жаңғырту* және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады.

**Инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты**

Жаңа технологиялық толқын жалына жармасып, теңдессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны жете түсінуге тиіспіз.

Сондықтан біз өте шынайы, барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн.

**7. ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ – БІЗДІҢ КӨПҮЛТТЫ  
ЖӘНЕ КӨПҚОНФЕССИЯЛЫ ҚОҒАМЫМЫЗ ТАБЫСЫНЫҢ НЕГІЗІ**

Үшінші. Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығы.

Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады.

(1) Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз.





Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек.

**Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз.**

Тағы да қайталап айтайын: **қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.**

**(2) Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар, орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз.**

*«Егемен Қазақстан», 2012 жылдың 15 желтоқсаны*

**2-тапсырма.** Дерекпен жұмыс.

1. Деректен Қазақстандағы білім мен ғылым салаларының дамуы жөнінде қандай мағлұмат аласың?

2. Қазақстанның білім мен ғылым салаларында қол жеткізген табыстары жөнінде не айтылды?

3. Деректерге сүйеніп, Қазақстанның білім мен ғылым салаларында қандай өзгерістер болатынын болжаңдар.

**3-тапсырма.** Вени диаграммасы бойынша кеңестік және қазіргі уақыттағы білім және ғылым жүйесін талдаңдар.

**4-тапсырма.** Қазақстанның білім беру және ғылымды дамыту саласында жүргізген реформалар мен бағдарламаларын анықтап, маңыздылығына қарай тізімдеңдер.

### §30. Тәуелсіздік жылдарындағы мәдениеттің дамуы

*Зерттеу сұрағы:* Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай?

**Бұл сабақта:**

Қазіргі кездегі өнер мен өдебиеттің даму тенденцияларын айқындаймыз. Ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» қажеттілігін негіздейміз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Фестиваль	Festival
Лауреат	Laureate
Экспедиция	Expedition
Ансамбль	Ensemble
Бәсекелік қабілет	Competitive
Ескерткіш	Monument

**Фестиваль** – музыка мейрамы. Ортақ тақырып, бірыңғай бағдарламаға біріктірілген, салтанатты түрде өткізілетін концерттер мен театр қойылымдарының жиынтығы.

**Лауреат** – белгілі бір өнер жарысында ақшалай сыйлық алған қатысушы.

**Экспедиция** – белгілі бір ғылыми мақсатпен ұйымдастырылған сапар.

**Ансамбль** – француз тілінде бірлесу, ұласу деген мағынаны береді. Музыкада екі немесе одан да көп музыканттардың (өңшілер немесе музыка аспаптарында орындаушылардың) музыкалық шығарманы қосылып орындауы және сол орындалған музыканың бірдей ұласып, әдемі, мәнерлі болып шығуын ансамбль деп атайды.

**Бәсекелік қабілет** – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы не болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық емес, сонымен бірге білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

**Ескерткіш** – 1) кең мағынасында – елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы; 2) тар мағынасында – ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды.

#### Интеграция

**География** пәні бойынша әлеуметтік география. Халық географиясы.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы әлемдік мәдениеттің дамуы; XX ғ. екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы мәдениет; адамзаттың мәдени мұрасын сақтаудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.

**Қазақ тілі мен әдебиеті** пәні бойынша театр өнері мен мәдениеті; бұқаралық ақпарат құралдары;

**Музыка пәні** бойынша Қазақстан халықтарының музыкасы тақырыптарымен байланыстыру.

#### Есіңе түсір!

XX ғасырдың 40–80-жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы.



**1-тапсырма.** Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттің тақырыппен қандай байланысы бар?
2. Қазақстан үшін символикалық маңызы қандай?

**Елдің рухани-мәдени өмірінде қандай жаңалықтар болды?**

Егеменді еліміз мәдени салада жіберілген ағаттықтарды түзетуге мүмкіндік алды. Мәдениет пен өнер, әдебиет идеологиялық тыйым салу азабынан арыла бастады. Кеңестік жүйенің күйреуі мен нарықтық қатынастарға өту мәдениет пен спорттың дамуына зор ықпал етті.

Қайта құру жылдарында бюджеттен қаржыландыру едәуір қысқарды, көптеген ғылыми зертханалар мен спорт мектептері, клубтар, демалыс орындары жабылды немесе жекеменшікке берілді.

Қалыптасқан жаңа жағдайда нарықтық қатынастарға икемделе алған ұйымдар ғана өз жұмыстарын жалғастырды. Сондай мәдени ұйымдардың бірі 1974 жылы құрылған «Яшлик» ұйғыр эстрадалық ансамблі еді. Республикаға танымал сазгер Мұрат Ахмадиев іргесін қалаған бұл өнер ұжымы еліміздің көпұлтты музыка мәдениетін дамытуға лайықты үлесін қосуда.

Қазақстандағы экономикалық ілгерілеу мен саяси тұрақтылық әлеуметтік-мәдени салада реформаларды тиімді жүргізуге кеңінен жол ашты. 1998–2000 жылдарға арналған мемлекеттік мәдениетті қолдау бағдарламасы жасалып, еліміздің мәдениеті мен өнері мемлекеттік қолдауға ие болды. 2000 жыл Қазақстанда Мәдениет жылы болып жарияланды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылып, халқымыздың тарихы мен мәдениеті жайлы іргелі еңбектер жарық көрді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 1991 жылдары елімізде 48 кәсіби театр, 62 концерттік ұйым, 3539 кітапхана, 154 мемлекеттік мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 2259 клуб түріндегі мекеме, 42 луна-парк пен демалыс саябақтары, 4 хайуанаттар паркі жұмыс істеді.

1989 жылдан «Азия дауысы» халықаралық ән байқауы өткізіліп тұрды. Өткен ғасырдың 80-жылдарынан қайта жаңғырған айтыс өнері жанданды. Айтыскерлер арасынан Манап Көкенов, Өселхан Қалыбекова, Надежда Лушникова, Аманжол Өлтаев, Оразалы Досбосынов, Айнұр Тұрсынбаева, Бекарыс Шойбеков және басқа да таланттар танылды. Айтыс мектебі қалыптасты. Фольклорлық өнер ұжымдары, Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптық оркестрі, «Отырар сазы» оркестрі, «Салтанат» би ансамблі өнер көрсетті.

**Димаш Құдайбергенов** қазақ өнерін бүкіл әлемге танытты. 2012 жылы ол «Жас қанат» республикалық жас ән орындаушылар байқауында Гран-при жүлдесіне ие болды. Сол жылы «Шығыс базары» халықаралық байқауында лауреат атанды. Ол бірнеше халықаралық байқаулардың жеңімпазы. Димаш әлемнің бірқатар елдерінің тілінде ән шырқайды. Басылымдар оған «Төңір өзі назарына алған жас әнші» деген баға берді.

2001 жылдың ақпан айында «Асыл мұра»



атты Қазақстанның музыкалық мұрасы жобасының тұсаукесері Алматы қаласында өтті. Жоба мақсаты – құнды ұлттық музыкалық мұраны табу, жүйелеу, қайта өңдеу және қазіргі аудио-таспаларға көшіру. Жоба аясында халықтық, классикалық және қазіргі Қазақстанның үздік мәдени мұра үлгілері қалпына келтірілді. Қазақтың дәстүрлі өн, күйлерінің толық антологиялық жинақтары жарық көрді.

Соңғы жылдары кеңестік тоталитарлық жүйеден босаған елдің ақын-жазушыларының шығармаларына XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ елінің өмірі арқау бола бастады. Б. Мұқай, Н. Айтұлы, Т. Жұртбай, Б. Нұржекеев, С. Досановтардың XX ғасырдың көркем тарихын жасаған шығармалары жарық көрді.

Бүгінгі күні Қазақстанның елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының мәдени инфрақұрылымы кеңейтілуде. Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры мен М. Горький атындағы орыс драма театры, К. Бәйсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры жұмыс істейді. Президенттің мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы салынып іске қосылды. Мемлекеттік цирк, Бейбітшілік және келісім сарайы қолданысқа берілді. Бұл құрылыс нысанын салу идеясы 2003 жылы қыркүйек айында өткен Өлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының бірінші съезінде көтеріліп, пирамида пішіндес сәнді ғимарат салуды жиналғандар бірауыздан қолдаған болатын. Жобаның авторы британ сәулетшісі Норман Фостер. Биіктігі – 77 метр, аумағы 25,5 мың шаршы метр ғимарат 2006 жылы пайдалануға берілді. Елімізде отандық авторларды көркемдігі жоғары туындылар жасауға тарту, сондай-ақ өнерді дамыту мақсатында жыл сайын «Астана–Бөйтерек» ұлттық байқауы өткізіледі.

2003 жылы «Астана–2003» қазақ әндерінің бірінші халықаралық байқауы өткізілді. Қазақстанда жыл сайын еліміздің талантты жастарына арналған «Жас қанат», «Жігер», «Алтын алма», «Шабыт» және басқа да фестивальдар өтіп тұрады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2004 жылғы 13 қаңтарда «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Бағдарлама қабылданғаннан кейін тарих пен мәдениеттің 51 ескерткіші қайта жаңғыртылып, Қазақстан аумағындағы 39 қалашық, қоныс, тұрақ, обалар мен қорғандарда маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілді. Қытайға, Түркияға, Монғолияға, Ресейге, Жапонияға, Египетке, Өзбекстанға, Арменияға, АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне 15 ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, Қазақстан тарихы, этнографиясы, өнері жөнінде бұрын белгісіз болып келген 5000-ға жуық қолжазбалар мен басылымдар



табылды. Тек Қытайға жасалған экспедицияның барысында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қатысты бұрын зерттелмеген маньчжур тіліндегі 3 мың, қытай тіліндегі 300, шағатай тіліндегі 60, ойрат тіліндегі 70 дерек табылды. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет, өнертану, философия, тарих ғылымы, саясаттану, тіл білімі сияқты 16 бағыт бойынша бірнеше жүз томды құрайтын кітаптар шығарылды. 100 томдық «Бабалар сөзі», «Қазақ философиясының» 16 томдығы, «Әлемдік философиялық мұраның» 18 томдығы, «Баласағұн» қалашығы, Отырар, Орхон ескерткіштерінің толық атласы жарық көрді. 2006 жылы қазақ тілінде 10 томдық «Тарих – адамдар ақыл-ойының қазынасы» сериясы шықты. «Қазақстанның электрондық кітапханасы» және «Мәдени мұра» интернет-порталдары жасалды.

Қазақстанда халықаралық мәдени байланыстар жолға қойылып, табысты жұмыс істеуде. Қазақстан таяу және алыс шетелдермен, халықаралық ұйымдармен мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы 49 келісімге қол қойды. Ресейдегі Қазақстан жылы, Қазақстандағы Ресей жылы өткізілді. 2004 жылы өткен Түріксой Тұрақты Кеңесінің ХХІ отырысы, Шанхай ынтымақтастық ұйымдарына мүше мемлекеттер мәдениет министрлерінің жұмыс бабындағы екі кездесуінің өткізілуі Қазақстанның мәдени өміріндегі маңызды оқиға саналады.

2008 жылдың қыркүйек айында V «Еуразия» халықаралық кинофестивалі өтті. Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының 10 жылдығына халықаралық музыкалық фестиваль ұйымдастырылды. Түрікменстан, Катар, Египет және Иорданияның Қазақстандағы мәдениет күндері, Қазақстанның Монғолиядағы, Тәжікстандағы, Германиядағы мәдениет күндері ұйымдастырылды.

Кино өнерінде, монументті кескіндеме жасауда өзіндік көркемдік ойы және идеялық принциптері бар жаңа ұрпақ келіп қосылды. Қазақ режиссерлерінің көптеген фильмдері әлемдегі ірі фестивальдердің лауреаттары атанды. 1996 жылы Алматыда Тәуелсіздік монументі мен Ж. Жабаев ескерткіші, Астанада Кенесары Қасымұлы, Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Өйтеке би ескерткіштері салтанатты түрде ашылды.

2003–2005 жылдарда қазақ-американ кинематографистері (Голливуд, «Қазақфильм») «Көшпенділер» кинофильмін түсірді. Бұл алғашқы маңызды халықаралық жоба еді. 2011 жылы түсірілген «Жажүрек мың бала» фильмі бүгінгі қазақ киноөнеріндегі ірі жетістік саналады.

### **Спорттың дамуында қандай жетістіктер болды?**

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік Ұлттық олимпиадалық комитет құрылды. Қазақстан спортшылары Бейжің олимпиадасында (2008), ірі-ірі халықаралық жарыстарда табысты өнер көрсетті. ХІ Азиялық ойындарға алғаш қатысқан қазақстандықтар жал-



пы командалық есепте 4-орынды иеленді, 77 медаль (25 алтын) жеңіп алды. Дәулет Тұрлыханов, Сергей Филимонов, Наталья Торшина, Бақыт Ахметов сияқты спортшылар Қазақстанды спорттық держава ретінде танытты. Қысқы олимпиада ойындарында көкшетаулық В. Смирнов (шаңғы), XXVI жазғы олимпиада ойындарында Ю. Мельниченко (грек-рим күресі), А. Парыгин (бессайыс), В. Жиров (бокс) чемпиондар атанды. XXVII олимпиада ойындарында (2000) Ольга Шишигина, Ермахан Ибрайымов, Бекзат Саттарханов чемпион болды. 2001 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған 1-жаздық спартакиада өткізілді, оған еліміздің 1 млн-нан астам тұрғындары қатысты.

XXVIII олимпиада ойындарында (Афины) Бақтияр Артаев чемпион атанды. Ол олимпиаданың үздік боксшысы деп танылып, ең үздік спортшы ретінде оған Вэл Баркер кубогы табыс етілді. Штангашы С. Филимонов, боксшы Г. Головкин, балуандар Г. Цурцумия мен Г. Лалиев күміс медальдарды иеленді.

Республикада бүгінгі күні ұлттық спорт түрлері: бөйге, жорға жарыс, тоғызқумалақ кең тараған. Спорттың осы түрлері бойынша федерациялар құрылып, ресми түрде жарыстар өткізіп тұрады. Футбол, волейбол, бильярд секілді спорт түрлерімен халық кеңінен айналыса бастады. 2003 жылдан Қазақстан футболшылары Еуропа кубогы үшін жарыстарға қатысады, шағын футболдан жарыс тұрақты өткізіліп тұрады.

Қазақстан спортшылары 2006 жылы Доха қаласындағы (Катар) жазғы Азия ойындарында 85 медальға ие болды. Оның 23-і алтын, 20-сы күміс және 42-сі қола медаль. Бұған дейінгі Азия ойындарында 20 алтын, 26 күміс, 30 қола медаль алып, жалпыкомандалық 4-орынға шыққан еді. Испанияда өткен әйгілі «Вуэльта» веложарысында қазақстандық спортшылар Александр Винокуров пен Андрей Кашечкин жеңіске жетті. 2006 жылы нысана көздеуден және ауыр атлетикадан Ольга Довгун мен Илья Ильин әлем чемпиондары атанды. Илья Ильин жыл спортшысы ретінде танылды. Дмитрий Карпов көпсайыстан әлемнің үздік спортшысы атанды.

Қазақ спортшылары 2008 жылғы Бейжің олимпиадасында 13 медальға қол жеткізді: 2 алтын, 4 күміс және 7 қола. Медаль саны жағынан 205 мемлекеттің ішінде 19-шы, жалпы есепте 29-шы орынға табан тіреді. Біздің республикамыздан алтын медальды ауыр атлет Илья Ильин мен боксшы Бақыт Сәрсекбаев иеленді. Күміс медаль иелері: дзюдошы Асхат Житкеев, ауыр атлеттер Ирина Некрасова мен Алла Важенина, еркін күрестен Таймұраз Тигеев. Қола медальді грек-рим күресінен Нұрбақыт Теңізбаев және Өсет Мәмбетов, ауыр атлет Мария Грабовецкая, еркін күрестен Елена Шалыгина және Марид Муталимов, боксшы Еркебұлан Шыналиев пен таэквондошы Арман Шылманов алды.



Астана мен Алматы қалаларында 2011 жылы өткен VII Қысқы Азия ойындарында Қазақстан спортшылары 32 алтын, 21 күміс, 17 қола, барлығы 70 медаль алып бірінші орынға шықты.

Еліміздің көптеген атақты атлеттері қысқы Азиаданың жұлдыздарына айналды. Қазақстан спортшылары арасынан екі алтын, бір күміс медальды жеңіп алған биатлоншы Елена Хрусталеваны, фристайл бойынша екі алтынға қол жеткізген Юлия Галышеваны, ерлер арасында дара мәнерлеп сырғанаудан алтын алған Денис Тенді атап өтуге болады.

Денис Юрьевич Тен (1993–2018) – қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы. 2014 жылы мәнерлеп сырғанаудан Сочи олимпиадасының қола жүлдегері, 255,10 ұпаймен қола медальға ие болды. Ол мәнерлеп сырғанаудан 2013 жылғы әлем чемпионатының күміс медаль жүлдегері. VII қысқы Азия ойындарында мәнерлеп сырғанаудан чемпион, Қазақстанның үш дүркін чемпионы. Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

2012 жылы Лондондағы XXX Жазғы олимпиада ойындарына қатысқан Қазақстан ұлттық құрамасы тамаша табысқа жетті. Лондон олимпиадасы Қазақстанның спорт тарихындағы ең жарқын беттердің біріне айналды. Еліміз спортшылары осы жаһандық жарыста 7 алтын, 1 күміс және 5 қола медальға ие болып, Қазақстан құрамасы командалық 12-орынға шықты. Бұл Қазақстан үшін бұрын-соңды болмаған орасан зор жетістік еді. Штанга көтеруден ерлер арасында Илья Ильин, ал қыздар арасындағы осы спорт түрінен жарыста Светлана Подобедова, Майя Манеза, Зульфия Чиншанло алтын медальға ие болды. Жеңіл атлетикада Ольга Рыпакова, веложарыста Александр Винокуров, бокста Серік Сәпиев алтыннан алқа тақты. Илья Ильин екі дүркін Олимпиада чемпионы атанды. Даңқты спортшылар Данияр Елеусінов, Өділбек Ниязымбетов, Қанат Ислам, Елдос Сметовтер Қазақстанды әлемге танытты.

Елімізде 2011 жылдан бері жыл сайын қазақша күрестен жүлде қоры өте қомақты «Қазақстан барысы» жарысы өткізіліп келеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы мәдениет пен спорттың дамуы барысында өмір барынша қызғылықты бола түсті. Геннадий Головкин өзінің спорттық талантымен кәсіби бокста топ жарып, Қазақстанды әлемге танытуда лайықты үлесін қосуда. Боксшы орта салмақ дәрежесінде WBA, WBC, IBF және IBO тұжырымдары бойынша әлем чемпионы атанды.

### **Баспа, бұқаралық ақпарат құралдары қалай дамыды?**

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметі саласындағы монополия өктемдігі жойылып, мүлде жаңа телеарналар, газеттер мен журнал-



дар дүниеге келді. Мемлекеттік емес «Аиф-Казахстан», «Экспресс К», «Панорама», «Жас Алаш» т.б. газеттер ақпарат нарығында көпшілікке кеңінен танымал. Соңғы жылдары «Иман», «Нұр-Шапағат», «Ислам» сияқты басылымдар қоғамдық пікірдің қалыптасуында елеулі рөл атқарып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының бұрынғы кезден түбірлі айырмашылығы бүгінгі күннің өткір мәселелерін халыққа еркін жеткізе алуында. «Қазақстан» телеарнасы – «Күлтөбе», «Айтуға оңай»; «Хабар» – «Бетпе-бет»; «31 канал» – «Өзіндік пікір» атты бағдарламаларымен көрермендердің көңілінен шықты.

Баспалар да жаңаша жұмыс істей бастады. Тәуелсіз баспалар қалыптасты. Түрлі басылымдар, әсем безендірілген әрі мазмұнды кітаптар көп таралыммен шығарыла бастады. 2007 жылы «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» қазақ тілінде 10 томы, орыс тілінде 8 томы басылып шықты. Бес томдық «Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін» басылымы (2010 жыл) жарық көрді.

**2-тапсырма.** Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай? «ПТМС» әдісі арқылы дәлелдендер.

- Позиция (біз солай санаймыз, ...)
- Түсіндіру (себебі ...)
- Мысал (біз мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламыз ...)
- Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймыз ...)

**3-тапсырма.** Вени диаграммасы бойынша кеңестік және қазіргі уақыттағы мәдени даму ерекшеліктерін талдаңдар.

**4-тапсырма.** Деректермен жұмыс.

1. Келесі беттегі мәтінді егжей-тегжейлі оқып шығып, негізгі түсініктерінің астын сызыңдар.

2. Мәтіннің маңызды деген үзінділерін анықтаңдар.
3. Кілт сөздерді анықтаңдар.
4. Негізгі тапсырманы қалыптастырыңдар (тапсырмадан жаңа тапсырма шығаруға болады).
5. Мәтінде қозғалатын мәселелерді маңыздылығына қарай саралаңдар.

**Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Қазақтың театр және дәстүрлі өнері қандай жетістіктерге жетті?
2. Соңғы жылдары «Қазақфильм» студиясы қандай фильмдер түсірді?
3. Жалпыұлттық қандай мерзімді басылымдарды білесіңдер?





**2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра»  
мемлекеттік бағдарламасы туралы**

Астана, 2003 жыл

**1. Мәдени мұра саласындағы мәселелердің қазіргі жай-күйін талдау**

Қазақстанда қазіргі уақытта тарих, археология, сәулет және мүсін өнерінің жылжымайтын ескерткіштері 25 мыңнан астам, 11 мың кітапхана, 147 мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 215 мұрағат бар деп есептеледі. Тарихи және этнографиялық бағыттағы мемлекеттік мұражайлардың, Қазақстан тарихындағы есте қалатын оқиғаларға арналған мемориалдардың тармақталған желісі жасалды.

Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің қайталанбас ескерткіші – Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі 2003 жылғы маусымда ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізілді.

Астана қаласының мәдени инфрақұрылымын жақсарту жөнінде шаралар қолданылды. Республика астанасында соңғы жылдары Қазақ музыкалық комедия театры, мұражайды, кітапхананы және концерт залын қамтитын Президенттік мәдени орталығы ашылды. Ұлттық кітапхананың құрылысы аяқталды. Киноконцерт залы мен цирктің құрылысы жүргізілуде.

«Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы», «Мәдениет туралы», «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданып, күшіне енді.

Сонымен қатар мәдени мұраны қорғау мен дамыту саласында қалыптасқан ахуал осы бағыттағы қызметті одан әрі дамыту мен жандандыруда кезек күттірмейтін кешенді шараларды қолдануды талап етеді.

Қазақстанның ұлттық тарихы үшін орасан зор мәні бар көптеген тарихи, археологиялық және сәулет объектілері шұғыл көмекке мұқтаж.

**2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты – елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.

Алға қойған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту;

мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін жасау;

ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту, көркем және ғылыми толық дестелерді шығару;



өлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау.

### 3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаның іске асырудың осындай негізгі бағыттарына сәйкес:

3.1. Ұлттық тарихтың маңызды тарихи-мәдени, археология және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту.

3.2. Қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеудің тұтастай жүйесін құру.

3.3. Ұлттық және өлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының дестелерін әзірлеу.

*Ескерту:* Деректің толық нұсқасын интернет желілеріндегі мемлекеттік органдардың ресми сайттарынан, БАҚ беттерінен немесе хрестоматиядан таба аласыздар.

#### 5-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

«Қазақфильм» мен Голливуд бірлесіп түсірген фильм	Б. Артаев, О. Шишигина, И. Ильиндер қандай олимпиадаларда қай спорт түрінен чемпион атанды?	«Мәдени мұра» бағдарламасы қай жылы қабылданды? Қандай жұмыстар атқарылды?

## §31. Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы ұстанымдары қалай үйлесім табуда?

**Бұл сабақта:**

Дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетіне талдау жасаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалаймыз.

**Дәйексөз:** «Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан біздің дін саласындағы саясатымыз конфессияаралық татулық пен толеранттылықты нығайтуға бағытталған. Біздің елімізде діни сенім бостандығына Конституция кепілдік береді».

*Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдерімен кездесуінде сөйлеген сөзінен. 2013 ж. 19 ақпан.*

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Экстремизм	Extremism
Терроризм	Terrorism
Радикализм	Radicalism
Бітімгершілік	Peacekeeping
Зайырлы мемлекет	Secular state
Дәстүрлі емес діндер	Non-traditional religions
Деструктивті діни ағым	Destructive religious movement
Теология	Theology

**Экстремизм** – латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді. Экстремизм жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді.

**Терроризм (лаңкестік)** – күш қолдану идеологиясы, халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану, (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы.

**Радикализм** – 1) өмір сүріп отырған әлеуметтік-саяси жүйені сынға алатын және түбегейлі өзгерістер мен реформалардың жүргізілуін талап ететін саяси ағым; 2) қандай да бір істердегі жағдайды түбірімен түбегейлі өзгертудегі талпыныстардың, тәуекелді ымырасыз талаптардың жүзеге асырылуы.

**Бітімгершілік** – шиеленісті мүлде болдыртпайтын немесе болу мүмкіндігін сейілтетін алдын алу шараларының тұтас жүйесі.

**Зайырлы мемлекет** – басқару жүйесін діннен бөлу нәтижесінде пайда болған, қоғамдық қатынастар азаматтық негізде реттелетін, мемлекеттік органдардың шешімдері діни тұрғыдан шығарылмайтын мемлекеттің сипаты.

**Дәстүрлі емес діндер** – халық арасында миссионерлік жолмен әртүрлі жекелеген көзқарастарды уағыздайтын діндер.

**Деструктивті діни ағым** – дәстүрлі діндерден бөлінген, оларды дін ретінде мойындамайтын, жеке көзқарастарымен діни догмаларын қалыптастырған, мемлекеттің ішкі тұрақтылығы және қоғамдық құрылысқа кері әсерін тигізуші тар шеңберлі көзқарастағы адамдардан құралған топ.

**Теология** – Құдай жайлы ілім.

**Интеграция**

**География** пәні бойынша әлеуметтік география, халық географиясы; Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша бүгінгі өлемдегі лаңкестік қаупі; халықаралық лаңкестік және экстремизм, аса ірі лаңкестік әрекеттер; қазіргі өлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы өлемдік мәдениеттің дамуы.



**Құқық негіздері** пәні бойынша құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам; әкімшілік құқық түсінігі; қылмыстық құқық түсінігі тақырыптарымен байланыстыру.

**Есіңе түсір!**

Кеңестік идеология демократиялық ұстанымдарға сай болды ма?



**1-тапсырма.** Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттегі ғимараттың маңыздылығын анықтаңдар.
2. Суреттегі ғимаратта қандай айтулы оқиғалар өтті?

### 1. Қазақстан Республикасындағы діни жағдай қандай дәрежеде?

Қазақстан Республикасындағы дін және дінаралық қарым-қатынас саласындағы ахуал еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері айтарлықтай өзгерістерге толы болды. Қоғам өміріндегі діннің орны нақтыланып, мәртебесі көтерілді, соның нәтижесінде адамдардың ар-ұждан еркіндігінің өрісі кеңейді.

Қазақстанда бүгінгі таңда 130-дан астам этностар мен ондаған діни конфессиялар бар. Түрлі наным-сенімді ұстанатын Қазақстан халқының келісімі мен ынтымақтастығы, оның саяси тұрақтылығының нығаюына, экономика мен әлеуметтік жағдайдың кемелденуіне бастайтын жағдайлар. Осы мақсатқа орай мемлекет этносаралық және дінаралық келісімді, толеранттылық пен үйлесімді қарым-қатынасты қолдап, лаңкестік өрекеттердің алдын алу іс-шараларын жүргізуде.

Этносаралық және дінаралық келісім ұстанымдары мемлекеттің орталық органдар саясатында, шеткі аймақтарда да жүзеге асуда.

Қазіргі Қазақстанда діни және этносаралық толеранттылық жоғарғы мәнге ие. Демократиялық қоғам құру барысында мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынас түбегейлі түрде өзгерді. Конституция мен 1992 жылғы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес діни сенім бостан-



дығы заң жүзінде іске аса бастады. Мемлекет барша азаматтардың этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан тең құқыққа ие екендігін мойындады. Жалпыадамзаттық және азаматтық құқықтарға шектеу қоюға тыйым салынды.

Қазақстан Республикасының заңына және халықаралық шарттарға сәйкес сенім бостандығы келесі құқықтарды талап етеді:

- жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбау;

- құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге өз еркімен қатысу немесе қатыспау;

- дінді оқып-үйренуге күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді.

Қазақстанның барлық азаматтарының дінге жеке қатынасы заң алдында бірдей. Діндарлар мен атеистер, дәстүрлі және дәстүрлі емес дін өкілдері тең құқыққа ие және олардың діни сезімдерін мемлекет заң негізінде қорғауына алады.

Сонымен бірге діни сенім заңда қарастырылған жағдайлардан басқа азаматтық міндеттерден бас тарту үшін негіз бола алмайды.

Қазақстан Республикасының 2011 жылы қайта қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3 бабында дін мен мемлекет, 12-бабында діни бірлестіктер мәртебесі қарастырылған.

Заңда діни бірлестіктердің мемлекеттің қызметіне араласуға құқығы жоқтығы, діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең екендігі айтылған. Діндарлар саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды. Бұл діндарлар немесе діни қызметкерлер сайлауға қатысу құқығынан айрылады немесе саяси өмірге араласа алмайды деген сөз емес. Олар мұндай әрекеттерді діни бірлестігі атынан емес, өз атынан, яғни азаматтық құқығы негізінде жасауы тиіс.

Заңға сәйкес барлық діни бірлестіктер мемлекеттік органға тіркелуі керек.

Қазақстанда бір діннің үстемдік жүргізуіне, діни алауыздық пен өшпенділікті тұтатуға талпынатын діни бірлестіктерді құруға немесе қызмет етуіне тыйым салынған.

Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабында діндер мен білім беру жүйесінің өзара қатынасы, балаларды өз нанымдарына сай тәрбиелеу жайында айтылған. Осы бапқа сәйкес «Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады». Дін мен діни бірлестіктердің



мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет ата-аналарының, асыраушыларының балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуге, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайтындығы айрықша көрсетілген.

Осылайша, Қазақстан Республикасының заңнамасы мемлекеттің зайырлы сипатын бейнелейді және әркімнің діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз етеді.

## **2. Қазақстандағы конфессияаралық қарым-қатынас ерекшеліктері қандай?**

Тәуелсіздік жылдарында діни институттар саны көбейіп, діни бірлестіктер бірнеше есе өсіп, рухани дәстүрлер жаңаруда, жаңа рәсімдік ғимараттар – мешіттер, шіркеулер, ғибадат үйлері, синагогалар бой көтеруде. Тұрғындардың діндарлық деңгейі де өсуде. Сарапшылар мәліметіне сүйенсек, 80-жылдардың ортасындағы жағдайға қарағанда қазір діндарлар саны 20–25-тен 60–65% -ға артқан. Бұл елдегі ар-ұждан бостандығы мен рухани жаңаруды қамтамасыз етуге, этносаралық келісім мен азаматтық татулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған саясаттың нәтижесі.

Мұсылман және православие христиандарының діни бірлестіктері жалпы діндарлардың 90-нан аса пайызын құрайды.

Елде жоғары, арнаулы орта және жалпы білім беретін рухани оқу орындары бар. Сондай-ақ ірі мешіттер жанынан ашылған курстар мен шіркеу жанынан ашылған жексенбілік мектептер бар. Республикада шет елден келген миссионерлер жұмыс жасауда. Алайда миссионерлердің ісі мен әрекеттеріне, олардың бағдарламаларына ұлттық қауіпсіздік мәселесіне сай құқықтық, ғылыми және өркениеттік мәндегі сараптамалар жасалатынын айту керек.

Қазіргі қазақстандық қоғам өмірінде діннің маңыздылығы өскен. Оның серпіні мен ерекшелігі мынадан көрінеді:

- *әлеуметтік-саяси өмірдің көптеген саласында діннің әсері күшеюде;*
- *халықтың басым бөлігінің күнделікті өміріне діни бірлестіктердің әсері өсуде;*
- *діни білім саласы дамып, оның қаржы және материалдық базасы нығаюда;*
- *шет елдерден келген діни бірлестіктердің Қазақстандағы миссионерлік және насихаттау әрекеттері жандануда.*



Бүгінде әлемнің түрлі бөліктерінде, соның ішінде кейбір көрші елдерде діни қайшылықтар күшейе түсуде. Қазақстанға сырттан діни экстремизм мен радикализмнің әртүрлі нысандарының кіруі қауіп туғызады. Қоғамда орын алып отырған әлеуметтік және тұрмыстық жергілікті мәселелер бұрмаланып кетуі мүмкін. Жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысында жіберілген қателіктер көпұлтты Қазақстан халқының этносаралық және мәдениетаралық төзімділік дәстүріндегі сабақтастықтың бұзылуына да қауіп туғызуы мүмкін.

Әртүрлі конфессиялардағы халықтардың бейбіт өмір сүруі, экстремизмнің таралуына қарсы әрекет – Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының басты мәселелері саналады.

Жаһандану және халықаралық байланыстың дамуы Қазақстанның жағдайына әсерін тигізетіндігі анық. Сондықтан кейбір көрші елдерде әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туындап жатқанда дінаралық қақтығыстарға, экстремистер мен лаңкестердің елімізге енуіне жол бермеу шаралары мемлекет пен қоғам тарапынан үнемі жүргізіліп отыруы қажет.

Қазақстан діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім ісінде игі дәстүрлерге ие. Еліміз көне заманнан бері сан алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Қазіргі Қазақстанның аумағында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық (оның несториандық тармағы) және ислам сияқты нанымдар бейбіт өмір сүрген. Ал ислам болса ежелден тұрақтанып, қазақ халқының дініне айналған рухани мұрасы ретінде өзінің тиісті орнын табуы керек. Бірқатар елдерде Ислам діні қоғамдық және саяси ахуалды тұрақтандыру үдерісінде, зайырлы билік пен діндарлар арасында рухани дәнекер болып отыр. Дін мен зайырлы биліктің тек қана қатар өмір сүрулері емес, сонымен бірге елді басқару ісінде де Ислам мен зайырлы мемлекет арасында мінсіз үндестік табатын үлгіні қазіргі тарихтың сан алуан мысалдары айқын айғақтап отыр.

**Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен ішкі саяси тұрақтылығына төнген қауіп-қатерлердің қалай алдын аламыз?**

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа дәстүрлі Жолдауында: «Қазақ топырағы арқылы барлық әлемдік діндер өткен, сондықтан жатырқаушылық немесе діни фанатизм сезімі бізге жат. Осынау рухани дәстүр, Жаратушының қандай жолмен болса да түскен сөзіне жүрегіміздің ашықтығы – Қазақстандағы конфессияаралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз. Еліміздің өсіп келе жатқан бітімгершілік әлеуеті алдағы уақытта да мұқият сақталып, дамытыла береді», – деп атап көрсетті.



Соңғы онжылдық ішінде діни ағымдармен байланысы бар экстремистік құбылыстар бүкіл әлемде қанат жайып келеді. Бұның негізінде әртүрлі экстремистік және террористік ұйымдар пайда болып, жаһандық әрі жергілікті қауіпсіздік үшін үлкен қауіп төндіруде. Бұл мәселе бүкіл әлемге ортақ індет болғандықтан және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен ішкі саяси тұрақтылығы үшін күн тәртібіндегі өзекті тақырыпқа айналып отыр. Еліміздің тыныштығы және бейбіт өмір кешуі ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясындағы жеті басымдылықтың алғашқы екеуіне тікелей байланысты екені анық.

Елбасымыздың «Сындарлы он жыл» атты кітабында «әлемдегі лаңкестіктің түпкі себебі – дамудың теңсіздігінде жатыр» деп атап көрсетілген. Н.Ә. Назарбаев діннің бөлуші, іріткі салушы емес, керісінше, елді топтастыратын ұйытқы, мемлекетті дағдарыстардан құтқарар, халықты рухани бірлікке шақыратын фактор екенін алға тартады. Соның ішінде, әсіресе халқымыздың құндылықтарының бастауы болған ислам діні туралы Елбасымыз: «Бәрінен бұрын, біз үшін Ислам – өзімізді-өзіміз таныта алудың мүмкіндігі. Қазақ халқының басқа діни тәубе етушілікке құрметпен қарауы, олар үшін діни экстремизмді жүзеге асыру былай тұрсын, ол туралы жұрт көзінше сөз етудің өзіне тыйым салатын тиімді тосқауыл болып табылады», – деп атап көрсетті.

ҚР Конституциясында: «Мақсаты немесе іс-әрекеті республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады», – деп көрсетілген.

Терроризм, экстремизммен күресудің мына баламалы жолдарын Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз еңбектерінде ұсынды. Олар – *біріншіден*, әртүрлі елдердің экономикалық қалыптасуындағы диспропорцияларды жеңумен байланысты; *екіншіден*, этносаралық және конфессияаралық диалогке жол ашу; *үшіншіден*, әлеуметтік-саяси мәселелерді тыңғылықты шешіп отыру; *төртіншіден*, планетадағы дамушы елдер мен аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жаһандық стратегияны қалыптастыру; *бесіншіден*, терең дамыған әлеуметтік-экономикалық, саяси интеграцияны дамыту және арнайы континенталдық институтты құру арқылы қауіпсіздіктің бірыңғай кеңістігіне қол жеткізу.

*Терроризм мен экстремизмнің пайда болу себептері қандай?*

Саяси құрылымдардың деформациясы.





Саяси-әлеуметтік дағдарыстар.

Ұлттық шиеленістер.

Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының төмендеуі.

Демократиялық құқықтың тапталуы.

Саяси партия немесе діни көшбасшыларының субъективті-волю-  
таристік ұстанымдары.

*Экстремизмнің, терроризмнің қалай алдын алуға болады?*

Күштік әдістер (құқық қорғау органдары, ұлттық қауіпсіздік коми-  
теттерінің қызметі).

Тәрбиелік және мәдени іс-шаралар.

Әлеуметтік институттармен (отбасы, мектеп, ата-аналармен) жұмыс.

Ғылыми әдебиеттер, ақпараттық технологияларды қолдану.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс.

Аталған тақырып бойынша апталықтар, іс-шаралар өткізу.

**Қазақстан халқы Ассамблеясының еліміз үшін қандай маңызы бар?**

Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасының Прези-  
денті құратын, басты міндеті – мемлекеттік ұлттық саясатты іске асы-  
ру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қам-  
тамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының  
этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін  
арттыру болып табылатын мекеме.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы  
Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші  
жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтты. 1995  
жылғы наурызда оның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президенті  
жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен Қазақстан Рес-  
публикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы  
Жарлығы шықты.

Өз тарихында Ассамблея ҚР Президенті жанындағы консультативті-  
кеңесші органнан мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәрте-  
беге ие конституциялық органға дейін өсті.

2007 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституция-  
сына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясына  
конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз де-  
путат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-  
саяси рөлі айтарлықтай артты.

2008 жылғы қаңтарда еліміздің Президенті «Қазақстан халқы Ас-  
самблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. Сөйтіп,  
Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды



бөлігіне айналды. Оның қызметінің нормативтік құқықтық негіздері айқындалды.

Ассамблея мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал жасайды.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық бір-келкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру, республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды үйлестіру, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі.

Ассамблея құрылымдық жағынан Ассамблея сессияларынан, Ассамблея кеңесі мен хатшылығынан, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың ассамблеяларынан тұрады.

Ассамблея сессиясы (Ассамблея мүшелерінің жиналысы) – оның жоғары басшылық органы. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілікке қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады.

Сессиялар аралығындағы кезеңде Ассамблеяны басқаруды Ассамблея кеңесі жүзеге асырады. Кеңеске республикалық этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер, облыс әкімдері енеді.

Ассамблеяның құрамы Қазақстан Республикасы азаматтарынан, этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік органдар өкілдерінен және қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғалардан тұрады.



Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі оның еліміздің жоғары заң шығару органы – Парламентте этностық топтар мүдделерінің кепілді өкілдік етуін қамтамасыз етуі болып табылады.

Парламент Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған 9 депутат еліміздің барлық этностары атынан өкілдік етеді. Бұдан басқа қазақстандық этнос өкілдері елдің басшылық органдарына саяси партиялар арқылы қатыса алады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды рөл атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Жалпы алғанда, негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азаматтың этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсінік ахуалы қалыптасты.

Республикада еліміздің барлық этностарының мәдениеті мен тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан Конституциясының 1-бабына сәйкес Қазақстан демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет болып саналады. Азаматтардың ар-ұждан бостандығы Конституцияда маңызды құқық болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабы

«1. Өркімнің ар-ұждан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ұждан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс».

Қазақстан Республикасы Конституциясынан үзінді

«2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-бап)».

«1. Өркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы (19-бап)».



«3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді (20-бап)».

1-сызба



2-сызба



**1-тапсырма.** Мәтін мен деректерді пайдалана отырып, дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетіне STEEPLE талдау жасаңдар.

Талдау бағыттары	Дәстүрлі діни ағымдар	Деструктивті діни ағымдар
<b>S</b> – әлеуметтік-демографиялық <b>T</b> – технологиялық <b>E</b> – экономикалық		

<p>Е – күнделікті өмір (қоршаған орта)                  Р – саясат                  L – құқықтық                  E – этникалық факторлар</p>		
---	--	--

**2-тапсырма.** Мәтін мен деректерді пайдалана отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы қай салаға көбірек ықпал еткенін сарапшы ретінде дәйекті бағалаңдар: дінаралық келісім, этносаралық келісім немесе ішкі саяси тұрақтылық.

### §32. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы

*Зерттеу сұрағы: «Мәңгілік Ел»: идеясының біріктірушілік рөлі неде?*

**Бұл сабақта:**

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңызын анықтаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалаймыз.

**Тірек сөздер:**

Қазақша	Ағылшынша
Акт	Actus
Толеранттылық	Tolerantia
Сессия	Session
Иммигрант	Immigrant
Доктрина	Doctrina
Бейтараптандыру	Neutralising
Сепаратизм	Separatism
Ксенофобия	Xenos

**Акт** (лат. *actus* – «әрекет») – заңды күші бар ресми құжат. Ол іс-әрекетті, тұрмыс-тіршілікті растайтын ресми құжат және лауазымды адамдармен бекітіледі.

**Толеранттылық** (лат. *tolerantia* – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті.

**Сессия** (лат. мәжіліс) – парламент қызметінің негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны.

**Иммигрант** (лат. «көшіп келуші») – қоныстанушы, келімсек, бір мемлекеттен екінші бір мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін көшіп келген азамат.

**Доктрина** (лат. *doctrina* – ілім, ғылым) – іс-әрекет жасауға бағыт беретін нақтылы нұсқаулар принциптерінің жиынтығы.

**Бейтараптандыру** – бұзылуды, ықпал етуді, әсер етуді тоқтату.



**Сепаратизм** – жікшілдік, оңашалануға тырысушылық. Халықтың бір бөлігінің мемлекеттен бөліну әрекеті сепаратизм деп түсіндіріледі.

**Ксенофобия** (грек. *xenos* «жат», *phobos* «қорқыныш») – бейтаныс адамдардан қорқушылық. Толеранттылыққа мүлде қарама-қайшы ұғым.

### Интеграция

**География** пәні бойынша әлеуметтік-экономикалық ресурстар, ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары, адам өлеуеті даму индексінің көрсеткіштері, Қазақстанда адамдық капиталды дамыту, Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары, Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы, Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі; әлеуметтік география, халық географиясы, Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы, елтану және саяси география негіздері.

**Құқық негіздері** пәні бойынша неке және отбасы құқығы түсінігі; әкімшілік құқық түсінігі; құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам, жасөспірім және заң.

**Дүниежүзі тарихы** пәні бойынша қазіргі әлемнің жаһандануы; жаһандану үдерісінің мәні; жаһандану жағдайындағы әлемдік мәдениеттің дамуы; XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы ғылым, білім, технологиялар; XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы мәдениет, адамзаттың мәдени мұрасын сақтаудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.

**Музыка** пәні бойынша Қазақстан халықтарының музыкасы, театр өнері мен мәдениеті тақырыптарымен байланыстыру.



### Есіңе түсірі!

«Қазақстан–2050» Стратегиясы,  
діннің қазіргі Қазақстандағы рөлі.

**1-тапсырма.** Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттің тақырыппен қандай байланысы бар?
2. Ескерткіш қай жерде орналасқан?
3. Ескерткіштің символикалық маңызын түсіндіріңдер.

### «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлт-

ты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы», – деп атап көрсетілген.

**«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығы «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» біртұтастығы.**

«Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идея қазақстандықтардың бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіруге бағытталған.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негіздемесі мемлекет құраушы жалпыұлттық құндылықтар болып табылады.

Қазақстандық қоғамның барша қазақстандықтарды біріктіретін, қоғамдық келісімнің негізін қалайтын басты құндылықтары:

### **Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана**

Астана – тәуелсіздіктің алғашқы сәтті жетістіктерінің бірі, барлық қазақстандықтардың патриоттық мақтанышы. Халық жұмылып тұрғызған Астана барлық өңір үшін дамуға күшті түрткі болды, қазақстандық экономиканың локомотивіне айналды.

### **Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім**

Қазақстандық қоғамдағы этносаралық келісім Конституцияда және басқа да заңдарда берік бекітілген. 1995 жылы Қазақстан халықтарының Ассамблеясы – азаматтық бейбітшілік пен келісімнің бірегей институты, жалпы қазақстандық бірлік негізі құрылды. Халқымыздың қоғамдық келісімі мен жалпыұлттық бірлік, барлық азаматтардың этникалық, діни, нәсілдік тиістіліктеріне және өзге де өзгешеліктеріне қарамастан тең құқықтығы – өркімнің және барлығының табысы мен лайықты өмірін білдіретін тұрақты шоғырландырылған фактор. Қазақстан Республикасы әр азаматының патриоттық борышы – Қазақстан халықтарының достық пен келісім дәстүрін сақтап, ұлғайтып, ұрпақтан ұрпаққа қалдыру.

### **Зайырлы қоғам және жоғары руханият**

Біздің еліміз әлемдік қауымдастықта рухани әлем мен келісімнің оң үлгісі ретінде қабылданды. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің зайырлы сипаты экономикадағы өрлеудің, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениеттің ұлттық жүйесін табысты дамытудың маңызды шарты.



**Индустриализация и инновации – основа экономического развития.**

Экономическое развитие – это наша главная задача, Казахстан – это страна возможностей. Развитие экономики – это наша главная задача. Развитие экономики – это наша главная задача.

Наша главная задача – это развитие экономики. Развитие экономики – это наша главная задача. Развитие экономики – это наша главная задача.

### **Жалпыға ортақ еңбек қоғамы**

Жалпыға ортақ еңбек қоғамы – қазақстандықтарды әлеуметтік жұмыспен қамтудың ең маңызды шарттарының, қазақстандық отбасылар табысы тұрақты өсуінің, өмір сапасын үнемі жақсарту, барлық қазақстандық еңбекшілердің шығармашылық және өмірлік әлеуеттерін толықтай ашу кешені. Еңбек өнімділігін өнеркәсіпте, ауылшаруашылығында, энергетика мен инфрақұрылымдық қызмет салаларында арттыру бүкілқазақстандықтардың алдында тұрған үлкен міндет.

### **Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы**

Туған жеріміздің тарихында бірнеше мыңжылдықтар бар, оның беттерінде ата-бабаларымыздың ұлы істері сақталған. Қазақ халқының тарихы – бұл бірігу тарихы. Тек бірлік арқасында ғана қазақтар бірегей мәдени-өркениетке, ортақ тілге және дәстүрге ие халық ретінде сақталып қалды. ХХІ ғасырдағы мемлекеттік тілдің мақсаты, міндеті және тағдыры – Қазақстан халықтарының ортақ тілі болу. Әрбір нағыз патриоттың парызы – мемлекеттік тілді білу және отандастарымызға оны меңгеруге көмектесу. Сонымен қатар Қазақстандағы барлық ұлттың тілдерін дамыту үшін жағдай жасау, үштілділік қағидатын енгізу.

**Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы** – мемлекетіміздің белсенді, теңдестірілген, сындарлы және жауапты ішкі саясатының басты мәні.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы «Қазақстандықтардың өл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауы және сол жылы жарық көрген «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын айқындап берді.





**2-тапсырма.** Сен өзінді мемлекеттік қызметкер ретінде елестет. Сенен «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары жөнінде баяндама жасап беруіңді сұрады. Баяндамада:

1. Өз сөзіңмен «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы әрбір құндылығының Қазақстанның келешегі үшін маңыздылығын түсіндір.
2. «Мәңгілік Ел» идеясының қай құндылығы Қазақстанның келешегі үшін ең маңызды деп ойлайсың? Өз жауабыңды дәлелде.
3. «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын іске асыру барысында қандай қиыншылықтар туындауы мүмкін?
4. Қиыншылықтарды жеңу үшін не істеу қажет?
5. «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын дөріптеу арқылы Қазақстан қандай елге айналады?

### **ҚАЙТАЛАУ МЕН БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, Қазақстанның білім мен ғылымды дамыту саласындағы саясатын және оның тиімділігін түсіндіріңдер.
2. «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – жаһанданудан ұлттық болмыс-бітімімізге төнген қатерге қарсы қояр қорғандарымыз». Бұл пікірмен қаншалықты келісесіңдер? Дереккөздер мен өз білімдеріңді қолданып жауап беріңдер.



## ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР БОЙЫНША АНЫҚТАМАЛЫҚ



**Бекмаханов Ермұқан Бекмаханұлы** (15.02.1915, Төре ауылы Баянауыл ауданы Павлодар облысы – 06.05.1966, Алматы) – тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы (1946), профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1962).

Ермұқан Бекмаханов 1915 жылдың 14 ақпанында Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Жасыбай көлінің жағасындағы Төре ауылында дүниеге келген.

1933 жылы Семейдегі Жұмысшы факультетін тәмамдаған Ермұқан ҚазПИ-дің физика-математика факультетіне түсу мақсатында Алматыға жол тартады. Алматыда ол ағасының досы Диқан Әбілеві кездестіреді. Диқан Әбілев Ермұқанға Алматыға оқуға түсетін болсаң, осындағы шолақ белсенді жерлестерің сенің төре тұқымынан екенінді жария етіп, қудалауға түсіруі мүмкін деп ескертеді. Ермұқан Тамбов педагогикалық институтында жаңадан ашылған тарих факультетіне түсуге құжаттарын тапсырады. Халық Ағарту Комиссариаты Ермұқанның Тамбов қаласына жетуі үшін қаражат бөледі. Осылайша, тарихшы болуды ойламаған Ермұқан өзінің ғылымдағы алғашқы қадамын бастайды. Тамбов қаласындағы оқу Ермұқанның көңілінен шыға қоймайды. Сөйтіп, 1936 жылы Халық Ағарту Комиссариатының шешімімен Тамбов педагогикалық институтының тарих факультеті жабылып, ол факультеттің студенттері Воронеж педагогикалық институтына ауыстырылады. 1936 жылдың күзінде Ермұқан Воронежге келеді. Ал ол кезде сол Воронеж қаласында Алаш қозғалысының белсенді мүшелері Халел Досмұхамедов және Мұхаметжан Тынышбаев айдауда жүрген еді. Ермұқан жоғары білімді, озық ойлы Алаш зиялыларына кездесіп, ой бөлісуінің нәтижесінде тарихқа деген қызығушылығы арта түседі. Халел мен Мұхаметжанның әсері Ермұқанның келешекте кәсіби тарихшы атанып, үлкен ғалым болуына зор ықпал етеді.

1937 жылы Ресейдің Воронеж қаласындағы педагогикалық институтты бітіргеннен кейін Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының жанындағы ғылыми зерттеу институтында еңбек еткен. Отан соғысы жылдарында Республиканың Халық Ағарту Комиссариатының басқарма бастығы болған. Сонымен қатар Алматының жоғары оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарған.

1946–1947 жылдарда Қазақ КСР Ғылым академиясында жаңадан құрылған Тарих, археология және этнография институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, 1947 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін, яғни 1966 жылғы мамырына дейін Қазақ мемлекеттік университетінде өзі ұйымдастырған Қазақстан тарихы кафедрасын басқарды.

Е. Бекмахановтың ғылыми мұрасы оның тақырыптарының алуан түрлі болуымен, тарихи мәселелерді кең қамтуымен және оларды байыпты шешуімен ерекшеленді. Оның басты еңбегі 1947 жылы Алматыда орыс тілінде жарық көрген «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» атты монографиясы болды. Осы тақырыпта 1946 жылы Мәскеуде тарих мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған.

Асыра сілтеу, бұрмалау және күдікшілдік бел алған тұста бұл еңбекке пікір айтушылардың кейбіреулері оны Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың тарихын ақтау тұрғысынан көрсеткен еңбек деп бағалап, оны буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеуші деген саяси кінәға ұшыратты. Е. Бекмаханов еңбегіне байланысты пікірталастар 1947 жылдың екінші жартысында күшейе түсті. Ермұқан Бекмаханов айтқанынан қайтпады. Халқы үшін жан аямай күрескен Кенесары Қасымұлының батыр екенін дәлелдеген, оның кітабын да, өзін де қызыл империя аямай жазалады. 1947–1950 жылдарда Е. Бекмахановтың күйі өте ауыр болды, күн өткен сайын оған тиген моральдық соққының салмағы арта берді. Ермұқан Бекмахановты қаралау компаниясы Тілеуқажы Жанайұлы Шойынбаев, Хадиша Гилимқызы Айдарова және А.Ф. Якуниннің қол қойған КСРО-ның басты – «Правда» газетіндегі 1951 жылы шыққан мақаладан басталды. Университеттегі жұмысынан қуылып, партия қатарынан шығарылды.

Ол біраз уақыт Алматы облысы Нарынқол ауданында мектепте тарих пәнінен сабақ берді, көп кешікпей Жамбыл облысы Шу ауданындағы Новотроицк селосындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Осы жерде 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындалды. Екі айға жуық тергеу жұмыстары жүргізіліп, 1952 жылдың 3 қарашасында №699 іс бойынша Е. Бекмахановты айыптау қорытындысы дайын болды. Ермұқанның жары Халима Бекмаханованың естелігінен:

«1952 жылдың 30 тамызында Ермұқанды Новотроицкіге шығарып салдым. Кеткісі келмей, бірдеңе сезгендей, мазасыз күй кешіп еді. Айтқандай-ақ, 5 қыркүйекте оны тұтқындап, Алматыға әкеліпті. Сол күні біздің үйде де тінту жүргізілді. Кешкі сағат 10-да жұмыстан келсем, үйдің есігі ашық тұр. Бір бейтаныс қазақ тінтуге құжат көрсетті. Ермұқанға бірдеңе болғанын сездім. Ас-су беруге рұқсатты табаннан тозып жүріп бір ай дегенде өрең алдым.



Тергеу үш айға созылды. «Тергеу әдістері жайында жиіркенішсіз еске түсіре алмаймын, – деп жазды Ермұқан өзі Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке. – Тергеудің өн бойында қорқыту мен қоқан-лоқы қатар жүрді. Сол үшін барлық тәсілдерді пайдаланып тырысса да мен жекелеген адал адамдарды қаралай алмадым». Ерекең бұл арада Қ. Сәтбаев пен М. Әуезов жөнінде айтып тұр.

Сот 1952 жылдың 2 желтоқсанында болды. Жоғарғы Соттың ғимараты Гоголь мен Ш. Қалдаяқов көшелерінің бұрышында болатын. Ермұқанды 4 солдат айдап алып келді. Ол маған жақындамақшы болған, мен де ұмтылдым, бірақ бізді айырып жіберді. Соттың үш күнінде көптеген куәлар келіп, кетіп жатты. 4 желтоқсанда үкімді жария еткен кезде менің қатысуыма рұқсат берді. Көз жасы еріксіз сорғалаған Ермұқан маған қарады да отырды. Үкімді естігенде жылап жіберді. Мұндай әділетсіз, қатал үкімге қалай жыламассың! Онда: «...айыпталушы Бекмаханов өзінің тарих ғылымы саласындағы ғылыми қызметкер жағдайын пайдаланып 1942–1951 жылдардың өне бойында өз жұмыстарында тарихи фактілерді өңін айналдырып бұрмалаған, сөйлеген сөздерінде буржуазиялық-ұлтшылдық идеологияны насихаттаған, феодалдық-байлық құрылыс пен оның орыс халқына қарсы күресуші һәм Қазақстанда ортағасырлық тәртіптерді сақтап қалуға ұмтылушы кертартпа хандары мен сұлтандарын мадақтаған. Ол өзінің буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастарын негіздеу үшін кертартпа ақындардың, сондай-ақ Кеңес өкіметіне қарсы күрескен халық жаулары – алашордашылардың шығармаларын пайдаланды. Нақ осы ұлтшылдық идеологияны таныстарының арасында да жүргізді», – деп жазылып, сот тергеуі осыларды анықтағанын және айыпталушы Бекмахановтың мойнына қойылғанын айтады».

Жоғарыдағы айыптау негізінде 1952 жылы 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е. Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды.

Ол кісінің лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде, академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды адамдардың көмегінің арқасында Берия атылғаннан кейін Е. Бекмахановтың ісі қайта қаралды. 1954 жылы 16 ақпанда оның ісі жабылып, өзі ақталып шықты.

ГУЛАГ-тың лагеріндегі адам төзгісіз азапты күндерді басынан кешкеніне қарамастан, қайсар ғалым, артына халықтың игілігіне айналған мол ғылыми мұралар қалдырды. Өзі ұсталып кеткенге дейін бастап қойған «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты еңбегін аяқтау ісімен айналыс-

ты. Бұл еңбегі А.М. Панкратованың баға жетпес көмегінің арқасында Мәскеудегі «Наука» баспасынан 30 баспа табақ көлемінде 1957 жылы жарық көрді.

Е. Бекмаханов өзінің жемісті еңбегіне сай ғылым мен қоғамдағы орнын қайтадан алды. Оған университеттегі өзі ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. 1964 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды. Өмірінің соңғы он жылында өнімді еңбек етіп, терең мазмұнды ғылыми шығармалар жазды, орта мектептер үшін Қазақ КСР тарихының оқулығын дайындады. Бірнеше жас ғалымдарды даярлауға атсалысты. Шәкірттері бүгінде Республика Ғылым академиясының мүшесі, ғылым докторы, профессор дәрежелеріне жетіп, ұстаздарының ғылыми өмірін жалғастыруда.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Е. Бекмахановтың басты еңбегі – «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» ақталып, орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқалары «Қазақ университеті» (қазіргі «Санат») баспасынан жарық көрді.

Ермұқан Бекмаханов жөнінде Халық қаһарманы, академик Шапық Шөкин былайша еске алған: «Ұлтымыздың аса көрнекті тарихшысы Ермұқан Бекмаханов уақыт бедеріне бағынбаған, шыншыл ғалым болатын. Ол докторлығын екі рет қорғады. Еңбегінің нашарлығынан емес, тыйым салынған Кенесары тақырыбына жазылғандықтан. 1947 жылы Қазан төңкерісінің 30 жылдығына байланысты Одақтық Академия бойынша үлкен салтанатты кеңес өтуі керек болатын. КСРО Ғылым академиясының басшысы Вавилов Сәтбаевқа телефон соғып, Қазақстан тарапынан баяндама жасайтын адамды айтуды сұрайды. Қаныш Бекмахановты ұсынады. Жиналыста қағазсыз сөйлеген жас баяндамашыға ғалымдар таң-тамаша болады».

**Шаяхметов Жұмабай (1906–1966)** – партия және мемлекет қайраткері. Мәскеу Шығыстану институтының бір курсы бітірді (1933). 1910–1913 жылдары Омбы облысы Ащыкөл ауыл мектебінде оқып, 1917 жылы Полтавқадағы 2 сыныптық орыс-қырғыз (қазақ) училищесін бітірген. 1919–1924 жылдары ауыл мұғалімі, Теке болыстық атком хатшысы (1921–1923), Шалқар қаласында милиция қызметкері (1923–1925), Ақмола губерниялық әкімшілік бөлімінің инспекторы, әкімшілік жұмыстар атқарды (1925–1928). 1928–1938 жылдары Солтүстік



Қазақстан, Алматы облыстық ОГПУ, НКВД басқармаларында істеді. 1938–1954 жылдары Қазақстан КП ОК-нің үшінші, екінші, бірінші хатшысы болды. Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды (1954–1955). Ж. Шаяхметов партия қайраткері ретінде елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласты.



**Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912–1993)** – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым. Қазақстан ҒА-ның академигі (1952), техника ғылымдарының докторы (1969), үш мәрте Социалистік Еңбек Ері (1972, 1976, 1982). 1936 жылы Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтын бітірген. Балқаш, Алтай, Риддер, Лениногор кен орындарында басшы қызмет атқарған. 1942–1952 жылдары Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі, кейіннен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1952 жылы сәуірде Қазақстан ҒА-

ның президенті болып сайланды. 1955–1960 және 1962–1964 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы. 1960–1962 және 1964–1986 жылдары Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы болды.

Д. Қонаев өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасып, елде жаңа қалалар мен ірі елді мекендер пайда болды. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағандыдағы ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электрстанциясы, Павлодар трактор зауыты т.б. кәсіпорындар іске қосылды. Маңғыстаудың мұнай кен орындары игерілді, теміржол құрылысы, көлік түрлері дамыды.

Д. А. Қонаев республика үкіметінің төрағасы және партия ұйымының бірінші хатшысы болған жылдарда Қазақстанда астықшаруашылығы мен малшаруашылығы ірі жетістіктерге жетті. 1955–1985 жылдар аралығында республикада өнеркәсіп өндірісінің, құрылыстың өркендеуіне игілікті ықпал жасалды.

Д.А. Қонаев әдебиет пен өнердегі, мәдениет пен ғылымдағы ахуалды әрдайым бақылап отырды. Ол басшылық жасаған тұста Қазақстанның 5 томдық академиялық тарихы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Қонаев қайтыс болғаннан кейін Қазақстан ҒА-ның Тау-кен және түсті металлургия институтына, еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне оның есімі берілді. Алматыда Д. А. Қонаев атында университет бар. 1992

жылы 13 қарашада Алматыда «Халықаралық Қонаев қоры» құрылды. 2002 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында Қонаевтың мұражай-үйі ашылды. Дінмұхамед Ахметұлы өмірінің соңғы сәтін өткізген Алматы облысы Алакөл ауданындағы Ақши ауылында 2003 жылы 15 тамызда арнайы құлпытас орнатылды.

**Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы (1966–1988)** – Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына белсене қатысушы. Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында туған. Алматы сәулет-құрылыс институтының 1 курс студенті Қайрат Рысқұлбеков студент, жұмысшы жастар тобымен бірге Қазақстан Компартиясы ОК-нің ғимараты алдындағы Республика алаңына КОКП ОК саяси бюросының шешіміне қарсы өз наразылығын білдіру үшін келді. Бұл шешім республиканың бірінші басшысының орнына республика халқының ерекшелігі мен менталитетін мүлдем білмейтін адамды тағайындау жөнінде қабылданған еді. Республика халқының бұл жаппай наразылығы іс жүзінде Мәскеудің Одақ республикаларына қатысты мамандар ұлт саясатындағы тоталитарлық әрекеттеріне қарсы бағытталды. Жастардың бой көрсетуі елдің басқа аймақтарынан әкелінген әскери бөлімдердің күшімен қантөгіс арқылы қатаң басылды.



**Марғұлан Әлкей Хақанұлы (1904–1985)** – белгілі ғұлама ғалым. Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі (1933), филология ғылымдарының докторы (1946), Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1958), профессор (1960), Қазақ КСР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері (1961). Ленинградтың Шығыс институтында, сонымен қатар Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде оқыды, бұларға қоса өнер тарихы институтында дәріс тыңдады. Ленинградта оқып жүрген кезінде КСРО Ғылым академиясының Қазақстан мен Алтайдың өндіргіш күштерін, халқын зерттеуге арналған экспедициясына (1926–1930) қатысты. 1930 жылы Қазақстан Оқу Халық Комиссариатының жанындағы Жаңа алфавит комитетінде ғылыми қызметкер болды. 1946 жылдан Қазақ КСР



Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография секторының, 1955 жылдан этнография бөлімінің меңгерушісі болды.

Ө. Марғұлан 1943 жылдан Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Шу, Талас өзендері бойында және көне Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орындарында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан» (1950) деген монографиялық еңбек жазды. 1946 жылдан Орталық Қазақстанды зерттеді. Осының нәтижесінде «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» басылымын жазуға қатысып, оның редакциясын басқарды. 1957–1967 жылдары Ш. Уәлихановтың әдеби мұрасын жинай отырып, оның бес томдық шығармалар жинағын бастыруға басшылық етті. Оның Қазақстанның қола дәуіріне («Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті»), көшпелілер өмір сүрген дала дәстүрі мен тұрмысына («Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті») арналған еңбектерін әлемнің ғылыми жұртшылығы жоғары бағалады. Ө. Марғұлан – тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер тарихы жайлы 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмысының, 100-ден астам энциклопедиялық мақалалардың авторы. Оның ғылыми мұрасы 14 томдық еңбек болып жарық көрді. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Археология институтына Ө.Х. Марғұланның есімі берілген.



**Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (06.07.1940 жылы Алматы облысының Қаскелең (қазіргі Қарасай) ауданындағы Шамалған ауылында туған) – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды металлургия комбинатында істеді. Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітіріп, инженер-металлург мамандығын алды. Өндірістік, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді жетік білуі, жұртшылықпен жақсы тіл табыса алуы, олардың қажеттіліктерін терең түсінуі, өз көзқарасы мен сенімін табандылықпен**

**қорғай білуі, принципшілдігі мен биік беделі Н.Ә. Назарбаевты қоғамдық жұмысқа тартуға ықпал етіп, осылайша оның саяси өмірбаяны басталды. Он жылдан астам уақыт бойы Қарағанды облысында жастар жетекшісі, кейінірек партия басшысы болды. Н.Ә. Назарбаев 1984 жылдан Республика үкіметін басқарды. 1989 жылы Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшылығына сайланды. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің**



төрағасы қызметін қоса атқарды. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР-інің Президенті болып сайланды. 1991 жылғы 1 желтоқсандағы бүкілхалықтық сайлау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. 1995 жылғы бүкілхалықтық референдумда оның Президенттік өкілеттігі 2000 жылдың желтоқсанына дейін ұзартылды. 1999 жылы 10 қаңтарда өткен бүкілхалықтық сайлауда Н.Ә. Назарбаев тағы да мемлекет басшылығына сайланды, баламалы негізде өткен осы сайлауда сайлаушылардың 79,78% даусына ие болды. 2005 жылғы 4 желтоқсанда 7 жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенттігіне балама негізде қайта сайланды. 2011 жылы 3 сәуірде өткен Қазақстан Республикасы Президентін сайлауда Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып тағы да қайта сайланды. Жаһандық сын-қатерлердің күшеюін және әлемдік дағдарыс қаупінің таяғанын ескере келе, 2015 жылы 26 сәуірде Қазақстанда кезектен тыс президент сайлауы өткізілді. Н.Ә. Назарбаев сайлаушылардың 97,75 пайыз дауысын жинап, келесі мерзімге президент болып сайланды. Президенттік сайлау ерекше береке бірлікпен өтіп, еліміздің қоғамдық саяси өміріне тың серпін берді.

Н.Ә. Назарбаевтың есімімен халықтың ғасырлар бойы аңсаған арманының орындалуы – 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттілігінің жаңғыруымен тығыз байланысты. Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен бір кездегі біртұтас халықшаруашылығы кешені қирағаннан кейінгі терең дағдарысқа ұшыраған Қазақстан экономикасын нарықтық қатынастарға бағыттайтын шаралар қарастырылып, жүзеге асырылды. Нәтижесінде 1997 жылдың басында елдегі инфляция тоқтатылды, өндіріс жандана бастады; қаржы-бюджет, салық және жинақтаушы зейнетақы жүйелері құрылды, жекешелендіру жүргізілді; тұрғын үй, коммуналдық-шаруашылық реформалары орындалды. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» Стратегиясы елдің күш-қуаты мен ресурстарын басым бағыттарға жұмылдырды. 1999 жылдың соңына қарай Қазақстанда экономиканың тұрақты және серпінді даму тенденциясы байқалды. Саясаткер әрі экономист Н.Ә. Назарбаевтың жеке басының беделі Қазақстанның халықаралық аренадағы абыройының арта түсуіне игі ықпал етті. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.

«ЭКСПО–2017» көрмесін Қазақстанда өткізу бұл тікелей Елбасының жеңісі. Республикада ауыл өмірін жақсартуға, кедейшілікпен күреске, тұрғын үй құрылысын дамытуға т.б. бағытталған кең көлемді әлеуметтік



бағдарламаларды жүзеге асыру басталды. Н.Ә. Назарбаев халықаралық ынтымақтастықтың салықалы тұжырымдамасын қалыптастырды. Президенттің көптеген зерделі ойластырылған бастамалары, мәселен, Семей ядролық полигонын жабуы, ядролық держава мәртебесінен бас тартуы, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жігерлі еңбегі жоғары бағаланды. Н.Ә. Назарбаев мәдениеттер, діндер және өркениеттердің өзара түсіністігін орнықтыруға зор көңіл бөледі. Ол ғылыми ойдың дамуына, білім беру жүйесін қайта құруға зор үлес қосуда. Президенттің «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылуда, ол бойынша білікті жастар өлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алуда. Аса дарынды жастар үшін Президенттің «Дарын» сыйлығы тағайындалған. Н.Ә. Назарбаев – бірқатар ғылыми кітаптардың, өлеуметтік-экономикалық дамудың мәселелері мен қоғамдық-саяси тақырыптардағы еңбектердің авторы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 20 наурыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және «Отан» ордені тапсырылды.



**Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы** – Қазақстан Республикасының Президенті. 1953 жылы 17 мамырда Алматы қаласында туған. 1975 жылы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын бітірген. 1992 жылы Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын тамамдаған.

Еңбек жолын 1975 жылы КСРО-ның Сыртқы істер министрлігінде бастап, Кеңес Одағының Сингапур Республикасындағы елшілігіне жұмысқа жіберілген. 1984–1985 жылдар аралығында КСРО Сыртқы істер министрлігінде қызмет атқарып, кейін Кеңес Одағының Қытай Халық Республикасындағы елшілігінде еңбек еткен.

1992 жылы ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары, 1993 жылы ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары және 1994 жылы еліміздің Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. 1999 жылы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары болды. Сол жылы Парламенттің келісімі бойынша ҚР Президентінің Жарлығымен Премьер-Министр

лауазымына тағайындалды. 2002 жылы ҚР Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі болды. 2003–2007 жылдары – ҚР Сыртқы істер министрі. Бұл қызметте жаһандық ядролық қару-жарақты таратпау үдерісіне белсенді атсалысты.

2007 жылы ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы қызметіне сайланды. 2008 жылы Қазақстан Парламенті жоғары палатасының Төрағасы ретінде ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының вице-президенті болып сайланды.

2011 жылғы наурызда БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің Бас директоры, сондай-ақ Қарусыздану жөніндегі конференцияда БҰҰ Бас хатшысының жеке өкілі болып тағайындалды. Сонымен қатар Қарусыздану жөніндегі конференцияның Бас хатшысы лауазымын атқарды.

2013 жылы Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының Төрағасы болып қайта сайланды.

2019 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті ретінде ант қабылдады.

2019 жылғы 9 маусымдағы кезектен тыс сайлауда Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. 12 маусымда ұлықтау салтанаты өтіп, Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми түрде кірісті.

**Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы** 1946 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туған. Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін, Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін, Мәскеу авиация институтын бітірген. 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде жанармай күйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындаған. Ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылы Кеңес Одағы ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ұшқан. Ол Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. 1992–1993 жылдары – ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары. 1993–1994 жылдары – ҚР Ұлттық Аэроғарыштық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жаңа



технология министрінің орынбасары. 1994–1995 жылдары – ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы. 1996–2000 жылдары – ҚР Президентінің көмекшісі, кеңесшісі. 2000–2001 жылдары – ҚР Қауіпсіздік кеңесі хатшысының орынбасары. 2004–2007 жылдары – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық іс, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі. «Құрмет белгісі», Ленин, Қазан революциясы, «Алтын крест» ордендерімен марапатталған. Кеңес Одағының Батыры, ҚР Халық Қаһарманы, ҚР ұшқыш-ғарышкері, Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы, авиация генерал-майоры, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, Көкшетау қаласының құрметті азаматы.



**Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев** 1951 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында дүниеге келген. Ол – Қазақстан Республикасының әрі Ресей Федерациясының ұшқыш-ғарышкері.

Талғат Мұсабаев Рига қаласындағы авиация инженерлік институтын, кейін Ақтөбе жоғарғы ұшқыштар училищесін бітірді. 1986 жылы азаматтық авиацияның жаттығу дайындығынан өтіп, осы саланың ұшқышы мамандығын алды.

1990 жылдан ғарышқа ұшуға дайындалып, 1991 жылы «ғарышкер-сынақшы» біліктілігін алып шығады. Ол 1994 жылдың 1 маусымынан 4 қарашасына дейін «Союз ТМ» ғарыш кемесімен ғарышта болды. Екі рет ғарышқа ұшқан қазақ ғарышкері. Сонымен қатар ол – гимнастика және ұшақ спорты бойынша КСРО спорт шебері. Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы.



**Айымбетов Айдын Ақанұлы** 1972 жылы Алматы облысы Талдықорған қаласы Өтенай ауылында туған. 1989 жылы Талдықорған қаласындағы №20 орта мектепті алтын белгіге тамамдаған соң, Армавир жоғары авиация училищесін «әскери ұшқыш» мамандығы бойынша бітірген. 1993 жылдың мамыр айынан бері ҚР Әскери-әуе күштерінің қатарында қызмет етті. Талдықорған қаласы маңындағы әуебазада авиациялық бөлімшенің командирі қызметін атқарып, 470 сағат әуеде ұшып, парашютпен 360 рет секірген. 2002 жылы ғарышкерлер сапына қабылданды.

2009 жылдың 15 желтоқсанында А. Айымбетов Мемлекеттік ант қабылдап, «Қазғарыш» басшысының кеңесшісі, департамент директоры, 2011 жылдың наурызынан Сұлтанғазин атындағы ғарыштық зерттеулер институтында ғарыштық технологияларды ақпараттық-білімдік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы болды. 2012 жылдың көктемінен Астана қаласындағы Оқушылар сарайының жас ғарышкерлер мектебінде ұстаздық етті. 2012 жылдың 12 қазанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1304 қаулысымен Қазақстан Республикасының ғарышкері дәрежесі, 2014 жылы ҚР Өскери-әуе күштерінің полковнигі атағы берілді.

«Байқоңыр» ғарыш айлағынан Қазақстанның үшінші ғарышкері Айдын Айымбетов ғарышқа бортинженер ретінде «Союз ТМА-18М» кемесімен 2015 жылы 2 қыркүйек күні аттанды. Он күнге созылған сапар барысында ол бірқатар физикалық-ғарыштық тәжірибелер және Арал мен Каспий теңіздерінің экологиясына мониторинг жүргізіп, шаңды дауылды зерттеді. Ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін Қазақстан Республикасының ғарышкері Айдын Ақанұлы Айымбетовке «Халық қаһарманы» атағы беріліп, «Отан» орденімен марапатталды.



## ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ СУРАҚТАРЫ

1. Соғыстан кейінгі жылдардағы тоталитарлық жүйенің күшеюі неден көрінді?
2. Тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов не үшін қудаланды?
3. 1950 жылдардың басындағы ауылшаруашылығының жағдайы қалай еді?
4. Соғыстан кейін елде қандай өнеркәсіп орындары іске қосылды, елімізде қандай қалалар салынды?
5. Тың игеру науқаны қай жылдан басталды?
6. Тың игерудің қандай жағымсыз жақтары болды?
7. Республикамызда тың игеру науқанына кім қарсы шықты?
8. Қазақстан жеріне салынған қандай сынақ алаңдары мен ғарышайлағын білесіңдер?
9. М. Елікбаев деген кім? Ол не үшін қуғынға ұшырады?
10. Теміртау қаласындағы толқулардың себебі неде?
11. И.Н. Худенконың шаруашылықты жаңа әдіспен басқару тәжірибесі немен аяқталды?
12. Қазақстан аумағында қандай ауыр экологиялық мәселелер қалыптасты?
13. Қазақстан еңбекшілерінің 1970–80-жылдардағы тұрмыс жағдайы қандай болды?
14. 1979 жылғы Целиноград оқиғасының себептері?
15. Желтоқсан оқиғасы, оның себептері неде?
16. Қарағанды кеншілерінің ереуілге шығу себептері неде еді?
17. Жазықсыз жазаға ұшыраған азаматтарды ақтау жөніндегі қаулы қай жылы қабылданды?
18. Жаңаөзендегі оқиғалар қай жылы болды?
19. 1946–1991 жылдардағы республикамыздың демографиялық жағдайы қандай еді?
20. 1946–1980 жылдары Қазақстанның мәдениеті қалай дамыды?
21. «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қашан жарияланды?
22. «Қазақ КСР Президенті» қызметі қай жылы енгізілді?
23. Семей ядролық сынақ полигоны қашан жабылды?



24. Қазақстан тарихындағы Республика Президентін алғашқы бүкіл-халықтық сайлау қай жылы өтті?
25. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауы қай жылы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді?
26. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қашан қабылданды?
27. Қазақстан қай жылы БҰҰ-ның толық құқықты мүшесі болды?
28. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциялары қай жылы, қай күні қабылданды?
29. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің авторлары кімдер?
30. Ұлттық валюта қай жылы енгізілді?
31. Қазақстанның екі палаталы Парламентіне сайлау қай жылы өтті?
32. Республика астанасы Ақмола қаласына қай жылы көшірілді?
33. Астана қаласының онжылдық мерейтойы қашан атап өтілді?
34. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы халыққа Жолдауы қалай аталады?
35. Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптасуының ерекшеліктері қандай?
36. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы қашан өткізілді?
37. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуына не себеп болды?
38. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін ядролық қарудан бас тартудың мәні неде?
39. Қазақстанның Ресей мен Қытай, Еуропа, Азия елдерімен қарым-қатынастарының бағыттары қандай?
40. Қазақстанның түркі әлемі елдерімен өзара қатынасы қалай дамуда?
41. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекетті қалыптастыру мен дамытудағы қызметіне қандай баға бересіңдер?
42. Жаңа Астананың тарихи маңызы неде?
43. «Қазақстан–2050» Стратегиясында қандай мақсат-міндеттер қойылды?



## ҚОРЫТЫНДЫ

**Құрметті оқушылар!** Отан тарихы курсың тамамдап, аса маңызды даталар, оқиғалар, құжаттар туралы білім алдыңдар. Материалды жүйелі түрде игеру білімдеріңді одан әрі толықтыра түседі және қоғамның тарихи дамуы жөніндегі ой-өрістеріңді кеңейтеді.

Оқулықта ұсынылған тарихи оқиғалар, естеріңде болса, 1945 жыл Ұлы Отан соғысының аяқталуынан, яғни миллиондаған жазықсыз адам өмірін қиған соғыстың соңынан басталып, жаңа дәуірмен – өлемдік саяси картада жаңа, зайырлы, демократиялық мемлекеттің – *Астана* (Нұр-Сұлтан) деп аталатын бас қаласы бар *Қазақстан Республикасының* орнығуымен аяқталады.

Бүгінде жаңа Елорданың құрылысы игілікті өзгерістің белгісіне айналды. Астанада қысқа мерзім ішінде дамыған инфрақұрылымды заманауи әсем мегаполис бой көтерді.

Мемлекеттік сыртқы саясатта да айтарлықтай табысқа қол жеткізілді. Қазақстан халықаралық қауымдастықтың толық құқықты мүшесі болды. Мемлекеттің алғаш қалыптасу барысында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қыруар рөл атқарды.

Жаңадан ірге көтерген ел миллиондаған қазақстандықтардың ерен еңбегі мен қайрат-қажыры арқасында табысқа қол жеткізді. Мемлекетіміздің одан әрі жасампаздықпен дамуы, жас ұрпақ, өздеріңе байланысты.

Қазақстан тарихын оқу арқылы еліміздің бастан кешкен қиын күндерімен таныс болдыңдар, ол күндер артта қалды. Жас достар, бақытты болашақ үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтын жаңа дәуір ұрпағысыңдар, достығы мен береке-бірлігі жарасқан елдің азаматы ретінде білім мұхитының айдынында еркін жүзе беріңдер.

Жас мемлекетіміз жаңа биіктерге қадам басу жолында. Қымбатты оқушылар, мектеп пәнін оқуда және мемлекетіміздің тарихы мен мәдениеті туралы білім алуда табысқа жетулеріңе тілектеспіз.





## ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БІРІНШІ ХАТШЫЛАРЫ

**Пестковский Станислав Станиславович (1882–1943)** – 1920 жылдың мамыры мен қыркүйегі аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық бюросының жауапты хатшысы (төрағасы).

**Акулов Иван Алексеевич (1888–1938)** – 1920 жылдың қыркүйегінен 1921 жылдың қаңтары аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық бюросының жауапты хатшысы (саяси хатшы).

**Мырзағалиев Мұхамед Кафи (1887–1938)** – 1921 жылдың қаңтары мен шілдесі аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық бюросы мен облыстық комитетінің (бірінші) жауапты хатшысы.

**Костеловская Мария Михайловна (1878–1964)** – 1921 жылдың шілдесі мен тамызы аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің жауапты хатшысы.

**Коростелёв Георгий Алексеевич (1885–1932)** – 1921 жылдың қыркүйегінен 1924 жылдың қазаны аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің жауапты хатшысы. 1922 жылдың тамызынан 1924 жылдың қазаны аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық бюросы Орталық Комитетінің хатшысы.

**Нанейшвили Виктор Иванович (1878–1940)** – 1924 жылдың қыркүйегінен 1925 жылдың маусымы аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің – Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы.

**Голощекин Филип Исаевич (1876–1941)** – 1925 жылдың шілдесінен 1933 жылғы қаңтар аралығында РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 1-хатшысы.

**Мирзоян Левон Исаевич (1897–1939)** – 1933 жылдың қаңтарынан 1937 жылдың соңына дейін Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

**Скворцов Николай Александрович (1899–1974)** – 1938–1945 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

**Борков Геннадий Андреевич (1905–1983)** – 1945 жылдың мамырынан 1946 жылдың маусымы аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

**Шаяхметов Жұмабай (1902–1966)** – 1946–1954 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

**Пonomаренко Пантелеймон Кондратьевич (1902–1984)** – 1954–1955 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

**Брежнев Леонид Ильич (1906–1982)** – 1955 жылдың тамызынан 1956 жылдың наурызы аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.



**Яковлев Иван Дмитриевич (1910–1999)** – 1956 жылдың наурызынан 1957 жылғы желтоқсан аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

**Беляев Николай Ильич (1903–1966)** – 1957 жылдың желтоқсанынан 1960 жылғы қаңтар аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

**Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912–1993)** – 1960–1962 жылдары және 1964–1986 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

**Юсупов Ысмайыл (1914–2005)** – 1962 жылдың желтоқсанынан 1964 жылғы желтоқсан аралығында Қазақстан Компартиясы ОК 1-хатшысы.

**Колбин Геннадий Васильевич (1927–1997)** – 1986 жылдың желтоқсанынан 1989 жылғы маусым аралығында Қазақстан Компартиясы ОК 1-хатшысы.

**Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (1940 жылы туған)** – 1989 жылдан Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы. 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Н.Ә. Назарбаевты Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Президенттігіне сайлады. Н.Ә. Назарбаев 2019 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына үндеуінде ҚР Президенті өкілеттігін тоқтататыны жөнінде шешім қабылдады.



## ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ

**1946 ж. наурыз** – 1946–1950 жылдарға арналған КСРО-ны соғыстан кейінгі қалпына келтіру мен халықшаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспары туралы Заң қабылданды.

**1946 ж.** – Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылды (бірінші президенті – Қ. И. Сәтбаев).

**1947 ж.** – Ақша реформасы.

**1947 ж. желтоқсан** – Азық-түлік және өндірістік тауарлардың карточкалық жүйесі жойылды.

**1947 ж.** – Е. Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» атты монографиясы жарық көрді, осы кітабы үшін ол буржуазияшыл ұлтшыл деп жарияланды.

**1949 ж.** – Семей ядролық полигонындағы алғашқы жарылыс.

**1952 ж.** – Е. Бекмахановты сот алқасы 25 жылға соттады.

**1953 ж. 5 наурыз** – И. В. Сталин қайтыс болды.

**1954 ж.** – Е. Бекмаханов Қазақстанға оралды.

**1954 ж.** – Тың және тыңайған жерлерді игерудің басталуы.

**1954–1959 жж.** – Қазақстан тыңын игеруге 20 млрд сом жұмсалды.

**1954–1962 жж.** – Тың игеруге КСРО-ның еуропалық бөлігінен 2 млн адам келді.

**1954–1965 жж.** – Қазақстанға өндіріс пен транспортта жұмыс істеуге 0,5 млн адам келді.

**1955 ж.** – Байқоңыр ғарыш кешенін іске қосу.

**1956 ж.** – Жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық білім беруді енгізу.

**1956 ж.** – КОКП XX съезі Сталиннің жекебасына табынуды айыптады.

**1957 ж.** – Экономикалық аумақтық ұстаным бойынша басқаруды қайта құру.

**1959 ж.** – Металлургия комбинатындағы құрылысшылардың ауыр жағдайына байланысты Теміртау қаласындағы толқулар.

**1959 ж.** – Жаппай міндетті сегізжылдық білім берудің енгізілуі.

**1959 ж.** – Халық санағын жүргізу.

**1960–1962 ж.** – Д. А. Қонаев Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып қызмет етті.

**1961 ж.** – Ақмола қаласы атын Целиноградқа ауыстыру.

**1961 ж. 12 сәуір** – Ю. А. Гагариннің адамзат тарихында алғаш рет ғарышқа ұшуы.

**1963 ж.** – Ядролық қаруды ауада, ғарыш кеңістігінде және су астында жаруға тыйым салу туралы шарт.



**1965 ж.** – Шаруашылық реформасы: өнеркәсіп салалары бойынша одақтық-республикалық министрліктердің құрылуы (Совнархоздар таратылды).

**1969 ж.** – Даман аралында, Жалаңашкөлде Қытаймен қарулы қақтығыс.

**XX ғ. 60–70-ж.** – Сауатсыздықты біржолата жою.

**XX ғ. 70-ж.** – И. Н. Худенконың ауылшаруашылығын басқарудың экономикалық әдістерін пайдалану жөніндегі бастамасы.

**XX ғ. 70-ж.** – Жалпыға бірдей міндетті орта білім беруді енгізу.

**1970 ж.** – Қазақстан мәдениет саласында халықаралық байланыстарды ұлғайтты.

**1974–1977 жж.** – Екпінді құрылыстарға комсомолдық жолдамамен 25 мыңнан аса жігіттер мен қыздар жіберілді.

**1977 ж.** – КСРО Конституциясын қабылдау.

**1978 ж.** – Қазақ КСР Конституциясын қабылдау.

**1979 ж.** – Қазақстанда неміс автономиясын құруға қарсы Целиноградтағы (Ақмола) шеру.

**1979 ж. желтоқсан – 1989 ж.** – қазақстандық жауынгерлердің Ауған соғысына қатысуы.

**1980 ж.** – Экономикадағы, саясаттағы дағдарыс. Өндіріс саласындағы тоқырау.

**1982 ж.** – Азық-түлік бағдарламасының қабылдануы.

**1985 ж. наурыз** – М. С. Горбачев КОКП ОК Бас хатшысы болып сайланды.

**1985 ж. сәуір** – КОКП ОК сәуір пленумы «Қайта құруға» бағыт ұстады.

**1954–1986 ж.** – Республикада қазақ тілінде оқытатын 600-ден аса мектеп жабылды.

**1964–1986 ж.** – Республиканы Д. А. Қонаев екінші рет басқарды.

**XX ғ. 80-ж. 2-жартысы** – Экономикадағы дағдарысты жағдай.

**1986 ж. 16 желтоқсан** – Қазақстан Компартиясы ОК V пленумы Д.А.Қонаевты орнынан алып, Республиканың бірінші басшысы қызметіне Г.В. Колбинді сайлады.

**1986 ж. 16–17 желтоқсан** – Алматыдағы жаппай толқулар.

**1987 ж.** – республиканың халықшаруашылығы құлдырай бастады.

**1988 ж.** – Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатовтар ақталды.

**1989 ж.** – Қарағанды шахтерлерінің ереуілі.

**1989 ж.** – О. Сүлейменов бастаған «Невада–Семей» экологиялық қозғалысы құрылды.

**1989 ж.** – «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы құрылды.

**1989 ж. 15 ақпан** – Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығару.



**1989 ж.** – Н. Ө. Назарбаевты Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшылығына сайлау.

**1989 ж. маусым** – Жаңаөзен оқиғасы.

**1989 ж. 22 қыркүйек** – «Тілдер туралы Қазақ КСР заңы» қабылданды, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды.

**1989 ж.** – Халық санағын жүргізу.

**1990 ж.** – «Азат» азаматтық қозғалысы құрылды (1991 ж. күзден – саяси партия).

**1990 ж.** – «Алаш», «Бірлік», «Желтоқсан» қозғалыстары пайда болды.

**1990 ж.** – Қазақстанның социал-демократиялық партиясы құрылды.

**1990 ж. сәуір** – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Н.Ө. Назарбаевты Қазақ КСР-інің Президенті етіп сайлады.

**1990 ж.** – Президент «30–40-жылдар мен 50-жылдардағы заңсыз қуғын-сүргіннен жапа шеккен, ақталған азаматтарға көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

**1990 ж.** – Сауд Арабиясы қатысуымен – шетелмен бірлескен тұңғыш банк – «Әл-Барака-Банк Қазақстан» құрылды.

**1990 ж. 25 қазан** – Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды.

**1990 ж.** – Ақшаның құнсыздануы, инфляция, бағаның өсуі, халық тұтынатын тауарлардың жетіспеуі.

**1991 ж.** – Қазақстан Компартиясының кезектен тыс және төтенше съезі Коммунистік партияны таратуға шешім шығарды; жаңадан құрылған партия социалистік деп аталды.

**1991 ж.** – Қазақстан комсомолы Қазақстан Жастары Одағы болып өзгертілді.

**1991 ж.** – Қазақстанда 48 кәсіби театр, 19 ұлттық-мәдени орталық жұмыс істеді.

**1991 ж. қазан** – Тұңғыш қазақ ғарышкері Т. Өубөкіров ғарышқа ұшты.

**1991 ж. желтоқсан** – Н. Ө. Назарбаев бүкілхалықтық сайлауда Қазақстан Президенті болып сайланды.

**1991 ж. тамыз** – Мәскеудегі мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекет. 1991 ж. – Қазақ КСР Қауіпсіздік Кеңесінің құрылуы.

**1991 ж.** – Одақтық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың Қазақ КСР үкіметі қарамағына өтуі.

**1991 ж.** – Қазақ КСР-інің алтын қоры мен алмаз қорын құру.

**1991 ж.** – Семей ядролық полигонының жабылуы.

**1991 ж.** – «Қазақстан халық конгресі» партиясының құрылуы.

**1991 ж.** – Қазақ КСР атауын Қазақстан Республикасына ауыстыру.

**1991 ж.** – Қазақстан Президентінің «Қазақстандағы 1986 жылғы 17–18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылғандарды ақтау туралы» Жарлығы.



**1991 ж. 8 желтоқсан** – Минскідегі РКФСР, Беларусь және Украина басшыларының бас қосуы: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру.

**1991 ж. 10 желтоқсан** – Алматыда Президент инаугурациясы өтті.

**1991 ж. 16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының «Мемлекет тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы қабылданды.

**1991 ж. 21 желтоқсан** – 11 бұрынғы одақтық республика Алматыда ТМД құрылғаны туралы хаттамаға қол қойды, баспасөз конференциясын Н.Ә. Назарбаев ашты.

**1991 ж.** – Инфляцияның күшеюі, тұрғындардың басым бөлігі тұрмыс деңгейінің төмендеуі.

**1991 ж.** – Нарықтық экономиканы дамыту бағдары.

**1922–1991 ж.** – КСРО өмір сүрген кезең.

**1992 ж. қаңтар** – Қазақстанның алғашқы алтыны.

**1992 ж.** – Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру.

**1992 ж.** – Бағаны босату.

**1992 ж.** – Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға толыққанды мүше болып қабылдануы.

**1992 ж. қаңтар** – Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде әлемнің 30-дан аса мемлекеті таныды.

**1992 ж.** – Қазақстанның ЕҚЫҰ мүшелігіне қабылдануы.

**1992 ж. 29 қыркүйек** – Қазақтардың дүниежүзілік алғашқы құрылтайы өтті.

**1992 ж. қазан** – Қазақстанның халықаралық Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүшелікке қабылдануы.

**1992 ж.** – Мемлекеттік рәміздер бекітілді: Ту, Елтаңба және Әнұран.

**1992 ж. желтоқсан** – Қазақстан халықтары форумы өтті.

**1993 ж. 28 қаңтар** – Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қабылданды.

**1993 ж. 15 қараша** – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге енгізілді.

**1993 ж.** – Н. Ә. Назарбаев Лиссабон хаттамасына қол қойды, онда Қазақстан ядролық қарусыз аймақ деп жарияланды.

**1994 ж. наурыз** – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі сайлауы.

**1994 ж. сәуір** – Министрлер Кабинетінің энергиямен қамтамасыз ету бағасын босату туралы қаулысы.

**1994 ж.** – Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр ғарыш-айлағын мерзімін ұзарту құқығымен Ресейге 20 жыл мерзімге жалға беру туралы келісім.



**1994 ж.** – Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан арасында біртұтас экономикалық кеңістік – Орталық Азия одағын құру туралы шартқа қол қойылды.

**1995 ж. 28 қаңтар** – Екі палаталы кәсіби Парламент сайлауы өтті.

**1995 ж. 30 тамыз** – Бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының екінші Конституциясын қабылдау (Конституция күні).

**1995 ж.** – Қазақстанның «Ислам конференциясы» ұйымына қабылдануы.

**1996 ж. наурыз** – Ресей, Қазақстан, Беларусь және Қырғызстан арасындағы экономикалық және гуманитарлық саладағы интеграцияны тереңдету туралы Шартқа қол қойылды (оған 1998 жылы сәуірде Тәжікстан Республикасы қосылды).

**1997 ж.** – Қазақстан Республикасының экономикасына шетел капиталын барынша тартуға бағдар.

**1997 ж.** – Ел астанасын Ақмола (Астана) қаласына көшіру.

**1997 ж.** – Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – «Қазақстан-2030» жариялануы.

**1997 ж.** – «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заңның» қабылдануы (Қазақстандағы тілдердің қолданылуының құқықтық негіздері белгіленді).

**1997 ж.** – Жалпыұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы.

**1998 ж.** – Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылы.

**1999 ж.** – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы.

**1999 ж. сәуір** – Қ. Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойы.

**2000 ж.** – Мәдениет жылы.

**2001 ж.** – ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы.

**2002 ж.** – Денсаулық жылы.

**2003 ж.** – Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының I съезі болып өтті.

**2003–2005 жж.** – Ауылды дамыту жылдары.

**2006 ж.** – Қазақстан Республикасы Өнүранының жаңа мәтіні бекітілді.

**2008 ж. 6 шілде** – Астана қаласының 10 жылдық мерейтойы атап өтілді.

**2009 ж.** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты халыққа Жолдауы.

**2010 ж.** – Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.

**2011 ж.** – Қазақстан Республикасының ИБҰ-ға төрағалық етуі.

**2011 ж.** – Кедендік Одақ қызметінің басталуы.

**2012 ж.** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы.



**2014 ж.** – Астанада Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕЭО) құру туралы келісімге қол қойды.

**2015 ж.** – Қазақстан Республикасы ДСҰ-на мүшелікке қабылданды.

**2015 ж. 2 қыркүйек** – үшінші қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов ғарышқа ұшты. Ғарыш сапары тоғыз күнге созылды.

**2015 ж.** – Әлем тарихында баламасы жоқ – Қазақстан халқы Ассамблеясының өмірге келгеніне 20 жыл толды.

**2015 ж.** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа Жолдауы.

**2016 ж.** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесі. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып қабылданды.

**2017 ж.** – Астанада ЕХРО–2017 халықаралық көрмесі, Алматыда Дүниежүзілік қысқы универсиада өткізілді. Конституциялық реформа жүргізіліп, парламент пен үкіметтің рөлі артты. Астанада Сириядағы жағдайды реттеу бойынша халықаралық кездесу өтті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарыққа шықты.

**2018 ж.** – Шымкентке республикалық қала мәртебесі беріліп, ОҚО-ның орнына Түркістан облысы құрылды. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етті. Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы атап өтілді.

**2018 ж. 12 тамыз** – Ақтау қаласында өткен V Каспий Саммиті.

**2018 ж. 5 қазан** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауы жарияланды.

**2018 ж. 21 қараша** – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы жарық көрді.

**2019 ж.** – «Жастар жылы».

**2019 ж. 19 наурыз** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа үндеуі.

**2019 ж.** – Астана қаласының атауы Нұр-Сұлтан болып өзгерді.

**2019 ж. 9 маусым** – Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауы. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.





## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

- Асфендияров С.** Қазақстан тарихының очерктері. – Алматы, 1994.
- Аяған Б., Ауанасова Ә., Сүлейменов А.** Қазақстанның жаңа тарихы: Кеңес жүйесінің дағдарысы және ыдырауы. 1–3-томдар. Алматы, 2012.
- Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А.** Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық. – Алматы, 2010.
- Әсіпов С.** Қазақ қасіреті. – Алматы, 1994.
- Бекмаханов Е.** XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан. – Алматы, 1992.
- Бекмаханов Е., Бекмаханова Н.** История Казахской ССР. Учебное пособие для 8–9 классов. – Алматы, 1989.
- Иллюстрированная история Казахстана.** В 4-х томах. Под редакцией Б. Аяғана. – Алматы, 2004–2005.
- История Казахстана** (с древнейших времен до наших дней). Под ред. Козыбаева М. К. и др. – В 5-ти томах. – Т. 1–2. – Алматы, 1996–1997.
- История Казахстана.** Хрестоматия / Сост. Козыбаев И. М., Козыбаев М. К. – Алматы, 1994.
- Дүйсен С., Еңсенев Қ. Жұмабек Тәшенов.** Алматы, 2012. Книга памяти Казахстана. – Алматы, 1995.
- Қабылдинов З.Е.** Астана тарихы. – Алматы, 2017.
- Қазақстан халқы Ассамблеясы – Ел тарихында.** – Алматы, 2015.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы.** – Алматы, 1995.
- Кадырбаев А. Ш., Шаймерденова М. Д.** Страна изучаемого языка: Республика Казахстан: История, география и культура Казахстана. М., 2012.
- Касымбаев Ж. К., Шаймерденова М. Д.** История Казахстана. Учебно-методический комплекс. – Алматы, 1997, 1998, 1999, 2000.
- Кузембайұлы А., Абил Е.** История Республики Казахстан. Учебное издание. – Алматы, 1998.
- Қазақстан.** Ұлттық энциклопедия. 1–10 томдар. – Алматы, 2009.
- Қазақстан тарихы.** Очерктер. – Алматы, 1994.
- Қазақстан тарихы** (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1–5 томдар. – Алматы, 1996–2000.
- Қазақстан тарихы.** Хрестоматия. Құрастырғандар М. Қ. Қозыбаев, І.М. Қозыбаев. – Алматы, 1994.
- Қазақстан тарихы.** Тест жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. Астана, 2005.



- Қозыбаев М. Қ.** Ақтандақтар ақиқаты. Оқу құралы. – Алматы, 1992.
- Қозыбаев М.Қ.** Тарих зердесі. 1–2-кітап. – Алматы, 1998.
- Қозыбаев М. Қ., Қозыбаев І. М.** Қазақстан тарихы. 10-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы, 1997.
- Қойгелдиев М.** Алаш қозғалысы. Көмекші оқу құралы. – Алматы, 1995.
- Қонаев Д.** Өтті дәурен осылай. – Алматы, 2000. **Михайлов В.** Хроника великого джута. – Алматы, 1990. **Назарбаев Н.** Өділеттің ақ жолы. – Алматы, 1991.
- Қонаев Д.** Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы, 1994
- Қызыл қырғын. 37-де опат болғандар.** Құрастырғандар Қ. Қасенов, Ө. Төреханов. – Алматы, 1994.
- Назарбаев Н.Ә.** Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996.
- Назарбаев Н.Ә.** Тарих толқынында. – Алматы, 1997.
- Назарбаев Н.Ә.** Бейбітшілік кіндігі. – Алматы, 2002.
- Назарбаев Н.Ә.** Сындарлы он жыл. – Алматы, 2002.
- Назарбаев Н.Ә.** Тәуелсіздік белестері. – Алматы, 2002.
- Нүрпейісов К., Аяғанов Б., Жақсылықов Н.** Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, 2004.
- Тәуелсіз Қазақстан.** 1986 жылдың желтоқсаны (1986 жылғы желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына). – Алматы, 1996.
- Тербеледі тың дала.** Тың игерушілерге арналған очерктер мен публицистикалар (Құрастырған З. Серікқалиев). – Алматы, 1974.
- Тоқаев Қ.К.** Өке туралы толғау. – Алматы, 2003.
- Тоқаев Қ.К.** Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Астана, 2002.
- Тоқаев Қ.К.** Беласу. – Астана, 2006.
- Шаймерденова М. Д.** История Казахстана с древнейших времён до середины XX века. Учебное пособие. – Алматы, 1999, 2000.
- Шепель В.Н., Касымбеков М.Б.** Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности. 0.1.01.2000–01.12.2000.
- Хрестоматия по новейшей истории (1917–1939 гг.). Т.1.** – Алматы, 2002.
- Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней.** – Алматы, 1992.



## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ВЕБ-САЙТТАР

1. [www.kazakhstan.awd.kz](http://www.kazakhstan.awd.kz)
2. [www.tarih.spring.kz/](http://www.tarih.spring.kz/)
3. [www.tarih.ru/](http://www.tarih.ru/)
4. [www.tarih.spring.kz](http://www.tarih.spring.kz)
5. [www.kazakhstan.awd.kz/razdel.html](http://www.kazakhstan.awd.kz/razdel.html)
6. [www.kazhistory.ru](http://www.kazhistory.ru)
7. [www.heritagenet.unesco.kz/kz/content/history/history\\_ru.htm](http://www.heritagenet.unesco.kz/kz/content/history/history_ru.htm)
8. [www.calend.ru](http://www.calend.ru)
9. [www.history1997.forum24.ru](http://www.history1997.forum24.ru)
10. [www.library.kzindex.php?option=com\\_content&task=view&id=232&Itemid](http://www.library.kzindex.php?option=com_content&task=view&id=232&Itemid)
11. [www.countries.ru/?pid=1045](http://www.countries.ru/?pid=1045)
12. [www.question.nm.ru/kazhistory.htm](http://www.question.nm.ru/kazhistory.htm)
13. [www.worcount.com/index.files/historkazah.htm](http://www.worcount.com/index.files/historkazah.htm)
14. [www.profit.kz/news/004868](http://www.profit.kz/news/004868)
15. <http://www.assembly.kz>
16. [akorda.kz](http://akorda.kz)
17. <http://www.mfa.kz>
18. <http://stat.gov.kz>
19. <http://adilet.zan.kz>
20. <https://strategy2050.kz/>



## ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

1. Соғыстан кейінгі сталинизм және оның Қазақстандағы көріністері.
2. Қазақстан халқының соғыстан кейінгі жылдардағы (1946–1960) әлеуметтік жағдайы.
3. Қазақстандағы 1960 жылдардағы реформалар: тәжірибе мен проблемалар.
4. XX ғасырдың 50–60-жылдарындағы реформалардың қорытындылары мен аяқталмай қалу себептері.
5. 1950–1960 жылдардағы Қазақстанның ауылшаруашылығы мен өнеркәсіптің даму ерекшеліктері.
6. Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру: проблемалар, тәжірибе, жаңаша бағалау.
7. Мәдениет пен ғылым: жетістіктері мен қайшылықтары (1950–1980 жылдар).
8. 1970 жылдардағы республиканың қоғамдық-саяси өмірі.
9. XX ғасырдың 70–80-жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы.
10. 1970 жылдардың соңы – 1990 жылдардағы әлеуметтік проблемалар мен өмір сүру деңгейі.
11. 1985–1990 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық үдерістер.
12. 1970–1990 жылдардағы республиканың ғылым, музыка, драматургия, кино қайраткерлерінің шығармашылық қызметі.
13. Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы.
14. Д. А. Қонаевтың саяси портреті, оның басшылық еткен уақыты, Қазақстанның дамуына қосқан үлесі.
15. 1980 жылдардағы қоғамдық-саяси партиялар, қозғалыстар мен одақтар, олардың қызметі.
16. 1979–1989 жылдардағы Ауғанстандағы соғысқа қазақстандықтардың қатысуы.
17. Қазақстандағы экологиялық проблемалар.
18. Арал теңізі және оның проблемасы.
19. 1990 жылдардағы ауылшаруашылығының жағдайы.
20. Орынбор–Қызылорда–Алматы–Астана – астаналар тарихының ортақ беттері.
21. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің құрылуы. Әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырудағы қиыншылықтар мен қайшылықтар.
22. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылығындағы күйзеліс көріністерінің пайда болуы.



23. XX ғасырдың 80-жылдарындағы Қазақстанның демографиялық жағдайының ерекшеліктері.
24. XX ғасырдың 70–80-жылдарындағы Қазақстандағы ғылым мен мәдениеттің дамуы.
25. Азаматтық келісім мен бейбітшілікті қалыптастыру жылдары.
26. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы.
27. Қазақстан Республикасының Конституциясы: құрылысы мен мазмұны.
28. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ө. Назарбаев.
29. Н. Ө. Назарбаев Қазақстан Республикасында азаматтық келісім мен бейбітшілікті қалыптастыру жолдары туралы.
30. Қазақстанның қазіргі жағдайы мен міндеттері.
31. Ұзақ мерзімді басымдылықты мақсаттар мен оны жүзеге асыру стратегиясы: проблемалар мен маңызы.
32. Қазақстан Республикасының Президенті қойып отырған экономикалық мақсаттар.
33. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында айтылғандай, ұлттық қауіпсіздік аса маңызды басымдылық мақсаттардың бірі.
34. Қазіргі кездегі Қазақстанның экономикалық дамуы.
35. Қазақстанның ішкі саясаты тұрақтылығы және қоғамның топтасуы.
36. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығы, білім алуы мен әл-ауқатының артуы.
37. Қазақстанның геосаяси жағдайы.
38. Халықаралық қауымдастықтағы Қазақстан.
39. Қазақстанның алыс шетел мемлекеттерімен қарым-қатынасы.
40. Қазақстанның қазіргі замандағы сыртқы экономикалық байланыстары.
41. Қазақстан Орта Азия аймағының жолайрығында.
42. Елбасы Н. Ө. Назарбаевтың Еуразия идеясы.
43. Қазақстанның энергетикалық өлеуеті, халықаралық аренаға шығу.
44. «Қазақстан–2050» – қалыптасқан мемлекеттің даму Стратегиясы.
45. Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш.



## МАЗМУНЫ

Кіріспе .....	3
<b>I бөлім. ҚАЗАҚСТАН СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДА (1946–1953 ЖЫЛДАР)</b>	
§1. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақ КСР-інің әлеуметтік-экономикалық дамуы.....	5
§2. Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешенінің қалыптасуы.....	17
§3. Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері.....	23
Қайталауға арналған тапсырмалар .....	28
<b>II бөлім. ҚАЗАҚСТАН «ЖЫЛЫМЫҚ» КЕЗЕҢІНДЕ (1954–1964 ЖЫЛДАР)</b>	
§4. «Жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы .....	30
§5. Тың игеру жылдарындағы Қазақстан .....	34
§6. Қазақ КСР экономикасының шикізатқа бағытталуы .....	41
Қайталауға арналған тапсырмалар .....	47
<b>III бөлім. ҚАЗАҚСТАН ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІНДЕ (1965–1985 ЖЫЛДАР)</b>	
§7. 1965–1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы.....	50
§8. XX ғасырдың 60–80-жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар .....	54
§9. «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үдерістер .....	59
<b>IV бөлім. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ (1946–1985 ЖЫЛДАР)</b>	
§10. XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы .....	62
§11. XX ғасырдың 40–80-жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері .....	65
§12. XX ғасырдың 40–80-жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы .....	68
<b>V бөлім. ҚАЗАҚСТАН ҚАЙТА ҚҰРУ КЕЗЕҢІНДЕ (1986–1991 ЖЫЛДАР)</b>	
§13. Қазақстан «қайта құрудың» бастапқы кезеңінде.....	73
§14. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы .....	76
§15. «Қайта құру» жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық үдерістер .....	81



## **VI БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ (1991–1996 ЖЫЛДАР)**

§16. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы .....	85
§17. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті .....	89
§18. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар .....	94
§19. Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі .....	98
§20. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы .....	102
§21. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік- демографиялық үдерістер .....	108
Қайталау мен бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар .....	112

## **VII БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ (1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗІРГІ КҮНГЕ ДЕЙІН)**

§22. «Қазақстан–2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең .....	113
§23. Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы .....	116
§24. Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуы .....	125
§25. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан .....	131
§26. Нұр-Сұлтан (Астана) – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы.....	144
§27. «Қазақстан–2050» Стратегиясы.....	151
§28. Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары ...	156
Қайталау мен бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар .....	159

## **VIII бөлім. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ (1991 ЖЫЛДАН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН)**

§29. Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы.....	162
§30. Тәуелсіздік жылдарындағы мәдениеттің дамуы.....	169
§31. Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі .....	178
§32. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.....	189
Қайталау мен бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар .....	193
Тарихи тұлғалар бойынша анықтамалық .....	194
Қорытынды сабақ сұрақтары .....	206
Қорытынды.....	208
Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылары.....	209
Хронологиялық анықтамалық .....	211
Ұсынылатын әдебиеттер .....	217
Қазақстан тарихы бойынша веб-сайттар.....	219
Зерттеу жүргізуге арналған тақырыптар.....	220



Оқу басылымы

Аяған Бүркітбай Федманұлы  
Әдиет Қайыркен Балтағұлұлы  
Сатанов Арыстан Болатұлы

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

(1946 жылдан бүгінгі күнге дейін)

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық

Редакция меңгерушісі *Ә. Пірманов*

Редакторы *Г. Нұрланқызы*

Көркемдеуші редакторы *А. Лукманов*

Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*

Корректоры *Ү. Бахова*

Компьютерде беттегендер *М. Қуанова, С. Төлегенова*

ИБ №074

Теруге 15.02.2019 берілді. Басуға 19.06.2019 қол қойылды. Пішімі 70x90 <sup>3</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.

Өрің түрі «мектептік», офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 16,38 жапсырма.

Есептік баспа табағы 15,86. Тарапжымы 70 000 дана. Тапсырыс №4353.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

